

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Т.Н. Ермакова, Д.Ж. Рысқұлбек, Р.Н. Мұнасаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының қоғамдық-
гуманитарлық бағытына арналған оқулық

10



ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Е 69

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшы-
ларымен келісілді

Е 69 Ермекова Т.Н. ж.б.
Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының қоғам-
дық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық. / Ермекова Т.Н.,
Рысқұлбек Д.Ж., Мұнасаева Р.Н. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ»
баспасы, 2019. – 240 бет.

ISBN 978-601-318-212-4

Оқулық жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбының қоғам-
дық-гуманитарлық бағытына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңар-
тылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жазылды.

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, алған білімдерін
өмірде қолдана білуге машықтандыратын, сонымен бірге қосымша ізде-
ністі, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдала-
нуды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар
қамтылды.

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-318-212-4

© Ермекова Т.Н.,
Рысқұлбек Д.Ж.,
Мұнасаева Р.Н., 2019
© «Арман-ПВ» баспасы, 2019

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды

Оқулықта қолданылған шартты белгілер



Ойтүрткі. Өтілетін тақырыпқа қатысты өзіңнің білім қорың мен ойлау қабілетінді көрсет.



Оқылым. Ұсынылған тақырып негізінде мәлімет беретін мәтіндермен танысып, мәтін жанры мен негізгі мәселені айқында.



Тыңдалым және айтылым. Қосымша CD дискіде берілген материалды тыңдап, өз сөзіңмен жеткізуге, ой қорытындысын жасауға дағдылан.



Жазылым. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде өз ойыңды жазбаша сауатты жеткізуге тырыс.



Ереже. Әдеби тіл нормалары бойынша анықтамалар берілді. Анықтамалармен танысып, мұқият зерделе, оларды іс жүзінде дұрыс қолдануды үйрен.



Әдеби тіл нормалары. Грамматикалық, тілдік материалдар бойынша берілген жаттығулармен жұмыс жасап, өз біліміңді көрсет.



Сұхбат. Түрлі тақырыпта сұрақ-жауап түрінде тілдік қарым-қатынасқа түсу арқылы пікірлесу мәдениетінді қалыптастыр.



Фибратты сөз. Тағылымы мол даналық сөздерден тәлім ал.



Артық болмас білгенің. Тақырып жөніндегі тың деректер, қызық мәліметтермен таныс. Ол да сенің білім көкжиегіңді кеңітеді.



Ізденімдік тапсырма. Шығармашылық сипаттағы ақпараттық деректерді іздеп тауып, зерттеу жүргіз.



Топтық тапсырма. Тапсырмаларды топқа бөлініп орындау арқылы жүйріктігіңді көрсет.



Жағдаяттық тапсырма. Түрлі жағдаяттарда шешім қабылдауға дағдылан. Шығармашылығың мен белсенділігіңді арттыруға ұмтыл.



Үй тапсырмасы. Тақырып бойынша алған білімің негізінде үйде өз бетіңше ізденіп, тапсырманы орында.



Ойталқы. Пікірталас арқылы белгілі бір мәселе жөнінде сөйлеу тіліңді дамытуды қолға ал.



Жасап көр. Сабақта меңгерген мәліметтер бойынша өз біліміңді тексеріп, тест сұрақтарына жауап беріп көр.

Назар аудар



Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

Алғы сөз

Қымбатты оқушылар!

Сендер Қазақстан Республикасының азаматысыңдар. Еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі әлемдегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Осындай тілдің мұрагері болу, оның грамматикалық құрылымы мен тіл байлығын игеру қандай ғажап!

Қазақ тілі – әуезді тіл. Тіл әуезділігін сақтау үшін орфоэпиялық норманы сақтап сөйлей білу керек, ал сауатты жазу үшін орфографиялық норманы жақсы білу қажет. Бұдан басқа дұрыс сөйлеудің, сауатты жазудың лексикалық, грамматикалық, пунктуациялық нормалары бар. Ана тілінің осындай заңдылықтарын білу, атадан балаға мұра боп қалған тілімізді келер ұрпаққа жеткізу – сендердің борыштарың.

Қолдарыңдағы «Қазақ тілі» оқулығы қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптасуларыңа көмегін тигізеді. Оқулықтағы «Тіл және Алаш идеясы», «Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет», «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет», «Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі», «Білім. Ғылым. Инновация», «Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік», «Сәулет өнері», «Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер», «Сөз мәдениеті және шешендік өнер» сияқты тақырыптар білімдеріңді толықтырып, ой-өрістеріңді дамытады.

Оқулықтағы кейбір тапсырмалар қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның мол мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет етеді. Мұның бәрі ана тілінің құдіретін сезіндірумен бірге, сендердің тұлға ретінде қалыптасуларыңа ықпал ететінін білгейсіңдер. Сондықтан оқулықтан алған білімдеріңді күнделікті өмірде қолдана білуге тырысыңдар. Бұл оқулық сендердің ана тілін жетік меңгерген, ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе алатын, туындаған мәселелерді еркін шеше білетін, шынайы өмірге бейім, жаңашыл азамат болып қалыптасуларыңа септігін тигізеді деп сенеміз.

I

БӨЛІМ

ТІЛ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- халқымыздың ұлттық болмысын көрсететін құндылықтары – мәдениеті, өнері, тілі туралы ақпаратпен таныс боласыздар;
- Алаш партиясының негізін қалаушылар, ұлт көсемдері Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлы; Алаш идеясын өздерінің шығармаларына арқау еткен Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытұлы; жүректері елім деп соққан ұлт қайраткерлері Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай мен алғашқы қазақ инженері Мұхаметжан Тынышбаев туралы мәліметтермен танысасыздар;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазуды, орфографиялық норманың морфологиялық, фонетикалық, дәстүрлі-тарихи принциптерін, дауыстылар мен дауыссыздардың жазылуын, біріккен және қос сөздердің емлесін меңгересіздер;
- кітаби тіл мен сөйлеу тілі туралы мағлұматтармен танысасыздар.

**Өз күшіне сенбеген халық та, адам да
ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды.**

(Ә.Бөкейханов)

§1.

Әлихан Бөкейханов – ұлт көсемі



1. Сұрақтарға жауап беріп, өзара ой бөлісіңдер.

1. Ә.Бөкейханов туралы қандай ақпарат білесіңдер?
2. Ұлт көсемінің ел мен жерге қатысты ұстанымдары туралы не білесіңдер?



2. Екі мәтінді салыстырып оқып, кестеге талдаңдар.

1-мәтін	2-мәтін
Мәтіндердің тақырыбы мен стилі қандай?	
Оны дәлелдейтін терминдер, тілдік оралымдар бар ма?	
Өзге стиль элементтері кездесе ме?	

Алғашқы баспалдақ

Әлихан 1870 жылы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысында дүниеге келген. Әкесі Әлиханды тоғыз жасында молдаға оқуға бергенімен, зерделі бала молдадан гөрі мектепте білім алуды жөн көріп, үш сыныптық мектепке өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, үздік бітіріп шығады. Он алты жасында Әлихан Омбының техникалық училищесіне қабылданады. Оны да жақсы бітіріп, жиырма жасында Ресейдің астанасы Санкт-Петербургке барып, Орман шаруашылығы институтына түседі. Онда саяси, әдеби үйірмелердің жұмысына араласып, студенттік толқуларға қатысады. Оқуды бітіре салысымен Омбыға келіп, қаланың саяси-әлеуметтік, қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. «Народная свобода» партиясының қатарына өтіп, қазақ зиялылары арасында партияның шағын тобын құрады. Ол өзін осы шақтан бастап саяси тұлға ретінде қалыптастырады. Ұлт көсемінің алғашқы баспалдағы осылай басталады...

(«Сарбаз» журналынан, 29.02.2016)



Әлихан Бөкейхановтың бес ұстанымы

Ә.Бөкейхановтың бес ұстанымы болды. Бірінші, Алаш ұлттық демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін, ең алдымен, «жер, жер және жер» болуы керек. Жерсіз Отан жоқ. Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша, қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жекеменшікке, қоныс аударушыларға берілмеуі керек. Екінші, Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі бар байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қазақтың әрбір тасы қазақтың өңіріне түйме болып тағылуы тиіс». Үшінші, қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек. Мемлекет толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуі тиіс. Төртінші, қазақ жерінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек. Бұл – идеологиялық ұстаным болатын. Ал, бесінші, ең негізгі ұстанымы – тәуелсіз ғылымға, заңға сүйене отырып, ұлттық дәстүрге негізделген Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекет құру...

(Т.Жұртбай)

Сөз мәдениеті. Сөйлеу тілі


Сөз мәдениеті дегеніміз, алдымен, әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу дегенді білдіреді.


Сөйлеу тілі мен кітаби тілдің екеуі де халық тілінің жеке көріністері, олар – бөлек-бөлек тілдер емес, бір тілдің екі түрлі формасы.

Сөйлеу тілі белгілі бір жағдайда ауызба-ауыз тікелей жүзеге асатын қатынас тілі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланыста болады. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді. Онда тұрмыста көп жұмсалатын үйреншікті сөздер мен сөз тіркестері, көбіне ықшам формалар қолданылады, сөйлеуші эмоциясы айқын байқалатын одағай, қаратпа, қыстырма сөздер қолданылады.


Мысалы:

- | | |
|---------------------|-------------------------------------|
| – Қалайсың? | – Біз жаңа үй алдық. |
| – Жаман емес. Өзің? | – О-о, күшті жаңалық! Құтты болсын! |

 3. «Әлихан Бөкейхановтың бес ұстанымы» мәтінін азатжолдарға бөліңдер. Әр ұстаным бойынша автор ойын ықшамдап, 5 сөйлем жазыңдар. Сөйлеу тілі бірліктерін пайдаланып, 4–5 сөйлемнен тұратын өз пікірлеріңді жазыңдар.

 4. Ә.Бөкейхановтың нақыл сөздерімен танысып, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

- Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды.
- Біздің жұрт бостандық, теңдік, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады.
- Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды.
- Тіршілік – бәйге: жүйрік алар, шабан қалар.
- Жұрт пайдасына таза жолмен жол бастайтын ер табылса, халық соңынан ерер еді.
- Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тумайды.
- Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі – өмір сүру мәселесінің зоры.

 5. «Ғибратты сөз» айдарымен берілген мәліметті негізге алып, «Қос-жазба күнделігін» толтырыңдар. Төменде берілген клишелер мен лексикалық құрылымдарды орынды қолданыңдар.

Менің ойымша, осы мәселе төңірегінде ойлана келе, өз пікірімнің дұрыстығына көз жеткізу үшін, ақын (жазушы) осылай баяндайды, осы ой шығармасында былай көрініс тапқан, шығарма кейіпкерін еске алсақ, қорыта келе, осындай қорытынды шығаруға болады, жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, келтірілген дәлелдер бізді осы ойға жетелейді, осы тақырыпты талқылауды қорытатын болсақ т.б.

Автордың пікірі	Менің пікірім

 6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «ПСМТ формуласы» әдісімен Ә.Бөкейхановтың бір нақыл сөзіне талдау жасаңдар. Сөз саны – 80–100.
2. «Ә.Бөкейханов – XX ғасыр басындағы ұлт көсемі» тақырыбындағы мақалаға тезис жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

§2.

Ахмет Байтұрсынұлы – жан-жақты ғалым



1. Пікірлермен танысып, А.Байтұрсынұлы туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін басын бәйгеге тіккен, ұлтын шын сүйетін нағыз ұлтшыл.

(С.Сейфуллин)

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының әліпбиімен ашып, ана тілін ғалымның «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.

(Р.Сыздық)



2. Мәтіндерді мұқият оқып шығыңдар. Мәтіндер негізінде кестені толтырыңдар.

Ахмет Байтұрсынұлының халық сауатын ашудағы еңбегі
«Маса» жинағының идеясы
Ұлт ұстазы туралы өзім білетін мәліметтер және олардың дереккөздері

Ұлт ұстазы

Ақын Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте Қостанай облысы Жангелдин ауданына қарасты Сарытүбек елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Байтұрсын Шошақұлы еті тірі, намысты қолдан бермейтін, адал азамат болған екен. Руластарына қысым көрсеткен Торғай уезінің бастығы полковник Яковлевті соққыға жығып, 15 жылға Сібірге айдалыпты. Әкеден тірідей айырылу бала Ахметтің жан дүниесіне қатты әсер етіп:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
 Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам.
 Алданып жегеніме оны ұмытсам,
 Болғандай жегенімнің бәрі харам, –

деген алғашқы өлеңін шығарады.

Кішкентайынан зерек, талапты Ахмет алғашында молдадан сауатын ашып, кейін жақын маңдағы ауыл мектебін бітіреді. Содан соң Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде және Орынбордағы мұғалімдер дайындайтын мектепте білім алады. Оларды тамамдағаннан кейін қазақ балаларының сауатын ашу жұмысына бар күш-жігерін арнайды. «Басқадан кем болмас үшін білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», – дейді Ахаң...



Міне, осылай Ахметтің бұралаңы көп ұстаздық жұмысы басталады.

(М.Шапиян)

Маса боп жұртын оятқан

Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдер топтамасы «Маса» деген атпен Орынборда 1911 жылы басылған. Жинаққа қойған атына ол едәуір ой, салмақты жүк артқан деуге болады.

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса...
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?

Маса – сергектікті, серпіліс пен ізденісті сәулелейтін астарлы бейне. Ол қоғамның енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді. Осы ағартушылық ойды ақын басқа да шығармаларында әрі қарай дамыта түседі.

«Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес... Абай, Ыбырай үлгісіне жақындық, үйлесімдік, үндестік байқалады.

Ақын қоршаған ортаға сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Жауға түскен жан

сөзі», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам» сияқты өлеңдерінің мазмұны осыны танытады...

(Ш.Сәтбаева)

Кітаби тіл

XVI–XVII ғасырлардан XX ғасырдың басына дейін қазақ қоғамында ауызша төл әдеби тілмен қатар тағы бір әдеби тіл – «кітаби тіл» өмір сүрді. Ол бірқатар түркі халықтарына ортақ ортаазиялық жазба әдеби тіл болды.

Ауызша қазақ әдеби тілі көркем әдебиет пен заң-сот (билер сөздері) ісі, шешендік өнер сияқты салаларға қызмет етсе, түркілік жазба тіл ресми қағаздар мен хат түрінде (эпистолярлық жанр), мұсылманша діни әдебиет және ғылым салаларында қолданылды. Түркі жазба әдеби тілінде бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан ресми қатынас қағаздары стилі қазақ топырағында жазылған құжаттардың тілінде көрініс тапты. Мысалы, *ғизатлу, хурматлу, Сізнің ғали хазреттеріңіз, хайрон олдым (болдым), кіріфтар олынмыш (болған), ұазған ердім (едім), ошбу (осы)* сияқты жалпыхалықтық қолданысқа енбеген араб-парсы сөздері молынан пайдаланылды.

Бүгінгі күнде кітаби тіл ұғымы өміріміздің барлық саласында қолданылатын стильдерді қамтиды: а) көркем әдебиет стилі көркем әдеби шығармаларда (бейнелі, эмоционалды, экспрессивті сипатта) қолданылады; ә) ресми стиль әртүрлі мекемелерде (жеке тұлғаға қатысты да) жүргізілетін құжаттар, нұсқаухаттар т.б. іскерлік байланыс қағаздарында қолданылады; б) ғылыми стиль ғылыми-зерттеу еңбектерде, ғылыми баяндамалар, дәрістер, мақалаларда қолданылады; в) публицистикалық стиль бұқаралық ақпарат құралдарында, жиын-мәжілістерде қолданылады.


Кітаби тілдің осы аталған стильдері жазбаша және ауызша түрде де қызмет атқарады.




3. Кітаби тілді (түркілік жазба тіл) қазіргі әдеби тілмен мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөз тіркесін жасаңдар.

Ғизатлу
Хурметлу
Мархабатлу
Сағадатлу
Құдретлу
Шафағатлу


Бақытты
Мейірімді
Құдіретті
Сыйлы
Шапағатты
Құрметті

-  4. Берілген кітаби сөздердің мағынасын түсіндіріп, қазіргі әдеби тілдегі баламаларын жазыңдар.

Ғаскер, сахара, баж, мекеме, хақим, йамандық, қияпат, йұрт.

-  5. А.Байтұрсынұлының нақыл сөздерімен танысып, өз пікірлеріңді ортаға салыңдар.

- Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.
- Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.
- Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын!
- Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.
- Мектептің жаны – мұғалім.
- Күнелту үшін ас керек, ас істеуге күш керек, күшті жұмсауға ес керек.
- Әркім өзі жақсы білетін нәрсесін сынауы керек.

-  6. А.Байтұрсынұлының бірнеше нақыл сөзін негізге алып, «Дербес пікір» айту тәсілі бойынша өз пікірлеріңді абзацтарға бөліп, ойларыңды дұрыс жүйелеп жазыңдар.

1. Өзіндік пікір (ой, идея) – 1 сөйлем.
2. Дәлел – 2 сөйлем.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы дәлел – 1 сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 1 сөйлем.
6. Қорытынды – 2 сөйлем.

-  7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Тақырып бойынша «ББТЗО» кестесін толтырыңдар.

Б (білемін)	Ол туралы мен не білемін?
Б (білгім келеді)	Нені білгім келеді?
Т (табу)	Көбірек ақпаратты қайдан таба аламын?
З (зерделеу)	Нені зерделеу керек?
О (одан кейінгі іс-әрекет)	Одан әрі не істеу керек?

2. А.Байтұрсынұлы туралы қосымша ресурстардан ақпарат жинақтап, «Ұлт ұстазының ұлы жолы» тақырыбындағы мақалаға аннотация жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

§3.

Міржақып Дулатұлы – тұңғыш қазақ романының авторы



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Алаштың көрнекті қайраткері М.Дулатұлының өмірінен қандай ақпарат білесіңдер?
2. Ел өмірінде 1913–1918 жылдарда шығып тұрған «Қазақ» газетінің ықпалы қандай болды?
3. М.Дулатұлының «Оян, қазақ!», «Бақытсыз Жамал» кітаптары туралы не білесіңдер?



2. Мәтінді түсініп оқып, ондағы ақпаратты сызба бойынша топтастырыңдар. БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерге сілтеме жасаңдар.

Өмір жолы, қоғамдық қызметі, шығармаларының саяси мәні	М.Дулатұлы туралы мәліметтердің дереккөздері

Міржақып Дулатұлы – Алаштың көрнекті қайраткері. 1885 жылы 21 қарашада Торғайдың Қызбел жерінде дүниеге келген. Екі жасында анасынан, он екі жасында әкесінен айырылып, Асқар ағасының қолында өседі. 1897 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне қабылданып, онда бес жыл оқиды. Мектепті жақсы бітірген соң, мұғалімдер дайындайтын курста оқиды. Содан ауыл мектептерінде мұғалімдік қызмет атқарады. Өз бетінше білімін жетілдіріп, орыс жазушыларының шығармаларын оқиды, саяси әдебиетпен танысады.



1904 жылы Омбыда Әлихан Бөкейханов және Ахмет Байтұрсынұлымен танысады. Осы кезден бастап белсенді саяси күреске араласады. Ресейдегі кадет партиясының мүшесі ретінде 1906 жылы Санкт-Петербургке аттанады. Осындағы

саяси ұйымдардың жұмысына қатысады. 1907 жылы Ресей астанасында ұлттық рухтағы «Серке» газетін шығарады. 1907 жылы Ресей қазақ секілді ұлттарды сайлану құқығынан айырған еді. «Серке» газеті осы мәселенің әділетсіздігін ашық айтамын деп, бір ғана саны шығып, жабылып қалды.

1909 жылы Қазанның «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» атты кітабы шығады. Отаршылдықтың сыры мен халықтың қараңғылықтағы күйін енді түсіне бастаған оқырмандар үшін бұл кітаптың әсері тым күшті болды. Ақын жырлары ел арасына кең тарап, жатқа айтылды. 1911 жылы екінші рет басылып шықты. Бірақ бұл басылым патша әкімшілігі тарапынан қуғын көріп, оның таралымы жиналып алынды. Замандастары бұл кітапты «ұлттық манифест» деп атады.

1910 жылы қайраткер-қаламгердің «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. Бұл қазақ әдебиетіндегі тұңғыш прозалық шығарма еді.

1911 жылы Семейге келген сапарында тұтқындалып, бір жарым жыл абақтыға жабылады. 1912 жылы Орынборға келіп, саяси күреске белсене араласады. 1913–1918 жылдары «Қазақ» газетін шығарысуға атсалысады. 1917–1918 жылдары Міржақып Алаш қозғалысын жандандырып, ел тәуелсіздігіне қатысты мәселемен шұғылданды. Кеңес өкіметі орнаған соң, біраз уақыт Орынбордағы газет-журналдарда қызмет жасады. 1922–1926 жылдары халыққа білім беру институтында ұстаздық етеді. Осыған қосымша Қазақстан мемлекеттік баспасында, «Еңбекші қазақта» қызмет атқарады.

Кеңестік тоталитарлық жүйе оны 1928 жылы тұтқындады. 1930 жылы Ақтеңіз-Балтық каналының жұмысына жер аударылды. Қайраткер 1935 жылы 5 қазанда Сосновец жерінде дүние салды.

(«Қазақ көркем сөзінің шеберлері» анықтамалығынан)



3. Лексикалық құрылымдарды орынды қолданып, мәтін бойынша «FILA» кестесін толтырыңдар. Жұптасып, бір-біріңнің жұмыстарыңа логикалық, стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

Facts (мәтіндегі фактілер)	Ideas (мәтіннің идеясы)	Learning issues (сұрақтар)	Action plan (әрекет жоспары)



Орфографиялық норма

Орфография (грек. *orfos* – «дұрыс», *grapho* – «жазамын») – жазба тілінде пайдаланылатын жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі, біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайтын және зерттейтін тіл білімінің саласы. Қазақ тілінің орфографиясы үш принципке негізделеді:

1. Морфологиялық принцип.
2. Фонетикалық принцип.
3. Дәстүрлі (тарихи) принцип.

Морфологиялық принцип – сөздің морфологиялық құрамын ескеріп, морфемалар (сөз және қосымша) құрамында болатын дыбыс алмасуларын елемей, бастапқы қалпын сақтап жазу. Мысалы, *жамбады*, *жаңғанда* түрде айтылатын сөзформаларға ортақ түбір – *жан*, сондықтан *жанбады*, *жанғанда* деп жазылады. Ал: *жазса*, *жазшы* (айтуда *жасса*, *жашшы*) сөздерінде түбір (*жаз*) сақталып жазылады.

Фонетикалық принцип бойынша сөз айтылуындағыдай жазылады, яғни әрбір әріп фонеманы емес, дыбысты білдіреді. *Амангелді*, *Ботагөз*, *кітабым* (*кітап+ым*), *тарағы* (*тарақ+ы*), *сексен*, *биыл* түрінде жазылады да, фонетикалық транскрипцияға жуықтайды.

Дәстүрлі принцип сөздің бір кезде жазылып қалыптасқан дәстүрге айналған түрін сақтап жазу. Бұған қазақ тіліндегі *хат*, *хабар*, *халық*, *қаһар*, *жаһан* сияқты сөздерге *х*, *һ* әріптерін пайдалануды жатқызуға болады.

Қазақ тілінде сөздерді дұрыс жазуда орфографиялық сөздікке сүйенеміз.



4. Төмендегі сөздерді орфографиялық принциптерге бөліп жазыңдар, ережесін түсіндіріңдер.

Морфологиялық принцип	
Фонетикалық принцип	
Дәстүрлі принцип	

Жазса, сенбі, фестиваль, түнгі, қашанғы, жарқабақ, орынбасар, көзбе-көз, тауып, құлағы, бозжусан, көк дөнен, жүрегі, белбеу, керек екен, қолғап, самауыр, шәйнек, пәуеске, бөрене, пайда, хат, ес жоқ, жеребе, халық, шкаф, гауһар, бес жыл, жиһан, қаһарман, геометрия, ауа, сәнқой, Досжан, тасжол, стақан, дүйсенбі, қарлығаш, ашудас, сөзжасам, бозкөде, бозша, бүгін.



Ахмет Байтұрсынұлы «Роман не нәрсе?» атты «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында жалпы роман жанрының ерекшеліктері мен оның әлем әдебиетіндегі шығу тарихына тоқтала келе: «Қазақта бұрын роман жоқ еді, біздің арамызда қазақша бірінші рет жазып шығарған Міржақып Дулатұлы болды... Біздің қазақта ең бірінші көзімізге көрінген романды озық жұрттардікімен (еуропалық, орыстық) салыстыруға болмайды. Біз өз бойымызға лайықтап, мұны қазақ әдебиетіндегі тәуір қызметке балаймыз», – деп өте әділ бағалады.

(Қ.Қасенов, Ә.Төреханов)



5. Қосымша әдебиеттер мен ғаламтор ресурстарынан М.Дулатұлының қызы Гүлнәр Дулатова туралы ақпарат жинақтаңдар. Төменде берілген үлгіні негізге алып, «Асылдың тұяғы» тақырыбындағы мәтінге тезистік жоспар құрыңдар.

1. Алаш қайраткері М.Дулатұлының туған жері, отбасы, білім алуы. Омбыда Ә.Бөкейханов және А.Байтұрсынұлымен танысып, саяси жұмыстарға араласуы.
2. 1909 жылы «Оян, қазақ!» кітабын шығаруы, жинақтың оқырмандарға әсері. Замандастарының кітапты «ұлттық манифест» деп бағалауы. 1910 жылы тұңғыш прозалық шығарма – «Бақытсыз Жамал» романының жарық көруі.
3. 1913–1918 жылдары «Қазақ» газетін шығаруға атсалысуы. 1917–1918 жылдары Алаш қозғалысына қатысып, ел тәуелсіздігіне қатысты мәселелермен шұғылдануы.
4. Кеңес өкіметі орнаған соң, газет-журналдарда, білім саласында қызмет атқаруы.
5. Кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болуы. Жер аударылып, Сосновец жерінде дүние салуы.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Оян, қазақ!» деп жар салған ұлтжанды азамат, қоғам қайраткері туралы мақала жазыңдар. Сөз саны – 120–150.
2. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәтіндегі тілдік бірліктердің орфоэпиялық норма бойынша өзгерісін жазыңдар.

Тілдік бірліктер	Орфоэпиялық нормасы
Ахмет Байтұрсынұлы	Ахмет Байтұрсұнұлу

§4.

Мағжан Жұмабаев – тарихтан сыр шерткен зерделі ақын



1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мағжан Жұмабаев қандай ақын? Ақынның поэзиядағы өзіндік дара жолы, ерекшелігі деп нені атар едің?
2. «Мағжандай ақыны бар елдің тілі ешқашан жоғалмайды» (Ә.Бөкейханов) деген пікірге қосыласың ба?



2. Мәтінді оқып, ондағы мәліметтерді өз сөздеріңмен кестеге жазыңдар. Өз жазбаларың мен түпнұсқа мәтіннің стилін (терминдері, тілдік оралымдары, өзге стиль элементтері арқылы) салыстырыңдар.

Өмірі	Білім жолындағы сапары	Қоғамдық қызметі	Шығармашылығы

XX ғасырдың басы еліміздің рухани-мәдени тарихындағы қиындығы мен қайшылығы мол күрделі кезең еді. Дәл осы тұста жалынды жырларымен ұлттың рухын көтерген ақындардың бірі Мағжан Жұмабаев болды. Ол 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы Сасықкөл деген жерде туған. Бала кезінен зеректігімен көзге түсіп, төрт жасынан хат таниды. Ауыл мұғалімінен сауат ашқан соң, 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түсіп, оны жақсы үлгеріммен аяқтайды. Шығыс ақындарының жырларымен танысып, өзі де әдебиетпен шұғылдана бастайды. 1912 жылы небәрі 19 жасында Мағжан ұстазы, татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтің көмегімен «Шолпан» атты тұңғыш жинағын жарыққа шығарады. Бұл жинағында ақын жалындаған жасқа тән махабатты емес,



ел-жұртының тағдырына алаңдаған әлеуметтік, ауқымы кең мәселелерді көтереді.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім! –

деп халқына деген шексіз махаббатын жырлаған Мағжан Алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетіне өлеңдерін жариялап тұрған. Сол кезде М.Жұмабаев қазақ поэзиясында ұлт-азаттықты ең терең қозғаған ақын болды.

Мағжан 1923–1927 жылдары Мәскеуде оқыған кезінде Батыс Еуропа әдебиетімен, орыстың жазушы-ақындарымен етене жақын таныс болған. 1924 жылы Мәскеуде Кеңес пролетариат жазушыларының қауымдастығы құрылады. Бұл ұйымның Қазақстанда жүзеге асуына қарсы қайраткерлердің қатарында М.Жұмабаев та болған. Сол жылы қазақ жазушыларының басын ұлттық бағытқа біріктіретін «Алқа» ұйымын құруға әрекет жасайды, ұйымның бағдарламасын қолжазба түрінде таратып, өзінің ұстанымын білдіреді. 1929 жылы ол «жасырын ұлтшылдық ұйым құрды» деген айыптаумен сотталып, 10 жыл айдауға кесіледі. Ал, шын мәнінде, «Алқа» әдеби үйірме болатын. Өкінішке орай, 1929 жылдан 1938 жылға дейінгі ақынның он жылдық ғұмырында шығармашылық үнсіздік орнайды.

1936 жылы бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қаласында мұғалім болып жұмыс істейді. Алматыға келіп, аударма ісімен айналысады. Алайда қайда барса да, қудалаудан көз ашпайды. Ақыры 1938 жылы қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді.

Қазақ поэзиясының Шолпан жұлдызы, талантты ақынының есімі кеңес өкіметі тұсында қазақ әдебиеті тарихынан жазықсыз сызылып, оның маржан жырлары идеологиялық қудалауға ұшырады. 1988 жылы Алаш азаматтарын ақтау туралы арнайы қаулы қабылданып, абзал азаматтың халқымен қайта қауышуына мүмкіндік туды. Небәрі 44 жыл ғұмыр кешкен ақынның өзі өмірден өтсе де, артына өлмес мұра қалдырды.

(«Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығынан)



3. Аудиожазбадан (01. mp3) Мағжан Жұмабаев туралы пікірлермен танысыңдар. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар.



4. Тыңдалым мәтіні бойынша «Мағжан қандай ақын?» деген сұраққа өз ойларыңды жазыңдар. Жұбыңмен ауысып, мәтінге логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

Дауысты және дауыссыз дыбыстардың жазылуы

Жалаң дауыстылар: а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, э. Қосынды әріптер: ё (йо), и (ий, ий), у (ұу, үу), ю (йұу, йүу), я (йа). Барлық буындарда жазылатын әріптер: а, е, ы, і. Буын талғайтын әріптер: ә, о, ө, ұ, ү. Олар біріккен сөздер мен қос сөздердің екінші сыңарларының басқы буындарында жазылады: *дәрі-дәрмек, Есенәлі, Қызылорда, жән-жосық, өте-мөте, басқұр, кешқұрым, бүрсігүні.*

Сөздің басында, ортасында және орыс тілінен енген сөздердің соңында жазылатын әріптер: б, в, г, д. Сөздің барлық шенінде (басы, ортасы, соңы) жазылатын әріптер: ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ф, х, һ, ш. Тек дауыстылардан кейін жазылатын әріптер: й, ң әріптері сөздің ортасында және соңында; ал ғ әрпі сөздің басында және ортасында ғана келеді. Кірме сөздерде жазылатын әріптер: ф, ц, ч, щ.



5. Берілген сөздердің соңғы буындарында ұ, ү, ө дыбыстары айтылғанымен, жазылмау себебін түсіндіріңдер.

Байтұрсынұлы, жұдырық, жауын, жұлын, құлын, құрық, бөрене, дөңгелек, түлкі, бұғы, жауырын, қауын, ғұмыр, домбыра, дүкен, дүние, жұлдыз, жұмыс, көбік, көгершін, көжек, көде, қоңырау, мүйіз, мойын, мұқият, мұхит, өлең, өрік, өсек, самауыр, соғым, суыр, төсеніш.



6. Көп нүктенің орнына һ, х, ф, ц, ч, щ әріптерінің бірін қойып, жаттығуды көшіріңдер.

Ба...адүр, гау...ар, жау...ар, жи...аз, жи...ангер, кан...лер, кон...ерт, кра...мал, а...ы, қа...ар, қа...арман, қол...ат, ма...аббат, ме...аник, ме...нат, мұ...ит, па...ос, пери...раз, пла...карт, про...ессор, про...есс, ре...ерат, ру...аният, тұ...ы, са...на, сая...ат, сұ...бат, тари..., ша...ар.



7. М.Жұмабаев туралы пікірлерді негізге алып, келісу/келіспеу эссесін жазыңдар. Сөз саны – 120–150.

§5.

Сегіз қырлы, бір сырлы
Жүсіпбек Аймауытұлы

1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Белгілі жазушы Ж.Аймауытұлының өмірі туралы қандай деректер білесіңдер?
2. Қаламгер қазақ публицистикасын дамыту жолында қандай еңбек атқарды?
3. Ғылымның қай салаларын зерттеуге үлес қосты?
4. Прозалық, драмалық шығармалары жайында не білесіңдер?



2. Мәтінді оқып, онда қолданылған тілдік құралдар арқылы (терминдер, тілдік оралымдар) стилін ажыратыңдар.

XX ғасырдың басында, екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол заманның шындығын әдебиет әлемінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы. Әдеби шығармашылығын төңкеріс тұсында бастады да, оны Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары айрықша дамытып жетілдірді. Ақын, драматург, прозашы, публицист, сыншы, аудармашы Ж.Аймауытұлы бұл кезде әдебиеттің көптеген жанрларында өнімді қызмет істей жүріп, осы жанрлардың ұлттық әдебиетімізде орнығуына еңбек сіңірді. Сөйтіп, азаттық, бостандық ұраны астында туған жаңа әдебиеттің негізін қаласқан талантты топтың легінде болды.



Ж.Аймауытұлы Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Қызылтау атырабында туған. Жасында ауыл молдаларынан сабақ алып, ескіше сауатын ашқан. Ең алғаш өлеңін 13 жасында жазады. 1913 жылы «Қазақ» газетінде алғашқы мақаласы басылады. 1914 жылы Павлодар қаласындағы

орысша-қазақша екі сыныптық мектепті бітіріп, Семейдегі оқытушылар семинариясына түседі, оны 1919 жылы аяқтайды. Семинария Ж.Аймауытұлының өмір тануына, шығармашылық қызметпен шұғылдануына едәуір жол ашқан. Болашақ жазушы онда Қ.Сәтбаевпен, М.Әуезовпен бірге оқиды. Семейде құрылған Алашорда партиясы мен үкіметіне тілеулес болған.

1918 жылы М.Әуезовпен бірге «Абай» атты журнал шығарысқан. Алғашқы пьесаларын, мақалалары мен өлеңдерін жазады. Семинарияны бітірген соң Оқу комиссариатының мүшесі, «Қазақ тілі», «Ақжол» газеттерінде әдеби қызметкер, Шымкент педагогика техникумында директор болып қызмет істейді.

1929 жылы репрессияның алғашқы зобалаңына ілігіп, 1931 жылы атылады. Ол аз ғана шығармашылық ғұмырында педагогика, психология, методика, тәрбие туралы зерттеулер жазды, әдеби сын саласына араласты, «Қартқожа», «Ақбілек» романдары мен «Күнікейдің жазығы» повесін, нағыз драма шарттарына сай сан алуан пьесаларын жазды. Қазақ әдебиетінде драматургия принциптерін, таза көркем проза тәсілдерін алғаш меңгерген жазушы – Жүсіпбек Аймауытұлы.

(«Қазақ көркем сөзінің шеберлері» анықтамалығынан)



3. «Өнер тарихынан» мәтінін (02. mp3) тыңдап, Ж.Аймауытұлының қазақ драматургиясына қосқан үлесі туралы ой бөлісіңдер. Өз білімдеріңе сүйеніп, тақырыпты жалғастырыңдар.



4. Тыңдалым мәтініндегі терминдер мен ұғымдарды пайдалана отырып, сыныптағы жолдастарыңмен бірге «Үш қадамды» сұхбат құрыңдар.

1. А оқушы В-дан сұхбат алады, ал С оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
2. В оқушы С-дан сұхбат алады, ал А оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
3. С оқушы А-дан сұхбат алады, ал В оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.



5. Алаш зиялыларының біріне хат жазыңдар. Жұптасып, бір-біріңнің жұмыстарыңды абзац пен бөліктерге бөліп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.



6. Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Оқылым мәтіні не туралы?

- A) Бес арыстың өмірі мен шығармашылығы туралы
- B) Алғашқы қазақ басылымдарының тарихы туралы
- C) Алғашқы жоғары оқу орындары туралы
- D) Бес арыстың бірінің өмірі туралы
- E) Баяндауылда дүниеге келген қазақ зиялылары туралы

2. Ж.Аймауытұлының ірі туындылары туралы мәтіннің қай бөлігінде айтылған?

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4
- E) Барлық бөлімінде

3. Мәтін бөліктерін ретімен қойыңдар.

1. Алғашқы шығармалары мен қоғамдық қызметі
2. Ж. Аймауытұлының өмір жолы
3. Жүсіпбек Аймауытұлы кім?
4. Аз ғана өмірінде әдебиет пен ғылымға қосқан үлесі

- A) 1, 2, 3, 4
- B) 3, 2, 1, 4
- C) 2, 1, 4, 3
- D) 1, 4, 3, 2
- E) 2, 3, 4, 1



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Қосымша ресурстардан Ж.Аймауытұлы қызмет еткен газет-журналдар туралы мәлімет жинап, шағын мәтін жазыңдар.
2. Оқылым мәтіні бойынша «ББТЗО» кестесін толтырыңдар.

Б (білемін)	Ол туралы мен не білемін?	
Б (білгім келеді)	Нені білгім келеді?	
Т (табу)	Көбірек ақпаратты қайдан таба аламын?	
З (зерделеу)	Нені зерделеу керек?	
О (одан кейінгі іс-әрекет)	Одан әрі не істеу керек?	

§6.

Елім деп соққан жүректің тағдыры



1. Пікірлермен танысып, Тұрар Рысқұлов туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

Тұрар Рысқұлов – болмысы бөлек, еңбегі ерек, даналығы мен даралығы біртұтас һәм біртуар даңқты тұлға, ұлттық мақтанышымыз.

(Р.Тұрысбек)

Үндістан үшін Джавахарлал Неру, Түркия үшін Ататүрік, Қытай үшін Сунь Ятсен қандай алып тұлғалар болса, біз үшін Тұрар – тап сондай тұлға. Оның халық үшін сіңірген еңбегі де, қалдырған мұрасы да, келешекті кемел болжауы да аталған алыптардан кем емес.

(К.Сағадиев)



2. Мәтінді түсініп оқып, ондағы мәліметтерді талдаңдар. Тілдік құралдары, терминдері мен тілдік оралымдары арқылы мәтіннің стилін (ғылыми-көпшілік стиль, публицистикалық стиль) анықтаңдар.

Алаш мұратына адалдық

XX ғасырдың басында алашшыл һәм халықшыл қайраткер Тұрар Рысқұлов дүние дидарына кең көңіл, жомарт жүрекпен қарап, қоғам дамуына жіті ден қояды. Оның ұлт мұратына адалдығы, ел-жерге құштарлығы мен руханият ісіне жанышырлығы һәм жауапкершілігі де айқын аңғарылар еді.

Т.Рысқұловтың ғұмыры қысқа болғанымен (44 жас), ол азаттық идеясы мен бостандық бағасын терең түсінген, тәуелсіздік мұраттары жолында жанкешті әрекет-қимылдарға барған, әміршіл-әкімшіл жүйенің содыр саясатын сынап, батыл әшкерелеген, кеңестік режимге бағынбаған, нәтижесінде қазақ халқының



өлем картасындағы орын-үлесін айқындауға сүбелі үлес қосқан ерен еңбегімен тау тұлғалы бейнеге айналды.

Тұрар азаттық-тәуелсіздік мұраттарына, ұлтқа қызмет ету ісінде адал да табанды болды. Оның адами әлемінен елшіл-отаншылдық рух танылса, қайраткерлік-қоғамшыл қырларынан ұлтқа қызмет ету мұраты кең орын алады. Халықшыл һәм ұлтжанды азамат Тұрар Рысқұлов заман шындығы мен уақыт талаптарына сай ерен еңбек еткен, ел мен жерге берілгендік танытып, ұлт пен ұрпақ қамына сергек қараған бірегей болмысты, өзгеше тұрпатты тұлға еді. Алаш мұратына, ұлттық мүддеге адалдық танытқан, қайраткерлігі мен халықшылдығы тең түскен, даңқ тұғырына елдік жолындағы ерен еңбегімен көтерілген, болмысы бөлек, көзқарас-ұстанымы берік азамат еді.


Ақиқатында, Т.Рысқұлов ұлт тәуелсіздігі мен елге қызмет ету ісін адамдық-азаматтық қарыз-парыз санап, оны жүзеге асыру жолында ақыл-парасатын, білім-білігін, күш-қуатын, тәлім-тәжірибесін еркін пайдаланды. Тұрар Рысқұловтың қайраткерлік қыры мен халықшылдық сыры – осы.

(Р.Тұрысбек)



3. «Алаш мұратына, ұлттық мүддеге адалдық» дегенді қалай түсінесіңдер? Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, ойларыңды «Фишбоун» әдісі арқылы тұжырымдаңдар.

Балық қаңқасының басына – мәселе тақырыбы, денесінің жоғары бөлігіне – себептері, төменгі бөлігіне – дәлелдер, құйрығына тұжырым жазылады. Бір-біріңнің жасаған тұжырымдарың негізінде ой бөлісіңдер.



**Бірге жазылатын сөздер**

1. Тұлғасы өзгертіліп кіріккен сөздер: *бүгін (бұл күн), биыл (бұл жыл)*.
2. *Еш, кей, бір, қай, әлде* сөздерімен біріккен есімдік, үстеулер: *ешкім, біржола, әлдеқашан*.
3. Терминдік мәнге ие болған атаулар: *сөзжасам, баспасөз*.
4. Екі-үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, өсімдік және т.б. атаулары: *қараторғай, бірқазан, алабота*.
5. Екінші сыңары *аралық, ішілік, тану* деген сөздер: *халықаралық, мектепішілік, абайтану*.
6. Бірінші сыңары шеттілдік; екінші сыңары қазақ сөздерінен тұратын біріккен сөздер: *инфрақызыл, фотосурет, автокөлік, аэрошана, агроөнеркәсіп*.
7. Екі-үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар: *Айнұр, Орынбасар, Екібастұз*.
8. Екінші сыңары *ұлы, қызы* болып келген кісі тегі: *Момышұлы, Сұлтанқызы*.
9. Салт-дәстүр, кәде, жоралғы атаулары: *атұстар, беташар, отқақұяр*.
10. Бір ұғым ретінде лексикаланған тұрақты тіркестер: *алыпқашпа (сөз), жолсоқты (болу), қағазбасты (болу), пышақкесті (тыйылу), қырғиқабақ (соғыс)*.
11. *Бек, хан, мырза, құл, әлі (әли, ғали)* сияқты сөздермен жасалған кісі есімдері: *Аманғали, Орынхан, Әбдуәлі, Құралбек, Рысқұл, Нұрғали*.


Ескерту:

- титул мағынасындағы *бек, хан, би, мырза* деген сөздер бөлек жазылады: *Абылай хан, Төле би, Құнанбай мырза, Қазыбек бек*.
- *ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар* сияқты сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: *ақ аю, сұр жылан, шұбар бақа*.



4. Төмендегі сөздермен сөйлем құрастырып, ол сөздердің емлесін есте сақтаңдар.

Атсалысу, бойұру, тісқаққан, көкезу, ақниет, ақкөңіл, алыпқашпа (сөз), жүрекжұтқан, жүрекжарды, қағазбасты, кітапқұмар.

-  5. Орфографиялық сөздіктен бірінші сыңары *теле, радио, авто, аэро, агро, авиа, фото, кино, ультра, инфра, электр* сөздерінен жасалған біріккен сөздерді теріп жазып, олармен сөйлем құраңдар.



Тұрар Рысқұлов Түркістан АКСР-ы үкімет басшысы ретінде Алашорда қозғалысының жетекшілері мен белсенді мүшелеріне мүмкіндігіне сай қамқорлық жасап, қолынан келгенін аямады. Тұрар республика үкіметін басқарған тұста А.Байтұрсынұлының, Х.Досмұхамедовтің, Ж.Аймауытұлының, М.Жұмабаевтың, М.Тынышбаевтың т.б. қазақ зиялыларының Ташкент пен Қазақстанның оңтүстік өңірін паналап, ғылыми педагогикалық және шығармашылық жұмыспен айналысуларына мүмкіндік туғызды.

(К.Нурпейісов)



6. «Артық болмас білгенің» айдарында есімдері аталған қайраткерлердің бірі туралы өздерің білетін мәліметтер негізінде шағын мәтін жазыңдар. Бір-біріңнің жұмыстарыңды азатжолдарға бөліп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.



7. Көркем шығармалардан Т.Рысқұловтың өмір жолы мен саяси қызметіне қатысты маңызды мәліметтерді жинақтап, «Қосжазба күнделігі» әдісімен ой тұжырымын жасаңдар.

Көркем туындыдағы мәлімет	Менің пікірім



8. Т.Рысқұлов жайында жазылған мақалаларды негізге алып, «Елім деп соққан жүректің тағдыры» тақырыбында мақала жазыңдар. Сөз саны – 150.

§7.

Алғашқы қазақ инженері – Мұхамеджан Тынышбаев



1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. М.Тынышбаевтың өмірі туралы қандай деректер білесіңдер?
2. М.Тынышбаевтың Алашорда құрамында болғанын білетін бе едіңдер?
3. Алғашқы қазақ инженерінің Қазақстанда техника өндірісінің дамуына қосқан үлесі қандай?



2. Мәтінді түсініп оқыңдар. «БББ» әдісімен қорытынды жазыңдар. М.Тынышбаев туралы деректер келтіріп, сілтеме жасаңдар.

Б (Мен не білемін?)	Б (Менің не білгім келеді?)	Б (Мен не білдім?)

Жас қайраткердің қалыптасу жолы

Алаштың ірі қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы, ағартушы, тұңғыш теміржол инженері Мұхамеджан Тынышбаев 1879 жылы 12 мамырда Жетісу облысының Лепсі уезінде (қазіргі Алматы облысы Қабанбай ауданы) туған. Ауыл молдасынан хат таныған соң, 1890 жылы Верный ерлер гимназиясының даярлық сыныбына қабылданады, даярлық сыныбын қоса есептегенде онда 10 жыл оқып, үздік аяқтайды. 1900 жылы Жетісу губернаторының стипендия бөлгізуінің арқасында (ол шақта мемлекет есебінен оқу тек осылай жүргізілген) Мұхамеджан Петербург теміржол транспорты институтына қабылданады. Бұл институтты 1906 жылы бітірген...



Институт қабырғасында оқып жүрген кезде-ақ ол туған халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, баспасөзде уытты мақалалар жариялайды және әртүрлі жиындарда сөз сөйлейді.

Осындай бір жиында жасаған баяндамасында: «Қазақтардың жер мәселесі – сөзсіз маңызды мәселе. Үкіметтің нені көздеп отырғаны түсінікті: біріншіден, қазақтарды ежелгі атақонысынан айыру; екіншіден, қауқарсыз тобырға айналдыру. Қандай қанқұйлы, зымиян мақсат?!» – деп өткір сөйлейді.

Институтты бітірген соң Мұхамеджан өзінің теміржол инженері мамандығы бойынша Орта Азияда, Жетісу облысында біраз жыл қызмет етеді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен қазақ зиялылары сияқты Мұхамеджан да үлкен үміт күткен еді. Ол бел шеше қызмет етіп, қоғамдық-саяси қайраткер ретінде тез танылады. Сол жылы көктемде Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі, сонымен қатар осы үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалады. Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан ұлттық-демократиялық зиялы қауым өкілдерімен бірге Мұхамеджан да жалпыұлттық «Алаш» партиясын құруға тікелей араласады. Сол жылғы желтоқсанда өткен жалпықазақтық съезде Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайланып, үкімет төрағасының орынбасары ретінде көптеген заң актілеріне қол қояды. 1918 жылы бүкілтүркістандық IV мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан автономиясының премьер-министрі болып сайланады.

1919 жылы коммунистік партия бұрынғы алашордалықтарға кешірім жариялағаннан кейін, М.Тынышбаев Семей, Ташкент, Қызылорда, Алматы қалаларында әртүрлі деңгейдегі шаруашылық мекемелерінде еңбек етеді. 1926 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Түркіб теміржол жобасы мен құрылысына қатысады. Осы жылдары ел тарихына байланысты еңбектерін жазған.

Сталиндік зобалаңда Мұхамеджан 1930 жылы 3 тамызда тұтқындалып, Воронежге жер аударылады. 1937 жылы елге оралғанымен, қараша айында қайта тұтқындалады да, Ташкент түрмесінде «Халық жауы» деген жазамен атылады.

1959 жылдың 29 қыркүйегінде М.Тынышбаев Қазақ КСР-ы Жоғарғы сотының және 1970 жылы КСРО прокуратурасының шешімімен ақталды.

(«Тарихи тұлғалар» жинағынан)



3. Екі топқа бөлініп, оқылым мәтіні бойынша берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Мәтіннің тілдік ұғымдары мен терминдері арқылы стилін анықтап, «Торлы диаграмма» әдісімен сипаттаңдар.

2-топ. Мәтіндегі негізгі мәліметті «Уақыт тізбегі» әдісі арқылы сипаттаңдар.



4. Мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз ойларыңды жинақтап, келісу/келіспеу эссесін жазыңдар. Сөз саны – 100–120.

Дефис арқылы жазылатын сөздер

Дефис – орфографиялық, сызықша – пунктуациялық таңба. Сондықтан дефис келген жерде кідіріс жасалмайды. Бұл – оның сызықшадан ажыратылатын басты белгісі. Екіншіден, дефис сөйлемнің мазмұнына әсер етпейді. Үшіншіден, шартты түрде дефис сызықшадан қысқа болады.

Дефис кездесетін орындар:

- 1) қос сөздер: *ата-ана, құрбы-құрдас, ауыл-аймақ.*
- 2) екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақ, лауазым не мамандықты көрсететін атаулар: *вице-министр, корреспондент-мүше.*
- 3) қосалқы мүшелі күрделі атаулар: *кафе-бар, телефон-автомат.*
- 4) реттік сан есімдер цифрмен жазылса: *58-үй, 65-пәтер, 8-қатар, 12-орын.*
- 5) -ақ, -ай, -ау, -ды (-ді, -ты, -ті), -мыс (-міс) шылаулары: *айтқан-ды, балам-ай, естіпті-міс.*
- 6) кейбір одағай сөздер: *моһ-моһ, құрау-құрау.*
- 7) түркі, парсы т.б. халықтар есімдерінің соңында келетін *паша, бей, заде, оғлы* сынды есімдер: *Осман-паша, Хамза-заде.*
- 8) араб есімдерімен келетін *әл, әд, ар* сияқты элементтер: *әл-Фараби, Рашид ад-Дин, ар-Рахим, Саад-әд-дин.*
- 9) басқы әріптермен қысқарған сөзге, цифрмен жазылған сан есімге, жеке әріп түрінде алынған нысанға жалғанатын қосымшалар: *БҰҰ-ға, 450-ден, 50%-ін, 5 км-ді.*

Ескерту. Рим цифрынан кейін дефис қойылмайды: *XXI ғасыр, IV курс.*





5. Сөйлемдердегі дефистің неге, қандай жағдайда қолданылғанын түсіндіріңдер.

1. Киіз үйлердің жанында, от басында адамдар әңгіме-дүкен құрып отыр (*Ш.А.*). 2. Жидебайға қайтардың алдында Абай әкесінен көші-қон жайын сұрастырған (*М.Ә.*). 3. Ауыл үстінен қашқандарын иттер қуып, Ботақан бойы азан-қазан болды (*М.Ә.*). 4. Азын-аулақ қойлар мен төрт-бес ірі қараның айналасында қатын-қалаш, көрі-құртаң, ер-азамат көп-көптен келеді (*М.Ә.*). 5. Үлкен күміс қапсырмамен бір-ақ жерден түй-мелеген қамзолының қынама белі болымсыз желмен тербеле солқылдаған көк шыбықтай сүйкімді (*Д.Ә.*). 6. Жасыбай көлі сол таудың қойнауында қызылды-жасылды көрден кесеге құйып қойған зәмзәм суындай мөп-мөлдір (*Б.М.*). 7. Ол орта жастарды жағалатқан ашаң жүзді Фан-Штейн еді (*Ф.М.*). 8. Бала у-шу, малай қиқу, мал маңырап, ит жаң-жұқ (*Ж.А.*).



Мұхамеджан Тынышбаев Түрксіб құрылысында алғаш рет аэрофотоларды қолданған. Соларға сүйеніп, ұзындығы 50–60 метрлік бірнеше жерасты жолдарын салуды, Қордай асуының орнына Шоқпар жобасын ұсынады... «Тескен таулардың» есебінен қаржы үнемдеуге әрі 6 облысты байланыстыруға ықпал етті. Сөйтіп, жобаланған мерзімінен 540 күн бұрын ұлы жолдың соңғы шпалы төселді. 1931 жылы 1 қаңтар күні ресми түрде пайдаланылуға берілді... Өкінішке орай, үш күнге созылған бұл салтанатқа жалпы сомасы 26 миллион сомнан астам қаржыны үнемдеп, мерзімінен бұрын пайдалануға берілген жобаның авторы М.Тынышбаев қатыса алмады. Оны «Түрксіб» теміржолы біткенше «қалпақ астында» ұстап, содан соң қақпайлап шетке шығарды. «Алашорда» қайраткерінің кеңестік құрылыстың авторы атануы, теміржол салуға белсенді түрде қатысуы Кеңес үкіметінің беделін түсіретін әрекет болып саналды. Ал оның жобасы «халық жауының қастандық әрекеті» ретінде бағаланды. Осындай «қастандық әрекеті» үшін 1930 жылы түрмеге қамалды.

(*Т.Жұртбай*)



6. Ғаламтор ресурстары мен қосымша әдебиеттерді пайдаланып, «Алашқа аты әйгілі алғашқы инженер» тақырыбында мақала жазыңдар. Сөз саны – 150.

§8.

Мұстафа Шоқай – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері

1. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

1. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық қызметі туралы не білесіңдер?
2. М.Шоқайдың еңбектері туралы білесіңдер ме?



2. Мәтіндерді оқып, тапсырмаларды орындаңдар.

Мәтіндердің тақырыбы мен идеясын анықтаңдар.
Маңызды 5 ақпаратты атаңдар.
Мәтіндерде берілген автор көзқарасын ажыратыңдар.
Мәтіндердің стилін (ғылыми-көпшілік, публицистикалық) анықтаңдар.

Түркі әлемінің көсемі

Мұстафа Шоқай 1890 жылы 25 желтоқсан күні Сырдария губерниясының Ақмешіт уезіндегі Наршоқы ауылында дүниеге келген. Мұстафаның ата-бабасы қыпшақ руының белді әулетінің адамдары болған. Атасы Торғай датқа бірнеше ауылды басқарған, екі рет қажылыққа барған, ал әкесі сол елге белгілі әділ би болған.

Мұстафа Ташкенттегі ерлер гимназиясы мен Санкт-Петербург университетінің заң факультетін аяқтаған. Осы кезде ол өзіндік дүниетанымы мен саяси көзқарасын қалыптастырып, ағылшын, француз, түрік, өзбек, орыс тілдерінде еркін сөйлеген.

1917 жылдың көктемінде Мұстафа Ташкенттегі мұсылмандар конгресі кезінде құрылған Мұсылмандар орталығының басшысы болып тағайындалады. Осы жылдан бастап «Бірлік туы» және «Еркін Түркістан» басылымдарын шығара бастаған. Ал тамыз айында ол Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі атанды.



1917 жылдың 27 қарашасында Қоқанда өткен Бүкіл мұсылмандардың IV съезінде Түркістан автономиясын құру туралы ұсыныс айтылды. Оны алдымен Мұхамеджан Тынышбаев басқарады да, артынан оның тізгіні Мұстафа Шоқайға тиді. Автономия 1918 жылдың ақпанында тарады. Шоқай Ташкентке, одан әрі Ақтөбе, Маңғыстау арқылы Грузияға қашуға мәжбүр болды. Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы жылдарын шет мемлекеттерде өткізді. Түркия арқылы Германияға, содан соң Францияға қоныс аударады.

Эмиграцияда жүріп «Таймс», «Шафак», «Journal of Royal Central Asian Society» сынды белді ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынаста болды. «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» атты басылымдарды шығарып тұрды. Большевиктердің жұмысы туралы түрік, ағылшын және француз тілдерінде лекциялар оқыды. Парижде ол «Түркістан» ұлттық бірлестігіне жетекшілік етті.

(«Алаш айнасы» газетінен, 29.12.2015)

Мұстафа Шоқай мұрасы

Тәуелсіздік жылдары есімі елге оралған Мұстафа Шоқайдың аты қазір жиі аталып, мұрасы бірте-бірте туған халқының игілігіне айнала бастады. Ал 2013 жылдың соңында, жаңа жыл қарсаңында М.Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағы шықты.

Жинақтың бірегейлігі мен жоғары деңгейін бірнеше фактормен дәлелдеуге болады. Біріншіден, М.Шоқайдың еңбектері түпнұсқада берілген. Бұл оның шығармашылық мұрасын келер ұрпақтарға бұрмалаусыз, сол күйінде жеткізуге мүмкіндік береді. Екіншіден, көптомдық өзінің құрылымымен де ерекшеленеді. Оның бірінші томы М.Шоқайдың өмірі мен қызметіне арналып, 12-томында эпистолярлық мұрасы берілген. Ал 2–11-томдарын М.Шоқайдың еңбектері құрайды. Үшіншіден, жұмыс археографиялық талаптарға сай орындалған. Әрбір томы алғы сөз және түсіндірмелермен жабдықталған, олар оқырманға нақты бағыт-бағдар ұсынып отырады. Сонымен бірге профессор Көшім Есмағамбетов М.Шоқайдың шығармашылық зертханасымен, жұмыс істеу әдіс-тәсілдерімен таныстыру үшін әр томның соңында қосымша материалдар берген.

Мұстафа Шоқайдың шығармаларын жинаудың өзі ерекше қажыр-қайратты қажет еткенін айтпай кетуге болмайды. Мұрасының біразы Париждегі Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының кітапханасында сақталған. Қалған еңбектер Түркияның, Ресейдің, Өзбекстанның, Қазақстанның, Польшаның, Америка Құрама Штаттарының, Ұлыбритания мен Грузияның мұрағаттары мен кітапханаларынан табылған. Олар – қазақ, орыс, шағатай, түрік, әзербайжан, француз, ағылшын, неміс, поляк, голланд, грузин тілдерінде жарық көрген түпнұсқа еңбектер. Түркияда осы кезге дейін мәлім болмаған, 4–5 нөмірі ғана жарық көрген «Түркістан» журналы да табылады. Қыруар еңбектерді жинау және бірнеше жыл тынымсыз және жүйелі талдау негізінде дайындалған жинақ оқырманды таңғалдырмауы мүмкін емес.

(Ә.Бәкір)



Бас әріппен жазылатын сөздер

Бас әріп төмендегі жағдайларда қолданылады:

- 1) жалқы есімдер: *Алатау, Абылай, Ділда, Қызылорда, Балқаш көлі;*
- 2) жоғарғы мемлекеттік қызмет аттары мен құрметті атақтар: *Президент Әкімшілігі, Халық Қаһарманы;*
- 3) мемлекет, республика, жоғарғы мекемелер мен ұйымдар атауларының әр сөзі: *Қазақстан Республикасы, Біріккен Ұлттар Ұйымы;*
- 4) нүкте, сұрау, леп белгілерінен кейінгі сөйлемнің бірінші сөзі, өлеңнің әрбір жолы: *Жанұя – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер. (Қ.Аманжолов);*
- 5) кісі аттарымен қабаттаса айтылатын тұрақты эпитеттері бар жалқы есімдер: *Жаяу Мұса, Ер Төстік, Қыз Жібек;*
- 6) бас әріптермен қысқарған сөздер: *БҰҰ, ТМД;*
- 7) түрлі мекемелер, білім-ғылым орындарының күрделі атауларының бірінші сөзі: *Павлодар мемлекеттік университеті;*
- 8) мифологиялық кейіпкерлердің, әулиелердің аттары: *Бекет ата, Ойсылқара, Зеңгібаба;*
- 9) мал, құс, ит және т.б. қойылған аттар: *Байшұбар, Тайбурыл, Берібасар;*
- 10) маңызды тарихи дәуірлер, уақиғалар, мерекелердің аттары: *Ұлы Отан соғысы, Ақтабан шұбырынды;*

- 11) ордендер мен медаль аттары және құрметті атақтардың бірінші сөзі: *«Ардақты ана» ордені, «Барыс» ордені;*
- 12) ресми құжаттардағы шартты атаулар: *Жоғары мәртебелі Президент мырза;*
- 13) аса маңызды құжаттардың аттары: *Тіл комитетін құру туралы жарлық;*
- 14) көше, алаң, шоссе, көпір, жол және т.б. аттарының бірінші сөзі: *Жібек жолы көшесі, Республика алаңы;*
- 15) кітап, газет-журнал аттары: *«Қартқожа» романы, «Ана тілі» газеті;*
- 16) рудың аты жалқы есімнің алдынан келетін тұрақты эпитеттің орнында жұмсалса: *Қызылқұрт Теке би, Қаракерей Қабанбай.*

Тасымал

Жазып келе жатқан жолға сыймаған сөз буын жігіне қарай тасымалданады: *ба-лу-ан, тәр-бие, өне-ге-лі, сал-мақ-ты.*

Тасымалданбайтын сөздер:

- 1) бір буынды сөздер: *спорт, ұлт;*
- 2) бас әріптен қысқарған сөздер: *ИНЕУ, ҚазҰПУ;*
- 3) қысқартылған кісі есімін фамилиядан айырып тасымалдауға болмайды: *М.Әуезов, С.Мұқанов;*
- 4) цифр арқылы таңбаланатын сандар қысқарған атауларынан бөлінбейді: *5 м, 30 м;*
- 5) сөздің жалғыз әрпін қалдырып тасымалдауға болмайды: *і-лім, а-на.*



3. Бас әріппен келетін сөздерді анықтап, сөйлемдерді дұрыс жазыңдар. Себебін түсіндіріңдер.


1. аздан соң ербол абайлардан бөлініп, көлқайнарға қарай тартып кетті (М.Ә.). 2. қасым пішенбаев көмір тапқаннан кейін, ол баянауыл, қарқаралы жерлерін сонау балқашқа дейін иемденіп алады. 3. ұлы сібір теміржолының салынуына байланысты ХІХ ғасырдың аяқ кезінде екібастұз көмірін пайдалану үшін «воскресен тау-кен акционерлік қоғамы» ұйымдасады. 4. павлодар қаласына таяу, ертістің сол жақ жағалауындағы воскресенская пристанине екібастұздан тар табанды теміржол тартылды да, сол жолмен екібастұз көмірін деров ертіс арқылы омбыға тасытады (Ә.Нұри.). 5. араб басқыншылығынан кейінгі кездегі қараханид кезеңінің тілдік ерекшеліктерін сипаттайтын жазба материалдарға жүсіп

баласағұнның «құтадғу білік» атты поэмасы, махмұд қашқаридің «диуани лұғат-ат түрік» атты лингвистикалық еңбегі, ахмет иүгінекидің «һибат-уль-һакаиқ» атты еңбегі, қожа ахмет ясауидің шығармалары («хикметі») жатады (С.И.).

6. шығыстың классикалық әдебиетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туындылар: «шахнаме», «ләйлі-мәжнүн», «жүсіп-зылиха», «фарһад-шырын», «ескендір», «мұңлық-зарлық», «сейфүл-мәлік», «бозжігіт», «шахмардан», «шәкір-шәкірат» және т.б. (P.C.).



4. «Сөздер банкісінен» тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп алып, сөйлем құраңдар.



5. Мұстафа Шоқайдың нақыл сөздерімен танысып, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

- Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген де жоқ, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп, дамиды, жеміс береді.
- Отаныма қайтуды ылғи да ойлап жүремін және соған жету үшін тырысамын. Демек, атамекенімді құтқару үшін күресемін.
- Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халық қана өз тәуелсіздігіне қол жеткізе алады және оны қорғап қала алады. Ұлттық еркіндік пен азаттыққа талпыну – табиғаттың бұлжымайтын заңы.

- Жалпы, адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда, «жақсы халық» немесе «жаман халық» деген ұғым жоқ, болмайды да.
- Атамекенді сүю – оның мүддесіне қызмет ету, осы жолда қызмет етуге, керек болса жанпида қылуға дайын тұру. Ұлттық мүдде жеке топтар мүддесінің жиынтығынан тұрмайды.
- Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл.
- Тіл – тек адамға ғана тән, аса құдіретті құрал. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын, мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор.



6. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, М.Шоқайдың нақыл сөздерін қатыстырып, «Түркістан үшін от кешкен ұлы күрескер» тақырыбында эссе жазыңдар.



7. «Инсерт» әдісімен оқылым мәтіндері бойынша қорытынды жазыңдар.

(V) Бұрыннан білемін	(+) Жаңа ақпарат	(-) Менің ойлағанымға қайшы	(?) Білгім келеді



8. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Мұстафа Шоқай – Алаш зиялысы» тақырыбында ғылыми-көпшілік стильде мақала жазыңдар. Сөз саны – 150.
2. Жақшаны ашып, сөздерді орфографиялық нормаға сай (бірге, бөлек, дефис арқылы) жазыңдар.

Абыр (күбір), авиа (апат), авиа (зауыт), авто (бекет), авто (жол), ағайын (жегжат), ағаш (үй), ағаш (тарақ), ағаш (көмір), адал (ақы), қалам (ақы), азу (тіс), айыл (тартпа), айыр (көмей), ақ (бата), ақ (бидай), ақ (бөкен), ақ (желек), ақ (жол), алма (ағаш), алма (кезек), арпа (бидай), арпа (шөп), ауыз (су), ауыз (үй), ашық (хат), аэро (сурет), аэро (флот), әзіл (ажуа), әлде (бір), әр (кез), әр (қашан), әулие (әнбие), алмалы (салмалы).



БӨЛІМ

ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ: ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- сөйлеу стиліндегі тілдік оралымдар және олардың қолданысы, ауызекі сөйлеу стилінің жазба тілден айырмашылығы туралы;
- сөз құрамы мен сөз байлығы, қосымшалардың дұрыс жалғануы жайлы;
- әлемнің талғампаз жұртшылығының таңдайын қақтырған Париждегі Лувр музейі мен Санкт-Петербургтегі Мемлекеттік Эрмитаж музейі, оларда жинақталған тарихи және мәдени жәдігерлер туралы;
- әлем мойындаған өнер ордалары: Милан қаласындағы «Ла Скала» опера театры мен Франциядағы «Гранд Опера» театры, онда қойылатын классикалық өнер туындылары жөнінде;
- дүниежүзі оқырмандарының мақтанышына айналған Ұлыбританияның Ұлттық кітапханасы мен АҚШ-тағы Конгресс кітапханасы, балет өнерінің шығу тарихы мен оның көрнекті өкілдері туралы ақпаратпен танысыңдар.

Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.

(Н.Назарбаев)

§1.

Лувр музейі



1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әлемнің әйгілі музейлері туралы қандай ақпарат білесіңдер?
2. Лувр музейінің тарихы жайында не білесіңдер?
3. Лувр топтамасында әлемнің қандай атақты суретшілерінің картиналары бар?



2. Мәтінді түсініп оқып, құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Ең әйгілі музей

Лувр (Louvre) – Париж қаласындағы сәулет ескерткіші, өнер музейі. Алғаш француз патшаларының сарайы ретінде ескі қамал орнына XIII–XIV ғасырларда тұрғызылған. XVII ғасырдың екінші жартысында Лувр патша сарайы болудан қалып, патшаның жеке көркемсурет коллекциясын сақтау ордасына айналды. 1791 жылғы Конвент декреті негізінде Лувр ұлттық көркемсурет музейі мәртебесін алып, 1793 жылғы 8 қарашадан халыққа қызмет көрсете бастады.

Музейдің негізін бұрынғы корольдік мұралар жинағы, сондай-ақ монастырлар мен шіркеулерден және бай әулеттерден жиналған жалпы ұлттық мүддеге қызмет еткен коллекциялар құрайды. Лувр экспонаттары Наполеон жаулап алған елдердің қымбат қазыналарымен, шетелден сатып



алынған өнер туындыларымен, түрлі қайырымдылық шаралардан түскен бұйым, заттармен толықтырылды. XX ғасырдың 90-жылдарындағы кескіндеме мен мүсіндеме каталогі бойынша, музей қорында 30 мыңдай туынды болған.

Луврда Б.Микеланджелоның, Леонардо да Винчидің, С.Рафаэльдің, В.Тицианның, П.Веронездің, Я.Ван Эйктің, П.Рубенстің, Х.Рембрандттың т.б. туындылары қойылған.

Лувр құрамына 1947 жылы галерея ретінде ашылған Импрессионизм музейі мен оранжерея кіреді.

(«Энциклопедиялық сөздіктен»)



3. Аудиожазбадан (03. mp3) «Астанада Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ашылды» мәтінін тыңдап, мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырындар. «Блум түймедағы» тәсілі арқылы сұрақтар дайындандар.

Білу	Қарапайым сұрақтар	Кім? Қашан? Қайда? Қалай?
Түсіну	Анықтауыш сұрақтар	Егер мен дұрыс түсінсем, онда...
Қолдану	Тәжірибелік сұрақтар	Қалай қолдануға болады?..
Талдау	Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақтар	Неге? Неліктен?
Жинақтау	Шығармашылық сұрақтар	Егер... , онда не болады?
Бағалау	Бағалаушы сұрақтар	... қалай қарайсыз?

Сөз құрамы мен сөз байлығы

Қазақ тілі әлемдегі сөз байлығы жағынан ең бай тілдердің қатарына жатады. Соңғы жарық көрген 15 томдық «Қазақ әдеби тілі» сөздігінде 92 300 сөз бен 57 856 сөз тіркесі, жалпы 150 156 лексикалық бірлік қамтылған. Олар тек мағынасы жағынан ғана емес, грамматикалық құрамы, атқаратын қызметі жағынан да түрлі-түрлі. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздердің жұмсалыу аясы да әр алуан. Сөз мәдениетіне жетік болу үшін, қазақ тілінің сөз байлығын жақсы білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керек. Сөз құрамындағы қосымшаларды дұрыс қолдану, жаргон, қарапайым сөздерді араластырмай тіл тазалығын, сөз сапасын сақтау да сөйлеуші мәдениетін көрсетеді.



Сөз байлығы – оралымды, дұрыс сөйлеуге қойылар талаптың бірі. Айтушының сөзі тыңдарман қауымға тартымды болуы үшін сөз байлығы жақсы, сөздік қоры мол болуы тиіс. Әдетте сөйлеушінің сөз байлығын көрсететін тілдік оралымдарға мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, фразеологизмдер, синонимдер, афоризмдер, метафоралар жатады. Мысалы: *тез барып келді* дегенді *көзді ашып-жұмғанша барып келді* немесе *кең маңдайлы*, *аққұба қыз* дегеннің орнына «*қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы*» (Абай) деген оралымдарды қолдану тыңдаушы үшін әсерлі.

Сөзді жұмсай білу үшін олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу қажет.



Уффици галереясы (Флоренция, Италия)

Әлемнің ең таңдаулы әрі ең үлкен көркемсурет және мүсін музейі Флоренцияның Уффици алаңында орын тепкен. Музейдің суреттер коллекциясында Джотто, Симоне Мартини, Леонардо да Винчи, Рафаэль, Микеланджело және Караваджо, Дюрер, Рембрандт және Рубенс сынды әлем мойындаған тұлғалардың туындылары қойылған.



4. Екі топқа бөлініп, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазыңдар (конспектілеңдер).



5. Ұлттық мұра, мирасқорлық, мәдени байлық туралы мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, синоним сөздер, метафоралар мен афоризмдер жазып, тілдік ерекшелігін түсіндіріңдер.



6. Үш топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Оқылым мәтінінен 5 сөзді синонимімен ауыстырып жазыңдар.

2-топ. «Үш қадамдық сұхбат» әдісімен ең әйгілі музейлер жайында білетін ақпараттарыңмен бөлісіңдер.

3-топ. «Бестармақ» тәсілі арқылы «Музей» сөзіне қатысты өзіндік түсініктеріңді нақты сөздермен келтіріңдер.

Бірінші тармақ (жол) – 1 зат есім.

Екінші тармақ – 2 сын есім.

Үшінші тармақ – 3 етістік.

Төртінші жол – кез келген сөз таптарынан тұратын 4 сөз.

Бесінші жол (әдетте зат есім, синоним сөз) тағы да бір сөзден тұрады.



Жанр (франц. *genre*, лат. *generis* – «түр», «тек») – мәтін типтеріне сай ерекшеліктері бар сөйлеуді ұйымдастыру формасы.

Жанр тіл мен оның қолданылу формасының сипатын анықтайды. Мысалы: сұхбат – диалог жанрына, публицистикалық мақала – монолог жанрына, мақала – жазбаша жанрға, баяндама ауызша жанрға жатады.



7. Қосымша әдебиеттерден алған тың деректеріңді пайдаланып, Лувр музейінің әлем мәдениетіндегі алатын орны туралы «ПСМТ формуласы» әдісімен жазыңдар.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...».

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».

§2.

Мемлекеттік Эрмитаж музейі



1. Суреттермен танысып, музейге сипаттама беріңдер.



2. Мәтінді оқып, алынған ақпаратты «Қос диаграмма» әдісімен сипаттаңдар.

Нева бойындағы сарай-музей

Эрмитаж – Ресейдегі ең ірі көркемсурет және тарихи-мәдени музей. Санкт-Петербург қаласында 1764 жылы II Екатеринаның жеке қорындағы экспонаттар негізінде ұйымдас-тырылған. 1852 жылы Эрмитажды көпшіліктің көруіне рұқсат берілді. ХХ ғасырдың 20–30-жылдары музей қайта жинақталып, экспонат саны арта түсті. Эрмитажда алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі және ежелгі шығыс (Ежелгі Мысыр мен Урарту), көне, орта ғасыр ескерткіштері молынан жинақталған. Ежелгі скифтер (сақтар) мұралары және Қара теңіз жағалауынан табылған көне ескерткіштер аса құнды бағаланады.

Эрмитажда Батыс Еуропаның өнер туындыларынан Рафаэль, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Джорджоне, Тициан, Веласкес шығармалары, Рембрандт пен Рубенстің ең үздік полотнолары, XVII–XVIII ғасырлардағы француз және ағылшын кескіндемелері т.б. бар. Мұнда нумизматикалық коллекциялар, сән және қолданбалы өнер туындылары, суреттер (40 мыңға жуық) мен гравюралардың (500 мыңдай) бай қоры жинақталған. Жалпы саны 2 миллион 400 мың шамасында зат сақталған. Музей ғылыми және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізеді. Реставрация шеберханасы, лекция залдары, кітапхана, фототека т.б. жұмыс істейді.

Эрмитаж ғимараты әйгілі **архитектуралық** ансамбль құрамын (Қысқы сарай) толықтырады.

1939 жылдан Эрмитажда Түркістандағы тайқазан сақталып келді, ол 1989 жылы қайтарылып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі бұрынғы өз орнына қайта қойылды.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



3. Не себепті ұлттық жәдігеріміз – тайқазанды 50 жыл бойы елге қайтара алмадық? Лексикалық құрылымдарды қолданып, дискусивті эссе жазыңдар. Сөз саны – 100–120.

Қосымшаларды дұрыс қолдану

Сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс, жатық қолдана білу қажет. Сөз құрамындағы түбірден кейін жалғанатын қосымшаларды дұрыс қолдана білу де сөзді жатық қолдануға жатады. Мысалы: *олар (одар емес: дауысты дыбыстан соң қосымша ұяң дыбыстан емес, үнді дыбыстан басталады), көбі (көбісі емес: тәуелдік жалғауы бірінің үстіне бірі жалғанбайды), бағбан (бағбаншы емес), аспаз (аспазшы емес: түбір күйде тұрып-ақ мамандық иесін білдіреді), ақшалай (ақшадай емес), бірлі-жарым (бірді-жарым емес), жылылай (жылыдай емес), тірілей (тірідей емес), ұшты-күйлі (ұшты-күйді емес) т.б.*







4. Оқылым мәтініндегі қою қаріппен берілген сөздердің қосымшалары дұрыс жалғанғанын дәлелдендер.



Египет музейі (Каир, Египет)

Египет музейінде Көне Египет өнерінің әлемдегі ең көлемді топтамасы жинақталған. Музей тарихы 1835 жылдан басталады. Ал музейдің классикалық стильдегі қазіргі ғимараты француз сәулетшісі Марсель Дюонның жобасы бойынша 1900 жылы тұрғызылған. Онда сонау грек-роман кезеңінен бергі өнер туындыларының 120 мың үлгісі қойылған.



-  5. Музейлерге қатысты өз ойларыңды жұпта талқылап, сұхбат құрыңдар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен тілдік оралымдарды қолданып, мәтін бойынша бір-біріңе 2 жуан, 2 жіңішке сұрақ дайындаңдар.
-  6. Қосымшаларды дұрыс қолданып, әлем музейлеріндегі құнды экспонаттар, суреттер мен мүсіндер коллекциялары туралы 10 сөйлем жазыңдар.
-  7. Тест сұрақтарына жауап беріңдер.
1. **Оқылым және «Артық болмас білгенің» мәтіндеріне ортақ тақырып қайсы?**
 - A) Музейлер тарихы
 - B) Музейлерге реставрация жасау
 - C) Өнер туындыларының үздік үлгілері туралы
 - D) Леонардо да Винчидің Мона Лиза туындысы туралы
 - E) Түркістандағы тайқазан туралы
 2. **Мәтіндердің стилі қандай?**
 - A) Ресми ісқағаздары стилі
 - B) Көркем әдебиет стилі
 - C) Ғылыми стиль
 - D) Публицистикалық стиль
 - E) Ауызекі сөйлеу стилі
 3. **Екі мәтіндегі сипатталған музейлер тарихы қай ғасырдан басталады?**
 - A) XIV–XV
 - B) XV–XVI
 - C) XVI–XVII
 - D) XVIII–XIX
 - E) XIX–XX
-  8. Ғаламтор ресурстары бойынша әлемнің әйгілі музейлері туралы мәлімет жинақтап, баяндама жазыңдар.

§3.

«Ла Скала» театры – әлем мойындаған өнер ордасы

1. Әлемдегі және Қазақстандағы опера театрлары мен опера әншілері туралы білетін мәліметтеріңмен бөлісіңдер.
2. Мәтінді оқып, маңызды тұстарын «Хикаят картасы» әдісімен жазыңдар.

«Ла Скала» театры

«Ла Скала» (итальян тілінде *Teatro alla Scala* немесе *La Scala*) – Милан қаласындағы опера театры. Театр ғимараты 1776–1778 жылдары сәулетші Джузеппе Пьермаринидің жобасымен салынған. 1778 жылы театр Антонио Сальеридің операсымен ашылды.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында театрда итальян композиторлары П.Анфосси, П.Гульельми, Д.Чимарозы, Л.Керубини, Дж.Паизиелло опералары қойылды. 1830 жылдан бастап театр репертуарына Г.Доницетти, В.Беллини, Дж.Верди, Дж.Пуччини шығармалары енгізілді.

«Ла Скала» опера театрының сырты неоклассикалық стильде салынған, ал ішкі жағы XVIII ғасырдың сәулет өнерінің озық үлгісі болып табылады. Музыка, опера және балет өнеріне құмар жандар бұл театрды әлемнің жеті кереметінің бірі деп есептейді.



«Ла Скала» театрының концерттік маусымы желтоқсан-маусым айларының аралығында өтеді. Күзде театрда симфониялық кештер өткізіледі. Маусым салтанатты түрде 7 желтоқсанда Милан жебеушісі Ардақты Амвросий күнінде ашылады. Қойылымдарға билет алу өте қиын. Билет сағу алдын ала ғаламтор немесе арнайы тапсырыс беру арқылы өткізіледі. Ақсүйек қауым өткен ғасырлардағыдай театрдағы ложаны қалайды. Саудагерлер мен қалталы америкалықтар партерді таңдайды. Ал нағыз өнерсүйер қауым жоғарғы қатардағы орындарға жайғасады. Себебі ол жердің акустикасы жақсы.

«Ла Скала» сахнасында әлемге танымал Э.Карузо, Титта Руффо, Де Лука, Т.Скипа, Б.Джилли, Г.Бензанцони, М.Канилья, М.Дель Монако, М.Қаллас, Р.Тебальди, Б.Христов, Ф.Корелли, Ф.Шаляпин сияқты опера жұлдыздары өнер көрсеткен.

(«Еуропа елдерінің тарихы» энциклопедиясынан)



3. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, театрдың адам өміріндегі рөлін дәлелдеп, дискуссивті эссе жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

Сөз сапасы: дұрыстығы, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қысқалығы мен нұсқалығы

Сөз сапасы деген ұғымды тіл мәдениетінде жан-жақты ашып қолданған – профессор Нұргелді Уәли. «Сөз сапасы бірнеше факторларға: сөздің дұрыстығына, тазалығына, қысқалығы мен нұсқалығына, сондай-ақ сөздің бедеріне және әдебіне байланысты. Мысалы, біреулер сөйлеп жатса, «ұйып тыңдадым, маған сондай ұнады» деп айтамыз. Бұл – кісінің сөз сапасына эмоциялық деңгейде берілген баға. Ал енді біреудің сөзінен соң «түу, әбден жалығып кеттім, қашан сөзін тоқтатады екен деп күтіп отырдым», «ұйқым кеп кетті» деп жатамыз. Демек, ол кісінің сөзі сапасыз болды. Сөз сапасы – сөздің әсерлілігі, сөздің өз діттеген жеріне, мақсатына жетуі».

Сөз сапасы а) сөз дұрыстығы (сөз мағынасын түсініп, дұрыс қолдану); ә) сөз тазалығы (бөгде тілдік элементтерді қоспай сөйлеу); б) сөз дәлдігі (сөзді талғап, таңдап қолдану); в) сөз қысқалығы мен нұсқалығы деген факторлармен анықталады. Біз оларға алдағы тауларда тоқталамыз.



«Ла Скала» театрының ең алғашқы дирижері 20 жасар Артуро Тосканини еді. 1887 жылы оның алғашқы концерті болды. Дирижердің тынымсыз еңбегі мен қатал тәртібінің арқасында «Ла Скала» театры әлемдегі ең үздік музыкалық театрға айналды. Бірақ 30-жылдардың бас кезінде ұлтшыл-социалистердің қақтығыстары себебінен Италиядан кетуге мәжбүр болды. Тосканинидің қойылым алдында олардың гимнін орындаудан бас тартуы үлкен ерлік еді. 1931 жылы ол Америкаға кетеді. 1943 жылы «Ла Скала» театрының бомбыланғанын естіп, Тосканини театрды қайта қалпына келтіруге 1 млн лира береді. Соғыстан соң Милан қаласының мәрі оған: «Сіз «Ла Скаланың» ашылуында дирижерлік етуіңіз керек», – деген телеграмма жібереді. 1946 жылдың сәуірінде Тосканини Миланға, қайта жөнделген театрға оралады. Оның сол концерті көпке дейін көрерменнің есінде қалады.



4. «Артық болмас білгенің» және оқылым мәтіндеріндегі сөз сапасына нұқсан келтіретін қолданыстарды тауып, «Қосжазба күнделігі» әдісімен тұжырымдаңдар.

Тілдік мәлімет	Түсіндірме (комментарий)



5. Қосымша әдебиеттер мен ғаламтор ресурстарынан ізденіп, дүниежүзінің опера театрлары жөнінде «Дербес пікір жазу» әдісімен жинақы мәтін жазыңдар.

1. Өзіндік пікір (ой, идея) – 1 сөйлем.
2. Дәлел – 2 сөйлем.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы дәлел – 1 сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 1 сөйлем.
6. Қорытынды – 2 сөйлем.



6. Әйгілі «Ла Скала» театры, Астана мен Алматы қалаларындағы опера және балет театрлары туралы білетін ақпараттарыңмен бөлісіп, жұптасып сұхбат құрыңдар.



7. Қосымша деректерді пайдаланып, бүкіл әлемге белгілі өнер ордларының бірі туралы презентация дайындаңдар.

§4.

«Гранд Опера» театры



1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әлемге танымал қандай опера театрларын білесіңдер?
2. «Гранд Опера» театры туралы естулерің бар ма?
3. Театр қабырғасында қазақтың қай опера әншісі жұмыс жасады?



2. Мәтінді түсініп оқып, құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Франция елінің астанасында есімі көпшілікке белгілі «Гранд Опера» театры бой көтерген. 1669 жылы XIV Людовиктің келісімімен композитор Камбер мен ақын Перрен бұл театрдың негізін қалады. Ғасырлар бойы театр өз атауы мен мекенжайын бірнеше мәрте өзгертті.

1875 жылы сәулетші Шарль Гарньенің жобасымен қаланың IX округінде театр ғимараты тұрғызылды. Қазіргі таңда театрдың атауы «Гарнье сарайы» болып өзгертілді.

Аты аңызға айналған бұл театрдың декорациясымен ұлы суретші Пикассоның өзі айналысқан, ал әртістердің костюмдерін әйгілі модельер Коко Шанель тіккен.



Бұл театр – ең мықты, ең таңдаулы әншілер ғана «бағындыра алатын» музыкалық олимп. «Гранд Опера» – қанша ғасырдан бері Францияның ұлттық символдарының бірі, Париждегі көрнекті ғимарат, әлемдік мәдени мұра.

(«Еуропа елдерінің тарихы» энциклопедиясынан)



3. Аудиожазбадан (04. тр3) «Мақсатым – қазақ әнін Еуропаға таныту» мәтінін тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар.

1. Майра Мұхамедқызының «Гранд Опера» сахнасында ән салуы сендерде қандай сезім тудырды?
2. Қалай ойлайсыңдар, әнші өз мақсатына жетті ме?



4. Жазылым тапсырмаларының бірін орындаңдар.

1. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, тыңдалым мәтінінде көтерілген мәселе бойынша дискуссивті эссе жазыңдар.
2. Оқылым мәтіні бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазыңдар (конспектілеңдер).



Ауызекі сөйлеу стилі

Күнделікті қарым-қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызекі сөйлеу барысында өзіндік мақсат, тілдік құрылым, қолданыс ерекшеліктері байқалады.

Мақсаты: кеңесу, көзбе-көз тілдесу, пікірлесу, ой бөлісу.

Қолданылу аясы: еркін әңгіме – сұхбат, дауласу, көпшілік алдында сөйлеу.

Стильдік сипаты: сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даярлықсыз өткізілуі, ым-ишара қолдану.

Тілдік амал-тәсілдері, ерекшеліктері:

- лексикалық ерекшеліктері: қарапайым, бейтарап, диалект, кәсіби, ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер, метонимия, эвфемизм еркін қолданылады;
- фонетика-морфологиялық ерекшелік: дыбыстар түсіріліп, сөздер кейде қысқартылып айтылады, оқшау сөздер мен эмоционалды-экспрессивті сөздер қолданылады;
- синтаксистік ерекшеліктер: сұраулы, лепті, толымсыз, риторикалық сұраулы сөйлемдер қолданылып, диалогке құрылады.

- ✓ 5. Ауызша сөйлеуге қойылатын талаптар тізімін жазыңдар.

Үлгі:

Ауызша сөйлеуге қойылатын талаптар:

1. Ойын жағымды сөздермен жеткізу...

- ✓ 6. Диалогтегі қате қолданылған сөздерді түзетіп, редакциялап, қайта жазыңдар. Тізімді өздерің жалғастырыңдар. Себебін кестеге түсіріңдер.

Үлгі:

Қате қолданған сөздер	Себебі
<i>Күлкінішті</i>	<i>«Күлкілі» сөзінің бұзып айтылған нұсқасы</i>

- а) – Адик, Салтаға кітап керек, сен апара салшы.
 – Күлкінішті. Мен енді кітап тасып жүрсем сол.
 – Гүл боп айтқанды жасай салсаң қайтеді?
 – Мазамды алмашы. Мен музыка тыңдап тұрмын. Жынды музыка.
- ә) – Автобустың артын аш.
 – Алдымызға бешбармақ келді.
 – Жанұяңыз аман ба?
 – Жасаған жақсылықтарыңызға үлкен рақмет.
 – Сау-салауат болыңыз!

- 🏠 7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
- «Қазақ өнерін әлемге таныту үшін не істеу керек?» тақырыбына өз көзқарастарыңды, оның себебін, дәлелдері мен мысалдарын көрсетіп, мақала жазыңдар.
 - Үлгіні негізге алып, Қазақстанды әлемге танытып жүрген жас әншілер туралы эссе жазыңдар. Сөз саны – 150.

Мария Мудряк елімізді өлем театры сахналарында танытуды армандайды. Ол 1994 жылы Павлодарда дүниеге келген. Он жасында Милан Жоғары музыка мектебіне қабылданды. Он сегіз жасында «Болашақ» бағдарламасымен Джузеппе Верди атындағы Милан мемлекеттік консерваториясын тамамдады...

§5.

Конгресс кітапханасы



1. «Бестармақ» тәсілі арқылы «Кітап» және «Кітапхана» сөздеріне өзіндік түсініктеріңді нақты сөздермен келтіріңдер.

1. Бірінші тармақ (жол) 1 зат есімнен тұрады.
2. Екінші тармақ 2 сын есімнен тұруы керек.
3. Үшінші тармақта 3 етістіктің болуы шарт.
4. Төртінші жол кез келген сөз таптарынан тұратын 4 сөзден тұрады.
5. Бесінші жол (әдетте зат есім, синоним сөз) тағы да бір сөзден тұрады.



2. Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар.

Әлемдегі ең танымал әрі ең үлкен кітапхана

Кітапхананы білім мен ғылымның, мәдениеттің орталығы, қасиетті орда десек, артық айтқандық емес. Кітаптың иісі мен тыныштық жайлаған осындай кітапханалар – кітапсүйер қауымның сүйікті мекені.



Олай болса, әлемдегі ең танымал әрі ең үлкен кітапханаларға тоқталайық.

Конгресс кітапханасы – Америка Құрама Штаттарының ұлттық кітапханасы және Құрама Штаттар Конгресінің негізгі зерттеу филиалы. Кітапхана Вашингтон қаласында үш бірдей ғимаратта орналасқан.

Кітаптарының саны жөнінен де, алып жатқан аумағы жағынан да әлемдегі ең үлкен кітапхана болып саналады. Мұндағы қызметкерлердің саны 3000 адамнан асады екен. Кітапханада 437 түрлі тілде жазылған 32 миллионнан аса кітап пен құнды ақпарат, 61 миллиондай қолжазба, үш ғасырдан бері жиналып келе жатқан миллионға жуық әлемдік газет, заңдық құжаттардың әлемдегі ең үлкен жинағы, фильмдер, 4,8 миллион карта, ноталар, 13,7 миллионнан астам сурет бар.

(wikipedia.org/wiki)



3. Сұрақтарға жауап беріңдер. Ақпараттарды ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар.

1. Дүниежүзіне танымал Конгресс кітапханасы қай мемлекетте орналасқан?
2. Кітапханада жинақталған кітап қоры жайында не білесіңдер?
3. Кітапхананың маңызы туралы қандай қанатты сөздерді білесіңдер? Өзара ой бөлісіңдер.



4. Берілген сөздердің лексикалық тобын анықтап, оларға қосымша жалғап жазыңдар.

Сөздер	Лексикалық тобы	Жалғанатын қосымша түрі	Қосымша жалғанған сөз
Абонемент	Кірме сөз	Тәуелдік жалғаудың III жағы	Абонементі

Абстракт, авиамодель, базальт, вакцина, грамм, драматург, зағип, зембіл, кадриль, калий, класс, литосфера, лотерея, магнитофон, марафон, мінажат, насихат, окулист, хоккей, полковник, табель, хроноскоп, цикл, цитрус, чех,

чарльстон, шаманизм, шипа, іңкәр, экспресс, экспромт, юмор, янтарь, яхт-клуб.



5. Оқылым материалы бойынша негізгі ақпараттарды іріктей отырып, түртіп жазып алыңдар (конспектілеңдер).



6. Тест тапсырмаларын орындаңдар.

1. Оқылым мәтіні не туралы?

- A) Конгресс кітапханасындағы кітап қоры, құнды қолжазбалар туралы
- B) Кітапхананың білім мен ғылымның, мәдениеттің ордасы екендігі туралы
- C) Әлемдегі ең үлкен кітапхана – Конгресс кітапханасы туралы
- D) Кітапханалардың шығу тарихы туралы
- E) Кітап бастыру ісі туралы

2. Мәтіндегі тірек сөздерді табыңдар.

- A) Бейнежазбалар, химиялық элементтер
- B) Жұлдыздар, обсерватория
- C) Кітаптар, суреттер, қолжазба, кітапсүйер қауым
- D) Газеттер, рәміздер
- E) Әуенді жазбалар, әшекейлер

3. Ақпаратты рет-ретімен орналастырыңдар.

1. Әлемдегі ең үлкен кітапхана
2. Кітапхана – кітапсүйер қауымның сүйікті мекені
3. Конгресс – АҚШ-тың ұлттық кітапханасы
4. Кітапхана қоры

- A) 4231
- B) 1234
- C) 2134
- D) 1432
- E) 4321



7. «Кітапхана – тәрбиенің қайнар көзі» тақырыбы бойынша өз ойларыңды дәлелдеп, келісу/келіспеу эссесін жазыңдар. Сөз саны – 150–160.

§6.

Британдық кітапхана



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Дүниежүзі оқырмандарына танымал кітапханалар жайында не білесіңдер?
2. Британдық кітапхананың іргетасы қай жылы қаланды?
3. Қазіргі заман талаптарына сай кітапханада қандай өзгерістер жүзеге асқан?



2. Мәтінді «Тыңдап отырған үштік» әдісі бойынша оқыңдар.

Ұлыбританияның ұлттық кітапханасы

«Кітап – білім бұлағы» немесе «Кітап – ізгілік пен руханилық айнасы» деп жатамыз. Ал сол инемен құдық қазғандай болатын білім бұлағының негізгі мекені – кітапхана.

Британдық кітапхана – әлемнің ең үлкен кітапханаларының бірі, көлемі жөнінен АҚШ-тағы кітапханадан кейінгі екінші орында тұр. Ол Лондонда орналасқан.

Онда 150 миллионнан астам құнды ақпарат, кітап, газет, бейнеақпарат, әуенді жазба, карта, сурет жинақталған. Оған қоса 25 миллионға жуық сирек кездесетін қолжазба жинағы бар. Бұл қолжазбалар б.з.д. 300 жылдардан хабар береді.



Сонымен қатар Google қолданушылары кітапхана ақпараттарын қарай алады және оларға керекті мәліметтерді көшіруге мүмкіндік берілген.

(wikipedia.org/wiki)



3. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, «Менің мектебімдегі кітапхана» тақырыбында эссе жазыңдар.

Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшеліктері

1. Тілдік бірліктерді қолдануда (сөйлеушінің эмоциясына байланысты) ауызекі сөйлеу стилінің өзгешелігі болады. Оны лексикалық ерекшеліктерінен айқын байқауға болады. Мысалы, *тез сөйлейді* дегенді *аузы-аузына жұқпайды*, көп сөйлейтін адамды *мылжың, сөзуар* дейді.
2. Әдеби кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін жергілікті сөздер стильдік мақсатта әдейі қолданылады.
– *Ассалаумағалейкүм, ата!*
– *Әлейкүмассалам, айналайын, нән жігіт бопсың ғой.* (нән – жергілікті сөз, үлкен деген мағынаны білдіріп тұр).
3. Ауызекі сөйлеу стилінде қыстырма, қаратпа, одағай сөздер жиі қолданылады. Сондай-ақ сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету амал-тәсілдері көбірек пайдаланылады.
4. Ауызекі сөйлеу стилінің басқа стильдерден ерекшелігі, ең алдымен, синтаксистен, сөйлем құрылысынан байқалады: сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібі сақталмайды. Мысалы: *отыр орныңа, кет бұл жерден, ала ғой соны* т.б.
Ауызекі сөйлеу тілі стилінде интонация ерекше қызмет атқарады. Сұраулы, лепті сөйлемдер көбірек қатысады, көбіне ой автоматты түрде, дайындықсыз айтылады.



4. Төменде берілген диалогтен ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктерді тауып, түсіндіріңдер.

Биылғы оқу жылының алғашқы қоңырауы соғылмастан бұрын дәл осы орында Сапар дейтін бала отыр еді. Дырдан оған:

– Әй, бала, жалпимай, жоғалт көзіңді бұл жерден, – деп қоңқ етті.

– Неге? – деді Сапар жұлып алғандай.
 – Неге-негеде шаруаң болмасын. Бұл орын мына ағандікі, көтер өкшеңді.

Сапар орынды босатқанда, Дырдан қайыс баулы қара сөмкені партаның үстіне былш еткізіп бір ұрды да, отыра кетті.
 (О.Әубәкіров)



5. Кітап туралы ғибратты сөздермен танысып, ой бөлісіңдер.

Артық ғылым – кітапта,
 Ерінбе оқып көруге (Абай).

Кітап маған тақтан да қымбат (У.Шекспир).

Наданмен қас болғанша,
 Кітаппен дос бол (Буаст).

Кітап – асып-таспайтын асыл досымыз (Гюго).

Жақсы кітап ақылды адамның әңгімесімен бірдей (Л.Толстой).

Кітап – ақылды қуаттандыратын құрал (Я.Коменский).

Кітап – адам баласының қолынан шыққан дүниелердің ішіндегі ең ұлы ғажайыптардың бірі және адамның рухани өсу жолындағы ең күшті қару (М.Горький).



6. «Ғибратты сөз» айдарымен берілген қанатты сөздерді негізге алып, бір-біріңнен сұхбат алыңдар.



7. Үш топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларға мысал келтіріңдер.

2-топ. «Кітапхана» ұғымына қатысты сөздерді топтастырыңдар.

3-топ. «Кубизм» әдісі бойынша әлемдегі танымал кітапханалар туралы ой бөлісіңдер.

1. Суретте.

4. Талда.

2. Салыстыр.

5. Қолдан.

3. Болжа.

6. Зертте.



8. «Кітап – білім бұлағы» тақырыбында баяндама жазыңдар.

§7.

Балет өнері



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Балет өнерінің шығу тарихы туралы не білесіңдер?
2. Әлемдік балет өнерінде озық туындылар болып табылатын қандай шығармаларды білесіңдер?
3. Қазақстанда балет өнері қашан пайда болды?
4. Еліміздегі балет өнерінің көрнекті өкілдерін білесіңдер ме?



2. Мәтінді түсініп оқып, маңызды деректерді «Торлы диаграмма» әдісімен талдаңдар.

Балет (франц. *ballet*, итал. *balletto*, лат. *ballo* – «билеймін») – сахналық өнердің бір түрі, мазмұны музыка-хореографиялық образдар арқылы ашылатын спектакль. Балет ой мен жан құбылысын қозғалыс, дене қимылымен көрсетеді. Мұнда музыка шығарушы композитор, билерді қоюшы балетмейстер және суретші еңбегі тоғысып, ортақ арнаға саяды. Балеттің арқауы – би мен пантомима. Сюжетті балеттерде қимыл-пантомима мен әрекетті көріністер көп қызмет атқарады.

Балеттің негізгі элементтері халықтың музыка-би шығармаларымен тікелей байланыста туған. Еуропада балет Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келді. Алғаш Италияда тұрмыс-салтты көрсететін би түрлері іріктеліп, жүйеге түсіп, сахналық заңдылыққа бағындырыла бастады. Той-думанда орындалатын халық билері жаңа мәнерлі, әсем өрнекті, бір идеяны ұқтыруға, бір ойды айтуға меңзеген балеттерге арқау болды. Бұлар үлкен сарайларда, сән-салтанат ордасында қойылып отырған. Францияда балет белгілі сюжеттер, аңыздар негізінде құрылды. Балет өнердің басқа түрлерімен тығыз байланыста дамыды.

XVII ғасырдың 2-жартысында өмірге опера-балет (композиторлар Люлли, Рамо) және комедия-балет (драматург Мольер) келді. XVIII ғасырда Англияда, кейінірек Францияда балет өнердің жеке бір саласы болып әбден қалыптасады. Осы кездегі би өнерінде үлкен реформатор болған француз балетмейстерлері Ж.Новерр, П.Корнель трагедияларын балетке айналдырып, теориялық ой-пікірлерін жанды

спектакльдерде жүзеге асырды. Осыдан соң ұлттық балет мектептері шыға бастады.

XX ғасырда Шығыс елдерінде (Мысыр, Түркия, Жапония т.б.) балет өнері туып, дами бастады.

(«Энциклопедиялық анықтамалықтан»)



3. «Биші, педагог, балетмейстер Болат Аюханов» аудиомәтінін (05. mp3) тыңдап, Қазақстандағы балет өнерінің өркендеуі туралы ой бөлісіндер. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдандар.



4. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, оқылым және тыңдалым мәтіндеріндегі деректерді «Қосжазба күнделігі» әдісімен жазыңдар.

Мәтіндегі деректер	Менің пікірім



5. Берілген мысалдардан тілдік нормаға сай келетін сөздерді теріп жазыңдар.

1. Меңлі – менді; жылқыдар – жылқылар.
2. Жұмыршағым ауырды – асқазаным ауырды.
3. Мата – кездеме.
4. Шыны – шөлмек – шиша – бөтелке.
5. Сосын – содан кейін.
6. Құман – құмған.
7. Жиырманшы – жиырмасыншы.
8. Төртеуі – төртеусі.
9. Көбі – көбісі.
10. Сен бар – сен барғын.



6. Әлемдік балет өнерінің көрнекті тұлғасы туралы таныстырылым дайындап, топ алдында қорғаңдар.



7. Қосымша ресурстардан «Астана-опера» театрының жетекші балеринасы туралы мәлімет тауып, мақала жазыңдар.



БӨЛІМ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- қоғамның басты құндылықтарының бірі – отбасы құндылықтары туралы ой бөлісесіңдер;
- қазақ халқының салт-дәстүрлерімен танысасыңдар;
- ана тіліміздің құдіретін сезінесіңдер;
- әлемдік өркениет пен қазақ мәдениетінің арақатынасын анықтайсыңдар;
- сөз қолданысындағы ерекшеліктер және стиль туралы мәлімет аласыңдар;
- ғылыми әдебиет тілінің ерекшеліктерімен танысасыңдар.

Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туыстарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

(Н.Назарбаев)

§1.

Қоғам тірегі – отбасы. Отбасылық құндылықтар



1. Сұрақтарға жауап беріп, ой бөлісіңдер.

1. Құндылықтар дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Отбасылық құндылықтарды атаңдар.
3. Отбасы ұғымы сендер үшін қаншалықты маңызды?



2. Мәтіннің құрылымы мен рәсімделуіне қарап, жанрын ажыратыңдар.

Қазақ отбасы тәрбиесіндегі мәдени құндылықтар

Әр халықтың отбасы тәрбиесінде өз ерекшеліктері болады. Бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы отбасы тәрбиесінің мәдени құндылықтары қалыптасады. Педагогикалық еңбектер жазып қалдырмаса да, қазақта білгір педагогтер, тәрбиешілер, ұстаздар көп болған. Олар дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман-тілектеріне сүйенген.

Қазақ отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Бұл тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты – жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу, баланың денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры деп есептейді. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарайды. Еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, еңбек түрлеріне баулып, дағдысы мен іскерлігін қалыптастыруға, болашақта мамандық таңдауға дайындауға баса мән береді. Отбасында еңбекке тәрбиелеу – баланың адамгершілік және зиялылық жағына қалыптастырудың негізгі көзі.

Қазақ отбасы баланың тәртіп пен мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелей білді.



3. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» аудиомәтінін (06. тпр 3) тыңдап, мәтінде көтерілген мәселеге баға беріп, сұрақтар құрастырыңдар.

Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері

Интонация көркем мәтінді бейнелеу қызметін атқарады, мәтінді әртүрлі мағыналық бөліктерге бөледі, тыңдаушыға эмоционалды-эстетикалық қырынан әсер етеді, сөйлеу ағынына сай сөйлем құрамындағы сөздердің байланысын қамтамасыз етеді.

Әуен, әуез, қарқын, кідіріс – интонацияның негізгі құрамдас бөліктері.

Интонацияның басты құрамдас бөлігі – **әуен**. Әуенсіз ауызекі сөйлеу тіліндегі сөйлем ешбір тиянақты ойды білдіре алмайды. Әуен арқылы ойымызды хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті етіп жеткіземіз, тыңдаушы оны дұрыс қабылдау мүмкіндігіне ие болады.

Қарқын сөйлеу ағымын дыбыстап айту нәтижесінде түрленеді. Айталық, бір сөйлемді өте жылдам қарқынмен де, орташа, баяу қарқынмен де айтуға болады. Әрқайсысының тыңдаушыға әсері әртүрлі. Баяу дыбыстау – қарапайым әрі кең таралған тәсіл.

Кідіріс – сөйлеу ағымында болатын үзіліс. Сөйлемдегі кідірістің орнына байланысты сөздердің өзара қарым-қатынасы мен мағынасы өзгеріп отырады. Мысалы: *Әнші балалармен кездесті* сөйлемінде кідірісті түрлендіру арқылы екі түрлі ой алуға болады: *Әнші // балалармен кездесті*. Кім кездесті? *Әнші балалармен // кездесті*. Қандай балалармен кездесті?

Әуез (тембр) арқылы дауыс ырғағын өзгерте отырып, сезім-күйді (қуаныш, реніш т.б.) білдіруге болады.

Сөйлеуде, көркем әдебиетті мәнерлеп оқу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін дұрыс пайдалана білу сөздің мағыналы әрі мәнді болуына әсер етеді.



4. Отбасындағы сөйлеу әдебіне диалог құрастырыңдар. Интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданыңдар.



5. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, қазақ отбасындағы бала тәрбиесі туралы өлең не шығарма жазыңдар.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Жеті аталарыңды білесіңдер ме? Сызба, кесте, графика түрінде беріңдер.
2. «Шаңырақ» ұғымына түсінік беріңдер. Мысалы: қара шаңырақ, шаңырақ көтеру т.б.

§2.

Ұлттық мәдениеттің негізі – салт-дәстүрлер



1. Суреттермен танысып, «Салт-дәстүр» сөзіне түсінік беріңдер.



2. Үш топқа бөлініп, үш мәтінді оқыңдар. Топ ішінде рөлдеріңді белгілеп, мәтіннің мазмұнын талдаңдар.

Белгілеуші	Мәтіннің жалпы тақырыбы мен идеясын анықтайды. Мәтінге ат қояды.
Талқылаушы	Мәтіннің негізгі ойы бойынша топ талқылайтын 3 немесе 4 сұрақ құрастырады.
Байланыстырушы	Мәтін мен шынайы өмір арасындағы байланысты анықтайды, мысал келтіреді.
Қорытындылаушы	Мәтіннің мазмұнын қорытындылайды, маңызды тұстарын атап өтеді.
Суреттеуші	Мәтінге қатысты нақты немесе абстрактілі сурет салады. Басқа топтың суреттері арқылы мәтін мазмұнын ашады.

I

Қазақтарға қонақжайлылық қасиет ежелден тән. Бұл қасиет ғасырлар бойы қалыптасқан. Үйіне келген кез келген адамға міндетті түрде тегін қонақасы беру, оған жайлы төсек-орын салып, қондырып жіберу дәстүр болған. Егер үй иесі қонаққа ондай құрмет көрсетуден бас тартса, әлгі бейтаныс жолаушы үй иесінің үстінен биге шағым айтуына құқылы

болған. Ал би әдет-ғұрыпты бұзған үй иесіне ат-тон айып салған. Әдетте мұндай келеңсіз оқиға қазақ арасында өте сирек ұшырасқан.

Қазақта ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптың бірі – дәм ауыз тию. Үйге бас сұққан кез келген адамды дәмнен ауыз тигізбейінше жібермейтін, «қуыс үйден құр шығармайтын».

Қазақтың және бір жақсы әдет-ғұрпы – ерулік беру. Жаңадан көшіп келгендерді көршілері арнайы дастарқанға шақырып, ерулік тамақ беретін болған. Осыдан соң көшіп келгендер жаңа қонысқа тез үйреніп, ондағы адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға ықыласты болады.

Көшпелілердегі кеңінен таралған әдет-ғұрыптардың бірі – қалау. Дүниеге жас нәресте келген соң, тап осы әдет-ғұрып бойынша кіндік шеше өз қалауын айтып, ұнаған нәрсесін алған.

II

Алыс сапардан немесе жәрмеңкеден қайтып оралған адам өзінің жақын туыстары мен көршілеріне базарлық ала келетін. Ауыл ақсақалдары тамақ үстінде үлкен табақтан жасы кішілерге асату жасайтын. Егер кімде-кім әлдебір жаңа киім кие қалса, бағалы затқа ие болса, оған жақын туыстарының, дос-жарандарының байғазы беру әдет-ғұрпы болған. Әйелдер үйде қалған балалары мен жақындарына мереке-тойлардан сарқыт ала келетін. Мұның өзі, бір жағынан, тағамға деген құрметті білдірсе, екінші жағынан, сол мереке-тойлардан үйде қалғандардың да дәм татып, қатысты болғанын сезінуге тәрбиелейді. Қазақтарда көптен бері көрмеген жақын-туыстарына қымбат бағалы заттардан, әдемі естелік бұйымдардан, қазы-қарта, мүшелі жіліктерден, сүр еттерден сәлемдеме беріп жіберу әдет-ғұрпы да болған. Сәлемдемені алған жақ шын ниетімен разы болып, ізгі батасын беретін.

Ауылдың бір тұрғыны басқа бір алыс жаққа көшіп кетерде ағайын-туғанмен, көрші-қолаңмен қоштасу ретінде «ажырасу аяқ» деп аталатын тамақ берген. Ауылдастарына айтпай көшіп кету көргенсіздік, тәрбиесіздік саналады. «Көзіміздей көріп жүріңдер» деп, естелік сыйлықтар да қалдырған. Ал ауылдастары «көш көлікті, барған жердегі қоныстарың құтты болсын» айтысып, ақсақалдар ақ батасын берісетін.

III

Қазақтарда отбасы мен некеге қатысты сонау ежелден келе жатқан бірегей әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері болған. Дүниеге келген жас нәрестеге азан шақырып ат қойылады. Жасы үлкен туысқандардың бірі Құраннан аят оқып, нәрестенің атын оның құлағына үш рет қайталап дауыстайды. Ер баланы 3,5 мен 7 жас аралығында сүндетке отырғызып, қонақ шақырып, ат шаптырып, дүркіретіп той берген.

Ата-ана өздерінің ұлын үйлендіру қамын әрқашан ойластырып жүретін. Баланы үйлендіруге қатысты әдет-ғұрыптардың реті мынадай болатын: құда түсуге алдын ала келісу, ата-ананың құда түсуі, қыз ұзату тойы, келін түсіру тойы, неке қию рәсімі.

Құда түсудің ресми бөлігі аяқталғаннан кейін жігіт жағы қыздың қалыңмалын төлейтін. Қалыңмал әдетте мал басымен есептелетін. Үйлену тойы кезінде құдалар бір-біріне киіт кигізетін болған. Ол түрлі қымбат бағалы киімдерден, мата кездемелерден, мал басынан тұратын. Құдалар жағы бір-бірімен қоржын алмасып, өзара сыйлық жасасатын. Үйлену тойының әдет-ғұрыптары неке қию рәсіміне ұласады.

Қазақтардың дәстүрлі қоғамында қыздың жасауын берудің де зор маңызы болды. Қыздың жасауына киіз үй, кілем, текемет, сырмақ сияқты бұйымдар, әр түліктен тұратын мал басы кіретін болған. Жеке шаңырақ көтеріп, ата-анасынан еншісін алып шыққан жас отбасында күнделікті тіршілігіне қажетті нәрсенің бәрі де: отауы, төсек-орны мен үй ішінің жабдықтары, есік алдында малы да болған.

(«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясынан)



3. Берілген салт-дәстүрлерді мазмұнына қарай топтастырыңдар, оларға түсінік беріп, сұхбат құрыңдар.

Отау көтеруге қатысты салт-дәстүрлер	Тұрмыстық салт-дәстүрлер	Еңбекке қатысты салт-дәстүрлер

Құда түсу, саятшылық, қалыңмал, бәйге, тасаттық, бата, қазық майлау, жар-жар, көрімдік, сүйінші, сабантой, қыз ұзату, қымызмұрындық, некеқияр, мүшел, асар.



4. Әр топ өз мәтінінен 2 негізгі, 3 қосымша, 1 детальді мәліметті жазыңдар. Осы мәліметтерді қатыстырып, шығармашылық жұмыс (өлең, әңгіме) ұсыныңдар.



5. «Салт-дәстүрді білу – Отанды тану» мәтінін (07.mp3) тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаңдар.

1. Бауыржан Момышұлының сөзі сендерге қандай ой салды?
2. Салт-дәстүрді білу арқылы адамға қандай қасиеттер дариды?
3. Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген нақыл сөзін қалай түсіндірер едіңдер?



6. Үлгіні негізге алып, үй тапсырмасын «WhatsApp» желісінде талқылаған диалогті жалғастырыңдар. Стилін анықтаңдар.

Сәлем! Қалайсың?

Сәлем! Жақсы.

Үй тапсырмасын қалай жаздың?



7. Тыңдалым мәтінін негізге алып, «Ұлттық мәдениеттің негізі – салт-дәстүр» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны – 160.

§3.

Тіл – ұлттың жаны



1. Егер шахмат атының жүру тәртібі бойынша оқысаңдар, ана тілі туралы Ғабит Мүсіреповтің айтқан ұлағатты сөзін оқи аласыңдар.

Ана	үзеді	ұмытқан
адам	болашағынан	халқының
өткенін	тілін	қол
да	өз	де



2. Мәтінді оқыңдар. Тіл мәселесі туралы БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік ресурстардан оқыған деректеріңе сілтеме жасаңдар.

Мемлекеттің туы, елтаңбасы, әнұраны сияқты мемлекеттік тіл – еліміздің басты рәміздерінің бірі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің ажырамас бір бөлігі, мемлекеттің елдігін айқындайтын басты белгілердің бірі.

Тіл – адам баласының ғана емес, ұлттың, халықтың, қоғамның болмысын көрсететін құбылыс. Адамзаттық құндылықтар қатарында тіл ғылымнан да, мәдениет пен өнерден де бұрын аталады. Ғылым да, мәдениет те, өнер де, материалдық игіліктер де, саясат та тілдің қатысуымен жасалады.

Тіл – бір мемлекеттің аяғынан тік тұруына, оның жалғасуына ықпал ететін, сол мемлекеттің тәуелсіз екенін білдіретін құрал.

Тіл – адамдарды жақындастырып, олардың арасында бірлік, ынтымақтастықты қалыптастыратын негізгі іргетас.

Тіл – өткен шақ пен келешек арасындағы көпір, ол бүтін бір ұлттың мәдени-әдеби құндылықтарын, білімін, өмірлік ұстанымдарын кешеден бүгінге, одан болашаққа жеткізеді.

(Б.Құлжанова)



3. Торкөздерде шашыраған сөздерден өлең не мақал-мәтелдер құрастырыңдар.

Ана тілі	Сөз	Алтын	Қазына	Халық
Өнер	Ақыл	Өткір	Ой	Асыл



4. Мектепте оқытылатын сүйікті пәндеріңнен мәтін алып, оның ғылыми стильге жататынын анықтайтын дәйектерді жазыңдар.

Ғылым саласы	
Лексикалық ерекшелігі (терминдер)	
Синтаксистік құрылымы	
Стильдік сипаты	



5. Тіл туралы ұлт зиялыларының нақыл сөздерімен танысып, өз пікірлеріңді әуен, әуез, кідіріс пен қарқынды сақтап айтыңдар.

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.

(Жүсіпбек Аймауытұлы)

Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.

(Ғабит Мүсірепов)

Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!

(Мұхтар Әуезов)

Ұлт үшін тілінен қымбат еш нәрсе жоқ.


(Мағжан Жұмабаев)

Қазақ тілі – өзінің өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, қысылтаяң қатал жағдайға қайрап, егеп, «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін ерге, елге медет болатын ең әсерлі, ең әдемі шешен тіл.

(Бауыржан Момышұлы)



6. «Тіл» сөзіне ассоциогарамма жасаңдар.



1989 жылы «Тілдер Заңы» қабылданып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі статусына ие болды. 1993 жылы 28 қаңтарда бұл статус ҚР жаңа Конституциясында тұрақталып бекітілген.

1997 жылы «Тілдер Заңы» Парламентте қайтадан талқыланып, ҚР Президенті жарлығымен бекітілді.

1997 жылы жаңа «Тілдер Заңы» қабылданып, қазақ тілі – ҚР мемлекеттік тілі, қазақ халқының ұлттық тілі болып есептеледі.



7. Өздерің құрастырған өлең не мақал-мәтелдерді және жоғарыдағы фактілерді қатыстырып, «Тілдің туы жығылмасын» тақырыбында мақала жазыңдар.

§4.

Көшпенділер өркениеті



1. Көш салтанаты бейнеленген суретпен танысыңдар. «Ротация» әдісімен сұрақтарға жауап жазыңдар. Әр топ түрлі түсті қаламмен жауап жазады да, бір-бірімен алмастырады. Соңында дауыстап оқып, бірін-бірін толықтырады.



1. Қазақ халқының жаз жайлауға, қыс қыстауға көшу себебі неде?
2. Жайлау мен қыстауға бірден бармай, неліктен күзек пен көктеуге қоныстанған?
3. «Көш салтанаты» дегенді қалай түсінесіңдер? Жоғарыдағы картина қалай аталады деп ойлайсыңдар?



2. Мәтінді оқып, оның стилі мен жанрын анықтаңдар. Мәтіннен таныс емес сөздерді белгілеп, мағынасын жұптарыңмен талдаңдар.

Сәні мен салтанаты жарасқан қазақ көші

Кең далада жүрген ежелгі қазақ жұртының ең салтанатты шеруінің бірі – көшіп-қону. Көшіп-қону төрт түрге бөлінеді. Ертеде ата-бабаларымыз наурыз айының аяқ кезінде

қыстаудан көктеуге көшсе, мамыр айының аяқ кезінен бастап жайлауға көшкен. Жайлауда шілде, тамыз айларын аяқтағаннан кейін, күзекке көшті. Ал күзектен қарашаның соңында қыстауға қайтқан.

Жайлауға көшіп келгенде барлық өсімдік толысып піседі. Төрт түлік мал төлдеп, бие байлап, қымыз ашытылған. Сиыр сауып, айран ұйытылып, құрт, ірімшік кептіріледі. Қыз-бозбала сауық құрады. Барлық той-томалақ, мәслихаттар осы кезде өтетін болған. Осыдан кейін «сары жұрт» деп аталатын күз келеді. Бұл кезде жердің оты қашып, тақырланып қуаң тартады. Міне, осы мезгілде күзекке көшеді. Көктеу мен күзек – бір қоныс. Бұл мезгілде шабындық жерлердің көгі қайта көгеріп тұрады. Малдың толысып, күзем қырқылып, жүн сабалып, текемет басатын, қыз-келіншектердің тары түйетін берекелі кезі – осы кез. Ел қыстауға келгенде қорасын жөндеп, отын-суды реттеп, қыстық соғымын дайындайды.

Ата-бабаларымыз көш көліктеріне түйені, жылқыны, өгізді пайдаланған. Қай кезде де алдын ала қонатын жердің жай-жапсарымен танысып, көш жүретін жолдардың жағдайын көріп, біліп отырған. Көшіп-қонуға қажетті мінетін, жүк артатын көлікке қарай ер-тұрманды барлық әбзелімен, түйеге – қом, ат пен өгізге – ыңыршық және таңбау, тең жіпті (он төрт құлаштан кем емес) ерте бастан дайындаған. Теңді арту үшін алты құлаш тең арқан, көш көліктерін жетектеу үшін өрмелі ноқта, ызбалы ноқта, бұйда қажет болды. Көште бұған арқаны босап, жүк ауғанда, арқанды қатты тартып, жүкті қалпына келтіру үшін білекті жігіттер бұрау салып отырған. Оны қазақтар әбден кепкен тобылғы мен ырғайдан жасаған.

Көшті бастау ісі көпті көрген, жолды анық білетін, орта жастан асқан азаматқа тапсырылған. Ол зерлі, шанақты жабумен немесе түкті кілеммен жабылған жүгі бар түйені жетелеп, көшті бастайтын болған. Оның соңын ала түйе жүн шекпен мен ақ қалпақ киіп, жорға мінген ауыл ақсақалдары жүрді. Ақсақалдардың ізімен кимешек киіп, түндік тартқан, барқыт қамзол, дүрия шапан киген ауыл аналары екі-екіден салт жүріп отырған. Қалған көш көліктерін ауыл азаматтары жетектеп, іркес-тіркес керуен шеруімен жол тартатын болған. Көштің ең соңында жорға мен сәйгүлік мінген кәмшат бөрікті, бұрмелі шәйі көйлекті, сәукеле киіп, шолпы таққан,

сырғалы сылқым қыздар мен жас жігіттер жүріп отырған. Осындай салтанатты шеру тартқан көшті қазақтар «көш көлігімен» деп атаған. Көшкен ауылға жолыққан адам «Көш көлікті болсын!» деп тілек білдірген.

Қазақ халқының ең бір жақсы қасиеті – қайда көшсе де, жұртын тазалап, қоқыстан арылтып, жұртына «Құдайым ақ жол берсін» деп ақ тамызып отырған, оны қасиетті санаған. Көш шеруі жолшыбай кездескен ауылға жақындағанда, қыз-келіншектер аттарынан түсіп, ауылдан өткенше жетектеп, ауыл әруақтарына, үлкендеріне бас иіп, құрмет көрсеткен. Жолай кездескен ауылдың қыз-келіншектері көш шеруін бастаған үлкендерден бастап жастарына дейін қымыз, айранын ұсынып, жұрттың шөлін басатын жақсы дәстүр қалыптасқан. Өз кезегінде көш иелері оларға орамал, жүзік, білезік сияқты кәдесыйларын ұсынуды да ұмытпады. Міне, қазақ ауылдарының көші осылай жалғасын тауып отырған.

(Ә.Төреханұлы)



3. «5–5–1» әдісімен мәтінде көтерілген ақпараттарды түйіндеңдер.

Мәтін бойынша 5 сөйлем жазыңдар.

Сол 5 сөйлемді 5 сөзге қысқартыңдар.

Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартыңдар.

Бүкіл сыныппен түйінді сөздеріңмен бөлісіңдер.

Сәлем – сөздің анасы



Кез келген ортада ең бірінші орындалатын әдептің түрі – амандасу, адамды алғаш рет көрген кезде оған деген өзіңнің ілтипатыңды білдіру. Бұның барлығы мәдениетпен өте тығыз байланысты формада жүзеге асады. Сәлемдесудің ең бейтарап түрі – «Сәлеметсіз бе?» деген. Кез келген жағдаятта, кез келген ортада сіз «Сәлеметсіз бе?» десеңіз, қателеспейсіз. Қазақта ер адамдар бір-бірімен «Ассалаумағалейкүм!» деп амандасады, екінші адам «Уағалейкүмассалам!» деп жауап береді. Оның тұрмыстық қарым-қатынастағы қысқарған формалары да бар, мысалы, «Уағалейкүмассалам!» демей-ақ, «Әлейкімсалам!» деп айта салады. Жалпы, жасы кіші адам «Ассалаумағалейкүм!» деп, бірінші амандасуы керек.



Бұлай амандасудың сөздік формасымен қатар жүретін рәсімдік формасы бар. Ол – міндетті түрде қол берісу. Қол берісудің өзінің стандарттары бар. Жасы кіші адам екі қолымен жасы үлкен адамның қолын қысады. Амандасқан кезде қолды жай тигізе салған немқұрайдылықтың нышанын таныту болып саналады. Сондықтан екі қолды алақаныңызға толтырып, қысып тұрып аласыз. Бұл да ерекше ілтипатыңызды көрсетеді. Әйел адам басын шұлғып, ілтипат білдіреді, ол да амандасу. Ал енді қатар құрбылар жай ғана «Сәлем!» деп амандасса болады.

Түрлі жағдаятқа қатысты амандасудың формалары бар. Жолаушылап кетіп бара жатқан адамға «Жол болсын!» деп амандасады. Ол адам «Әлей болсын!» деп жауап береді. Аңшылықтан келе жатса, «Қанжыға майлансын!» дейді қазақ. Мал бағып жүрген адамды көрсе, «Бағар көбейсін!» дейді.


Сәлемдесу – қазақ мәдениетінде өте маңызды әдептің бірі. Сол себепті «Сәлем – сөздің атасы» деп айтады.

-  4. Үйге көптен көріспеген туыстарың қонаққа келді. Отбасы мүшелері мен қонақтар арасындағы диалогті жазыңдар. Әуен, әуез, кідіріс пен қарқынды сақтап, бір-біріңе оқып беріңдер.
-  5. Үш топқа бөлініңдер, берілген мәтіндерді жалғастырып, қазақ халқының сәлемдесу мәдениеті туралы аңдатпа мәтін құрастырыңдар.

1-топ. Әдеп, адамшылық амандасудан басталады. Сәлемдесудің мәні – бетпе-бет ұшырасқан сәттегі үнсіздікті жою, өздерінің аман-есен дидарласып тұрғанына қуану...

2-топ. Мұсылман халқында амандасу «Ассалаумағалейкүм» деген сөзден басталады. Ол – «Сізге Алланың нұры жаусын» деген сөз екен...

3-топ. Қазақта ешқандай шаруасыз, арнап сәлем беру рәсімі – ертеден қалыптасқан ізеттілік. Оны көбіне туыс адамдар, құдандалы, жегжат, дос-жарандар атқарып жатады...

-  6. Түрлі халықтардың сәлемдесу әдебін салыстырып, салыстырмалы эссе жазыңдар. Сөз саны – 150–160.

§5.

Әлемдік өркениеттік үрдістер аясындағы қазақ мәдениеті



1. Суреттер бойынша салыстырмалы талдау жасаңдар.



2. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып, кестедегі тапсырмаларды орындаңдар.

Мәтіннің тақырыбы	
Мәтін жанры	
Мәтіннің стилі	

Көзінің тірісінде ескерткіш орнатылған адамдар тарихта бірлі-жарым, ал жылқы баласында мұндай атақ-даңққа жеткен – жалғыз Абсент қана.

Жылқы өсірушілердің халықаралық қазылары оны әлемдегі «ең таңдаулы спорт аты» деп бағалады, оған Жамбыл облысындағы жылқы зауытында қоладан ескерткіш орнатылды. Халықаралық ат спорты федерациясы Абсентті «сұлулықтың эталоны» деп жариялады. Үш бірдей Олимпиаданың жүлдегері болған Абсент 1975 жылы өлгенде, ежелгі жауынгерлік дәстүр бойынша ноқта-жүгенімен, алтындаған жабуымен тігінен тұрған қалпында жерленіп, аты жазылған мәрмәр тас орнатылды.

Абсент бірінші рет Швейцарияның Санкт-Гален қаласындағы жарыста озғанда, италиялық жылқы өсіруші Федерико Тезио Абсентті 340 мың долларға сатуды өтінді. Ал Римдегі Олимпиадада Абсент алтын медаль алғаннан кейін, сеньор

Тезио чек кітапшасын ашып: «Қалаған сомаңызды өзіңіз айтыңыз», – деп тағы да қолқалады.

Бірақ қазақ жылқысы мен ақалтеке тұқымынан өсірілген, дүниежүзіне Қазақстанның даңқын жайып, елдің мерейі болған Абсент өмір бойы өз жерімізде қалды. Одан талай ұрпақ тарады.

(Қазақ күнтізбесінен)

Қоштасу

Қазіргі кезде қоштасудың формалары көп. Мысалы, «Сау болыңыз!», «Сау-саламат болыңыз!», «Аман-есен болыңыз!», «Келесі кездескенше!», «Аман-есен болайық!». Ал ресми түрі – «Сау болыңыз!».

Егер қоштасып отырған аудиторияда үлкен адамдар болса, олармен ерекше қоштасу керек. Құр «Сау болыңыз!» деп қоштасқаннан гөрі, саулығын тілеп қоштасқан абзал. «Аман-есен болыңыз!», «Келесі кездескенше!», «Аман жүріңіз!» деген сияқты ізет сақтау керек. Егер ресми қатынаста болсаңыз, онда «Сау-саламат болыңыздар!», «Келесі кездескенше!», «Іске сәт!» деген сияқты тілектермен аяқтанған жақсы.



3. Отбасы мүшелерінің бірі іссапарға аттанып бара жатыр. Онымен кім қалай қоштасатынын 10 сөйлеммен жазыңдар. Әуен, әуез, кідіріс пен қарқынды сақтап, бір-біріңе оқып беріңдер.
4. Әлемдік өркениетте қазақ мәдениетін танытқан еліміздің мақтанаштары туралы презентация дайындаңдар. Онда ресми қаратпа сөздерді қолданыңдар.
5. Ғылыми-көпшілік стильдің тілдік құралдарын орынды қолданып, мәтіндегі ақпаратты 2–3 сөйлеммен қорытындылаңдар, оған қатысты дәлелдеріңді жазыңдар.

Қорытынды	Дәлел

6. Көшпелі қазақ өміріндегі төрт түлік малдың орны туралы сипаттама мәтін жазыңдар.

§6.

Жаһандану және жастар



1. Жаһандану процесіне «SWOT талдау» жасаңдар.

Күшті жақтары	Мүмкіндіктері
Әлсіз жақтары	Қауіп-қатерлері



2. Үш топқа бөлініп, үш мәтінге маңызды мәселе тудыратын үш сұрақтан дайындаңдар. «Қар лақтыру» әдісі бойынша сұрақтарды араластырып, әр топ үш сұрақтан жинап алыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Бақытбек Ысқақов, дәрігер:

Қазіргі уақытта мені жастардың алға қарай талпынысы, дүниеге көзқарасы, білімге құлаш ұруы қуантады. Қазіргі қоғамның талабына сай өмір сүргісі келетінін құптауымыз керек. Олай дейтін себебім, біріншіден, жастарға желікпелік тән. Мысал ретінде айтайын, алға қарай ұмтылып, шауып бара жатқан жүз жастың тоқсанында желікпелік басым, ал қалғанында белгілі бір мақсат бар. Сондықтан оларды желікпе және мақсатты жастар деп бөлуге болады. Екіншіден, қазір еліміздің басына күн туып (бетін аулақ қылсын), еліміз ауыр кезеңді басынан өткізіп жатқан жоқ. Сондықтан бүгінгі жастар патриотизм ұғымын терең түсіне бермейді, әлі отансүйгіштіктің қадіріне жете қойған жоқ. Әр нәрсенің дәмін татпай, адам баласы қадірін біле бермейді. Сол секілді бүгінгі жастар Отанға деген сүйіспеншілікті сезінген жоқ, тек сөз жүзінде ғана айтып жүр. Жастардың туған ел, Отан алдында адал қызмет етулерін тілеймін.

Сандуғаш Қуанышбайқызы, тілші:

Қай кезде де халықтың алдында тұрған басты міндеттерінің бірі – есті, еңбексүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеу. Әр халық өзінің ұрпағы ақылды, адал, үлкенді құрметтейтін, әділ, ержүрек, ар-ожданы мол болып өссін деп армандайды. Алайда батыстан келген ақпараттық тасқын, технократтық даму өз залалын тигізе бастады, ұлтымызға тән қасиеттердің бәрін жалмап, жұтып барады. Болашақ жастардың қолында екенін еске алсақ, кейде ойға қаяу түседі. Бүгінгі оқырмандармен бөліскелі отырғаным – жастардың жаңа бір

мәдениеті – субмәдениет. Жастар арасында кең етек алған жаңа топтың қазақ қоғамына да келіп жеткенін көз көріп жүр. Қоғамнан оқшау жүретін, өзгелерден өзгеше, өзіндік өмір сүру дағдысы бар, қоғамға наразы екендіктерін оғаш қылық пен бейтаныс бет-пердемен хабардар ететін жастардың белгілі бір тобын көрсеңіз, субмәдениет өкілдері деп қабылдамайсыз. Жастардың арасында белең алып бара жатқан кей қылықтары шариғатқа да жат екен. Мәселен, денеге таңба бастыру, кез келген жерге сырға тағу. Мемлекеттің іргесі берік болуы үшін оның тұғыры мықты, стратегиялық бағдарламасы тыңғылықты, ділі мен діні тұрақты болуы қажет. Ондай мемлекет мәңгі жасайтын болады.






Испандияр Солташұлы, ҚХР-дағы қандасымыз:

Қазіргі таңда жастар іске кірісті, тұрмыс-тіршілігін, шаруашылығын жақсартуға қарай бет бұрды. Айталық, бұл күндері ұлтымыздың азаматтары қатарынан қала-қалашықтар мен ауылдарда шағын сауда дүкені, киім тігу орны, арнаулы ұлттық тағамдар дүкені, қолөнер бұйымдар дүкені, асхана, жатақхана, фотосуретхана, азық-түлік дүкені, қасапшылық орны, дыбыс-кескін бұйымдар дүкені, шаштараз, ажарландыру орны қатарлы сан алуан кәсіп түрімен шұғылданып отырғандар көптеп кездеседі. Ал қалаларда түрлі техникалық өнер-білім мектептерін ашып, компьютермен қызмет көрсету орталықтарын құрып, тіпті халықаралық саудамен де айналысып, шаруашылығын кеңейте бастаған азаматтар молайып келеді. Олар «Тұрмысымызды жақсартуға пайдасы тисе болды, кәсіп талғап қайтеміз, екі қолға бір жұмыс емес пе?!» – деп бұрын ұлтымыз ат ізін салмаған, тың кәсіптерді меңгеріп, еңсе көтеруге бет түзеуде.

Қаратпа сөз әдебі



Қаратпа сөзсіз қажет кісіңді өзіңе қарата алмайсың. Күнделікті тұрмыстық аяда қаратпалардың өзіндік қолданылу ерекшелігі бар. Мысалы, қазақта келін қайын жұртындағы адамдардың атын тура атамайды. Қайныларын, қайын сіңлілерін «Мырза жігіт», «Ерке-бала», «Еркежан», «Аққыз», «Шырайлым» деп еркелетіп, балама аттармен атайды. Бұл да қаратпалар арқылы көрініп тұрған мәдениетіміздің көрсеткіші.

Бұның бәрі – бейресми қаратпа. Қазақ тіліндегі барлық ресми қаратпалар туыстық атауға негізделеді. Мысалы, көшеде танымайтын ер адамды көрсе, орыстар «мужчина» деп қаратады. Қазақтар олай айтпайды. Оның жасына қарап, егер үлкен кісі болса, оны «аға» дейді. Өзінен кішірек болса, «інім» деп, жасы қатар болса «досым» деп, «бауырым» деп өзіне теліп айтады. Бұның бәрі – туыстық атаулар.

-  3. Жаһандану кезеңіндегі қазақ жастары туралы презентация дайындаңдар. Онда ресми қаратпа сөздерді қолданыңдар. Әуен, әуез, кідіріс пен қарқынды сақтап оқып, өзара бағалаңдар.
-  4. Оқылым мәтіндеріндегі қазіргі жастардың атына айтылған сын орынды ма? Екі пікірдің бірін жақтап, ойталқы өткізіңдер.
1. Қазіргі жастар өз заманына сай ақылды, іскер және оларда отансүйгіштік қасиет басым.
 2. Жастарда бұрынғы үлкендердің бойынан табылатын адамгершілік, үлкенді сыйлау, патриотизм т.б. мінездердің жойылып бара жатқаны – шындық.
-  5. Ойталқыдағы пікірлерінді тұжырымдап, хат, әңгіме немесе шығарма жазыңдар.
-  6. Әуен, әуез, кідіріс пен қарқынды сақтап, бір-біріңе патриоттық сезім сыйлайтын тілектер айтып, сұхбат құрыңдар.
-  7. Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, «Жаһандану заманының жастары қандай болуы керек?» деген тақырыпта ұстазыңнан немесе бір ғалымнан интервью алыңдар. Сөз саны – 160–180.

§7.

Сөз мәдениеті

-  1. Өмірде, теледидардан көріп жүрген адамдардың ішінде сендерге кімнің сөйлеу мәнері, сөз саптау шеберлігі мен сөйлеу мәдениеті ұнайды?
-  2. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Авторына сілтеме жасаңдар.


Құнанбай:

– Бәйбіше, үй серігім ғана емес, өмір серігім едің. Ұзақ кешкен тірлікте қай белдің астында жүрсем де, артымда отырған бір бел өзің едің. Сенің айтар кінәң болса да, менің саған артар бір түйірдей назым жоқ. Адал жүрек, ақ бейілің үшін балаларыңның бағы ашылсын, – деді.

– Мырза, мынадай сапарыңа кінә түгіл наз ертсем, оным білместік болар еді! – деп, күйеуінің бетіне салмақпен қарады. Ұлжан енді тең адаммен сөйлескен, ойшыл түске ауысты. Бұл уақытта оның өңі қайтадан өз ажарын тауып, біртүрлі нұрға балқып тұр еді. Кесек біткен сұлу, кең, дана пішін. Сөзін дамыта берді.

– Жастықта адамға төсек те, үй де, тіпті дүние де тар екен. Ал егде тартып, зауал шағыңа бейімделген сайын дүние кеңейе береді екен. Өзің болсаң кішірейе беріп, айналаңда қуыс дүниені көп тауып, өзгеге орын босатып бергің келеді. Кінәң азайып, кешірімің көбейіп, суына бастайды екенсің. Осы көңіл мені жеңгеніне көп болған! – деп, біраз толас етті...

– Әйел еркекке ене бауырындағы құлындай жанасып жүріп те, не шеттеп тайталасып жүріп те сүйеніп өседі. Ерден әйел жамандық та алады, қасиет те алады. Мінім болсын, өзгем болсын, бір жағы өзіңнен еді. Ұзақ дәурен кешіп келіп, бүгін сен ырзалық айтып аттансаң болады. Мен сенімен енді кінәласам ба, мырза! – деді.

-  3. «Т кестесіне» Құнанбай мен Ұлжанның сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін, сөз қолдану ерекшеліктерін жазыңдар.

Құнанбайдың сөйлеу мәнері	Ұлжанның сөйлеу мәнері



4. Аудиожазбадан (08. mp3) «Дұрыс сөйлейік» мәтінін тыңдап, онда айтылған тілдік оралымдар туралы өз ойларыңмен бөлісіңдер. Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырыңдар.



5. Сөз орамдары мен анықтамасын сәйкестендіріңдер. Сөз орамдарын қатыстырып, сөйлем құрастырыңдар. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, бір-біріңе оқып беріңдер.

Сөз орамы	Анықтамасы
Сәлеметсіз бе?	Мұсылман жұрты амандасқанда қолданылатын сөз орамы
Аман-есенсіз бе?	Жас шамасы бірдей немесе қызмет бабындағы адамдар қарым-қатынасында қолданылады
Ассалаумағалейкүм!	Құрбы-құрдас, достардың амандасуы
Сәлем!	Бір сәттік кездесуден кейін қолданылатын қоштасу түрі
Сау болыңыз!	Алыс сапарға бет бұрғанда айтылатын сөз орамы
Арайлы күндерде жүздескенше!	Көбінесе жасы үлкен адамдардың жағдайын сұрау барысында қолданылады
Сапар сәтті болсын!	Келесі кездесуді асыға күтер сезіммен айтылатын қоштасу



6. Мәтінді оқып, қай ғылым саласына жататынын, мәтіннің мақсаты мен стильдік сипаттарын талдап, жазыңдар.

Ғылым саласы	
Мақсаты	
Лексикалық ерекшелігі (терминдер)	
Стильдік сипаты	
Синтаксистік құрылымы	
Тілдік амал-тәсілдері	

«Мәдениет» ұғымын тереңірек түсіну үшін, оған мағыналық жақындығы бар кейбір басқа ұғымдармен арақатынасын қарастырып өтейік. Осы сипатта біздің зердемізге бірінші түсетін ұғым – өркениет. Өркениет (цивилизация)

семантикалық жағынан алғанда «азаматтық» (лат. *civilis*) дегенді білдіреді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан осы екі ұғымның мағыналарын төмендегідей топтастыруға болады:

1. «Мәдениет» және «өркениет» сөздері – синонимдер (И.Гердер, Э.Б.Тайлор).
2. Өркениет – мәдениеттің ақыры, оның көрілік шағы (Ж.Ж.Руссо, Ш.Фурье).
3. Өркениет – мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Ф.Вольтер, Д.Белл).

Олай болса, мәдениет пен өркениет бір-бірімен байланысты ұғымдар екен. Мәдениеттанушы Г.Чайлдтың пікірінше, өркениетке қалалардың пайда болуы, жазбаша мәдениеттің дамуы, қолөнер мен сауданың өркендеуі, азаматтық қоғам мен мемлекеттің орнауы жатады.

Мәдениеттің өзекті бөлігі – өнер. Халықтың шығармашылық рухынан туған сұлу дүниелерсіз, өнер әлемінсіз мәдениеттің рухын сезіне алмаймыз. Шынында да, өнер – мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністердің бірі, оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы.

Мәдениет – адам әлемі. Мәдениет көріністерінде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құралған. Сонымен бірге мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал. Әл-Фараби айтқандай, адам – мәдениетті жан.

(*kitaphana.kz*)



7. Сөз сапасы, сөз қолданысындағы ерекшеліктерге журналистік зерттеу жүргізіндер. БАҚ материалдарынан дәйектемелер келтіріп, топта талқылаңдар.



8. Тыңдалым мәтініндегі негізгі ойды жалғастырыңдар. Өздерің күнделікті естіп жүрген сөз қолданыстарына мысал келтіріңдер.

IV

БӨЛІМ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ДАМУ ҮРДІСІ

ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- халықаралық экономикалық интеграция туралы мағлұмат аласыңдар;
- отандық өнім, ұлттық валютаның жай-күйі туралы сөз қозғайсыңдар;
- Қазақстан экономикасына жан-жақты зерттеу жүргізесіңдер;
- әлеуметтік-тұрмыстық қатынас аясында сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдануды үйренесіңдер;
- сөз тазалығы туралы өз ойларыңмен бөлісесіңдер;
- ресми ісқағаздары тілінің ерекшеліктерімен танысасыңдар.

Қазақстан экономикасы тәуелсіздік жылдары 21 есеге дамып, халық кірісі 19 есеге өсті. Біз бұл көрсеткішке көпұлтты және көпдінді ел болғанымызға қарамастан жетіп отырмыз. Барша халықтың бірлігі, құқықтың сақталуы мен тұрақтылық – бұлар реформаларды жүзеге асыруға септігін тигізді.

(Н.Назарбаев)

§1.

Халықаралық экономикалық интеграция



1. Әр сұраққа жауап беру арқылы «Білім ағашын» «алмалармен» толтырыңдар.
 1. Қазақстан нарықтық экономикаға қай жылдары көшті?
 2. Еліміздің экономика саласындағы мақсаты қандай?
 3. Өнеркәсіптің қай салаларының арқасында Қазақстан әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті ел болып отыр?
 4. Қазақстан қандай елдермен экономикалық, дипломатиялық байланыс орнатқан?
 5. Картадан ЕурАзӘҚ-қа және ЕАЭО-ға мүше елдерді табыңдар.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРАЗИЯ МАТЕРИГІНДЕГІ ОРНЫ



2. Мәтінді оқып, мәтіннің мақсатты аудиториясын, стилі мен тілдік ерекшеліктерін анықтаңдар.

Соңғы уақытта әлемдік шаруашылықта күрделі өзгерістер байқалады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – ұлттық шаруашылықтың жақындасуы мен өзара тығыз байланысуы негізінде

мемлекетаралық экономикалық бірлестіктердің құрылуы. Елдің мұндай жақындасуы мен бірлесуін «экономикалық интеграция» деп атайды. Экономикалық интеграцияның заңдылықтары:

- сауда келісімдерін жасау, кедендік одақ құру;
- өндіріс факторларының қозғалысының еркіндігімен қатар, валюта, бюджет сияқты негізі салаларды үйлестіретін экономикалық одаққа айналу.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымдары

АСЕАН (Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы) – Оңтүстік-шығыс Азияның 10 елі кіретін өңірлік саяси, мәдени әрі экономикалық ұйым. 1967 жылы Индонезия, Малайзия, Филиппин, Сингапур және Тайланд негізін қалаған.

ЕО (Еуропалық одақ) – Еуропаның 27 елінің экономикалық және саяси бірлестігі.

НАФТА (Солтүстік Американдық Еркін сауда жөніндегі Келісім) – Канада, АҚШ және Мексика арасындағы еркін сауда жөніндегі келісім.

ОПЕК (Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы) – Азия, Африка және Латын Америкасының мұнай өндіруші 11 мемлекетінің бірлестігі.

ЕурАзЭҚ (Еуразиялық экономикалық қоғамдастық) Нұр-Сұлтан қаласында халықаралық экономикалық ұйым ретінде 2000 жылы 10 қазанда құрылды. Мақсаты – ортақ экономикалық аймақ пен кеден одағын, экономикалық интеграция қалыптастыру. Құрамына Ресей, Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан кірген. Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) құрылуына байланысты Қауымдастық 2014 жылы 10 қазанда қызметін тоқтатты. ЕАЭО-ға мүше елдер – Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения, Қырғызстан, Молдова.



3. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтырыңдар.

Білемін	Білдім	Білгім келеді



4. Аристотельдің «Әрбір адамы экономиканы білетін мемлекет – күшті мемлекет» деген қанатты сөзін негізге алып, мәтін жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

Сөз тазалығы

Сөз тазалығы – тіл тазалығымен байланысты ұғым, сөйлегенде бөгде тілдік элементтерді қоспай, таза сөйлеу. Қазіргі кезде тіл тазалығын бұзатын қолданыстар:

- а) күнделікті қарым-қатынаста қазақ тілінде баламасы бола тұрса да, бөгде тілден енген сөздерді қолдану: *звонить етші, остановкаға барайық, ок, привет* т.б.
- ә) жөнсіз калькалар (сөзбе-сөз көшірме): *жарты арал* (дұрысы: *түбек*), *аналық қой* (дұрысы: *саулық, саулық қой*), *жүз бас қой* (дұрысы: *жүз қой*), *су бетіне шығару* (бет пердесін ашу), *егіз тамшыдай* (егіздің сыңарындай) т.б.
- б) бейәдеби элементтер (әдеби тіл нормасы ретінде танылмаған шет тілдік сөздер, диалектизмдер, ауызекі тілге тән қарабайыр сөздер): *там* (үй), *бәткерде қылу* (әшкере қылу), *шекейін* (дейін, шейін) т.б. Ана тілінің тазалығын сақтау – әр адамның парызы.

- 5. Әлеуметтік желіні қолданушылардың сөз тазалығына қаншалықты мән беретіндіктерін анықтап, талдау жасаңдар.
- 6. «Кубизм» әдісін пайдаланып, әлемдік экономика және сауда еркіндігі туралы өз ойларыңды жазыңдар.
 - **Суретте.** Еліміздегі сауда еркіндігі.
 - **Салыстыр.** Ұлттық және әлемдік сауда: айырмасы мен ұқсастығы.
 - **Байланыстыр.** Ежелгі сауда ісі мен қазіргі сауда айналымы.
 - **Талда.** Әлемдік сауда еркіндігі аймағы.
 - **Қолдан.** Тірек сөздерді (*бәсекелестік, сауда еркіндігі, интеграция, экспорт, импорт, кеден*) қолданып, сөйлемдер құрастыру.
 - **Дәлелде.** «Шаруа түбі – кеңес, сауда түбі – келіс» деп не себепті айтылады?
- 7. Өздерің ізденіп, әлемдегі ең белді экономикалық-интеграциялық ұйымдар туралы мәліметтерді кестеге жазыңдар.

Экономикалық ұйым	Географиялық орны	Мүше елдер

- 8. «БББ» кестесінің «Білгім келеді» бөлігі бойынша презентация дайындаңдар.

§2.

Қазақстан – әлемдік кеңістікте



1. «Ротация» әдісі. Әр топқа бір сұрақ жазылған парақ беріледі. Әр топ түрлі түсті қаламмен жауап жазып, бір-бірімен алмастырады. Соңында дауыстап оқып, бірін-бірін толықтырады.

1. Қазақстан қандай сыртқы саясат жүргізуде?
2. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы нені білдіреді?
3. Жас мемлекетіміздің әлемдегі алпауыт елдермен қарым-қатынасы қандай?



2. Мәтінді суретпен байланыстырып оқып, талқылаңдар. Еліміздің сыртқы саясатта ұстанатын стратегиясын тізбектеп, кесте құрыңдар.

Қазақстан Ресеймен, Қытаймен және АҚШ-пен, Орталық Азия мемлекеттерімен және Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен, Таяу және Орта Шығыс елдерімен өзара саяси, қауіпсіздік, экономика салаларындағы қатынасты дамытуға мән бере отырып, көпвекторлық саясат жүргізуде. Қазақстан қысқа мерзімде басты мемлекеттік мәселелерін шешіп, елдің нақты тәуелсіздігіне қол жеткізді. Еліміз соңғы 10 жылда әлемдік қауымдастықпен барлық салада өркениетті байланыс орната білген ашық қоғамға айналды. Көптеген елмен өзара тиімді және ұтымды қарым-қатынас қалыптастырып, инвестициялардың келуін қамтамасыз етті.

Қазақ елінің сыртқы саясатының басты бағыты жетекші державалардың қауіпсіздік жөніндегі кепілдігін ала отырып,



ядролық қарудан бас тартып қана қоймай, ядролық қарусыз мемлекет мәртебесіне ие болу еді. Бұл ұстаным тез арада-ақ жүзеге асып, халықаралық аренада еліміздің мәртебесін көтерді. Еуразия одағын құру, Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңесін шақыру сияқты Қазақстанның бірқатар игі бастамалары әлемдік қоғамдастық тарапынан кеңінен қолдау тапты.

Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы саяси, экономикалық және қорғаныс жолындағы қарым-қатынастардың маңызы зор. Қауіп-қатерді бірлесе қысқарту бағдарламасы екі ел арасындағы қарым-қатынастардың маңызды саласы болып отыр. «Бейбітшілік жолындағы әріптестік» бағдарламасы бойынша екі ел әскерилерінің бейбіт мақсаттағы бірлескен жаттығулары дәстүрге айналып келеді. Қазақстан үшін АҚШ-пен достық қарым-қатынастар орнату және ынтымақтастықты дамыту әрдайым маңызды болып қала бермек.

(*e-history.kz*)



3. Оқылым мәтіні бойынша кестені толтырыңдар.

Тапсырма түрі	Жұмыс түрі
Оқылым бойынша негізгі ойды табыңдар.	
Мәтін құрылымын анықтаңдар. 1. Кіріспе. 2. Негізгі бөлім. 3. Қорытынды.	
Бұрыннан таныс және таныс емес, тосын ақпараттарды белгілеңдер.	
Қорытынды ой (1 сөйлем).	



4. Берілген сөздерден ғылыми-көпшілік стильдегі шағын мәтін құрастырыңдар. Жұптасып, бір-біріңнің жұмыстарыңа логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакцияландар.

Капитал, бәсекелес, кеден, серіктес, төраға, қаржы, сала, қызмет.



5. Қазақстан ЕО-ға төрағалық етсе, қандай жоспар ұсынар едіңдер? Сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданыңдар.



6. Оқылым мәтінін Қазақстанның басқа шетелдермен байланысы туралы қосымша ақпараттармен толықтырыңдар.

§3.

Бәсеке, бәсекелестік



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сабақ тақырыбына қараңдар. Сабақта қандай сұрақтар талқылануы мүмкін?
2. Осы тақырып үшін қандай тірек сөздер ұсынар едіңдер?



2. Мәтіндегі мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер арқылы сипаттап, негізгі үрдістерді анықтаңдар.

Бүгінгі жаһандану кезінде ұлттық экономика бәсекеге қабілетті болмаса, онда ол елдің болашағы бұлыңғыр. Мемлекет ретінде қалыпты жұмыс істеу үшін, экономикамыз бәсекеге қабілетті болу керек. Ал осыдан барып отандық салалардың өз міндеті туындайтыны белгілі. Жалпы айтқанда, бәсекеге қабілеттілік – маңызды экономикалық категория.

Бәсеке (лат. *concurrere*) – жалпы экономикалық құндылықтар мен жетістіктерді дамытудың негізгі құралы. Бәсекелік нарықта қызмет етуші фирмалар мен кәсіпорындар қоғамның әртүрлі сұранысына бейімделіп, тиімді инвестицияларды орынды пайдалану арқылы ғылыми-техникалық прогреске ұмтылады. Өндірістік және қосымша шығындарды азайта отырып, сапалы өнімдер шығарудың көлемін арттыруға ынталы болады.

Әрбір кәсіпкердің бәсеке қабілеті жоғары болуының нәтижесінде әлемдік экономикалық нарықта ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі артады. Сонымен қатар бәсеке қоғамға экономикалық еркіндікті, тиімділікті, дамудың тұрақтылығын, экономикалық қауіпсіздікті ұсынады.

(«Қаржы-экономика сөздігінен»)



3. «Бәсеке – ортақ ресурсты пайдалануда жүйелердің өзара жарысқа түсуі» тақырыбында жазатын мақаланды «Ағаш сұлбасына» салып көріңдер. Ағаштың діңіне негізгі мәселені, тамырына себептерін, жапырақтарына салдарларын жазыңдар.



4. Мақала тезисіндегі сөздеріңді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданыңдар.



5. «Қазымыр оқушы» оқыта үйрету ойыны.

1. Оқушылар оқылым мәтіні бойынша сұрақтар құрады. Кім көп сұрақ құраса, сол жеңіске жетеді.
2. Оқушылар кезегімен бір-біріне сұрақ қояды, ал олар қысқа жауап қайтарады.
3. Жауап берушіні жүргізуші көрсетеді. Соңында «Қазымыр оқушыны» анықтайды.



6. Мәтінді оқып, қай баланың тілдік норманы сақтамай сөйлегенін анықтаңдар. Тіл тазалығын бұзатын қолданыстардың орын алу себептерін көрсетіңдер.

– Арман, Арман деймін, жүрші, барайықшы анау магазин.

Менің қолымнан тартып, мазалап тұрған – Алматыдан келген бөлем Едіге. Қызылды-жасылды ойыншықтар дүкеніне қарай қолын шошайтып алған.

– Едіге, тоқтай тұршы. Қазір барамыз.

– Арман, барайық магазин.

– Едіге, «магазин» деген – орыс сөзі, біз қазақша «дүкен» дейміз. Дұрысы «барайық магазин» емес, «дүкенге барайық» деп айтылады.

– Мен ұқты. Сен жүрші...

– Арман, мен қорқады, анау қарайды.

Едіге көрсеткен жақта көршінің күшігі тұр.

– Е, ол күшік қой, сен одан қорықпа.

– Жоқ, мен қорықпайды. Мен оны кірпіштеп жіберем.

Арман жерден кірпіштің сынығын алып, сес көрсетіп қояды.

Мен ойланып қалдым.

(А.Асыл)



7. Қазақ баспасөзінде жарияланған материалдар көмегімен «Бәсекеге қабілеттілік» тақырыбында мақала жазыңдар.

§4.

Іскерлік әлемі



1. Сұрақтарды талқылаңдар.

1. Іскерлік кездесу кімдердің арасында өтеді?
2. Қазақстандық іскер азаматтардан кімдерді білесіңдер?



2. Мәтінді түсініп оқып, жанрлық ерекшелігін талдаңдар. Суреттің мәтіндегі ақпаратқа қатысын анықтаңдар.



Торонтодағы Халықаралық тау-кен өндіретін форум аясында 2014 жылдың 5 наурызында «Қазгеология» АҚ Басқарма Төрағасы Ғалым Нұржанов «Dorsey & Whitney LLP» компаниясының басшыларымен және «Heenan Blaikie» компаниясының тәуелсіз директорымен, «Қазгеология» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Игорь Абрамовпен кездесті. Кездесуде геологиялық барлау компанияларының дүниежүзілік тәжірибесі талқыланды, сондай-ақ тараптар өзара әрекетті жалғастыру туралы уағдаласты.

Геологиялық барлау үшін бұрғылау қондырғыларын өндіруде 145 жылдық тәжірибесі бар «Dando Drilling International» компаниясының басшыларымен іскерлік кездесу өтті. Кездесу барысында компаниялардың серіктестік қызметі қаралды. 2013 жылдың шілде айында «Қазгеология» АҚ және осы британ компаниясы ынтымақтастық туралы меморандум жасасқан болатын. Тараптар геофизикалық және аэрогеофизикалық қызметтерді ұсыну бойынша бірлескен кәсіпорын құруды жоспарлады.



Ресми стиль – ресми қатынастар аясында қызмет ететін стильдің бірі, **ресми құжаттар мен ісқағаздарының стилі** деп те аталады.

Ресми стильге тілдік тұрғыдан мынадай талаптар қойылады:

- а) сөздің дәлдігі немесе бір мағыналылығы;
- ә) жүйелілік, логикалық айқындық, дәлелділік;
- б) баяндаудың ықшамдылығы, артық сөздің болмауы.

Ресми ісқағаздар стилі – түрлі құжаттардың, атап айтсақ: кеңсе құжаттарының (өтініш, қолхат, түсініктеме, жеделхат, жолдама); іскерлік құжаттардың (халықаралық келісімшарттар, мемлекеттік актілер, заңдар, үкімдер, жарғылар, нұсқаулықтар, қызметтік хаттар, іскери қағаздар және т.б.) стилі.



3. Отандық кәсіпорынның басшысы ретінде шетелдік инвестормен сөз әдебін сақтай отырып, рөлдік іскерлік кездесу өткізіндер.



4. Аудиожазбадан (09. mp3) «Көлеңкеде қалма!» мәтінін тыңдап, ойларыңмен бөлісіңдер. Коммуникативті жағдаятқа сай сөйлеу әдебін сақтаңдар.

1. «Жақсы ісіңмен, әрекетіңмен артыңа із қалдыру» дегеннің мағынасын қалай түсінесіңдер?
2. Мәтінде «көлеңкеде қалу» деген сөз қандай мағынада айтылған?
3. Автор ойымен келісесіңдер ме? Өз тараптарыңнан қандай пікір қосар едіңдер?



5. Тіл тазалығына қайшы сөздер мен тіркестерді түзетіп жазып, тізімді өздерің жалғастырыңдар.

Үлкен рақмет, құрметті халықтар, әскерлер жиылсын, ағайындар арасында, аспазшы мамандығы, жанұямыз үлкен, соткама хабарлас, мен бару керекпін.



6. Ғылыми-көпшілік стильге сай тілдік құралдарды қолданып, өздерің қалаған кәсіпте жетістікке жету жолдарын көрсетіңдер.



7. Тілдік құралдарды орынды қолданып, бір қазақстандық іскер азаматтан сұхбат алыңдар. Іскерлік, біліктілік туралы мақал-мәтелдерді қатыстырыңдар.

§5.

Қазақстан экономикасы



1. Сұрақтарды талқылаңдар.

1. «Жарлы халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым» («Күлтегін» ескерткішіндегі сөз) деген нақылды қалай түсінесіңдер?
2. Қандай экономикалық терминдерді білесіңдер?



2. Мәтінді оқып, тақырып қойыңдар. 4-тапсырмада өздерің құрастыратын әңгімемен салыстырыңдар.

Оқылым мәтіні	Өзім құраған мәтін
	Мәтіндердің стилі
	Мәтіндердің тақырыбы
	Мақсатты аудиториясы
	Мәтіндердің құрылымы, жанры

«Экономика» деген ұғым – қарапайым ұғым. Онымен осы қоғамда өмір сүріп жатқан әр жан күн сайын кездеседі. Әр отбасының өз экономикасы болады. Жаңа үйленген жас жұбайлар экономиканы жақсы білуі керек: отбасының бақыты мен игілігі үшін экономикалық сауатты болған дұрыс. Халқымыз ежелден-ақ өз ұрпағына жақсы тәрбие бере білген. «Үйлену оңай, – үй болу қиын!», – деп ескерткен. «Үй болу» деген – жас жұбайлардың жақсы өмір сүруі; ата-ана, ағайын-туыс, жолдас-жораларымен адами қарым-қатынаста болуы; өз шаңырағында қонақ күте білуі; балалы-шағалы болып, оларды дұрыс тәрбиелеп, асырай алуы. Үлкен кісілер жас үйленген балаларына: «Тарта жесең – тай қалады, қоя жесең – қой қалады, қоймай жесең – нең қалады?» – деп, қанағат етуге, тапқан-таянғанын бір-ақ күнде тауыспай, үнемдеуге тәрбиелейді.

Олай болса, қазақ отбасындағы экономикалық тәрбиенің мәні балаға жасынан еңбекті бағалауға, уақытты ұтымды пайдалануға, үнемшілдікке, ұқыптылыққа, қаражатқа дұрыс көзқарас қалыптастыруға, табысты да таза еңбекпен жасауға үйрету болған деуге толық негіз бар.

3. Үлгі бойынша сыныптасыңның осы мектепте оқитыны туралы анықтама жазыңдар.

АНЫҚТАМА №34/1

5 ақпан 2019 жыл

Осы анықтама оқушы Мұратова Бақытқа берілді.

Мұратова Бақыт шын мәнінде №105 жалпы білім беретін мектептің 10 «А» сыныбында оқиды.

Анықтама қалалық кітапханаға тапсыру үшін берілді.

Анықтама 10 күнге жарамды.

Мөр орны

Мектеп директоры (қолы)

К.Нұркенов

4. Суреттерді пайдалана отырып, әңгіме құрастырыңдар. Түпнұсқамен (Ы.Алтынсарин «Бір уыс мақта») салыстырып, ой қорытындысын жасаңдар.



5. Мақалдардың мазмұнын ашатын жағдаят ойластырып, диалог құрастырыңдар. Сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданыңдар.

- Тас құмыра тамшыдан толады.
- Теңге тиыннан өсер,
Жылқы құлыннан өсер.

6. Экономикалық терминдерді қатыстырып, Қазақстан экономикасының жетістіктері мен кемшіліктері туралы мақала жазыңдар.

§6.

Ұлттық валюта

1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңмен бөлісіңдер.



1. Суреттермен танысыңдар. Ұлттық валютамыздың дизайнына көңілдерің тола ма? Өздерің қандай ұсыныс айтар едіңдер?
2. Болашақтағы Қазақстанның ұлттық валютасының эскизін қалай елестетесіңдер?

2. Мәтінді 2 дәйексөзбен қорытып, «Қосжазба күнделігін» толтырыңдар. Жұпта талқылаңдар.

Дәйексөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)

Мемлекеттің басты белгісі – өз валютасының болуы. Ұлттық валюта дайындау үлкен еңбекті қажет етеді. Қазақстан Республикасының валютасы 1993 жылы 15 қараша күні ақша айналымына енгізілді. Теңгенің ең алғашқы дизайны қалам, калька (жұқа қағаз) және тушь арқылы салынды. Кейін теңгенің бірінші топтамасы Лондонның «Harrison & Sons» фабрикасында басылып шығарылды. Оны елге жеткізу үшін тасымалдаушылар 18 әуе сапарын жасаған. Қазақстанда ақша басып шығаратын өз фабрикамыз 1995 жылы ашылды. Соның арқасында Қазақстан атаулы мерекелерге орай ерекше банкноттар шығаруға мүмкіндік алды. Теңге банкноты қатарынан үш рет: 2011, 2012 және 2013 жылдары дүниежүзіндегі ең үздік қағаз ақша ретінде танылды.



3. Ы.Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесін (10. mp3) аудиожазбадан тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер. Мақсатты аудиторияға арналған тілдік оралымдарды талдаңдар.

1. «Азға қанағат етпеу» дегенді қалай түсінуге болады?
2. Әңгіменің қандай тәрбиелік мәні бар?



4. Мәтін құрылымын сақтай отырып, ұлттық валютамыз – теңге туралы өз ойларыңды «Кубизм» әдісімен жазыңдар.

- **Суретте.** Ұлттық валютамыз – теңге.
- **Салыстыр.** Басқа елдердің валюталарынан айырмасы мен ұқсастығы.
- **Болжа.** 50 жылдан кейінгі Қазақстан валютасы.
- **Талда.** Теңгенің қатарынан 3 рет дүнижүзінде үздік ақша ретінде танылу себебі.
- **Жарияла.** Өз ақшамыздың болуы – егемендігіміздің басты нышаны.
- **Қорытындыла.** «Теңге – тиыннан, ынтымақ – ұйымнан» деп не себепті айтылады?



5. Ақшаның адам өмірінде атқаратын рөлі, күнделікті жұмсалатын орны туралы сұхбат құрыңдар.



6. Мына үлгі бойынша қолхат жазыңдар.

ҚОЛХАТ

Мен, 10 «А» сынып оқушысы Манапова Жұлдыз, мектептің оқу залынан уақытша пайдалану үшін «Қазақстан» энциклопедиясын (бағасы 2000 теңге) алдым. Кітапты бір аптада қайтарып беремін деп міндеттенемін. Жеке куәлігімнің №...

15 қаңтар 2019 жыл

(қолы)



7. Тағы қандай елдердің валюталарын білесіңдер? Қосымша ресурстардан ізденіп, әр елдің валюталарын салыстырыңдар.



8. Болашақ Қазақстан мен қазіргі Қазақстанның бейнесінің ұлттық моделін (келбетін) салыстырып, сипаттама мәтін жазыңдар.

§7.

Отандық өнім



1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Отандық тауар деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
2. Отаншылдық сезімнің отандық тауарға қандай қатысы бар?
3. Суреттегідей белгімен қандай тауар шығарар едіңдер?
4. Сапалы тауар мемлекетімізге бедел әкеле ме?



2. Мәтін құрылымын түсініп оқыңдар. Көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Тауардың екі қасиеті бар: тұтынамыз, айырбастаймыз. Тауардың тұтыну құны мен айырбас құны болады.

Тауартану – тауардың тұтыну құнын, сапасын зерттейтін пән. Өндіріс процесін қайтадан бастау үшін тауарды ақшаға айналдыру қажет. Сауданың түріне қарай бөлшек және көтерме сауда айналымдары болады.

Егер тауарың сапалы болса, сен ұлттың жалауына айналасың. Әр ұлттық мемлекет өз аумағының ішінде өз өкілінің ісін жоғары қояды, оның тауарын шетелдік бұйымдардың ығыстырып кетуінен қорғайды.

Отандық өндірушінің тауарын әлемдік деңгейде тек сол өзінің халқы ғана құтқара алады: немістер өз «Мерседесін» ғана мінеді, корейлер «Голдстарға» ғашық, жапондар үшін «Тойота» – ұлттық намыстың символы.

Қандай да бір елдің халықаралық саудамен айналысуына экономикалық әлеуеті және сол елдің табиғат ресурстары әсер ететінін білесіңдер. Геосаяси жағдайына байланысты Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарға, соның ішінде халықаралық сауданы жүргізуге мүмкіндігі зор.

Қазақстан экспортқа мұнай, қара металдар, тазартылған мыс, бидай, ферро қорытпаларын шығарады. Атап айтсақ, еліміз экспортқа 850 түрлі тауар шығарады. Олардың 160-ы

бойынша Қазақстан үздік 50 экспорттаушы елдердің қатарына кіреді. Оның ішінде сары фосфор экспорты 40%-ды, уран нарығы 46%-ды құрайды, ал ұн экспорты бойынша 2-орынды иеленеді.



3. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындап, шағын мәтін жазыңдар. Бір-біріңнің жазба жұмыстарыңа логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

1. Мәтіндегі маңызды 3 ақпаратты анықтау.
2. Мәтіндегі басты проблеманы немесе негізгі ойды табу.



4. Берілген сөздерді қатыстырып, бір тауарды пайдаланудың нұсқаулығын жазыңдар.

Тауар, тауар өндірісі, тауар белгісі, тауар сапасы, тауарды пайдалану ережесі, қауіпсіздік кепілдігі, төлем кепілдігі.



5. Екі топқа бөлініп, жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

I топ – кәсіпкерлер;

II топ – тұтынушылар.

Кәсіпкерлер өз тауарын жарнамалайды, тұтынушылар таңдап, сатып алады. Тұтынушылар тауарды сапасына қарай бағалаудың критерийлерін ұсынады.



6. Берілген жағдаят бойынша өз әрекеттеріңді баяндап, шағын сюжеттік мәтін құрастырыңдар. Ғылыми-көпшілік стильдің тілдік құралдарын орнымен пайдаланыңдар.

Сіз отандық өнімді пайдаланасыз. Жақында сіз отандық кәсіпорын шығарған тоңазытқышты сатып алдыңыз. Тоңазытқыштың зауыттық кепілдігі – 1 жыл. Дүкеннен сатып алғанда 14 күн ішінде ақау шыққан жоқ, алайда 3 айдан кейін тоңазытқыш бұзылып қалды. Сіз тегін жөндеу үшін дүкенге хабарласасыз, олар маманды жібереді. Маман ақау зауыттікі емес екенін айтады. Сіз оған көнбейсіз...

§8.

Жаһандану және ақпараттық технология



1. Төмендегі суреттер бойынша бүгінгі сабақтың тақырыбына болжам жасап, тұрмыстық техника түрлеріне салыстырмалы талдау жасандар.



2. Үш топқа бөлініп, үш мәтінді оқыңдар. Топ ішінде рөлдерінді белгілеп, мәтіннің мазмұнын талдаңдар.

Белгілеуші	Мәтіннің жалпы тақырыбы мен идеясын анықтайды. Мәтіннің маңызды әрі ұтымды деген бөлігін таңдап алып, сыныппен бөліседі.
Талқылаушы	Мәтіннің негізгі ойы бойынша топ талқылайтын 3 не 4 сұрақ құрастырады.
Байланыстырушы	Мәтін мен шынайы өмір арасындағы байланысты анықтайды, мысал келтіреді.
Қорытындылаушы	Мәтіннің мазмұнын қорытындылайды, маңызды тұстарын атап өтеді.
Суреттеуші	Мәтінге қатысты нақты немесе абстрактілі сурет салады. Топтар суреттері арқылы мәтін мазмұнын ашады.

Теледидар

Теледидар адамзаттың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. «Telesorium» латын тілінен аударғанда «алыстан көруші» дегенді білдіреді. Теледидар пайда болғанша қаншама физик ғалымдар еңбектеніп, ізденді. 1884 жылы неміс өнертапқышы Пауль Нипков теледидардың механикалық спираль тектес түрін ойлап тапты. Арада 14 жыл өткенде

катодты сәулелі түтікшені шығарды. Түтікше лампалы теледидардың пайда болуына септігін тигізді. Оны ойлап тапқан Джонатан Ценнек пен Фердинанд Браун болатын.

Теледидардың шығуына АҚШ пен Шотландияның үлесі зор. 1925 жылы шотландтық инженер Джон Лоджи Байрд өз құрылғысынан адамның бейнесін көрсетті. Үш метр қашықтықтан бейнені көру ол кезде сенсация болатын. АҚШ әлемге ең алғашқы теледидарларды шығара бастайды. Алғашқы телехабарлар АҚШ-та 1927 жылы, Ұлыбританияда 1928 жылы, Германияда 1929 жылы пайда болды. КСРО-да «Б-2» маркалы теледидар 1932 жылы Ленинградта «Коминтерн» зауытында жасалды. Тұрақты хабарлар 1939 жылы беріле бастады. 1954 жылы алғашқы түрлі түсті теледидарлар пайда болды. Пульт 1975 жылы ойлап табылса, плазмалық теледидар 1977 жылы пайда болды.



Ұялы телефон

Күнделікті пайдаланатын ұялы телефонның тарихын көбіміз біле бермейміз.

Қазіргі заманауи ұялы телефондардың пайда болуына автокөліктің ішіне орнатылған радиотелефон түрткі болды. Құрылғылардың өлшемі мен салмағы тым үлкен, шамамен 15 килограмм еді. Құрылғының ауырлығына қарамастан, оларға деген сұраныс күннен-күнге өсіп отырған. «Motorola» компаниясының қызметкері, өнертапқыш Мартин Купер бұл құрылғының салмағы мен өлшемін төмендету идеясын алға тартып, адам баласының телефонды өзімен бірге алып жүру идеясын жүзеге асыра бастады. Компанияның басқа да инженерлері құрылғыны жетілдірумен айналысып, біраз тер төккен. Купердің идеясын жүзеге асыру үшін 15 жыл мен 90 миллион доллар қаражат кетті.

Алғашқы ұялы телефонның салмағы 1,15 килограмм, өлшемі 22,5x12,5x3,75 сантиметр еді. Аккумулятордың



сыйымдылығы жарты сағат сөйлесуге жетсе, қуаттауға 10 сағат уақыт кететін. 1983 жылға дейін осындай байланыс құралының 5 данасы шығарылса, кейін осы үлгінің жетілдірілген нұсқасы шықты. Салмағы 850 грамм болған жаңа телефон 3995 долларға бағаланған еді. Бір жылдың ішінде осындай құралдардың 12 мың данасы сатылған.

Компьютер

Компьютер сөзінің анықтамасы алғаш рет 1897 жылы ағылшындық Оксфорд сөздігінде пайда болыпты. «Компьютер» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «есептеу», «есептегіш» мағынасын білдіреді. Есептеуіш техникалардың қарқынды дамуы XIX ғасырдан басталды. Авторы Чарлз Бэббидж болатын. Оны қазіргі компьютердің атасы деп те атайды.



Ал Бэббидж мәшинесіне бағдарлама жазған ғалым Ада Лавлейс алғашқы программалаушы болып есептеледі. Бірінші электронды-есептеуіш «EMAC» мәшинесі 1946 жылы Пенсильвания университетінде жасалды. Оны құрастырушылар – Джон Моучли мен Джон Эккерт.

Алғашқы электрондық есептеуіш мәшинелердің салмағы тонна болатын және бірнеше бөлмені алып тұратын. Қымбаттығы сонша – мұндай мәшинелерді ел үкіметтері мен үлкен зерттеу ұйымдары ғана пайдалана алатын.

Дербес компьютерлер жайына келсек, 1990 жылдан бастап «Apple Corporation» фирмасының «Macintosh» маркалы компьютері көпшілікке таныла бастады.

Ресми іскери стильге мәжілісхат, хаттама, келісімшарт, заң ережелері, өкімет қаулылары, халықаралық шарт, бұйрық, хабарламахат, еңбек келісімі, талапарыз, жолдау, мәлімдеме, контракт, акт, қызметтік хат жатады.





Қызметтік хат – қандай да бір жұмыстың орындалуы туралы бір лауазымды тұлғаның екінші бір лауазымды тұлғаға жолдаған хаты; қызметтік мәселелерді шешуге бір бөлімшеден екінші бөлімшеге жолданатын құжат.



Телефонхат – жедел мәселелер бойынша телефон арқылы берілген және қабылдаушы жазып алатын құжат. Ол мәжілістер, іскерлік кездесулерге байланысты жоспарланған іс-әрекеттердегі қандай да бір өзгерістер туралы жедел хабар жіберу үшін пайдаланылады.

Хаттама – жиналыстарда, кеңестерде, конференцияларда және алқалық органдардың мәжілістерінде мәселені талқылау мен шешім қабылдаудың барысы туралы мәлімет беретін құжат.

Бұйрық – қандай да бір міндеттерді (өндірістік немесе жеке құрам бойынша) шешу үшін мекеме басшысы шығаратын өкімдік құжаттардың бірі.

3.  Электрондық техника өз дамуында қандай деңгейге жетіп, қандай биікті бағындыруы мүмкін? Ол ғылыми жаңалықтардың адам өміріне пайдасы мен зияны қандай болмақ? Осы мәселелер туралы өз ойларыңды айтыңдар. Өзгенің пікірін бағалаңдар. Ортақ шешім шығарыңдар.
4.  Ортақ шешімдеріңді шағын мәтін түрінде жазыңдар. Бір-біріңнің жазба жұмыстарыңды абзац пен бөліктерге бөліп, ақпаратты дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.
5.  Ресми іскери стильдегі құжаттың бір түрін таңдап алып, мәтін жазыңдар (ұжым басшысына компьютер сатып алу қажеттігі туралы, шұғыл мәжіліс болатындығы туралы т.б.).
6.  Ақпараттық технологиялардың пайдалы және зиянды жақтары туралы презентация әзірлеңдер.

V

БӨЛІМ

БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ

ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- болашақ білімді жастардың қолында екендігі туралы;
- ғылым мен инновацияның қоғамда алар орны жайлы;
- өнер мен білімнің сабақтастығы туралы;
- көп тіл білудің пайдасы жөнінде мағлұмат аласыңдар;
- сөз дәлдігін сақтауды, белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білуді үйренесіңдер.

Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім қажет.

(Ш.Уәлиханов)

Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.

(А.Құнанбайұлы)

Адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткір сезім, қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем болып, дүниежүзінің қожасы болып отыр.

(Ж.Аймауытұлы)

§1.

Білім көзі – кітапта



1. Сұрақтарға жауап бере отырып, кітаптың адам өміріндегі атқаратын рөлі туралы ой бөлісіңдер.

1. Кітапты қаншалықты жиі оқисыңдар? Соңғы оқыған кітаптарың туралы әңгімелеңдер.
2. Қазіргі қоғамда кітаптың орнын не алмастыра алады?



2. Екі мәтінді салыстырып, құрылымы, рәсімделуі және жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар.

Кітапхана – ғажайыптар мекені

Кітапханалар тарихы өте көне дәуірден басталады. Кітапханалар көлеміне, орналасуына, қызмет көрсету аясына қарай түрліше болады. Мәселен, үндістандық 9 жасар Мускан Ариха Бхопал қаласынан шағын кітапхана ашты. Жақын маңдағы кедей аудандарда тұратын балалар кез келген уақытта келіп, кітаптарды қарап, таңдауына, үйіне оқуға алып кетуіне болады. Өзірге кітапханада 119 ғана кітап бар.

Әдеттегі ғимаратта орналасқан кітапханалар өте көп. Бірақ өткен ғасырда жылжымалы кітапханалар да болған. Жылжымалы кітапхана, негізінен, кәдімгі автобус секілді көлік ішінде орналасады. Кітапханасы жоқ елді мекендерге келіп тоқтайды. Кітапты сағына тосып жүрген оқырмандар керек кітабын сол жерден табатын болған.

АҚШ-та жылжымалы кітапхана 1905 жылы Мэриленд штатында пайда болды. Ал Германияда дәл осындай жылжымалы кітапхана 1920 жылдары Мюнхен қаласында жұмыс жасай бастады. 1926 жылы немістің Вормс қаласында да автобус-кітапхана шықты. Мәскеуде де осы секілді кітапхана болған. Мына мәтін соның дәлелі: «Күн сайын Фрунзе атындағы Қызыл әскер үйінен автобус-кітапхана жүреді. Бұл – оқырмандармен, мәскеулік командирлер және олардың отбасыларымен тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында ойлап табылған жақсы әдіс. Кітапханада 1000-ға жуық көптомдықтар бар. Ол 700 оқырманға қызмет көрсете алады». Кітапқұмар адамдар үшін мұндай жылжымалы кітапханалар өте тиімді болды.

(Дайындаған Ж.Жұмағұлов)

Отырар кітапханасы

«Александрия кітапханасы өртенген 391 жылдан 1220 жылға дейін 830 жыл бойы Отырар кітапханасы әлемдегі ең үздік кітапхана болған», – деп қорытындылайды профессор Еренғайып Омаров. Бұл кітапханада жүздеген жыл бойы қаншама ғалым еңбек етті. Бүкіл әлем мойындаған Әбу Насыр әл-Фараби осы кітапханадан білім алған. Отырарда оған білім үйреткен мықты ғалымдардың болғаны анық. Өкінішке қарай, даңқты бабаларымыздың ғылым, білім, өнердегі жетістіктерінің алтын қоры сақталған осы кітапхананың түгі қалмай жойылып кетіпті.

Ол заманда кітаптың өте қымбат тұратынын ескерсек, бұл кітапхананы жинауға мол қаржы кеткені анық. Кітаптарды сатып алу, жинақтаудан басқа осы кітаптарды сақтайтын үлкен кітапхана ғимаратын салу және онда жұмыс істейтін ғалымдарды қаржыландыру қала бюджетіне оңайға түспесе керек. Бұндай шығынды кішігірім қалалардың көтере алмасы белгілі. Осындай үлкен кітапхананы IX ғасырда әлемнің жарты бөлігінен байлық тоқтаусыз құйылып жатқан Бағдат халифтері жинақтаған. Халиф әл-Мамун Бағдат қаласында «Даналық үйі» атты ғалымдар үйін ашып, дүниенің түкпір-түкпірінен ғалымдар шақырып, кітапхана қорын әзірлеген. «Даналық үйінде» Орта Азиялық математик әл-Хорезми басылық жасады. Әбу Насыр әл-Фараби де Бағдат халифінің шақыртуымен Бағдатқа барған. Сол кездегі Бағдат халифінің уәзірлері Фараб қаласынан шыққан екен деген дерек бар. Халифке ақыл қосатын уәзірлердің тек білімді, қабілетті адамдардан жиналатынын ескерсек, Фараб қаласының ол заманда ғылым-білім, мәдениеті өте жоғары қала болғаны айтпаса да түсінікті.

(Б.Бейсенбай)



3. «Сыр сандықтағы» мақалдардың жалғасын табыңдар.

1. Шәр кітапты оқысаң,
2. Оқу – білім бұлағы,
3. Күш – білімде,
4. Білекті бірді жығар,
5. Білім іздеген өсер,





Сөз дәлдігі

Сөз дәлдігі дегеніміз – сөздерді тілдегі мағынасына лайық қолдану. Сөз – белгілі бір зат пен құбылыстың атауы. Кейде адамдар сөзді білгенмен, оның қандай затты, құбылысты белгілейтінін білмеуден қате қолданып жатады. Мысалы: *бұзау* деудің орнына *сиырдың баласы*, *жылқыны тұсады* деудің орнына *жылқының аяғына арқан орады* т.б.

Сөз дәлдігіне қойылар талаптың бірі – логикалық дәлдік. Сөзді тілдегі мағынасына сай қолданумен бірге сөзде логикалық қайшылықтың болмауын да ескеріп отыру шарт. Мысалы: *Бір сәтте ақ жауын құйып өтті. Ақ жауын* – бірқалыпта толассыз ұзақ жауатын жаңбырдың атауы, ол бір сәтте жаумайды.

Сөз дәлдігі – әдеби тіл стильдерінің (көркем әдебиет, публицистика, ғылыми, ресми стиль) бәріне бірдей қажетті сапа. Бір стильде норма боп есептелетін қолданыстар екінші бір стильде нормаға қайшы болуы мүмкін. Мысалы: *оқуды қызыл дипломмен бітірді, бес алды, емтиханнан құлап қалды* тәрізді тіркестер ресми тіл стиліне сай емес, бірақ сөйлеу тілі үшін қалыпты жағдай болып саналады.

Ауызекі сөйлеуде *заман, кезең, дәуір* тәрізді сөздер синоним ретінде жұмсала берсе, ғылыми, ресми стильде әрқайсысының сараланған мағынасы бар, бірін-бірі ауыстыра алмайды.



4. Сөз дәлдігіне қойылатын талаптарды санамалап көрсетіндер.



5. «Кітап оқу мәдениетін бала кезден қалыптастырайық» (11. mp3) аудиомәтінін тыңдап, тірек сөздерді табыңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарастарыңды білдіретін сұрақтар құрастырыңдар.



6. Жазылым тапсырмаларын орындаңдар.

1. Оқылым және тыңдалым мәтіндері бойынша негізгі ақпаратты түртіп жазыңдар (конспектiлеңдер).
2. Көркемдегіш құралдарды пайдаланып, кітаптың пайдасы туралы өлең, хат не шығарма жазыңдар.



Әлемдегі ең көне кітап – Присс папирусы. Біздің заманымызға дейінгі 3350 жылы жарыққа шыққан. Фива қаласындағы пирамидалардың бірінен табылған бұл кітаптың сыры ашылмаған.



7. Сыныпта кітап оқушылар санын қалай арттыруға болады? Бір қызықты кітапқа жарнама әзірлеңдер.

§2.

Білім беру – қоғамдық құбылыс



1. Сұрақтарға жауап бере отырып, өздерің білетін мәліметтермен бөлісіңдер.

1. Қазақ даласында алғашқы әлемдік ғылымды оқытатын мектептер қай жерлерде ашылды?
2. Бұл мектептерді қазіргі мектептермен салыстыруға бола ма?
3. Қазақтан шыққан қандай педагогтерді білесіңдер?



2. Мәтінді оқыңдар. Үш топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. Мәтінді бірнеше мағыналық бөліктерге бөліңдер және әр бөлікке атау беріңдер.

2-топ. Негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беріңдер.

3-топ. «Кубизм» әдісін пайдалана отырып, кестені толтырыңдар.

Кім?	Қашан?	Қалай?
Не	Қайда?	Не себепті?

Білімге жол ашқан Жәңгір хан

Ел басқаруда білімнің, мәдениеттің қажеттілігін түсінген Жәңгір хан қазақ жерінде еуропалық үлгідегі мектеп ашуды жоспарлайды. 1831 жылы Орынбор генерал-губернаторы Эссенге хат жолдап, мектеп үйін салуға көмектесуін сұрайды. Жәңгір хан Орынбор ұлықтарына жолдаған құжаттарында қазақ балаларын Ресейдегі жоғары және орта оқу орындарына қабылдау жөнінде мәселе қойған. Ал оларға түсу үшін әлемдік ғылымдарды үйрететін мектепсіз болмайтын еді.



1841 жылы 6 желтоқсанда хан ордасында Жәңгір өз қаражатына қазақ балалары үшін училище ашты. Ол «Жәңгір училищесі» деп аталған. Хан осы училище үшін арнайы

үй салдырып, оған оқытушыларды өзі таңдап, тағайындады және кететін шығынды өз қазынасынан төлеп отырды. Училищенің алғашқы меңгерушісі болып осы Ордада мал дәрігері болып жұмыс істеген Константин Петрович Ольдекоп тағайындалды. Ольдекоп шәкірттердің сабақ үлгерімі журналын жылына үш рет ханға көрсетіп отыратын болған. Бірінші жылы мектепке 25 оқушы қабылданды: оның жетеуі мектеп жанындағы жатақханада жатып оқыса, он сегізі үйден келіп оқыған, ең ересегі 22 жаста, ал кішісі 9 жаста болды.

Мектептің бір ерекшелігі – ол ашылған күннен бастап бір сәт те жабылып көрген емес. Жылдан жылға ұлғайып, көркейіп, дами түсті. Сөйтіп, Бөкей ордасында ашылған мектептің ықпалымен тағы да жеті мектеп ашылып, алғашқы мектеп орталық мектепке айналады. Осы орталық мектеп арқылы бүкіл Бөкей ордасындағы білім жүйесі, оқу бағдарламалары реттеліп, қадағаланып отырды.

Жәңгір бастауыш білім берумен шектеліп қоймай, қазақ балаларын жоғары оқу орындарына жіберу, оларды ел басқаруға үйрету бағытында да көп еңбек сіңірді. Ханның маман кадрлар және мұғалімдер даярлау саясаты мемлекеттік деңгейде жүзеге асып, мектеп түлектері Ресейдің әртүрлі арнаулы орта және жоғары оқу орындарда оқуын жалғастыру мүмкіндігін алды. Ең беделді оқу орны болып саналатын Неплюев кадет корпусын бітірген 37 түлектің 8-і Бөкей ордасының қазақ жігіттері болатын. Сонымен бірге қазақ жастары Орынбор әскери училищесінде, Орынбор кадет корпусында, Қазан университетінде, Санкт-Петербург кадет корпусында және т.б. оқу орындарында мамандық алып, әртүрлі салада маңызды қызметтер атқарды. Ал кейбір қазақ маман-кадрлары Ресейдің ірі мекемелерінде қызмет істеген. Бұдан біз Жәңгір ханның қазақ жастарының заманға сай білім алып, әр салада қызмет істеуіне жол ашқанын көреміз.

(Н.Жолбарыс)



- 3.** Жекеменшік мектептің басшысы ретінде білім берудің жаңаша бағытын ұсынындар.



Сөз мәдениеті

Тіл – адамдардың түсінісу, сөйлесудегі басты құралы. Өрбір адам дұрыс және әдемі сөйлей білуі қажет. Адамның өз көзқарасын, пікірін көркем жеткізуі және сауатты жаза білуі **сөз мәдениеті** деп аталады. Сөз мәдениеті – тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті, яғни а) сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық); ә) дұрыс құрастыру (синтаксистік); б) дұрыс қиюластыру (морфологиялық); в) дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық); г) сауатты жазу (орфографиялық); ғ) тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру.

Сөз мәдениетінің негізі – тілдік норма

Тілдік норма – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау, белгілі бір тәртіпке, заңдылыққа бағындыру. Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, олар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі қалыптасқан заңды ережелерге негізделеді.

Тілдік норма сол тілдің табиғи, құрылымдық ішкі заңдылықтарына сәйкес болу керек. Тілдің грамматикалық құрылысының, сөзқолданысының, сөзжасамының, сөз сазының, мағына құбылтуының табиғи заңдылықтарына қайшы келмейтін тұлға-тәсілдер тілдік норма болып саналады.



4. «Ең алғашқы университет» аудиомәтінін (12. mp3.) тыңдап, мазмұнын есте сақтаңдар. Мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар.



5. Негізгі ақпаратты іріктей отырып, тыңдаған мәтінді өз сөздеріңмен қағазға түсіріңдер. Тілдік норманың сақталуын ескеріңдер.



6. Әлемнің үздік жоғары оқу орындарының бірі туралы презентация дайындаңдар.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Қазіргі замануи білім беру жүйесіне көңілдерің тола ма? Аргументті эссе жазыңдар.
2. Болашақта білім беру ошақтарын қалай елестетесіңдер? Макетін жасаңдар.

§3.

Болашақ – білімді жастардың қолында

1. «Бестармақ» тәсілі арқылы «білім» және «еңбек» сөздеріне өзіндік түсініктеріңді нақты сөздермен келтіріңдер.

1. Бірінші тармақ (жол) 1 зат есімнен тұрады.
2. Екінші тармақ 2 сын есімнен тұруы керек.
3. Үшінші тармақта 3 етістіктің болуы шарт.
4. Төртінші жол кез келген сөз таптарынан тұратын 4 сөзден тұрады.
5. Бесінші жол (әдетте зат есім, синоним сөз) тағы да бір сөзден тұрады.



2. Елбасы мен А.Байтұрсынұлы пікірлеріндегі негізгі ойды анықтаңдар. Мәтіндердің құрылымын, рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

Қазақ жастарына білім мен кәсіп керек

Қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай, кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы. Іс қолынан келмейтініне, сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарайласып жатыр.

Алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс жасау керек.

(А.Байтұрсынұлы)

Жаңа заман талабы

«Біқылым заманнан бері қазақ «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақалының өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман – білекке емес, білімге сенетін заман. Елдің қуаты білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Ең алдымен, сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуіміз бағаланады. Білім инемен құдық қазғандай, қиын, күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап етеді. Білімсіз өмір тұл», – деп атап өтті Елбасы.

Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ел үшін жігерлене еңбектенуге міндетті. Жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Жаңа заман, тәуелсіз ел мұраты жастардың білім мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр.

(*history.kz*)



3. Екі мәтіндегі ортақ пікірлерді анықтап, өзіндік пікірлеріңді «5–5–1» әдісімен түйіндеңдер.

Мәтіндер бойынша 5 сөйлем жазыңдар.

Сол 5 сөйлемді 5 сөзге қысқартыңдар.

Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартыңдар.

Бүкіл сыныппен түйінді сөздеріңмен бөлісіңдер.



4. Қазақстандық жоғары оқу орындары әлемдік стандартқа сәйкес келе ме? «Иә» немесе «жоқ» деген жауаптарды дәлелдеп, ойталқы өткізіңдер. Дәлелдеріңді кестеге жазыңдар.

Дәлелдер	Түсіндірме (комментарий)

Әдеби тіл нормасы

Тілдік норма әдеби тілдің нормасы арқылы реттеліп отырады.

Әдеби норма дегеніміз – тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелері.

«Әдеби тіл – белгілі нормалары бар жүйелі тіл. Тілдің әдебилігі сол тілде сөйлейтін адамдардың баршасына түсінікті және олардың бір-бірімен ортақ қарым-қатынас құралының ең жоғарғы түрі болуы оның (сол тілде) орныққан жүйелі нормалар негізінде ғана жүзеге аспақ» (С.Исаев). Демек, әдеби тіл болуы үшін оның жалпыға ортақ тілдік нормалары болуы – сөз мәдениетінің басты белгілерінің бірі.

Әдеби тіл нормасы өзгермейтін, сірескен қатаң қағидаларға құрылған жүйеге ғана емес, динамикалық қасиетке ие дағдыға да сүйенеді. Мәселен, тілдік жүйе бойынша *тізгінде*, *шылбырла*, *бұзаула*, *ботала* т.б. сөздер қатары ара-тұра ауытқуға жол береді. Салыстыр: *ат тұсады* дегенді *ат тұсаулады*, *қой қоздады* дегенді *қой қозылады* деу тілдік жүйеге кереғар болмағанымен, дағдыға айналып, дәстүрге енбеген.



Кейбір сөздерді қолдануда тілдік жүйе мен тілдік дағды қайшы келіп жатады. *Қозыла* деп қолдану тілдік жүйенің қысымы, әсер-ықпалы екенін байқау қиын емес. *Ат ертте* дегендегі *ерттені ерле* деп қолдану да соған ұқсас.

Тілдік жүйе бойынша *ерле* болуға тиіс (салыстыр: *шідер-ле, жыр-ла*). Кей жағдайда тілдік жүйе мен тілдік дағды айнымас бірлікте болса, кейде өзара қайшылықта болып күреске түседі. Тілдік жүйе бойынша *ерле* болуға тиіс сөздің *ертте* болуы жүйеге қарағанда дағдының басым түсуінен деп түсіну керек.

Тіл мәдениетінің тірегі – әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері. Бұлар әдеби тілдің қоғамдық қызметімен байланысты болғандықтан, тіл мәдениеті – кең ұғым.



5. Сөз дәлдігіне нұқсан келтіріп тұрған қолданыстарды тауып, дұрысымен ауыстырыңдар.

Сарқырап аққан өзенде қайықпен жайлап жүзіп келеміз. Домбыраның баяу шыққан үнінен ат шабысы естілгендей. Күн батар шақта шақырған тауық дауысынан оянып кеттім. Нөсер сіркіреп жауып тұр. Ғылыми жұмысты әдемілеп жазу керек.



Философ әл-Фараби өте қарапайым адам болыпты. «Мен» деген сөзді ешқашан қолданбапты. «Бірде одан: «Дүниедегі ұлы адам Аристотель ме, әлде сіз бе?» – деп сұрапты». Сонда әл-Фараби:

– Егер мен Аристотельдің заманында дүниеге келсем, онда оның шәкірттерінің бірі болар едім, – деп жауап беріпті.



6. «Артық болмас білгенің» мәтініндегі деректі негізге алып, өмірден мысалдар келтіріп, көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) жазыңдар.



7. «Табысқа жету үшін білім қажет пе?» тақырыбында сұхбат дайындаңдар.

§4.

Ғылым мен инновация



1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Инновация (қазақша «тапқырлық», «жаңалық» десек болады) мен ғылымның байланысы бар ма?
2. Ғылыммен қай кезден бастап айналысқан дұрыс деп ойлайсыңдар?
3. Қалай ойлайсыңдар, ғылым мен инновацияның дамуы халықтың әл-ауқатын көтере ме?
4. Суреттің тақырыпқа қатысын анықтаңдар.



2. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықовтың сұхбатымен танысыңдар. Берілген кесте бойынша өз рөлдеріңді белгілеп, мәтіннің мазмұнын талдаңдар.

Белгілеуші	Мәтіннің жалпы тақырыбы мен идеясын анықтайды. Мәтіннің маңызды әрі ұтымды деген бөлігін таңдап алып, сыныппен бөліседі.
Талқылаушы	Мәтіннің негізгі ойы бойынша топ талқылайтын 3 немесе 4 сұрақ құрастырады.
Байланыстырушы	Мәтін мен шынайы өмір арасындағы байланысты анықтайды, мысал келтіреді.
Қорытындылаушы	Мәтіннің мазмұнын қорытындылайды, маңызды тұстарын атап өтеді.
Суреттеуші	Мәтінге қатысты нақты немесе абстрактілі сурет салады. Топтар суреттері арқылы мәтін мазмұнын ашады.





Қазақ атамыз «Баланы – жастан» деп бекер айтпайды. Болашақ ғалымды студент күнінен баулу керек. Біз 1-курстан бастап студенттердің ғылыммен айналысуына жағдай жасап отырмыз...

Университет ғалымдары мен студенттері жаңа Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасы негізінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Атап айтсақ, физикада – ядролық, ғарыштық және нанотехнологиялық бағыттар; химияда – трек мембранасының наноқұрылымы; биологияда – биотехнология; математикада – математикалық модельдеу; ақпараттық технологияларда – жасанды интеллект мәселелері; әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бағытында – еуразиятану, түркітану, фольклортану, алаштану зерттеулері және т.б.

Данышпан әл-Фараби: «Ғалымның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет ету болуы керек», – деп жазған екен. Ғалымдарымыз осы талаптан шыға білді. Экономикамыздың қиын кезінде де ғылымнан қол үзбей, ел болашағы үшін қызмет етті. Енді жаңа тыныс, жаңа мүмкіндіктер ашылды. Бүгінгі таңда біз «жасыл технология» немесе баламалы энергетиканы дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулерге баса назар аударып отырмыз.

XXI ғасырда ғылым – жай қағаздағы, кітаптардағы ғылыми жаңалықтар емес, халықтың әл-ауқатының деңгейі, сапасы. Сондықтан біздің бірлесе атқарып келе жатқан жұмысымыз қызықты да жауапты.

(Сұхбаттасқан С.Мәмет)

-  3. Мәтінде әдеби тілдің нормасы қалай сақталғанын түсіндіріңдер. Сөздерінді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданыңдар.
-  4. Халықтың әл-ауқатын көтеру үшін қандай ғылыми-инновациялық жаңалық ашу керек деп ойлайсыңдар? «Егер мен ғалым болсам,..» деп бастап, ойларыңды ортаға салыңдар.
-  5. Оқылым мәтіні бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазыңдар (конспектілендер).
-  6. «Жаңа дәуірдегі жаңа мамандықтар» атты мақала жазыңдар.

§5.

Өнер, білім бар жұрттар...



1. Ғылым мен технологияда үлкен табыстарға қол жеткізген елдер туралы өзара ой бөлісіңдер.



2. Мәтінді оқып, тақырып қойыңдар. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңдар.

Жыл сайын қазан айының басында бүкіл әлем назары Швеция мен Норвегия елдеріне ауады. Осы уақытта Стокгольм және Осло қалаларында Нобель сыйлығы лауреаттарының есімдері жарияланады. Нобель сыйлығы 1901 жылдан бері әр жыл сайын физика, химия, медицина, әдебиет және бейбітшілік салалары бойынша елеулі жетістікке жеткен ғалымдар мен ұйымдарға беріледі. Марапаттау рәсімі 10 желтоқсан күні өтеді. Швеция королі лауреаттарға медаль, диплом және ақшалай сыйлық тапсырады.

Нобель сыйлығы швед өнертапқышы және өнеркәсіп иесі Альфред Нобельдің (1833–1896) өсиеті бойынша құрылған. 1895 жылы жазылған өсиетте Нобель өзінің қаражатын бағалы қағаз күйінде ұстауды бұйырған. Өсиетке сәйкес марапат беруге Швеция мен Норвегиядағы төрт ұйым жауапты. Олар: Швед ғылым академиясы, Стокгольмдегі Каролин институты, Стокгольм академиясы, сондай-ақ бес мүшеден тұратын Норвегия парламенті сайлаған комитет.

Альфред Нобель инженер-химик, өнертапқыш және ірі өнеркәсіп иесі болған. Ол 1833 жылы 21 қазанда Стокгольм қаласында туып, 1896 жылдың 10 желтоқсанында Сан-Ремода дүниеден озды. Нобель – жарылғыш заттарды ойлап тапқан ғалым, капсюль-детонатор, динамит, түтінсіз дәрі секілді өнертабыстардың авторы. Оның есімі бүкіл әлемге 1882 жылы Сен-Готард туннелінің құрылысы кезінде алғаш рет динамит қолданылған бойда танылды. Альфред Нобель сонымен қатар 5 тіл білген, өлең және пьеса жазуды сүйген.

2011 жылға дейін Нобель сыйлығы лауреаты атанған адамдар мен ұйымдар саны 853-ке (23-і ұйым) жетті. Лауреат атанған адамдардың кейбірі мұндай құрметке екінші рет лайық деп танылған.



3. Оқылым мәтіні бойынша «FILA кестесін» толтырыңдар.

Facts (мәтіндегі фактілер)	Ideas (мәтіннің идеясы)	Learning issues (сұрақтар)	Action plan (әрекет жоспары)



4. «Электронды бесік» мәтінін (13. mp3) тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер. Автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, мәтінде көтерілген мәселеге баға беріңдер.

1. Қандай өнертапқыштарды білесіңдер?
2. Баланы бесікке бөлеуге қатысты қандай салт-дәстүрлер бар?
3. Мәтін мазмұны бойынша қандай ұсыныс жасар едіңдер?



5. Тыңдалым мәтіні бойынша кестені толтырыңдар.

Мәтіннен мен білгім келген үш мәлімет	
Мәтіннен мен түсінген екі мәлімет	
Мәтіннен есте сақтау керек мәлімет	



6. Ғаламтор ресурстары мен баспасөзден қате қолданыстағы сөздерді тауып, қатесін түзеңдер. Сөздеріңді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданыңдар.

Үлгі:

Қате қолданыс	Дұрысы
<i>Мамандық таңдағанда маманға тек қана білімі мен іскерлігі ғана емес, оның қабілеті мен жеке қасиеттерін дамыту деңгейі жағынан да қандай талаптар қойылатынын білу маңызды.</i>	<i>Мектеп бітіруші түлек мамандық таңдағанда, өзінің білім деңгейі мен қызығушылығын ғана ескермей, қандай қабілеті мен жеке қасиеттері болуы керектігін білгені жөн.</i>



7. Нобель сыйлығын иеленген қазақстандықтар туралы презентация дайындаңдар.

§6.

Жеті жұрттың тілін біл...



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қандай шет тілдерін білесіңдер?
2. Шет тілін қандай жолмен үйрендіңдер?
3. Өзге тілді білу қаншалықты маңызды деп ойлайсыңдар?



2. Мәтінді оқып, төмендегі топтық тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ	Мәтінді мағыналық бөліктерге бөліңдер. Мәтін бойынша өз ұсыныстарыңды жазыңдар.
2-топ	Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтаңдар. Мәтінді қорытындылаңдар.
3-топ	Мәтіннің қысқаша нұсқасын әзірлеңдер. Мәтінді жалғастырып жазыңдар.

Менің аты-жөнім – Чиэко Хирота. 1988 жылы Жапонияның Канагава префектурасында дүниеге келдім. Мектеп бітірген соң Токиодағы шет тілдер университетінің моңғол тілі мамандығына оқуға түстім. Тілді жетік меңгеру мақсатында 2009 жылы Моңғолияның астанасы Ұланбатырға барып, бір жыл оқуымды жалғастырдым. Демалыс кезінде Моңғолияның ауыл-аймағын араладым. Бір күні Микия Нишимура аға мені Баян-Өлгейге ертіп апарды. Адамдар мен түсінбейтін тілде сөйлесіп жүр. Сұрастыра келе олардың қазақтар екенін білдім. Осы жерде біраз уақыт тұрғаннан кейін қазақтарға деген құрметім артып, енді маған қазақ тілін үйрену керек деп шештім. Тілді жақсы үйрену үшін қалың қазақтың ортасында тұруым керек екенін түсініп, 2012 жылы Баян-Өлгейге көшіп бардым. Екі жыл Көгершін деген кісінің үйінде тұрдым. Олар мені өз қызындай көрді. Бар жылы-жұмсағын аузыма тосты. Басында қазақша түк түсінбейтінмін, адамдар не айтып жатыр екен деп таңғалып қарайтынмын. Кейін «бауырсақ», «дастарқан», «шай іш», «тамақ же» деген сөздерді біртіндеп санама сіңіріп, іштей жаттап, қайталап үйрендім, содан соң сөз тіркестерін, кейін сөйлем құрай алатын болдым. Тілді тыңдау арқылы үйренесің. Қазақша аздап сөйлей бастаған соң, айналамдағы

адамдардан қазақтың қолөнері жайлы сұрай бастадым. Өйткені жаз бойы киіз үйде тұрдым. Малшылардың ауылына қонаққа бардым. Әрбір үйдегі қолдан тоқылған оюлы текемет, сырмақ, алаша, басқұр көздің жауын алады. «Оны қалай тоқиды?», «Ою-өрнегін қалай салады?» деген сияқты сауалдарым таусылмайтын. Баян-Өлгейде тұрған екі жыл ішінде мен қазақтардан көп қамқорлық, жақсылық көрдім. Салт-дәстүрімен таныстым. Кейін ол жақсылықтың қайтарымы болуы керек деп ойлап: «Қазақтың қолөнері жайлы докторлық диссертация жазамын, оны басқа жапондарға танытамын», – деген ойға бекідім.

(Сұхбаттасқан Ә.Бегімбет)



3. Бір полиглот тұлға туралы достарыңа хат жазыңдар. Сөздеріңді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданыңдар.



4. Мәтіннің тірек сөздерін пайланып, өлең құрастырыңдар.



5. Мақал-мәтелдермен танысып, астарлы ойды анықтаңдар. Өз ойларыңды ортаға салыңдар.

- Ана сүті бой өсіреді,
Ана тілі ой өсіреді.
- Тіл мәртебесі – ел мәртебесі.
- Тіл – достықтың алтын көпірі.
- Тіл – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем.
- Тілден тілдің кеңдігі болғанымен, кемдігі жоқ.
- Қазақтың ақылы – көзінде, қасиеті – сөзінде.
- Тіл – ақылдың өлшемі.
- Таяқ еттен өтеді,
Сөз сүйектен өтеді.
- Өз тілің – бірлік үшін,
Өзге тіл – тірлік үшін.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Мақал-мәтелдерді қатыстырып және көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, эссе жазыңдар.
2. Қазақстандағы көптілділік жағдайын инфографика арқылы бейнелеңдер.

VI

БӨЛІМ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ: ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК

ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ СТИЛЬ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік жайлы;
- адами құндылықтар туралы;
- кедейлік пен байлық, үнемшілдік пен сараңдық жайлы;
- Қазақстандағы отбасын әлеуметтік қорғау жүйесі туралы материалдармен танысасыңдар;
- әлеуметтік-тұрмыстық қатынас аясында сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдануды;
- публицистикалық шығармалар тілінің стильдік ерекшеліктерін меңгеріп, тәжірибеде қолдануды;
- сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білуді үйренесіңдер.

**Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен
іздер болар. Байлық түбі – ақыл һәм қол ұс-
талығы. Осы екеуі қосылмай, адам баласы
қазынаға жарымайды.**

(Ә.Бөкейханов)

**Байлықты малдан емес, адамнан іздеген
жөн болмақ.**

(Ғ.Мүсірепов)

§1.

Қазіргі қоғам және адами құндылықтар



1. Сұрақтарға жауап бере отырып, ой бөлісіңдер.

1. Байлық дегеніміз не?
2. Адами құндылықтарға нелер жатады?
3. Суреттен не түсіндіңдер?



2. Мәтінді оқып, маңызды ақпаратты көрсетіңдер. Мәтіннің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдаңдар.

Қазіргі заманның алпауыттарының бірі, бизнес саласында өзіндік орны бар, байлығы басынан асатын Ынсап деген кісі аяқ астынан ауырыпты. Туралап келген ажалдың алмасы болмайды. Оны Ынсаптың жүрегі сезеді. Бір күні азамат болған балаларының басын қосып, оларға былай дейді: «Балаларым, мен жақында бұл дүниеден өтемін. Сендерге бүкіл байлығымды теңдей бөлдім. Маған ренжімейтіндей байлық қалдырдым. Ал енді сендерден бір ғана өтінішім бар. Мынау менің өзім сатып алған ақ шұлығым еді. Мені жер қойнына жібергенде аяғыма осы шұлықты кигізіңдер».

Балалары әкесінің сөзін мұқият тыңдап, бастарын изейді. Балалары кеткен соң, Ынсап әйеліне: «мені жерлеп келген күні балаларыма мына хатты берерсің, оған дейін ешкім хатты ашып оқымасын», – дейді.

Жағдай әкелері айтқандай болады. Балалары молдаға әкесінің өтінішін «соңғы тілегі еді» деп айтады. Молдалар келіспейді, ашу шақырады. Балалары ақыр соңында молдалардың сөзіне құлақ асады. Бірақ жүректерінде «Әкеміздің соңғы тілегін де орындай алмадық қой» деген өкініш тұрады.

Кешке үйге жиналған соң, анасы әкесінің аманат хатын балаларына береді. Хатты біреуі ашып, дауыстап оқиды.

«Балаларым, көрдіңдер ме, сендер менің соңғы өтінішімді орындай алмадыңдар. О дүниеге түксіз кеттім. Ал қалдырған дүние-байлық үшін мен қаншама тер төктім? Талай адамдарды ренжіттім, жамандық та жасадым, бірақ «өлемін, бәрі артта қалады» деп соңғы ауырғаныма дейін ойламаған екенмін. Сендерге айтарым, балаларым, байлық жинау үшін өмір сүрмеңдер, бір-біріңді қадірлеңдер, адамдарды жақсы көріңдер, тірі жүргеннің бағасын біліңдер. Менің қателігімді қайталамаңдар. Менің артта қалған байлығым да, көзім де тек сендерсіңдер, менің ұрпақтарым!»

Балалары әкелерінің өсиетін іштей түсініп, әкелерін құрметпен еске алды.

Әлеуметтік-тұрмыстық қатынас аясындағы сөз әдебі

Әлеуметтік-тұрмыстық қатынас дегеніміз – күнделікті отбасында, құрбы-құрдастардың арасындағы қарым-қатынас. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөйлеу стиліндегі тіл неғұрлым еркін және қарым-қатынас көбіне ауызша формада өтеді десек те, оның өз әдебі болады.

Әдеп дегеніміз – адаммен қалай амандасу және қалай қоштасу керек, сөзді қалай бастап, қалай аяқтау керек, қалай ілтипат білдіру керек, ұсынысты қалай білдіріп, қалай көңіл айту керек деген мәселелерді қамтитын қарым-қатынас нормасы. Әлеуметтік-тұрмыстық аядағы сөз әдебі туралы айтқанда, міндетті түрде біздің қазақтың өз мәдени ерекшеліктерін ескеру абзал.

Қазақ халқының тұрмыстық қарым-қатынастағы тілдесуі салт-дәстүр, әдет-ғұрып шеңберінде көрінеді. Біздің халық ұрпағын туған күнінен бастап бесік жырымен әлдилеп, есейе келе баланың әр ісіне, қадамына қуанып, «Үлкен азамат бол!», «Көп жаса!», «Өркенің өссін!», «Бағың жансын!», «Қадамыңа нұр жаусын!» деп мейірімге толы сөздермен өсірген. Халқымыз әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынаста сөз мәдениетін сақтап, орынды қолдана білген.



Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынаста тілдесу дегеніміз – ұлттық әдет-ғұрыптарға, өмірде кездесетін әрбір жағдаяттарға байланысты қалыптасқан сөз орамдарын қолдана білу.

Қазір жастар сленг, жаргон сөздерді жиі қолданатын болды. Сленг (ағылш. *slang*) – жаргонның бір түрі, әлеуметтік диалект. Лингвистердің зерттеуі бойынша, сленг сөздерді 13–23 жас аралығындағы жастар кеңінен қолданады. Сонымен қатар әскери, журналистік, қылмыстық сленгтер де бар. О баста сленг сөздер жасырын топтар арасында құпия ақпараттармен алмасу нәтижесінде жүзеге асқан, кейін жастар арасында қолданысы артып, сәнге айналған. Мысалы, «тусовка» сөзін жастар арасында «мерекелік кеш» деп түсінсе, қылмыстық ортада «ұрылардың жиналысы» деген мағынаны береді. Сондай-ақ «ботан» деп сабақты өте жақсы оқитын адамды; «базар жоқ» деп ешқандай сұрақ тұмайтынына сенімділікті білдіреді.

Сленг сөздер уақыт өткен сайын ескіріп, оның жаңа түрлері пайда болып отырады.



3. Тілдік қолданысқа еніп кеткен сленг сөздерді дұрыс қолдануымен бірге жазыңдар.

Үлгі:

Сленг сөз	Дұрыс қолданысы
Комп	Компьютер



4. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, мәтіндегі негізгі ойға қатысты өз пікірлерінді жазыңдар.

Автордың пікірі	Менің пікірім



5. Қазіргі қоғам және адами құндылықтар туралы ойларыңды жинақтап, төмендегі тақырыптардың біріне дәлелдемелік эссе жазыңдар.

1. Адамгершілік – адам бойындағы басты құндылық.
2. Адам баласына қажет ізгі қасиеттер.

§2.

Кедейлік пен байлық



1. Сұрақтарға жауап бере отырып, ойларыңды ортаға салыңдар.

1. Кедейліктің қайнар көзі, шығатын бастауы бола ма?
2. Кедейліктің генетикалық заңдылығы бар деген пікірге қосыласыңдар ма?



2. Мәтінді оқып, тірек сөздерді теріп жазыңдар. Тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін алдыңғы сабақтағы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар.





Байлық пен кедейлік – сананың көрінісі

Бала кезімізде сыныптасымның үйінде диван үстінде жиі секіретін едік. Бұл үлкендер көріп қойғанша жалғасушы еді. Оның бетіне шығып тұратын серіппелері ұнаушы еді. Біз секіргенде шығатын шаңына да қызығушы едік. Жиырма жыл өткен соң құрбымның үйіне барғанда сол бір ескі диванды көріп, таңғалдым. Диван еш өзгермеген, сол қалпы тұр екен. Мен бұл үйдегі кедейлік белгісіне қарап, аузымды аштым да қалдым. Содан соң жаңа диванның, орындықтардың, айнаның қанша тұратынын ойландым. Өңгіме барысында ойша үйдің төбесін ақтап, қабырғаның түсқағаздарын ауыстырып жатқанымды елестеттім. Шыбын ізі қалған терезені жуып, диваннан шығып тұрған ағаштарын лақтырғым келді. Шұлықпен байлап қойған сынық гүл құмырасын да тастағым келді. Қайда қарасам да, сынған, ескірген, бүлінген затты көрдім. Сонда маған миым былай деді: «Неліктен кедейлік пен ластық бірге жүреді?» Ластық – ақшасы жоқтықтың емес, менталитеттің белгісі.

Антон Павлович Чехов ескірген қабырға мен ластанған дәліз студенттің оқуға деген мүмкіндігіне кері әсер ететінін айтқан. Ластық пен кедейлік адамды тоқыратады. Бақытсыздық пен кедейлік – жақын сөздер. Бақытсыздықтан аулақ болыңыздар.

Кедейлікті көріп өскен балалар саналы түрде кедей өмірге дағдыланады. Кедейлік те ақылдың күйі. Байлық пен кедейлік – сіздің ақылыңыз бен ойларыңыздың көрінісі.

(Н.Грэйс)

-  3. Наталья Грэйстің дәрісінен алынған үзіндіні (14. mp3) аудио-жазбадан тыңдап, ой бөлісіңдер. Тілдік оралымдарына талдау жасай отырып, аудиториясын анықтаңдар. Өздерің тақырыпты жалғастырыңдар.
-  4. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, оқылым және тыңдалым мәтіндерінде көтерілген мәселе бойынша өз ойларыңды дәлелдеп, келісу/келіспеу эссесін жазыңдар.
-  5. Кедейліктің генетикалық себебі барына келісесіңдер ме? Пікірлері сәйкес келетін оқушыларды бір топқа топтастырып, әр топ өз ойын дәлелдеп ойталқы өткізіңдер.
-  6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Төменде берілген ойды оқып, әлемнің ең кедей елдері туралы инфографика дайындаңдар.

«Кедейлік» сөзіне анықтама беру өте қиын. Соған қарамастан, бүгінде кедейліктің түрлі көрсеткіштерін анықтайтын халықаралық стандарттар бар. Біреу iPhone телефонының жаңа моделін сатып ала алмағаны үшін өзін кедей санайды, ал біреу тамақ ішуге ақша таба алмай жүр. Сонымен кедейлік деген не және оның шегі қайсы?..

2. Оқылым және тыңдалым мәтіндеріндегі басты ақпаратты «ПСМТ формуласы» әдісі арқылы дәлелдендер.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...».

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».

§3.

Қайырымдылық – асыл қазына



1. Қайырымдылыққа берілген түсінікпен танысып, ойларыңды ортаға салыңдар.

Қайырымдылық – көмекке мұқтаж жандарға, тіршілік иелеріне білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Қайырымдылық – ізгіліктің анық көрінісі. Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі, кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегі, адамгершілік қарым-қатынасы.

(«Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігінен»)



2. Мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдаңдар. Мәтіндердің мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер келтіріңдер.

Мейірбан және қайырымды болудың амалдары қандай?

Адамдар әртүрлі. Біреулер жастайынан басқаның қайғысын бөлісуге, риясыз көмекке дайын болып өседі, ал кейбіреулер керісінше әрекет етеді. Адамның мұндай болмысына генетикалық бейімділігі, тәрбиесіндегі ерекшеліктер, араласатын ортасы және тағы басқа да көптеген фактор әсер етуі мүмкін. Бұйрық бойынша мейірімді және қайырымды болу мүмкін емес. Алайда мейірімсіз, енжар, өзімшіл адамдардың да кейде жақсылық жасауға құмартатын кездері болады екен.

Өмірде жақсылық жасауға әрдайым себеп те, мүмкіндік те табылады. Айналаңызға қараңызшы. Кез келген жерден көмегіңізге мұқтаж адамды кездестіресіз. Ол қарт көршіңіз, кішкентайын өсіріп жатқан жалғызбасты ана, қиын жағдайға тап болған танысыңыз болуы мүмкін. Оларға уақытыңыз бен назарыңызды бөліңіз, көмегіңіз қажет емес пе екен, сұраңыз. Мысалы, қарт адамдарға сыртқа шығу қиын болса, азық-түлігін немесе дәрісін әкеліп беріңіз. Қайырымды іс жасағаныңызға өзіңіз де бір сәт риза болып қаласыз. Бұдан кейін де мейірімді істер легін жалғастыруға ықыласыңыз ашыла

түседі. Қалай болғанда да, сіз басқа адамға көмектесіп қана қоймай, өзіңіз де мейірбан бола түсесіз.

Қайырымдылық ұйымдарына хабарласып, көмекке зәру адамдар жайлы мәлімет алуға болады. Олар сізге қажетті байланыс ақпараттарын және нақты қандай көмек керек екенін айтады. Сонымен қатар жетімдер үйінің балаларына да ойыншықтар мен киім-кешек сатып алып беріп, балақайларды қуанта аласыз.

Не үшін қайырымды және мейірімді болу керек?

Қайырымдылық пен мейірімділік адамға тек жақсы жағынан әсер етеді. Қоғам кілең енжар, тек өзін ойлайтын адамдардан құралса, қандай болар еді? Біреудің көмегіне сену түгілі, қай жерде қастық жасап кетер екен деп күтіп жүру қандай қорқынышты?! Мұндай адамдардың ортасында өмір сүргіңіз келер ме еді? Табиғатта «ең мықты тірі қалады» деген заң бар. Онда мейірімділікке орын жоқ. Бірақ адам түйсікпен ғана өмір сүрмейтін саналылар қатарына жатады ғой. Бір дана адам: «Қорғансыз адамдарға, яғни балалар мен қарттарға деген қарым-қатынасына қарап қоғамға баға беруге болады», – деп бекер айтпаған. Әлсіз адамдарға, қиын жағдайға тап болған адамдарға көмектесе отырып, адам өзінің адамгершілік қасиеттерін көрсетеді. Ал біреулердің қайғысына ортақтасу арқылы өз өміріне басқаша қарай бастайды, құндылықтарын зерделейді. Сондықтан мейірімді де қайырымды адамдар біреуге қастық ойластырмайды, пайда табуды көздемейді және өз өмірін бекер өткізбеуге тырысады. Әлбетте, мейірімді болу – өміріңді толықтай басқаларға көмектесуге арнап, өз қызығушылықтарың мен отбасыңды ұмыту деген сөз емес. Әр нәрсенің шектен шықпағаны дұрыс. Өкінішке орай, мейірімді және қайырымды адамдарды барлық жағдайға «жедел жәрдем» ретінде пайдаланғысы келетіндер бар. Мұндай әрекеттерді сыпайы, бірақ қатаң түрде тыйып отырған жөн. Ерік берсеңіз, мойныңызға отырып алатындар әрдайым табылады.



3. Отандық эстрада жұлдыздарының ұйымдастыруымен өткізілетін «Қайырымдылық акциясының» жарнамасын әзірлеңдер.



Публицистикалық стиль

Публицистика (лат. *publicus* – «көпшілік», «әлеумет») қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады. Тыңдармандар мен оқырмандардың арасына кең таралуымен, баяндаудың шешендігімен, жағымды және жағымсыз мағынадағы мәнерлілігімен сипатталады. Ерекшеліктері:

- 1) дәлелдерді сипаттап қана қоймайды, автордың бағасын, пікірін, көңіл күйін көрсетеді;
- 2) тіл деңгейлеріне байланысты публицистикалық стильдің ерекшеліктері болады. Атап айтсақ:
 - а) лексикада – қоғамдық-саяси терминдер мен сөздердің (*митинг, ереуіл, парламент*), эмоциялық баға беруші сөздердің (*еңбек озаты, көшбасшы, дем беруші*), экспрессивтік бояуы бар сөздердің (*қоян-қолтық, нық қадаммен*);
 - ә) фразеологияда – перифразалардың (*ақ алтын – мақта, күріш; қара алтын – көмір, мұнай*);
 - б) морфологияда қос сөздердің (*қоғамдық-әлеуметтік, бұқаралық-саяси, үгіт-насихаттық*), бұйрық рай тұлғасының (*орындайық, табысқа жетіңдер*);
 - в) синтаксисте – сөйлемдегі сөздердің инверсиялық орын тәртібінің, қаратпа сөздердің, риторикалық сұрақтардың, жай сөйлем бөліктерінің, сан алуан қайталамаларының және т.б. жиі қолданысқа түсуі.

Өздерің жиі қолданатын эссе публицистикалық жанрда жазылады.



4. «Адамның біреуге жақсылық жасағаны дұрыс па, әлде бұрыс па?» тақырыбы төңірегінде ойталқы өткізіңдер.



5. Ойталқыдағы дәйексөздеріңді пайдаланып, көтерілген мәселе бойынша келісу/келіспеу эссесін жазыңдар.



6. Өздерің жазған эссенің публицистикалық стильде жазылғанын тіл деңгейлеріне байланысты (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) дәлелдендер.



7. «Егер мен қайырымдылық қорының басшысы болсам...» деп басталатын мәтінді аяқтаңдар. Өздерің жасайтын іс-шаралардың жоспарын ұсыныңдар.

§4.

Үнемділік – сараңдық емес



1. Мақал-мәтелдердегі ойды анықтап, пікірлеріңмен бөлісіндер.

- Есепсіз дүние жоқ.
- Түстік өмірің болса, кештік мал жина.
- Алтын тапсаң, санап ал.
- Ақша кетуге тырысады,
Есеп ұстауға тырысады.
- Тамшыдан тама берсе, дария болар.
- Судың да сұрауы бар.
- Есептемегенге бәрі түгел.
- Сауып ішсең, мың күндік,
Сойып жесең, бір күндік.
- Шашу оңай, жинау қиын.



2. Екі мәтінді оқындар. Өртүрлі стильдегі мәтіндерді салыстыра талдандар.

«Үнемділік пен әсіреунемділік» мәтіні	«Сараңдық пен жинақтылық» мәтіні
Стилі	
Тақырыбы	
Мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі	
Құрылымы	
Тілдік ерекшеліктері	

Үнемділік пен әсіреунемділік

Үнемділік – сараңдықтың не кедейліктің белгісі емес. Ауқатты адамдар өз қаржысын дұрыс пайдаланудың арқасында байыған. Сондықтан «үнемдеу» дегенді ақшаны тиімді жұмсау деп түсінуіміз керек. Өкінішке орай, кей адамдар ақшаны үнемдеу үшін ең басты қажеттіліктерінен, тіпті дұрыс тамақтану мен жиі түзу киім-кешектен де бас тартып жатады. Егер сіз үнемді өмір сүргіңіз келсе, тым шектен шығып кетпеңіз. Айталық, электр қуатын үнемдеу үшін кітапты балауыз шамның жарығымен оқысаңыз, көз жанарыңыздан айырыласыз. Сондай-ақ арзан азық-түлікке

қызығып, денсаулығыңызға зиян келтіретін сапасыз тауарға ұрынуыңыз да мүмкін.

Ал кейбіреулер көтере сатып алу арқылы ақша үнемдеуді дұрыс деп ойлайды. Бір қарағанда, бұл тиімді көрінуі де мүмкін. Себебі бөлшек саудаға қарағанда көтерме тауар құны арзандау түседі. Ал, шындығына келгенде, көтере сатып алу ылғи үнемді бола бермейді. Айталық, сіз жеміс-жидекті арзан бағаға әдеттегіден көбірек сатып алдыңыз. Бірақ оның бәрін жеп тауыса алмай, бірнеше күннен кейін бүлінгендерін қоқысқа тастайсыз. Ал аз нәрсе қашанда қадірлі. Оны сақтап, бағалап жеткізуге тырысасыз. Азық-түлікті көтере сатып алу салдарынан оны тұтыну көлемінің ұлғаюы денсаулыққа аз зардабын тигізбейді. Ол – тамақты көп жеу, артық салмақ қосу т.б. жағдайларға алып келеді. Ал денсаулықты қайта түзеу де біраз шығынды қажет етеді.

Қорыта айтқанда, тауарды көтере сатып алу арқылы біз үнемдеу орнына артық төлейтінімізбен қоймай, шығын көлемін көбейтіп алуымыз да мүмкін екенін естен шығармауымыз керек.

(К.Ақниязқызы)

Сараңдық пен жинақтылық

Бірнеше тәуір кісі бір жетім-жесір қалған үй үшін жылу жиямыз деп, әр үйге қыдырып барып жүреді. Бір байдың үйіне келсе, бай жұмыскеріне бір кішкентай жіпті жаңбырда ұмытып, далада қалдырғанына қатты ұрысып тұр екен. Ұрысып тұрып айтады:

– Сен білмейсің, ол кішкентай ғана жіп те болса, малға сатып алынған нәрсе, малдың табылуы оңай емес, – деп.

Мұны естіп, көріп, әлгі жолаушылар өзді-өзі сөйлесті:

– «Бір жаман жіпті далада ұмытып қалдырдың», – деп сонша кейіп тұрған адам бізге еш нәрсе бере қоймас, аузымызды ауыртпай, келген ізімізбен қайталық.

Ішінде біреуі айтты:

– Неміз кетіп барады, келген соң бұған да айтып кетелік.

Бұл сөзбен байға келіп, сәлем берді. Бай бұларды әдеппен үйіне кіргізді. Сонан соң келгендердің жұмысын есітіп, сол жердің өзінде басқаларға қарағанда екі есе ақша шығарып берді және мұнан басқа төрт-бес қап астық беруге уәде етті.

Мұнысын көріп жолаушылар таңданып отырды да, өздерінің далада байды сараңға санағандарын айтысты. Сонда бай:

– Аз нәрсені азсынбай, қадірін біліп жинағаннан осындай кем-кетікке жәрдем беруге қолым жетті. Жинақтылық сараңдыққа жатпайды, – деді.

(Б.Алтынсарин)



3. Кіріс, ырыс, несібе, үнемшілдік, ысырапшылдық, ақшаға қатысты тыйым сөздерді жазыңдар.



Сөзжасамдық норма дегеніміз – тілдің қалыптасқан заңдылығына, амал-тәсілдеріне сай жаңа сөздердің жасалуы. Сөзжасамдық тәсілдер: 1) синтетикалық тәсіл; 2) аналитикалық тәсіл; 3) лексика-семантикалық тәсіл.

Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бірлік қызмет атқарады: лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ. Мысалы: *жүлдегер, ақылды, ардагер, айыпкер, сәулетші* т.б.

Аналитикалық тәсіл – екі я одан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы. Мысалы: *Екібастұз, Нұрдаулет, Қызылорда, баспасөз, бейнежазба, бейнетаспа, тікұшақ* т.б.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы сөз жаңа мағынаға ие болып, басқа сөз табына (көбіне заттанады) өтеді. Мысалы: *бүлдірген, жасау, айтыс, қоршау, асар* т.б. Бұл тәсіл арқылы ғылымда терминдер көп жасалады. Мысалы: *буын, есім, шылау, үстеу* (тіл білімі); *теңеу, суреттеу* (әдебиет); *қимыл, қозғалыс* (физика); *үшбұрыш, көбейту, қосу, алу* (математика); *құн, нарық* (экономика) т.б.

Жаңа сөздердің әдеби тілге ену әлеуеті барлары ғана қалады. Айталық, «семья» ұғымына қатысты *жанұя, үйелмен, отбасы* сияқты атаулардан әдеби тіл нормасына тек *отбасы* атауы ғана тұрақталды.



4. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойларыңды дәлелдеп, келісу/келіспеу эссесін жазыңдар.



5. Өздерің жазған эсседе сөзжасамдық нормаларды сақтаңдар.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Екі мәтінді салыстыра отырып, ортақ бір мәтін дайындаңдар.
2. Отбасы бюджетін жоспарлаудың үлгісін жасаңдар.

§5.

Қазақстандағы отбасын
әлеуметтік қорғау жүйесі

1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әлеуметтік қорғау жүйесі неге байланысты негізделген?
2. Әлеуметтік қорғау жүйесінде мемлекеттің рөлі қандай?
3. Қазақстандағы отбасын әлеуметтік қорғау жүйесіне көңілдерің тола ма?



2. Сызбалардағы мәліметтерді өңдеп, мәтінді сол мәліметтермен толықтырып оқыңдар.

Біздің елімізде мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына байланысты, жұмыссыздығы мен жасы бойынша әлеуметтік қорғау жүйесі толық ынтымақтастық қағидатына негізделген. Барлық жеке тұлға: Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер қатерлі жағдайлар туындаған кезде, еңбек қызметіне қатысуына және жарнасына қарамастан, егер заңдар мен халықаралық шарттарда басқаша көзделмесе, бірдей деңгейде мемлекеттік жәрдемақылар алады.



Еңбекке қабілетті азаматтар өзінің жеке басының болашағы мен өз отбасының әл-ауқаты үшін жауапты болуға ұмтылуы тиіс.

Ана мен баланы кең ауқымды әлеуметтік қамсыздандыру – мемлекеттің бүкіл әлеуметтік қорғау жүйесінің басымдықтарының бірі.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі қаржыландыру көзі мен жалпы реттеушісі – мемлекет. Заңнамаға сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына мемлекет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек көрсетіледі.



Бұл көмек түрлерінен басқа азаматтардың әлеуметтік қатерлерден өзін-өзі ерікті сақтандыруға құқығы бар.

(ҚР Әділет министрлігінің сайтынан)

Тіркестердің мағыналық байланысы

Өзара байланысы айқын емес тіркестер білдірейін деген ой-пікірді түсініксіз етеді. Тіркестер әрі мағыналық, әрі синтаксистік байланысқа түспесе, ой жұтандығын да аңғартады. Мысалы, *көргенді шығарма, тиянақты табыс, үрдіс келбет* сияқты тіркестер тіліміздің көркін келтіріп тұрмағаны белгілі. Бұл сөздерді еріксіз тіркестіргенмен, олардың арасында жатықтық, мағыналық үйлесімділік жоқ.

Бұндай қолданыстар **синтаксистік нормадан ауытқу** болып саналады.

Сөздердің мағыналық байланыста айтылып, өзара тіркесе алу қабілеттілігі – олардың ең басты грамматикалық қасиетінің бірі. Сөз тіркесінің белгілерін, яғни құрамында кемінде толық мағыналы екі сөздің болуы, өзара сабақтаса (бағыныңқы, басыңқы сыңар) мағыналық, синтаксистік байланыста айтылуы – осыған дәлел. Мысалы, *момын су, үркек тауық* деп байланыстыру мүмкін емес, дұрысы – *момын адам, үркек мал*.



3. Оқылым мәтіні бойынша «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы өз ойларыңды айтыңдар. Өзгенің пікірін бағалаңдар. Ортақ шешім шығарыңдар.

- «Қызыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша болжам жасайды.
- «Сары қалпақ» киген оқушы тақырыптың тиімді екендігіне сендіреді.
- «Жасыл қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша жаңа ойлар, креативті идеялар айтады.
- «Ақ қалпақ» киген оқушы қажетті ақпаратты нақтылайды.
- «Қара қалпақ» киген оқушы тақырып бойынша кемшіліктерді анықтайды.
- «Көк қалпақ» киген оқушы тақырыпқа сараптама жасайды.



4. Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтап, берілген сөздермен сөйлем құрастырыңдар.

Ынтымақтастық, көмек, мемлекеттік, әлеуметтік, шарттар, қағидат, атаулы, көмелеттік, іс-әрекет, халықаралық, жәрдемақы, жас, бірреттік, сақтандыру, шаралар.



5. Графиктік мәтіндегі деректерді және сұхбаттағы өз пікірлеріңді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап, салыстырмалы эссе жазыңдар.



6. Синтаксистік нормаға сай келмейтін тіркестерді «Қосжазба күнделігі» әдісімен түсіндіріңдер. Тізімді өздерің жалғастырыңдар.

Тілдік мәлімет	Менің түсіндірмем

Кәрі қарт, шынайы шындық, балғын сәби.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. «Егер мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі болсам, ...» деп басталатын мәтін жазыңдар. Өздерің енгізетін

әлеуметтік көмек түрлерін және ол көмекті енгізудің себебін дәлелдеп, кестеге түсіріңдер.

Әлеуметтік көмек түрі	Дәлелім

2. Мәтіндерді оқып, салыстырмалы түрде екі баланың өмір сүру деңгейі, денсаулығы, білім алу мүмкіндігі, өмір сүру ұзақтығы туралы «Т кестесін» толтырыңдар. Өз қорытындыларыңды 4–5 сөйлеммен жазыңдар.

Әлеуметтік қорғалған бала	Әлеуметтік қорғалмаған бала

I

Мен Ұлыбританияда тұрамын. 18 жасқа дейін мектеп пен колледжге барамын. Егер мен ауырып қалсам, ата-анам мен үшін дәрігерге ақша төлемейді, себебі менің сақтандыру полюсім бар. Біздің үйдегі ауызсу таза және қауіпсіз. Егер жұмысым болмаса, мемлекет әрі қарай өмір сүруіме өтемақы төлейді. Егер маған біреу қастандық жасаса, мен полицияға шағымданамын...

II

Мен Зимбабведе өмір сүремін. Ата-анам – фермерлер. Олардың кішігірім жері бар. Мен мектепке бара алмаймын, себебі ата-анама ақша табуға көмектесемін. Біз күніне бір рет қана тамақтанамыз және ауызсуды өзеннен аламыз, сондықтан көп ауырамыз. Ауырып қалсам, дәрігер келмейді: біздің ақшамыз дәрігерге қаралуға жетпейді. Полиция бізге көмектеспейді, себебі олар бізді оппозициялық партияны қолдайды деп ойлайды...

VII

БӨЛІМ

СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- сәулет өнерінің озық үлгілерімен танысасындар;
- ғажап сәулет туындысы – киіз үй туралы білімдеріңді толықтырасындар;
- Қазақстандағы ежелгі ескерткіштердің сыры жайлы оқып-білесіңдер;
- елорданың сәулеті мен сәулетшілері туралы мәлімет аласындар;
- қазақстандық сәулетшілермен, олардың туындыларымен танысасындар;
- жаңа қолданыстағы сөздермен танысып, ғылыми және ғылыми-көпшілік стиль атауларын білесіңдер;
- сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтап, дұрыс қолдана білуге машықтанасындар.

Архитектура – кеңістіктегі әуен, қатып қалған қозғалыссыз музыка.

(Фридрих Шеллинг)

Атам – Алаш, керегеміз – ағаш, киіз туырлықты, ағаш уықты қазақпыз.

(Нақыл сөз)

§1.

Сәулет өнері (архитектура)



1. Сұрақтарға жұптасып жауап беріңдер.

1. Сәулет өнері туралы не білесіңдер?
2. Сәулет өнерінің құндылығы неде?
3. Сәулет өнері ескерткіштері тарихтан қандай сыр шертеді деп ойлайсыңдар?



2. Мәтінді сызбадағы мәліметтермен бірге оқып, негізгі үрдістерді анықтаңдар.

Әлемнің жаңа жеті кереметінің қатарындағы Колизей – күллі Италияның мақтанышы. Жаһандағы ең үлкен амфитеатр саналатын Колизей жайлы тарихи деректер мол сақталған.



Алғашқыда сәулет өнерінің бірегей үлгісі «Флавия амфитеатры» деп аталған. Амфитеатр маңында Колосс алып мүсіні орналасқандықтан, театр атауы кейін «Колизей» болып

өзгертілген. Бұл алып құрылыс Флавей әулетінің көсемі, император Веспасианның бұйрығымен басталған болатын. Өкінішке орай, императордың өзі театрдың ашылу салтанатын көре алмай кетті. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, театрдың ашылу салтанатына байланысты мереке 100 күнге созылған.

Қазіргі таңда Колизей – Рим қаласының көрікті мекендерінің бірі. Жыл сайын көне амфитеатрды өз көзімен көру үшін жердің түкпір-түкпірінен туристер ағылады. Италия басшылығы Колизейге тарихи ескерткіш ретінде қарайды. Мұнда қоғамдық іс-шараларды, мерекелік дәстүрлі қойылымдарды ұйымдастыруға рұқсат берілмейді.

(«Балалар энциклопедиясынан»)



3. Мәтін құрылымын сақтай отырып, сызбадағы мәліметтердің маңызды тұстарын талдап, Колизей амфитеатры туралы сипаттама мәтін жазыңдар.

Ғылыми стиль түрлері

Ғылыми-техникалық немесе ғылыми-көпшілік стильдер іштей төмендегідей топтарға бөлінеді:



1. Ғылыми-ағартушылық (ғылым негізі шектеліп беріліп, мазмұны мысалдар, иллюстрациялар, салыстырулар арқылы толықтырылады);
2. Ғылыми-публицистикалық (ғылыми жаңалықтардың әлеуметтік орны мен мәніне қарай пафосты, эмоционалды сөздер мен оралымдар жиі кездеседі);
3. Ғылыми-мемуарлық (тақырыптық, жазылу мәнері жағынан жалпыәдеби стильге жақын.

Ғылыми мәтіндер көлеміне қарай бірнеше түрге бөлінеді:


- а) ірі топ: (монография, оқулық, лекциялар курсы т.б.);
- ә) орта топ (баяндама, мақала, лекция т.б.);
- б) кіші топ (баяндама тезистері, аннотация, резюме, рецензия т.б.).



4. «Сәулет өнері дегеніміз не?» аудиомәтінін (15.mp3.) тыңдап, негізгі ойды анықтаңдар және ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар.

-  5. Оқылым және тыңдалым мәтіндері қай стильде (ғылыми стиль, публицистикалық стиль) жазылған? Пікірлеріңді тілдік деректер арқылы дәлелдендер.
-  6. Тыңдалым мәтініндегі тірек сөздерді анықтаңдар. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, ондағы деректердің маңызды тұстарын жазыңдар.

Маңызды өмірлік даналық	Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен білдіру
Таныс және таныс емес	Мәтіннен таныс және мүлдем таныс емес ақпаратты табу
Иллюстрациялық бейнелеу	Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба, карикатура т.б. арқылы бейнелеу
Үлгі боларлық қорытынды	Мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығару
Талқылауға арналған маңызды тақырыптар	Талқылауға, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табу

-  7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
1. Әлемнің жаңа жеті кереметінің бірі туралы сызба, кесте, диаграмма не сурет түрінде презентация дайындаңдар.
 2. Мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, аргументті не дискуссивті эссе жазыңдар. Сөз саны –160–180.

Шаштараз сақал түзетер,
Өнерпаз шаһар түзетер.

Еңбегінен ел таныр.

§2.

Киіз үй – ғажап сәулет туындысы



1. Сұрақтарға жұптасып жауап беріңдер.

1. Сәулет өнерінің қандай туындыларын білесіңдер?
2. Киіз үйді архитектуралық құрылысқа жатқызуға бола ма?



2. Мәтіннің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдаңдар.

Қазақтың киіз үйі

Киіз үй – Орталық және Орта Азияны қоныстанған мал өсірушілердің негізгі баспанасы. Мәдени-тұрмыстық және шаруашылық мақсатқа арналуына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Шағын түрлері мыналар: жаздық тұрғын киіз үй; жорық кезінде тігуге арналған абылайша немесе жолым үй; көші-қонда пайдаланылатын уақытша жаппа үй; екі қанатты ақтағыр үй; киізінің тозығы жеткен қара құрым үй және т.б.

Ал ақ киізді түрлі түсті матамен оюлаған ақ ала ордалар, 24 қанатты алтын үзік киіз үйлер, хандар мәжіліс өткізетін 30 қанатты алтын ордалар көркем безендірілуі жағынан ерекше көз тартады. Жас жұбайларға арналған отау үй де жасау-жиһазға бай, сәнді де салтанатты келеді.

Киіз үйдің негізгі қаңқасын, яғни кереге, уық, шаңырақ, сықырлауықтарын «сүйегі» деп атайды. Киіз үйді тігерде, ең алдымен, қолайлы жер таңдап алады. Содан соң керегелерді жайып, оны таңғыштармен біріктіре таңады, есігін орнатады. Басқұр-таңғыштармен мықтап таңылған кереге шеңберінің үстінен бақанмен шаңырақ көтеріп, оған уық шаншады. Әрбір уық қаламын шаңырақ қаламдығына сұғынта кіргізіп, екінші жағын кереге басына байлайды. Осыдан кейін туырлық, үзік, түндік және киіз есікті жабады. Тығыз жапсырыла жабылған туырлық қозғалып не төмен түсіп кетпес үшін, сыртынан керегеге шандып байланады... Үзік киіздер арасында қуыс, ашық жер қалмайтындай етіп бірінің шетін екіншісімен бастыра жабылады. Бұдан соң киіз есік орнатылады. Ең соңында шаңыраққа бақан арқылы түндік жабады. Киіз есік пен түндік арнаулы бау арқылы оңай ашылып, жабылып тұрады.

(«Шаңырақ» энциклопедиясынан)



Ғылыми стиль, әдетте, үш шағын стильге жіктеледі:

- 1) таза ғылыми стиль;
- 2) оқулықтардың ғылыми стилі;
- 3) көпшілікке арналған ғылыми стиль.

Таза ғылыми стиль – белгілі бір ғылым саласындағы зерттеушілердің стилі, әріптестеріне арнап жазылады.

Оқулықтардың ғылыми стилінде білім алушылардың жас ерекшелігі ескеріледі.

Көпшілікке арналған ғылыми стильде жазылған еңбектер жасына, интеллектуалдық дәрежесіне, ұлттық ерекшелігі мен наным-сеніміне қарамастан, жалпы қауымға, кең аудиторияға арналады. Мақсаты – ғылым саласындағы жаңалықтар туралы немесе елдің ішкі, сыртқы жағдайы туралы көпшілікті хабардар ету.

Ғылыми стильде диалог пен монолог қолданылады. Соның ішінде монолог жетекші орында.



3. Өздерің оқып отырған осы оқулықтың қай стильге, оның ішінде қай шағын топқа жататынын дәлелдеңдер.



4. Графиктік мәтіндегі деректердің маңызды тұстарын талдап, мәтін құрастырып жазыңдар.





5. Ақселеу Сейдімбековтің «Күмбір-күмбір күмбездер» атты кітабынан алған үзіндіні оқып, ой қорытындысын жасаңдар.

Көшпелілердің сұлулық туралы талғам-түсінігі осы киіз үй арқылы көрініс тапты. Киіз үйдің сықырлауығынан бастап шаңырағына дейінгі әрбір бөлшегі – өз алдына оқшау өнер туындысы, олар бір-бірімен мінсіз үйлескен шақта керемет өнер туындысын құрайды. Осынау өнер туындысы көшпелілердің күнкөріс мұқтажынан бастап, рухани талғам-талабына дейін қызмет еткен.

(А.Сейдімбеков)



6. Екі түрлі пікірдің бірін жақтап, ойталқы өткізіңдер.

1. ХХІ ғасырда киіз үйдің маңызы, қажеттілігі жоқ, сондықтан өмір салтымыздан алып тастау керек.
2. Киіз үй халқымыздың ұлттық жәдігері ретінде ешқашан өз маңызын жоғалтпайды және қолайлы жазғы баспана ретінде әлі де пайдаланылады.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Ойталқыдағы екі пікірдің бірін жақтап, өз пікірлеріңді дәлелдеп, шағын мақала жазыңдар.
2. Берілген сұрақтар бойынша киіз үй жабдықтарын жазып шығыңдар.

- 1) Киіз үйдің есігі не деп аталады?
- 2) Шаңырақты жабатын киіз қалай аталады?
- 3) Ең бірінші киіз үйдің несі құрылады?
- 4) Керегені жабатын киіз қалай аталады?
- 5) Уықты жабатын киіз не деп аталады?
- 6) Киіз үйдің ағаш сүйегіне нелер жатады?
- 7) Киіз үйдің киіз жабдығының атауларын білесің бе?
- 8) Шаңырақ пен керегені бекітетін ағаш қалай аталады?
- 9) Үйдің уық қадайтын дөңгелек шеңбері қалай аталады?

§3.

Қазақстандағы ежелгі сәулет өнері



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өздерің тұратын өңірде қандай тарихи орындар бар?
2. Тарихи жәдігерлерді сақтап қалу үшін қандай жұмыстар жүргізілуде?



2. Әртүрлі стильдегі мәтіндерді оқып, тақырыбын қойыңдар және тілдік ерекшеліктерін салыстыра отырып талдаңдар.

А мәтіні

Киелі Ұлытау жерінде тарихи ескерткіштердің саны үш жүзге жуықтап қалады. Солардың бірі – Сәтбаев қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 80 шақырым жерде орналасқан Алаша хан кесенесі. Ғалымдар бұл кесенені, шамамен, XV ғасырдың соңында тұрғызылған деп болжайды. Сәулетті ескерткіш Қаракеңгір аталатын өзеннің жағасында, биіктеу жоталардың бірінде тұр. Күмбезді ескерткіштің жалпы аумағы, шамамен, 10–12 м², ал биіктігі – 10 метр. Күйген кірпіштен тұрғызылған кесененің төбесіне 2,5 метрдей күмбез шығарылған.

Кесене қабырғалары түстері әртүрлі, көлемдері де сан қилы кірпіштерден геометриялық бейне жасап, кілемдей өрнектеліп соғылған. Дәл солай өрнектеу Айша бибі мен Ахмет Ясауидің кесенелерінде кездеседі. Ғалымдар Сығанақ қаласы маңындағы Көккесене мен Алаша ханның кесенесі арасында ұқсастық көп екенін айтады.

Қазақ хандығының іргесінің қалануымен тұспа-тұс келетін кесене біз ойлағандай ханды жерлеу үшін салынбаған. Кейбір зерттеушілердің сөзінше, ол жаңа хандықтың символы ретінде тұрғызылуы мүмкін. Сондай-ақ осы кесененің орнында ұлы адамдар жерленген үлкен әрі көне қорым болған дейді.

Алаша хан кесенесі сәулетті, тарихи маңызды ескерткіштердің бірі болып есептеледі. Бұл орын республикалық маңызы бар мәдени нысандардың санатында, яғни Қазақстанның киелі 100 нысанының қатарынан табылып отыр.

(С.Мамышқызының «Алаша хан кесенесі» мақаласынан)

Ә мәтіні

Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан Сарайшық шаһарының іргесі Алтынорда тұсында қаланған. Оны Шыңғыс ханның немересі, Жошының баласы Бату ханның салдырғаны туралы Әбілғазы шежіресінде жазылған.

Алтынорда дәуірінде Сарайшықта теңге соғылғаны жайлы да мәліметтер бар. Қала орнында жүргізілген қазба кезінде бетіне арабшалап «Сарайшық» деп жазылған мыс теңгелер табылды.

Сарайшықта хандар мен тарихи тұлғалар жерленген. Солардың арасында Мөңке-Темір, Тоқтағу, Жәнібек, Қасым хандар бар. Шаһар Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының астанасы міндетін атқарған. Ноғай ордасының орталығы болған бұл қала орыс-казактарының 1580 жылғы шабуылынан қирады. Қаланың қаңырап қалған бөлігі XVI ғасырдан бастап мазарға айналды.

Сарайшықтың қираған орны Атырау қаласынан солтүстікке қарай 50 шақырым жерде орналасқан. Ол жерде Сарайшық аталатын кішкене ауыл осы күнге дейін бар. Сол ауылда И.Н.Тасмағамбетов 1999 жылы мешіт пен музей салдырған. Музейдің алдына Сарайшықта жерленген хандарға арнап тамаша ескерткіш – Хандар пантеоны (*жоғарыдағы суретте – ред.*) тұрғызылды. Пантеонның биіктігі – 17 метр, 8 қабырғалы. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арнап құлпытастар қойылған. Құлпытастарда хандардың аттары мен хандық құрған мезгілдері жазылған.

Музейге қаланың орнында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған археологиялық жәдігерлер қойылған. Бұл күнде қаланың басым бөлігін өзен суы жуып кеткен. 1996 жылдан бері Сарайшық қаласының орнында жүргізіліп келе жатқан археологиялық қазбалар нәтижесінде Қазақстан тарихының Алтынорда дәуіріндегі келбетін көрсететін бай материалдар жинақталды.

(Д.Талеевтің «Сарайшық» мақаласынан)





Ғылыми стильге жататын кейбір аталымдарды білгеніміз дұрыс. Мысалы: монография, рецензия (сын-пікір), түсініктеме т.б.

Монография – белгілі бір тақырыпты жан-жақты зерттейтін көлемді ғылыми еңбек, бір немесе бірнеше ғалымның белгілі бір тақырып бойынша жаңалықтары мен болжамдары. Монографияның көлемі 5 баспа табақтан (90 бет) жоғары болуы тиіс.

Рецензия – жұмыстың өзектілігі, жетістігі мен кемшілігі туралы ескертпе-ұсыныстардан тұратын еңбек. Рецензияның түрлері:

- 1) рецензия-мақала (дәстүрлі пішін);
- 2) рецензия-сұхбат (диалог, дөңгелек үстел);
- 3) рецензия-фельетон (өткір сыни);
- 4) рецензия-очерк (көлемді рецензия);
- 5) рецензия-хабарлама (аннотацияға жақын шағын рецензия).

Түсініктеме – түпнұсқаға (кітап, оқулық, монография, мақала) жазылған қысқаша сипаттама. Мұнда еңбектің мақсаты, қысқаша мазмұны, кімдерге арналғаны, ғылымның қай саласын қамтитыны көрсетіледі. Дұрыс және сауатты жазылған түсініктеме оқырманға қажетті еңбекті тез тауып, уақыт үнемдеуіне септігін тигізеді. Түсініктеме көпшілікке түсінікті, қарапайым тілде жазылуы тиіс.



3. Берілген үлгіні негізге алып, өздерің оқыған бір кітапқа шағын түсініктеме жазыңдар. Сөз саны – 50–60.

Уәлиханова Г.Ж. Өсімдік биотехнологиясы. Оқулық. – Алматы: «Қазақ университеті», 2001.

Оқулықта өсімдіктен алынатын клеткаларды, мүшелерді жасанды қоректік ортада асептикалық жағдайда өсірудің теориялық негіздері мен әдістері жазылған. Клеткаларды *in vitro* жағдайында өсіру әдісі өсімдіктер биотехнологиясының негізі ретінде қарастырылады. Кітапта клондық микроөбейту әдістері, клеткалық және гендік инженерия мәселелері талданады.

Оқулық университеттің студенттеріне, магистранттарына, аспиранттарына және ғылыми қызметкерлеріне арналған.

(pps.kaznu.kz)



4. Екі топқа бөлініп, екі мәтінмен жұмыс жасаңдар. Жауаптарыңды ортаға салып, сұхбат құрыңдар.

1. Белгілеуші топ мәтіннен тірек сөздерді табады.
2. Баяндаушы топ мәтін мазмұнын баяндайды.
3. Сұрақ қоюшы топ мәтін мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастырады.
4. Байланыстырушы топ мәтін мазмұнын өмірмен байланыстыра отырып, нақты мысалдар келтіреді.



5. Жазылым тапсырмаларының бірін орындаңдар.

1. Ғылыми-көпшілік стильдің тілдік құралдарын орынды қолданып, ұлттық құндылықтарымызды сақтау және дәріптеу мақсатында Мәдениет министрлігіне ұсыныс хат жазыңдар. Сөз саны – 100.
2. Өздерің тұратын аймақтағы тарихи орынға келетін туристерге арнап нұсқаулық жазыңдар. Сөз саны – 100.



- Сәулет өнері ескерткіштері – сол дәуірдің эстетикалық нормалары, идеологиясы, ғылыми-техникалық мүмкіндігі, мәдени қарым-қатынастары, құрылысы мен қолөнері туралы түсінік беретін аса бай ақпарат көзі.
- 18 сәуір – тарихи орындар мен тарихи ескерткіштерді қорғау күні.



6. «Қазақстанның ежелгі сәулет өнері» тақырыбында ғылыми-көпшілік стильде мақала жазыңдар. Сөз саны – 160–180.

§4.

Ескерткіштер сыр шертеді



1. Мәтінді оқып, ондағы мәліметтерді кесте, сызба, сурет не шартты белгілермен беріп көріңдер.

Қызылжар қаласындағы тарихи маңызға ие сәулет ескерткіштерінің ішіндегі ең құндысы – Абылай ханның ақ үйі. Бұл кешен шаһардағы ең көрікті орындардың бірі болып саналады. Отау құрған жастар да, қалаға келген қонақ та осы музей-кешенге ат басын бұрмай кетпейді.

Алғашында ақ үй туралы ел аузында аңыз көп болатын, кейін аңыз ақиқатқа айналды. Жергілікті ақсақалдар Абылайдың ақ үйі туралы аңыздарды көп айтатын. Ғимараттың талай зұлматтан аман қалғаны, бұл мекеннің киелі екені тілге тиек етілетін.

Абылай ханның ақ үйі жайында ақын-жазушылардың шығармаларында да жазылған. Мәселен, бұл үй туралы деректер Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәді төре Жәңгірұлы, Үкілі Ыбырайдың жазбаларында кездеседі.

Абылайдың ақ үйі
Қызылжар деген қалада.
Жарға жақын салынған
1824 жылында...

Үкілі Ыбырайдың осы өлеңі 1926 жылы «Бостандық туы» газетінде басылған екен. Ақын бұл үйде кейін қазақ балалары оқығанын да айтқан.

Ал Шәді төре Жәңгірұлы өзінің «Тарихат» атты дастанында: «Бұл кезде Қызылжарда бір сарай бар, «Абылайдың ақ сарайы» деп айтылар», – деп жазады.

Журналист Жақсыбай Самрат өзінің «Абылайдың ақ үйі» атты кітабында Фазыл есімді ақсақалдың балаларына айтқанын келтіреді: «Ұмытпаңдар, анау – Абылайдың ақ үйі. Сол жерде ата-бабаларыңның ізі бар, ханға сәлем беруге, ақыл-кеңес алуға, мәслихат құруға кең даладан келген кілең жақсылар мен жайсаңдардың ізі бар», – дейді екен.

Бұл үй туралы нақты дерек Мәскеу мұрағаттарынан табылды. Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігі арқылы жеткен хатта Абылай ханға 1762–1765 жылдары үй салынғаны туралы айтылып, оның жоспары және тағы да басқа құжаттар жіберілген. Халық арасында «Ақ үй» аталып кеткен ғимарат Ресей патшайымы II Екаторинаның бұйрығымен салынған екен. Ханның сарайымен бірге кеңсе, монша, қонақтарға арналған бөлмелер болған. Алайда дөң үстіндегі бір қабатты бөренеден өрілген ғимарат өртеніп кетіп, кейін оның орнына екі қабатты үй бой көтереді. Бізге жеткені – сол.

Қызылжардағы хан үйі «Мәдени мұра» бағдарламасына енгізіліп, қалпына келтірілді. Қазір Абылай ханның резиденциясы музей-кешен ретінде жас буынға қызмет етуде. Шаһардың сәні мен мәнін кіргізіп тұрған да осы үй десек қателеспеспіз.

(Е.Амантайұлы)



2. Оқылым мәтіні бойынша «Ойлаудың алты қалпағы» әдісі арқылы өз ойларыңды айтып, өзгенің пікірін бағаландар.

1. Қызыл қалпақ – Интуиция. Бұл мәтінді оқығанда қандай сезімге бөлендіңдер? 2 мысалмен дәлелдеңдер.
2. Сары қалпақ – Позитив. Оқылымның жағымды тұстары қандай? 2 дәлел келтіріңдер.
3. Жасыл қалпақ – Креатив. Оқылымнан соң қандай ойлар пайда болды? 2 ұсыныс жасаңдар.
4. Ақ қалпақ – Фактілер. Қандай жаңа, бұрын білмеген ақпарат алдыңдар?
5. Қара қалпақ – Негатив. Оқылымнан қандай жағымсыз ойлар пайда болды? 2 мысалмен дәлелдеңдер.
6. Көк қалпақ – Шолу. Оқылым мәтініне шолу жасаңдар. Қазақ жеріндегі ескерткіштерді қалай танытуға болады?



3. Жоғарыдағы ақпараттарды негізге алып, «Көне ескерткіштерді қорғайық!» атты қоғамдық форумға қатысушылар атынан көпшілікке үндеу жолдаңдар. Сөз саны – 100–120.



4. Қазақстандағы көне қалалардың картасын сызыңдар.



Жаңа қолданыстағы сөздер

Тіл қоғаммен бірге дамып, жаңа сөздермен толығып отырады. Академик Р.Сыздық қазақ тілінде жаңа сөз қолданыстарының пайда болуына себепкер жағдайларды атап көрсетеді:

1. Өмірдің өзі әкелген жаңалықтарды атау қажеттігі. Осыған орай көптеген жаңа ұғымдарды білдіруде қазақ тілінің өз мүмкіндігі бар екені айқын болды. Соның нәтижесінде 80-жылдарға дейін орысша қолданылып келген *устав (жарғы), программа (бағдарлама), компенсация (төлемақы), документ (құжат), информация (ақпарат), пенсия (зейнетақы), спонсор (демеуші), процент (пайыз), репатриант (оралман), репрессия (қуғын-сүргін)* т.б. қазақша аталатын болды. 1920–1930 жылдары біраз қолданылып, кейін ығыстырылған *төраға, хатшы, құқық, құжат* т.б. сөздер қайтадан қолданысқа енді. Кейбір жергілікті сөздер: *кеден (таможня), шалғам (редис), шалқан (репа), сусамыр (диабет)* т.б. терминдер жасауға пайдаланылды.
2. Бұрын орысша аталып немесе суреттеме (түсіндірме) жолымен білдіріліп келген ұғымдардың қазақша жатық, мүмкіндігінше дәл баламасын табуға әрекет, ізденіс артты. Мысалы: *жолсерік (проводник), телекөпір (телемост), отбасы (семья), нарық (рынок), мердігерлік (подряд), ұшақ (самолет), тікұшақ (вертолет), иегер (кавалер ордена), зергерхана (ювелирная мастерская), зертхана (лаборатория), көлікжол (проезжая часть дороги), жаяужол (тропуар), бағдаршам (светофор), жаһандану (глобализация)* т.б.



5. Күнделікті баспасөз материалдарынан жаңа қолданыстағы сөздерді тауып, топтастырыңдар.



6. Қазақстандағы көне ескерткіштердің тізімін жасап, хронологиялық кесте құрастырыңдар.

§5.

Қазақстанның XIV–XV ғасырлардағы сәулет өнері



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстанда сәулет өнері қай дәуірлерде дамыды деп ойлайсыңдар?
2. Қазақ жеріндегі әйгілі сәулет өнерінің туындыларына қандай ескерткіштер жатады?
3. Өздерің білетін тарихи ғимараттар туралы қандай аңыздарды білесіңдер?



2. Мәтінді оқып, стилін анықтаңдар. Мәтіннің тақырыбын, мақсаты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін алдыңғы сабақтағы мәтінмен салыстыра талдаңдар.

Қазақ жерінде сәулет өнері X–XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің кезінде өркендеген. Дәлел – Тараз қаласының маңынан XI–XII ғасырларда салынған Айша Бибі, Бабажы қатын сияқты сәулет өнерінің тамаша туындылары. Ал ірі архитектуралық құрылыс жүйелері XIV–XV ғасырларда салына бастаған, мысалы: Арыстан баб, А.Ясауи, Көк кесене, Алаша хан және т.б. кесенелері.

Арыстан баб кесенесі Отырардың батыс жағында, Сырдария өзеніне жақын жерде орналасқан.

XIV–XV ғасырлар аралығында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған сәулет өнері – Қожа Ахмет Ясауидің кешенді кесенесі. Қожа Ахмет – мұсылман дінінің көрнекті өкілі әрі уағыздаушысы, ғұлама ақын. Кесене Түркістан қаласының орталығында орналасқан. Тарихи деректерге жүгінсек, кесенені Әмір Темір 1397 жылы Қожа Ахметтің мұсылмандар арасындағы беделін көтеру, пір тұтушылардың сеніміне ие болу мақсатында салдырған.

Аумағы – 46,5x65,5м, биіктігі – 37,5 м, алдыңғы беті шығысқа қараған, екі беті күмбезді 35 бөлмеден тұрады. Ең үлкен орталық бөлмесінің көлемі – 18,5x18,5 м, ортасында 1399 жылы жасалынған үлкен тайқазан тұр. Ең негізгі бөлмелердің бірі – кітапхана мен Оңтүстік Үлкен Ақсарай, Кіші Ақсарай. Онда атақты адамдар жерленген.


Ең басты бөлмесі «Көрхан» деп аталады, онда Ахмет Ясауидің мүрдесі қойылған. Кесененің сырты әйнек, сырлы құйма кірпіштермен қапталған, қабырғалары түрлі өрнектермен әшекейленген. Көрханның үстіне қатпарлы күмбез тұрғызылған.

Көккесене – Ақ Орданың астанасы болған Сығанақ қаласының маңында, Төменарық деген жерге 8 шақырым жерде орналасқан күмбезді кесене. Сыртқы беті кілем сияқты өрнек үлгісімен жасалған екен. Өкінішке орай, бүгінгі күні тек жұрнағы ғана қалған.

Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғасырдың екінші жартысында А.Ясауи кесенесінің дәл жанына, 60 м жерге салынған, бес бөлмеден тұрған. XIX ғасырдың соңында, 1895 жылы, қараусыздықтан қираған. Кейін төбесіндегі күмбезі А.Ясауи кесенесінің ішінен табылған. Қалай келгені белгісіз. Құлыптаста Рабия Сұлтан Бегімнің Әмір Темірдің немересі, яғни Ұлықбектің қызы екені, 1485 жылы қайтыс болғаны жазылған. 1980 жылдан бастап кесенені қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.



3. Сөзжұмбақты шешіңдер. Ондағы маңызды мәліметтерді талдап, мәтін жазыңдар.



1. Қожа Ахмет Ясауи кім?
2. Түркістандағы кесене кімнің мазары?
3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салдырған адам.
4. Кесене сөзінің халықаралық атауы.
5. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан қала.
6. Қожа Ахметтің рухани ұстазы (*ескерту: * бөлек жазылатын сөздердің арасына қойылды*).
7. Әлемдегі ең үлкен кітапхана (391–1220 жж.) орналасқан қала.



Бұл қазан Әмір Темірдің тапсырысымен 1399 жылы Түркістанға 27 шақырым жердегі Қарнақ елді мекенінде құйылған. Ирандық шебер Әбділ Әзиз Шарафаддин Тебризи жасаған.



Қазан сыртындағы арабтың таңбаларымен жазылған үш қатар жазуда оның Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арналып жасалғаны айтылады.

1935 жылы тайқазанды Санкт-Петербургтегі Эрмитажға, Иран шеберлерінің III Халықаралық конференциясына алып кетеді. Жарты ғасырдан астам уақыт сонда тұрып, 1989 жылы 18 қыркүйекте ғана Түркістанға қайтарылды.



4. Ғаламтор ресурстары мен баспасөзден қате қолданыстағы сөздерді тауып, морфологиялық және синтаксистік нормаларды сақтап қайта жазыңдар.

Үлгі:

Қате қолданыс	Дұрысы
<i>Грек халқы елінің пейзажын оған жердің кез келген түкпіріндегі барынша көп әдемілікті жинап алып, сол алқапты күн сәулесімен естен тандыра нұрландыра алатын ақылды да аса шебер Құдайлар жасағандай болып көрінген.</i>	<i>Грек халқы өз елінің сұлу табиғатына тамсанған. Оларға жер бетіндегі барша сұлулықты Күн сәулесімен нұрландыра алатын ақылды да аса шебер Құдайлар осы таңғажайып табиғатты жасағандай болып көрінген.</i>



5. БАҚ пен қосымша әдебиеттерден, энциклопедиялардан Бекет ата мешіті туралы мәліметтер жинап, презентация дайындаңдар.



6. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, «Көне сәулет ескерткіштері – баға жетпес мұрамыз» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны – 160–180.

§6.

Ел астанасы – сәулет өнерінің жаңа тынысы



1. Ойтүрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Қазақстандағы сәулет өнерінің жаңа нысандары шоғырланған қандай қалаларды білесіңдер?
2. Елорданың жаңа бейнесін сипаттайтын қандай ғимараттарды атай аласыңдар?



2. Мәтінді оқып, стилін анықтаңдар. Тілдік ерекшелігін талдаңдар.

1997 жылдың желтоқсанында астананы Целиноградқа (Ақмола) көшіру қала сәулетінің дамуындағы үлкен бетбұрыс болды.

Шынына келгенде, 90-жылдардың ортасында Ақмоланың шағын ғана қала болғанын мойындау керек. Монументалды құрылыстардың қатарына қаланың Орталық алаңында тұрған Ленин ескерткішін, саябақтағы Кеңес үкіметін құру жолында қаза болған большевиктерге арналған стелланы және қаланың кіреберісінде қонақтарды қарсы алып тұрған «К-700» тракторын ғана айтуға болатын. Бұл Ақмола үшін жеткілікті болғанымен, болашақ астана үшін аз еді.

Жиырма жыл бұрын әлемнің үздік сәулетшілері өздерінің шығармашылық қиялдарын іске асыруға мүмкіндік алу үшін тартысқа түсті. Отандық сәулетшілердің де қолынан бірқатар туындылар шықты. Мысалы: Қаржы министрлігі, қалалық әкімдік, «Қазақстан» спорт сарайы, «Солтүстік төжі» және «Арман» тұрғын үй кешендері, коньки тебу стадионы және тағы басқа ғимарат жобалары. Бұл жобалардың авторы – Целиноград қаласының бас сәулетшісі, кейін астананың бас сәулетшісі лауазымын атқарған В.Лаптев.

Владимир Лаптев былайша еске алады: «Біздің буынның жаңа астана салу сияқты ауқымды жобаға қатысу жағынан жолы болды. Бұл үшін мен тағдырыма, мамандығыма, ең бастысы, бәріміз үшін маңызды шешім қабылдаған мемлекет басшысына ризамын.

«Осынау 20 жылда атқарылған жұмыстардың ішінде нені мақтан тұтасыз? Елорданың негізгі жетістігі қайсы?» деп сұрасаңыз, ең алдымен, қала тұрғындарының, ел халқының көңіл күйін деп айтар едім. Бұл – барлық азаматтар қатысатын процеске деген мақтаныш. Тіпті мақтаныштан да артық. «Біздің қолымыздан келеді!» деген ішкі қуаныш. Демек, біздің қолымыздан бұдан да артық істер келеді.

Бұл қалада біздің буын сәулетшілеріне де, келесі буын сәулетшілеріне де жұмыс жеткілікті. Астанамызды Париж, Лондон сияқты қала-астаналармен салыстыру үшін әлі бірнеше буын сәулетшілер еңбек етіп, сәулет туындыларын дүниеге әкеледі».

(А.Сүлейменов)

Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі дегеніміз – синтаксистік бірліктердің дұрыс қолданылуы. Синтаксистік норма сөйлем мүшелерінің қалыпты орын тәртібінің сақталуын талап етеді. Сөйлем мүшелерінің дұрыс орналасуы – баяндауыштың сөйлем соңында келуі, пысықтауыштың баяндауыштың алдында келуі, анықтауыштың өзі анықтайтын сөздің алдында келуі және т.б.

Мысалы: *Ұзын мүйізді көршінің қызыл сиыры жайылып жүр.* Мұнда *ұзын мүйізді* деген анықтауыш өз орнында тұрмай, сөйлемнің басына шығып кеткендіктен, «ұзын мүйізді көрші» болып тұр. Дұрысы – *көршінің ұзын мүйізді қызыл сиыры жайылып жүр.* Тағы бір мысал: *көп тараған қазақтың халық музыкасынан концерт береміз* деу дұрыс емес; дұрысы – *қазақтың жұртқа көп тараған халық музыкасынан концерт береміз.*

Бұлар – синтаксистік норманы сақтай білу.



3. Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтап, ғаламтор желісінен алынған мәтінді редакциялап, қайта жазындар.

Ордерлер – Құдай мүсіні сақталатын ғимарат, соның алқасы ретінде ойластырылған грек храмының өзі мүсіндермен безендіріледі. Оларға құжыраның немесе тұғырдың қажеті жоқ, өйткені олар осы храмның келбетімен астасып

кеткендей. Архаикалық архитектура тастан жасалған зор қалдықтары аспан фонында ерекше көзге түседі. Осы қирандылардың құдіреттілігіне қайран қалған біздің қиялымыз бір кезде асқақ тұрған храмның тұтас қалпын елестеткісі келді, бірақ қайта жасалған храм көрінісі Грекияның атақты ескерткіштері біздің санамыздағы бейнесі жаңсақ.



4. Қала келбетіне қарап, берілген екі пікірдің бірін немесе өздерің ұсынған үшінші пікірді жақтап, ойталқы өткізіңдер.

1. Ел астанасының сәулеті мен құрылысында ұлттық философия, ұлттық нақыш басым.
2. Елордадағы ғимараттар заманауи үлгіде салынған.



5. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып, «Қазақстан астанасы – сәулет өнерінің жаңа тынысы» тақырыбында сұхбаттасыңдар.



6. Ғылыми-көпшілік стильдің ерекшеліктерін сақтап, елордаға келген туристерге арнап нұсқаулық жазыңдар. Сөз саны – 100.



7. «Елорданың әсем келбеті» тақырыбында аргументті эссе жазып, маңызды тұстары мен үрдістерін талдаңдар. Сөз саны – 160–180.

§7.

Қазақтың танымал сәулетшілері



1. Ойтүрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

Заманауи архитектура кімді болса да қызықтыратыны сөзсіз. Халқымыздың мақтанышына айналған «Тәуелсіздік» монументі, «Ақорда», «Қазақстан» қонақүйі тәрізді сәулет өнері туындылары туралы не білесіңдер? Бұл зәулім ғимараттарды тұрғызуға күш салған сәулет майталмандары жайында білесіңдер ме?



2. Мәтінді оқып, мәліметтерді талдаңдар. Негізгі үрдістерді анықтаңдар.

Бүгінде қазақ даласы әлемнің үздік сәулетшілерімен қатар, отандық сәулет өнері шеберлерінің керемет идеяларын іске асыратын құт мекенге айналды. Отандық сәулетшілер де бай тарихымызды паш ететін, ұлттық нақыштағы әсем ғимараттар мен ескерткіштерді дүниеге алып келді.

Ақмырза Рүстембеков – халықаралық байқауларда бірнеше рет марапатталған, Қазақстанның басты символына айналған «Астана-Бәйтерек» жобасының жетекшісі әрі идея авторы. Сонымен бірге ол – Алматыдағы «Silk Way» сауда орталығының, Алматы мен Бішкек қалаларындағы көптеген тұрғын үйдің авторы.

Шоқан Матайбеков 2005–2007 жылдар аралығында Астана қаласының бас архитекторы қызметін атқарды. Танымал сәулет нысандары, атап айтсақ, «Тілеп қобыз сарайы» салтанат сарайы, «Сулы-жасыл бульвар» көпфункционалды кешені, «Солтүстік шұғыласы» тұрғын үй кешені, Министрліктер үйі, «Шабыт» шығармашылық сарайы мен басқа да құрылыс нысандары аталмыш автордың идеясынан туған. Шоқан Матайбеков есімі шетелде де танымалдыққа ие.

Сұлтан Баймағамбетов Алматы қаласы Сәулет департаментінде 16 жыл басшылық қызметін атқарды, қаланың бас сәулетшісі болды. Ол – Алматы қаласының Орталық мешіті мен әуежайының, «Нұрлы Тау» көпфункционалды кешенінің, Жамбыл Жабаев пен Абылай хан ескерткіштерінің,

оңтүстік астананың өзге де көптеген сәулет кешенінің авторы. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы – Ақорданың авторларының бірі.

Болат Құспанғалиев – 2000 жылы архитектура саласында докторлық диссертация қорғап, қазақтың алғашқы сәулетші докторы атанған ғалым. Б.Құспанғалиевтің басқаруымен өрі жетекшілігімен 20-дан астам жоба орындалған. Олардың қатарында елордадағы «Хайвилл Астана» көпфункционалды тұрғын үй кешені, «Белый Лайнер» әкімшілік-тұрғын үй кешені, Алматыдағы «Apple Town» көпфункционалды тұрғын үй кешені бар.

Сәулетшілердің ой-қиялынан туған кез келген ғимарат, құрылыс, шындап келгенде, өнер туындысы, сәулет өнері туындысы болып саналады.

(Дайындаған М.Ақан)

Мәтіндегі сөйлемдердің орын тәртібі

Қазақ тілінің синтаксистік мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланып, әртүрлі ойға сәйкес етіп алуан түрлі сөйлемдер құрай білу тіл шеберлігін қажет етеді. Адамның басқаға хабарлайтын пікірі жеке сөздермен шектелмей, ұласа айтылған сөйлемдер қатарымен тиянақталып тұрады. Сондықтан сөйлемдер арасы өзара дұрыс құрылуы тиіс. Сонда ғана тыңдарман не оқырман сөйлеушінің не жазушының ойын түсініп, не айтпақ болғанын ұғады.

Қате қолданыс

Аталған символ Астананы әлемдік сахнада таныстыратын болады. Жобаның мақсаты – елорданың имиджін нығайтып, танымалдылығын арттыру, туристік тартымдылығын насихаттау. Елорданың үздік сәулетшілері және суретшілері бас қаланың туристік символын жасауда шеберліктерін сынайды.

Дұрысы


Елорданың үздік сәулетшілері және суретшілері бас қаланың туристік символын жасауда шеберліктерін сынайды. Аталған символ Астананы әлемдік сахнада таныстыратын болады. Жобаның мақсаты – елорданың имиджін нығайтып, танымалдылығын арттыру, туристік тартымдылығын насихаттау.

- ✓ 3. Мәтін мазмұнын сақтап, сөйлемдердің орнын ауыстырып, қайта жазыңдар.

Бұл мамандықтың мұнша биік дәрежеге көтерілуіне сәулет өнерінің сенімді қызметшілері – архитекторлардың тигізген ықпалы мен сіңірген еңбектері өлшеусіз. Ол – адамзатқа қалтқысыз қызмет ететін құрметті мамандық. Оны толық меңгеруге терең білім, ерен қабілет, кемел ақыл-ой керек. Архитектор болу – оңай шаруа емес.

- 🗨️ 4. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, «Сәулетші қандай мамандық?» тақырыбында пікірлесіңдер.

- 📍 5. Сұхбаттағы пікірлеріңді жинақтап, «Сәулет өнері» сөзіне ассоциограмма жасаңдар. Ондағы мәліметтерді талдап, шағын мәтін жазыңдар. Сөз саны – 100.



- 🔍 6. Қазақтың танымал сәулетшісі Сайын Назарбек туралы мәлімет жинап, қысқаша хабарлама дайындаңдар.

- 🏠 7. Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай отырып, «Қазақтың алғашқы сәулетшілері» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар.

§8.

Қазақ сәулетшісі – Шот-Аман Уәлихан



1. Ойтүрткі сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Қазақ сәулетшілері туралы не білесіңдер?
2. Шот-Аман Уәлиханның қандай еңбектерін білесіңдер?



2. Мәтіннің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін алдыңғы сабақтағы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар.

1950 жылдың күзі еді. Көкшетау облысы Айыртау ауданының Сырымбет елді мекенінде 10-сыныпты бітірген соң, әрі қарай оқуды жалғастыруды ойладым. Ойланып-толғанып жүргенімде, «Комсомольская правда» газеті қолыма түсті. «Оқуға қайда баруға болады?» деген бетті қарасам, Мәскеудің архитектура институтына қабылдау бар екен. Бір аңғарғаным, оған түсетін оқушылар басқа пәндердің үстіне сурет пен математикадан қосымша емтихан тапсырады екен. «Міне, менің болашақ мамандығым – осы. Архитектура, қазақша сәулет өнері, өнер мен техниканың түйіскен жері. Іздегенім – осы!» – деп қорыттым.

Күмәндану да болды. Алты жыл оқу көп емес пе? «Архитекторлар үй салумен айналысса, ауылдағы балташы Оспан қарт алты жыл оқымай-ақ үй салып жүрген жоқ па?!» – дегендер де болды. Мұғалімдерден қазақтың қандай архитекторлары бар екенін сұрап та көрдім, ешкім ештеңе айта алмады. Білгірлеу біреуі: «Орыстың Щусев деген архитекторы бар, ол Ленин мавзолейін салған, ал қазақтан архитектор шыға қойған жоқ-ау», – деп күбірледі. «Шықпаса шықпасын, алғашқы архитектор өзім болатын шығармын» деген өзімшілдік ой мені биледі.

Құжаттарымды салып жібердім. Хабар алдым: Мәскеудің архитектура институтында орын қалмапты, сондықтан маған Ленинградтың Көркемсурет академиясының архитектура факультетіне баруды ұсыныпты. Болса болсын...

Алдымен Мәскеуге келдік. Трубников көшесінде Қазақстан елшілігі болатын. Сонда отырғанда:

– Иштеріңде архитектура мамандығын таңдаған абитуриенттер жоқ па? – деп бір кісі сұрады.

Қарасам, басында – шляпа, үстінде – ақ сұр макинтош, аппақ көйлегіне кестелі галстугі жарасып тұрған жылы жүзді, кең танау, орта жастағы азамат екен. Қасында менен гөрі ересектеу жас жігіт бар. Өлгі кісі:

– Мен қазақтың тұңғыш архитекторы Төлеу Құлқаманұлы Бәсенов деген ағаларың боламын, – деп өзін таныстырды да: – Мынау – талантты жігіт Молдахмет Кенбаев. Сурет институтына түсейін деп жүр. Қазақстанда жоғары білімі бар архитекторлар аз, оның ішінде қазақтар жоқтың қасы, сол себепті қам жеп жатқаным ғой, – деп күрсінді.

...Төкең өте ширақ, пысық адам екен. Архитектура институтына түспекші ниетімді білгеннен кейін, мені Мәскеу архитектура институтына ертіп апарды. «Менің құжаттарым – Ленинградта», – дегеніме қарамады, «Мәскеуге алдырамыз», – деді. Құжаттарым Ленинградтан келгенше, сурет пен сызудан емтихан тапсыра беруіме келісіп қойыпты.

– Суретті қалай салушы едің, егер орташа болса, сен үшін Молдахмет салсын, жүре үйреніп кетесің ғой, – деді Төкең. Бұл сөз маған ұнамады, намысыма тиді, бөгде біреудің көмегінен бас тарттым.

Ақыры өз салғаным іске асты, суреттен «жақсы» деген баға алдым.

(Шот-Аман Уәлиханнның «Тамыр» мақаласынан)



3. Үш топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ

1. Сәулет өнері деген ұғымды қалай түсінесіңдер?
2. Қазақ жеріндегі архитектуралық ескерткіштерді атаңдар.
3. Киіз үйдің архитектуралық құрылысқа жататынын дәлелдендер.

2-топ

1. Қазақстандағы сәулет өнерінің кезеңдерін атаңдар.
2. Ежелгі сәулет өнері туындыларын атаңдар.
3. Ортағасырлық сәулет өнерінің ерекшеліктерін атаңдар.

3-топ

1. Қазақстандағы тарихи ғимараттарды 3–4 сөйлеммен сипаттаңдар.
2. Қазақстандық сәулетшілер туралы ойларыңды 3–4 сөйлеммен жеткізіндер.
3. Елорданың сәулетін 5–6 сөйлеммен сипаттаңдар.



4. Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтап, архитектуралық ескерткіштердің тарихи маңызы туралы ғылыми-көпшілік стильде мақала жазыңдар. Сөз саны – 100.



5. Берілген тапсырмаларды орындаңдар.
 1. Сәулетшілер ерекше сәулет үлгісінің сызбасын ұсынады.
 2. Тарихшылар тарихи ескерткіштер туралы мәлімет келтіреді.
 3. Саяхатшылар ерекше мекенге жарнама әзірлейді.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. БАҚ, қосымша әдебиеттер мен энциклопедияларды пайдаланып, «Егемен елдің еркін сәулетшілері» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны – 160–180.
 2. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, «Сәулет өнері» бөлімі бойынша «Инсерт кестесін» толтырыңдар.

V	+	–	?
Мен осыны білдім.	Бұл – мен үшін мүлдем жаңа ақпарат.	Бұл менің білетініме қарама-қайшы, мен басқаша ойлап едім.	Мен бұл туралы көп білгім келеді, түсінбеген жерлерім бар, сұрақтарым бар.

VIII

БӨЛІМ

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ СЯСАТ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

ПУНКТУАЦИЯ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- қазіргі әлемдік саясат және жаһандану мәселелері туралы;
- дүниежүзі саясатында қалыптасқан әлемдік тәртіптер мен мемлекетаралық қатынастардың негізгі факторлары, өзекті мәселелері жөнінде;
- бүгінгі таңда әлемдік мәселелерге ықпал ететін саясат түрлері мен олардың категориялары, халықаралық саяси ұйымдар жайлы;
- жалпы әлемдік сипатқа ие жаһандану процесі, оның пайда болу тарихы мен негізгі құрамдас бөліктері туралы;
- жаһандану дәуіріндегі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы жаңа процестер мен ел тағдыры жайлы;
- сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдану жөнінде мағлұмат аласыңдар.

Бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекет пен адам озық бәсекеге сай болуы үшін, ең бірінші, білім мен ғылым өркендеуі қажет.

(Н.Назарбаев)

§1.

Қазіргі әлемдік саясат және жаһандану



1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әлемдік саясат дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Әлемдік деңгейдегі ортақ мәселелерге не жатады?
3. Әлемдік жаһандану процесі қалай дамуда?
4. Дүниежүзінің саяси картасына қарап, әлемдік басымдыққа ие елдерді атаңдар. Әлемдік саясатқа бұл елдердің ықпалы қандай?



2. Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге «Қосжазба күнделігі» әдісімен баға беріңдер.

Мәтінде көтерілген мәселе	Түсіндірме (комментарий)

Әлемдік саясат үнемі өзгеріс үстінде. Оған экологиялық өзгерістер, соғыс қаупі, ядролық қауіп, азық-түлік

тапшылығы, әлемдік ортақ ақпараттану, түрлі індеттер, индустриалдық-техникалық ортақтану, техногендік апаттар, халықаралық терроризм, наркотрафик, заңсыз қару-жарақ сату, халықаралық қылмыстар, адамдарды құлдыққа сату, діни экстремизм т.б. әлемдік қауіптер мен қайшылықтар үздіксіз өз ықпалдарын тигізіп отырды.

Әлемдік қауіптердің шиеленісуі экономикалық, қаржылық дағдарыстарға себеп болуда. Жаһандық дағдарыстардан әрбір мемлекет зардап шегеді. Сондықтан олар әлемдік дамудың ортақ мәселелерін шешуге мүдделі. Бірақ қандай қуатты болса да, жеке бір мемлекет әлемдік мәселелерді шешуге қауқарсыз. Жаһандық қауіптер мен қайшылықтарға қарсы барлық мемлекеттің бірлескен әрекеттері мен ортақ шаралары қажет. Әлемдік саясат осындай зәруліктен туындайды.

Әлемдік саясат – көпқырлы және көпжақты құбылыс. Оның қызметі жаһандық өзгерістердің және жаңа құбылыстардың тууына байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, планетаның жаһандық жылынуы әлем халықтарына түрлі табиғи апат әкелуде. Сондықтан өндірістің зиянды қалдықтарын азайтуға әрбір мемлекет мүдделі. Алайда кей мемлекеттер әлі де болса өздерінің капитал мүдделеріне басымдылық беруде. Өндіріс дамуда, зиянды қалдықтар өсе түсуде. Әлемдік саясат адамзатты сақтап қалу үшін әр елдің жеке ұлттық мүдделеріне тыйым салу қажеттілігін талап етуде.

Әлемдік саясаттың мақсаты – ғаламшарлық ортақ мәселелерді мемлекеттердің ұжым болып шешуін ұйымдастыру, ғаламдық мәселелерді шешуге бағытталған іс-әрекеттерін ортақ арнаға бұру, олардың арасында бейбітшілік пен татулықты сақтау. Әлемдік саясаттың түпкілікті, көкейкесті міндеті – адамзаттың өмір сүруіне жағдай жасау арқылы оның тіршілігін қамтамасыз ету.

Жаһандану процесі ХХІ ғасырдың басында бұрынғыдан да әлеуетті бола түсті. Жер шары халқының саны 2010 жылы 6,8 млрд болса, 2025 жылы 11 млрд адамға өсуі болжануда. Өкінішке орай, халықтың өсуі тіршілік ортаның ластануымен қатарласа жүруде. Бұл міндетті түрде экологиялық апатқа әкеледі деп есептейді сарапшылар.

(С.Борбасовтың «Қазіргі әлемдік саясат және жаһандық мәселелер» мақаласынан)



**Сөйлем және мәтін деңгейінде
қойылатын тыныс белгілері. Үтір**

1. Үтірмен сөйлемдегі қаратпа сөздер, қыстырма сөздер, одағайлар бөлінеді. Мысалы: *Сөйлей бер, ақ домбырам, күмбірлеген (Ж.Ж.). Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім (Абай). Бәрекелді, өзіңді момын ғой деп жүрсем, ыстығың түріңде екен ғой (М.Ә.).*
2. *Бәсе, жә, қош, құп, жарайды, мақұл, дұрыс* сияқты сөздер үтірмен бөлінеді. Мысалы: *Бәсе, даланың көркі енді кірді ғой (С.М.).*
3. Сөйлемдегі *иә, жоқ, мә* деген сөздер үтірмен бөлінеді. Мысалы: *– Иә, содан соң не болды? – деп ар жағын айтқызбақ еді (М.Ә).*
4. Үтір сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына қойылады.
5. Сөйлемдегі оңашаланған айқындауыш мүшелер үтірмен бөлінеді.
6. *Сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл* деген сөздермен келген және *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары қосылған тізбектер де (мысалы: *Үйге кіру түгілі, жақындамады; Өлеңдермен қатар, дастандар да жазды* т.б.) үтірге алынады.
7. *Қарамастан, қоспағанда, есептегенде* деген сөздерге аяқталатын сөз тізбектері үтірмен ажыратылады. Мысалы: *Аяғының ауырғанына қарамастан, ол шапшаң жүріп отырды.*
8. Үтір құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылады.
9. Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі хабарлы сөйлем немесе сөйлемнің бір бөлігі болса, одан кейін үтір (және сызықша) қойылады.
10. Бірдей немесе әркелкі тұлғада қайталанып келетін жеке сөздер мен тіркестердің (мысалы: *Лаула, лаула, жалын! Үйінде отырса, отырсын* т.б.) араларына үтір қойылады.
11. *Ол – ол ма, бұл – бұл ма, ол – ол болсын* деген тіркестер сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді.
12. Бірнеше тіркестен құралған тұрақты тіркестердің (мысалы: *ұзын арқау, кең тұсау; сегіз қырлы, бір сырлы* т.б.) арасына үтір қойылады.



- 3.** Үтірдің қойылатын орындарына байланысты қазіргі әлемдік саясат пен жаһандану туралы сөйлемдерді кестеге жазыңдар.

Қаратпа, қыстырма, одағай сөздерге қойылатын үтір	
<i>Бәсе, жә, қош, құп, жарайды, мақұл, дұрыс</i> сияқты сөздерге қойылатын үтір	

<i>Иә, жоқ, мә</i> деген сөздерге қатысты қойылатын үтір	
<i>Сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл</i> деген сөздерге қойылатын үтір	
<i>Қарамастан, қоспағанда, есептегенде</i> деген сөздерге аяқталатын сөз тізбектеріне қойылатын үтір	
Құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылатын үтір	
Төл сөз бен автор сөзіне байланысты қойылатын үтір	
Бірдей немесе әркелкі тұлғада қайталанып келетін жеке сөздер мен тіркестердің араларына қойылатын үтір	
Бірнеше тіркестен құралған тұрақты тіркестердің араларына қойылатын үтір	



4. Оқылым материалы бойынша негізгі ақпаратты «Іріктеп оқу» әдісімен анықтап, негізгі мәліметті конспектілеп жазыңдар.



5. Ұлылардың саясат туралы қанатты сөздерін оқып, өз ойларыңмен бөлісіңдер.

Халық бүлінсе – саясат түзейді (*Жүсіп Баласағұн*).

Саясатта жүрек болмайды, тек қана бас болады (*Наполеон Бонапарт*).

Саясат – жоқты бар ету өнері (*Отто фон Бисмарк*).

Саясатта табысты болу халықты өз көзқарасыңа иландырып, оларға анық, сыпайы, сабырлы әрі ашық түрде түсіндіруді қажет етеді (*Нельсон Мандела*).



6. Қанатты сөздердің бірін таңдап алыңдар. Өз білімдеріңе сүйеніп, тақырыпты жалғастырыңдар. «Еркін микрофон» әдісімен ойларыңды ортаға салып, сұхбаттасыңдар.



7. Қосымша әдебиеттер мен ғаламтор ресурстарында берілген ақпарат негізінде «Әлемге танымал саясаткерлер» тақырыбында шағын хабарлама дайындаңдар.



8. Газет-журналдардағы, теледидар және радиохабарлардағы саяси-әлеуметтік тақырыпқа арналған айдарларды анықтап, әрқайсысына «Жазбаша түсініктеме» әдісімен қысқаша шолу жасаңдар.

§2.

Әлемдік тәртіптер мен мемлекетаралық қатынастар



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қалай ойлайсыңдар, бүгінгі таңда ешбір елмен қарым-қатынас жасамай, томаға-тұйық өмір сүру мүмкін бе?
2. Әлем мемлекеттерінің жаһандық мәселелерін шешумен қандай халықаралық ұйымдар айналысады?
3. Төменде берілген эмблемалар қандай халықаралық ұйымдардікі?



2. Мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сөйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдаңдар.

А мәтіні

Қазақстан географиялық орналасуы жағынан әлемдік мүдделердің тоғысқан аумағында тұр. Сол себепті еліміз әлемдік қиындықтардан тыс қала алмайды. Мәселен, әлемдік АИТВ-ЖИТС індетінен тыс қала алмады. 1987 жылы елде алғашқы АИТВ инфекциясы тіркелсе, жыл санап бұл індетті жұқтырғандар саны артуда. Соңғы жылдарда бес жасқа дейінгі балаларда полиомиелит ауруының асқынуы байқалуда. Құс тұмауы, доңыз тұмауы сияқты жаңа індеттер де шекара-ларды жоққа шығаруда.

Әлем мемлекеттері жаһандық мәселелерді БҰҰ, ЕЫҚҰ, ШЫҰ, БСҰ сияқты халықаралық ұйымдар арқылы шешсе, жаһандық қауіптерге қарсы қозғалысын Гринпис, Халықаралық Қызыл Крест, Шекарасыз дәрігерлер, феминистік, гендерлік т.б. халықаралық азаматтық ұйымдар арқылы жүргізуде.

Халықаралық қатынастардың белсенді қатысушылары өздерінің мақсаттары мен тәуелсіздіктерін сақтай отырып, әскери-саяси блоктар (НАТО, ОДКБ, СЕАТО, СЕНТО, АНЗЮС), интеграциялық топтар (ЕО, ТМД), мемлекетаралық бірлестіктер (ШЫҰ, БРИК) арқылы әлемдік саясатқа қатысады және жаһандық мәселелердің шешілуіне атсалысады.

Ұлттық мемлекеттер әлемдік қатынастарда басқа мемлекеттермен экономика, сауда, ғылым мен техника, ақпарат т.б. салаларда тығыз қарым-қатынас жасайды. Елдің ішкі жағдайындағы сияқты әлемдік саясатқа да мүдделер мен күштердің қайшылықтары ерекше ықпал етеді. Мемлекеттердің өзара қарым-қатынасынан стихиялы түрде әлемдік саясат қалыптасады. Оның принциптерін, негізінен, тең құқықты мемлекеттер өзара қарым-қатынастары барысында жасайды.

Жеке адам әлемдік ақпараттық жүйелердің өнімдерін міндетті түрде пайдаланып отырады. Сол себепті ол әлемдік қауіптердің құрбаны болуы ықтимал. Демек, әлемдік саясат пен әлемдік тәртіптер жеке тұлғаның өміріне де белгілі дәрежеде ықпал етеді.

(С.Борбасовтың «Қазіргі әлемдік саясат және жаһандық мәселелер» мақаласынан)

Ә м ә т і н і



Мемлекеттер де адамдар секілді: олардың аралас-құраластарының арасында досы да, қасы да, бейтараптары да болады. Егер пенденің бағы не соры олардың басқа адамдармен қарым-қатынасын қалай құра білетіндігіне байланысты болса, мемлекеттердің тағдыры жөнінде дәл осыны айтуға болады. Өз мүдденді өзгелердің мүддесімен ебін тауып үйлестіре біл! Міне, бұл – үлкен өнер. Оны ғылым тілінде «саясат» дейді. Мемлекеттің бүгіні мен болашағы осы құрылымды басқарушылардың саясатты қаншалықты икемді жүргізе алуына байланысты. Оның үстіне қазіргі ғылым мен техниканың, коммуникацияның бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде дамуы бұл күндері жеке мемлекеттердің тағдырын дүниежүзілік геосаясаттың қанжығасына түпкілікті байлап беріп отыр.

(С.Асылбекұлының «Қазақстан – дүниежүзілік саясат ірімінде» мақаласынан)





Дефис

1. Қайталама қос сөз бен қосарлама қос сөздер аралығына дефис қойылады: *ауыл-аймақ, туған-туыс, қайта-қайта, шоқ-шоқ* т.б.
2. Күшейтпелі шырай жасайтын күшейткіш буыннан кейін дефис қойылады: *қып-қызыл, әп-әсем, жап-жақсы* т.б.
Ескерту. Ақ, көк сөздеріне күшейткіш буын үстелгенде, дефис қойылмайды: *аппақ, көкпеңбек (ап-ақ, көп-көк емес)* т.б.
3. Реттік сан есім араб цифрымен берілсе, одан кейін келетін зат есімнің алдынан дефис қойылады: *5-сынып, 6-қабат, 1-орын* т.б.
Ескерту. Сан есім рим цифрларымен берілсе, дефис қойылмайды: *XXI ғасыр, III сессия* т.б.
4. Сан есім цифрмен жазылып, оған септік жалғаулары жалғанса, арасына дефис қойылады: *5-ке 4-ті қосса, 20-ны 2-ге бөлсе* т.б.
5. Топтау, болжалдық сан есімдердің арасына дефис қойылады: *алты-алтыдан, екі-екіден, екі-үштерде, отыз-қырықтарда* т.б.
6. Басқы әріп түрінде қысқарған сөзден кейін жалғанатын қосымшаның алдына дефис қойылады: *ҚазҰУ-ға, БҰҰ-дан* т.б.
7. Шетелдік компания немесе шетелдік тауар (өзге тілдің әріптерімен жазылған) атауларынан кейін қосымша жалғанғанда, дефис қойылады: *Toshiba-ға, Henkel-ден* т.б.
8. Техника маркаларынан кейін қосымша жалғанса, арасына дефис қойылады: *ТУ-104-мі, ДТ-54-пен* т.б.
9. Ұзындық, салмақ т.б. өлшемдер қысқартылып берілсе, жалғанатын қосымшаның алдынан дефис қойылады: *см-дей, кг-нан, 10°-қа* т.б.
10. Нысан ретінде қолданылған жеке әріп немесе қосымшадан кейін дефис қойылады: *ә-нің сөз соңында келмейтіні, а-дан басталатын сөздер* т.б.
11. Араб тілінен енген әл артиклінен кейін дефис қойылады: *Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Райхан әл-Бируни* т.б.
12. *-мыс, -ақ, -ау, -ай* демеулік шылауларынан бұрын дефис қойылады: *келіпті-мыс, айтады-ақ, сен-ақ, сәулем-ау, қалқам-ай* т.б.
13. Есімше тұлғаларынан кейін келетін *-ды/-ді* шылауларының алдынан дефис қойылады: *келетін-ді, баратын-ды* т.б.
14. Қосымшалар жеке-дара қолданылғанда алдынан дефис қойылады: *-лар/-лер жалғауы, -ын/-ін қосымшасы, -лы/-лі жұрнағы* т.б.
15. Сөз жолға сыймай қалған кезде тасымалдау үшін дефис қойылады. (Оқулықтағы тасымалдарды қараңдар).

-  3. Оқылым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазыңдар (конспектілеңдер).
-  4. Ережені негізге алып, кестеге әлемдік тәртіптер мен мемлекетаралық қатынастар туралы мысалдар жазыңдар.

Қайталама қос сөз бен қосарлама қос сөздер аралығына қойылатын дефис	
Араб цифрымен берілген реттік сан есім мен зат есім арасына қойылатын дефис	
Заттанған сан есім мен септік жалғаулары арасына қойылатын дефис	
Топтау, болжалдық сан есімдердің арасына қойылатын дефис	
Басқы әріп түрінде қысқарған сөз бен қосымшаның арасына қойылатын дефис	
Техника маркалары мен қосымша арасына қойылатын дефис	
Шетелдік компания немесе шетелдік тауар атауларынан кейін қойылатын дефис	
-мыс, -ақ, -ау, -ай демеулік шылауларынан бұрын қойылатын дефис	
Есімше тұлғаларынан кейін келетін өткен шақ -ды, -ді қосымшаларының алдынан қойылатын дефис	

-  5. Егер сендерге болашақта саяси-әлеуметтік тақырыпта көпшілік алдында сөз сөйлеу тапсырылса, өз сөздерінде ел тағдырына байланысты қандай өзекті мәселелерді қозғар едіңдер? Ойларыңмен бөлісіңдер.
-  6. Мерзімді баспасөз материалдарынан халықаралық қатынастарда мемлекеттік басшылардың, қоғам қайраткерлерінің дипломатиялық сөздерін теріп жазып, тыныс белгілерінің қойылу сипатын түсіндіріңдер.



7. Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. Екі мәтінге ортақ тақырып қайсы?

- A) Жаһандық мәселелер халықаралық ұйымдар арқылы шешіледі.
- B) Ұлттық мемлекеттер басқа мемлекеттермен экономика, ақпарат т.б. салаларда тығыз қарым-қатынас жасайды.
- C) Жаһандану дәуірінде еш мемлекет әлемдік қиындықтан тыс қалмайды; олар геосаясаттың ықпалында болады.
- D) Қазір ғылым мен техника, коммуникация бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде дамуда.

2. Мәтіндердегі тірек сөздерді табыңдар.

- A) Ірі державалар, әскери-саяси блоктар
- B) Әлемдік саясат, геосаясат, жаһандық мәселе
- C) Қарым-қатынастар, қауіптер, індеттер
- D) БҰҰ, ЕЫҚҰ, ШЫҰ, БСҰ

3. Мәтіндердің стилін анықтаңдар.

- A) Ғылыми стиль, ауызекі стиль
- B) Ғылым-көпшілік стилі, публицистикалық стиль
- C) Көркем-әдебиет стилі, ресми ісқағаздары стилі
- D) Публицистикалық стиль, көркем-әдебиет стилі



8. Әлемдік саясат мен мемлекетаралық қатынастарда Қазақстанның ұстанып отырған бағыты туралы қысқаша презентация дайындап, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

§3.

Әлемдік мәселелерге ықпал ететін саясат



1. «Ротация» әдісі. Әр топқа бір сұрақ жазылған парақ беріледі. Әр топ түрлі түсті қаламмен жауап жазады да, бір-бірімен алмастырады. Соңында дауыстап оқып, бірін-бірі толықтырады.

1. Алғашында «мемлекеттік және қоғамдық істер немесе мемлекетті басқару шеберлігі» деген ұғымды білдірген «саясат» сөзінің қазіргі кеңейтілген мағынасын, негізгі функцияларын білесіңдер ме?
2. «Сыртқы саясат», «халықаралық саясат», «мемлекетаралық саясат», «мультиұлттық саясат», «трансұлттық саясат» ұғымдарын қалай сипаттар едіңдер?
3. Әлемдік саясаттың мәні мен мазмұны қандай халықаралық ұйымдардың қызметтерімен анықталады?



2. Мәтінді түсініп оқып, ондағы негізгі ойды анықтаңдар.

Ұлттық мемлекеттер шеңберінен тысқары жүргізілетін, әлемдік мәселелерді реттеуді немесе оларға ықпал етуді мақсат тұтатын саясат мынадай категориялардан тұрады:

- 1) сыртқы саясат;
- 2) халықаралық саясат;
- 3) мемлекетаралық саясат;
- 4) мультиұлттық саясат;
- 5) трансұлттық саясат.

Сыртқы саясат – мемлекеттің немесе жеке халықтың сыртқы саладағы қызметі. Сыртқы саясат мемлекеттің өмір сүруіне қолайлы сыртқы жағдайларды жасауды көздейді. Әлемдік қауымдастықтан ұлттық мемлекеттің орнын табуына ықпал етеді.

Халықаралық саясат – мемлекеттердің халықаралық аренада бірлескен қызметі. Ортақ мәселелерді бірлесіп, келісімдер арқылы шешу жолдарын көрсетеді. Халықаралық әріптестікті талап ететін мәселелердің көбеюіне байланысты бұл саясаттың маңызы арта түседі.




Мемлекетаралық саясат жекелеген мемлекеттердің арасындағы қатынастар жүйесін белгілейді. Олардың өкілдерінің (президент, парламент, үкімет, Сыртқы істер министрлігі, кеден т.б.) екі мемлекетке ортақ мәселелерді өзара келісіп шешуінің жолдарын анықтайды.

Мультиұлттық саясат – бірнеше мемлекеттен құралған саясат субъектілерінің (ЕЫҚҰ, ЕО, ШЫҰ, БРИК) халықаралық қатынастарға ықпал етуі.

Трансұлттық саясат – мемлекеттік емес саясат субъектілерінің, атап айтсақ, партиялар, кәсіподақтар, әлемдік діндердің ұйымдары, халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, трансұлттық корпорациялардың т.б. халықаралық аренада қызмет етуі.

Аталған категориялардың барлығы әлемдік немесе халықаралық саясат ұғымының түрлі аспектілері мен қырларын көрсетеді. Ал әлемдік, халықаралық саясат ұғымына келетін болсақ, бұл ұғым халықаралық құқық субъектілерінің (мемлекеттер, мемлекетаралық және мемлекеттік емес ұйымдар, одақтар, діни ұйымдар, трансұлттық ұйымдар мен корпорациялар т.б.) соғыс және бейбітшілік, адамзаттың сақталуы, жалпыға бірдей қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қарусыздану, ұлттық, аймақтық, жаһандық қайшылықтардың алдын алу және реттеу, қоршаған ортаны сақтау, аштық пен ауруларды азайту және басқа да әлемдік қайшылықтарды шеше отырып, адамзат үшін әлемде неғұрлым әділетті тәртіптер орнатуға бағытталған мақсатты қызметін көрсетеді.

(С.Борбасовтың «Қазіргі әлемдік саясат және жаһандық мәселелер» мақаласынан)

-  3. Оқылым мәтініндегі үтір, қос нүкте мен нүктелі үтірдің қойылу себептерін түсіндіріңдер.
-  4. Оқылым материалы бойынша негізгі ақпаратты тезис түрінде конспектілендер.
-  5. Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар. Сөз саны – 100.



Қос нүкте

1. Бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады: *Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек (Абай).*
2. Салалас құрмаластағы біріне-бірі түсінік болып келген және өйткені, себебі деген жалғаулықтар түсіп қалып жасалған жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады: *Мен пойызға үлгеретін болдым: пойыз кешке жүреді екен.*
3. Төл сөздің алдынан келген автордың сөзінен кейін қос нүкте қойылады: *Осы кезде ұста: «Мен мұны қай жерден көрдім?» – деп ойлады.*
4. Әрі қарай санамалап кететін бірыңғай сөздердің, сөйлемдердің алдынан келетін жалпылауыш мәнді сөйлемнен кейін қос нүкте қойылады: *Бұл жоба мына мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:*
 - 1) *төтенше жағдайларға мониторинг жасау;*
 - 2) *пайдалы қазбаларға барлау жасау т.б.*
5. Бірыңғай мүшелерден бұрын келген мысалы, атап айтқанда деген қыстырма сөздерден кейін қос нүкте қойылады: *Ірі өзендер, мысалы: Лена, Обь, Енисей – Солтүстік мұзды мұхитқа құяды.*

Нүктелі үтір


Цифр немесе әріптер арқылы санамаланып айтылған сөйлемдерден кейін нүктелі үтір қойылса, олар кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы: *Мына басты міндеттерін атап көрсетуге болады:*

- a) *прозалық фольклордың өлең үлгісіндегі фольклордан айырмасын белгілеу;*
- ә) *халық прозасының өз ішіндегі жанрлық топтарды ажыратудың принциптерін анықтау (С.Қасқабасов).*

Санамаланып келетін конструкциялар бір-бірінен әріптер немесе цифрлар арқылы дараланып көрсетілмеуі де мүмкін. Мысалы: *Шешім – шығарма сюжетінің шешуші кезеңі; суреткердің өзі суреттеп отырған өмір шындығына шығарған «үкімі»; кейіпкердің ақырғы жайкүйі; күллі құбылыс-көріністердің соңғы сахнасы (З.Қабдолов).*


Мазмұны әуендес болып келетін бірыңғай сөйлемдердің әрқайсысынан кейін нүктелі үтір қойылады:

- Біз Алатаудай ел едік, – Теңемек болды ойға жау;
Біз тасыған теңіз сел едік, – Теңемек болды шөлге жау;
Біз атып болған таң едік, – Түн етпекші болды жау;
Біз әлемге жарық күн едік, – Өшірмекші болды жау.
Жау ма бізді бөгейтін?! Жау ма бізді жеңетін (Жамбыл)?!*

-  6. Сөйлемдердің тиісті жеріне қос нүкте мен нүктелі үтірді қойып, көшіріңдер. Қойылу себебін ереже бойынша түсіндіріңдер.

1. Бауырласың болмаса, жолдас ізде жақсы жолдас – бауырлас (*Ж.Баласағұни*). 2. Аға-жеңгесіне кезек қарап «Кегім, кегім кетті!» – деді (*М.Әуезов*). 3. Абай жігіттері Жиренше, Ербол, Базаралылар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр (*М.Әуезов*). 4. Табиғатына қарай күштерді төрт түрге бөледі гравитациялық, электромагниттік, ядролық, әлсіз. (*Физика оқулығынан*). 5. Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық (*Абай*). 6. Жаман дос көлеңке басыңды күн шалса – қашып құтыла алмайсың басыңды бұлт алса – іздеп таба алмайсың (*Абай*). Ауылшаруашылығы өндірісін арттыру үшін бізге мыналар қажет егістік алаңын ұлғайту егістік түсімін, ең алдымен, жаңа технологиялар енгізу есебінен көтеру жемшөп базасын құру (*akorda.kz*).

-  7. Қосымша ресурстардан С.Асылбекұлының «Қазақстан – дүниежүзілік саясат иірімінде» тақырыбындағы мақаласын оқып, хабарлама дайындаңдар.

-  8. Саясат тақырыбында жазылған мерзімді басылым материалдарын жинақтап, ондағы мәліметтер мен пікірлерді «Торлы диаграмма» әдісімен өңдеп көрсетіңдер. Тыныс белгілерінің қолданысын түсіндіріңдер.

§4.

Жаһандану процесі



1. Сұрақтарға жауап беріп, ойларыңды ортаға салыңдар.

1. Зерттеушілер жаһандануға қандай анықтама бергенін білесіңдер ме?
2. Жаһанданудың қандай негізгі құрамдас бөліктерін білесіңдер?
3. Төмендегі суретке қарап, «Жаһандану» терминіне қандай анықтама берер едіңдер?



2. Мәтінді оқыңдар. Тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін 6-тапсырма мәтінімен салыстыра талдаңдар.

Жаһандану немесе глобализация (ағылш. *Global* – «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») – жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құру үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы америкалық экономист Теодор Левитт енгізді. Жаһанданудың жаңа сатысының түрлі аспектілерін XX ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді.

Жаһанданудың құрамдас бөліктерімен таныс болайық.

1. Мәдени жаһандану – әлем елдерінің іскери және тұтынушылық мәдениетінің жақындасуы, халықаралық

қарым-қатынастың өрістеуі. Бір жағынан, халықаралық мәдени құбылыстар әлемдегі кейбір жеке ұлттық мәдениет түрлерін танымал етсе, екінші жағынан, ұлттықты ығыстырып, оларды ұлтаралыққа айналдыруы мүмкін.

Қазіргі заманғы кинофильмдер экранға әлемнің көптеген елінде бір мезгілде шығады, кітаптар аударылып, әртүрлі елдің оқырмандары арасында бір уақытта танымалдыққа ие болады. Мәдени жаһандануда ортақ ғаламтор үлкен рөл атқарады.

2. Экономикалық жаһандану – нарық пен экономикалық нысандардың жаһандануы. Оның нақты сипаттары бар:

- жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақтардың құрылуы, қызмет етуі;
- барлық ұлттық және халықаралық қаржылық, валюталық трансакциялардың жаһандық желіге аударылуы;
- бөлшек саудалық, банктік, сақтандыру және сауда операцияларының жаһандық желіге аударылуы.

3. Аумақтық жаһандану – мемлекетаралық құрылымдардың күшею үрдісі. Болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам айтылып жүр. Бірақ ол ұлттар мен халықтар арасындағы этникалық және мәдени айырмашылықтар барынша жойылған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін.

4. Ақпараттық жаһандану – қазіргі заманғы интеграциялық процестердің ішіндегі аса ықпалдысы. Оған коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту; ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану; жаһандық ақпарат желілерінің пайда болуы және тез қарқынмен дамуы; адамзат тұрмысындағы үрдістердің компьютерлендірілуі жатады. Осындай ғаламдық ақпараттық кеңістікті қалыптастыруда компьютерлік технологиялардың маңызы зор.

5. Этникалық жаһандану негізгі екі үрдістен тұрады: планета халқының санының өсуі және әртүрлі этникалық топтардың өзара ассимиляциясы.

(Саяси-түсіндірме сөздіктен)



3. Оқылым мәтініндегі үтір, сызықша, нүктелі үтірдің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



4. Оқылым материалындағы негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазыңдар (конспектілеңдер).

Сызықша

1. Сызықша бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылады: *Туған жер – алтын бесік.*
2. Сызықша бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан қойылады: *Пайда, мақтан – бәрі тұл.*
3. Диалог төл сөздің алды-артынан, тырнақшаға алынған төл сөздің артынан сызықша қойылады: – *Әй, мынаның ән салғаны әжептөуір ғой, – деді Арын.*
4. Сызықша жалғаулықсыз салаластардың арасына қойылады: *Үйде шешен, – дауда жоқ.*
5. Оңашаланған айқындауыш мүшелердің екі жағынан сызықша қойылады: *Біраздан кейін үйге Мақсұттың тағы бір-екі жолдасы – Жұмағұл мен Ақтай – кірді.*
6. Бірыңғай сұраулы мүшелерді немесе сұраулы сөйлемдерді жинақтап тұратын *әйтеуір* деген сөз түсіп қалған жерге сызықша қойылады: *Ісінгендіктен бе, таяқтан әлсірегендіктен бе – денесі зілдей ауыр екен (С.Мұқанов).*
7. *Сонда, сонша, сондай, соншалық, сол, мынау, мынадай* деген сөздерге аяқталған тіркестен кейін жеке сөйлем тұрса, бұл сөздерден кейін сызықша қойылады: *Жастардың білімге құмарлығы соншалық – қолдарынан кітап түспейді.*
8. Мекен, уақыт, сан шендестігін білдіретін сөздердің арасына сызықша қойылады (ол *-дан* жалғауы мен *шейін* шылауының мағынасын білдіреді): *Институтта күніне 6–8 сағат лекция болады.*

Ескерту. Бұларды белгісіздік-жалпылық және болжалдық мағынасындағы қос сөз сан есімдермен шатастырмау керек. Олар дефис арқылы жазылады: *Екі-үш күннен бері жаңбыр жауып тұр* (мұнда *екі-үш* – болжалды сан есім).



5. Сендерге «Жаһандану дегеніміз не?» тақырыбында ойталқы ұйымдастыру тапсырылса, қандай ресурстарға жүгінетін едіңдер? Неліктен ол ресурстарды тиімді дереккөздер деп есептейсіңдер?



6. Мәтінді көшіріп, сөйлем ішіндегі тыныс белгілерін (үтір, сызықша) қойыңдар, себебін түсіндіріңдер.

Жаһандану адамзат қоғамына не берді? Алдымен ғылыми-техникалық экономикалық жетістіктерді айтамыз. Әлемнің бір түкпірінде ашылған ғылыми жаңалық сол сәтте ғаламтор арқылы жер жүзіне тарап жалпы адам баласының игілігіне айналуда. Жер бетінде жаһандануға ұшырамаған ел кем де кем. Тілдік ұлттық мемлекеттік шекараларды білмейтін жаһандану бүкіл әлемді қоғамдық дамудың тайқазанында бұрқ-сарқ қайнап жатқан біртұтас дүниеге айналдыруда.

Қазір әлемде жаһандану қамтымаған сала жоқ. Ішіп-жеген тамағымыздан бастап киген киімімізге мінген көлігімізге өндіріс орындарының құрал-жабдықтарына тұрғын жатын жұмыс жайларындағы жиһаздарға техникаларға өмір сүру еңбек ету салтымызға рухани өмірімізге дейін қамтып өзінің өміршеңдігін көрсетіп жатыр. Мұның барлығы да жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтардың әрқайсысының жаңадан «Американы ашпай-ақ» бірінде барды басқаларының да пайдаланып қоғамдық экономикалық мәдени жағынан дами материалдық құндылықтардың жетіле түсуіне септігі тиері анық.

Қазіргі заманда әлемдік ауқымда барынша қарқынмен жүріп жатқан мәдениеттер мен өркениеттер қақтығысынан үркіп, жаңа заманға бейімделмей өткенді аңсап өткенмен ғана өмір сүру ұлттық дамуды тежейді тіпті жолда қалдырады. Сондықтан да жаһанданудың жақсы жақтарын ала білу ұлттық дамудың маңызды шарттарының бірі болып отыр. Бұл жаһанданудың қоғамдық дамудың барысында туындаған қажеттілік пайдалы жағы.

(Д.Ысқақұлының «Жаһандану дегеніміз не?» мақаласынан)



7. Ғаламтор ресурстарынан жаһандану процесіне қатысты ақпарат жинақтап, «Сана саяжолы» әдісімен өзара сұрақтарға жауап беріңдер.



8. Ғалымдардың жаһандану жөнінде айтылған пікірлерін жинақтап, «Төрт сөйлем» әдісімен оларды сипаттап жазыңдар.

§5.

Жаһандану дәуіріндегі Қазақстан



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тәуелсіз Қазақстан өзінің дербес дамуын жаһандану процесімен қалай үйлестіргені жөн?
2. Жаһандану дәуірінде егемендігіміз бен ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін не істеу керек?
3. Мемлекетіміздің мәңгі жасауын қамтамасыз ету үшін өздерің қандай үлес қосар едіңдер?



2. Мәтін мазмұнымен танысып, негізгі ой мен көтерілген мәселелерді «Оқиға желісіне» салып талдаңдар.

Қазіргі кездегі жаһандану дүниесі біздің еліміздің де күрделі мәселесі болып отыр. Жас мемлекетіміздің болашақтағы дамуы осы мәселелердің қалай шешілетініне байланысты. Қазақстанның жалпыөлемдік экономикалық және саяси жүйеге кіріккен мемлекет болуына қол жеткізгіміз келсе, онда дүниежүзілік үрдістер мен проблемаларды ой елегіне салудан шет қалмауымыз керек.

XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік дамуда жаһандану процесінің тез қарқын алғанын атап өткен жөн. Дамыған елдер топтасып, ықпал жүргізу аймақтары үшін, тауар шығаратын елдер үшін таласқа түсе бастады. Жаһанданудың басты талабы – кез келген мемлекет қалай да бір қауымдастықтың құрамына кіруі қажет болды. Осындай жағдайда тәуелсіздігін жаңа ғана алған еліміздің ешқандай мемлекеттермен байланыспай, өз бетінше дербес өмір сүруінің мүмкін еместігі белгілі. Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Кеңес Одағы ыдыраған соң, тоталитаризмнен нарық пен демократияға көшудің, саяси және экономикалық реформаларды жүйелі түрде жүргізудің, ішкі және сыртқы қауіпсіздігімізді нығайту үшін көпдеңгейлі интеграциялық қауымдастықтарға енудің қажеттігін саясаткерге тән сезімталдықпен болжай білді.

Қазір елдер арасындағы ынтымақтастық күшейіп, екіжақты және көпжақты қатынастар орын алуда. Бұның бәрі – оң үрдіс. Екінші жағынан, қысымның артып, егемен

мемлекеттерде ақпараттық және технологиялық салаларда бақылау күшейе бастағанын да көруге болады. Кей мемлекеттердің халықаралық ұйымдар мен дамыған елдердің алдында қарызға батып, егемендігінің бір бөлігін жоғалту қаупі де бар екендігін жасыруға болмайды.

Қазіргі заманда бүкіл әлем жаһандану процесіне еніп, мемлекеттер бір-бірімен тығыз байланыс орнатып жатқан тұста тәуелсіз Қазақстан өзінің дербес дамуын жаһандану процесімен үйлестіруге мәжбүр екендігін ерекше атап өту қажет. Былай алып қарағанда, еліміздің өз еркімен өркендеуіне барлық мүмкіндігі бар сияқты. Қазба байлықтарымыз жеткілікті, шетелдік инвестициялармен бірге жаңа технологиялар да келіп жатыр. Жер қойнауындағы байлығымызды тиімді пайдалана білсек, ұтымды саудалай алсақ, еліміздің өркендеп, халқымыздың әл-ауқатының артуына негіз болады.

Мемлекетіміздің мәңгі сақталуы үшін бұрынғы ескі рухани мұраны білу, зерттеу жеткіліксіз. Ол үшін біздің мемлекет өркениетті болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда біз адамзат өркениетіне ілесе алмаймыз. Артта қалған ел мықты жұрттармен тең сөйлесе алмайды. Бірте-бірте тарих сахнасынан ысырылады. Көптеген халық осылай жоғалған. Олар өмір өзгерістеріне бейімделе алмай, бәсекеге жарамай, күштілерге жем болған. Сөйтіп, үні де өшкен, өзі де ғайып болған.


Қайтсек қазақ мемлекетін дамыған елдер қатарына теңестіреміз? Бұл сұрақ бүкіл қазақ жұртын мазалауы тиіс. Тәуелсіздік баянды болу үшін мемлекет күшті болуы тиіс. Ол үшін мемлекетті нығайту керек. Мемлекетіміздің мәңгі жасауын қамтамасыз ету үшін алдыңғы қатардағы ғылым мен техниканы, технологияны, білім мен мәдениетті меңгеруіміз керек.

Біз ертеңгі күнімізге үлкен үмітпен қараймыз. Болашағымыз жарқын. Ұлы Отанымыз – Қазақстанның экономикалық және рухани байлығын молайтуға, қауіпсіздігі мен қорғаныс қуатын күшейтуге ұмтылу – баршамызға ортақ міндет. Осы жолда біліміміз бен қайратымызды, қабілетімізді, қажет болса жанымыз бен қанымызды аямай жұмсау – біздің басты парызымыз.


(М.Байтұр, Ұ.Төлегеннің «Жаһандану дәуіріндегі Қазақстан» мақаласынан)



Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша	
Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен, заттанған өзге сөз таптарынан болғанда;	<i>Сендер үшін ең қолайлы тау – мына бергі Алмалы (С.Ш.).</i>
Бастауыш жіктеу, сілтеу есімдіктерінен, баяндауыш III жақтағы зат есімнен болғанда;	<i>Бұл – университет қалашығының құрылысы (С.Ш.).</i>
Бастауыш тұйық етістіктен, баяндауыш III жақтағы жалғаусыз зат есімнен не керісінше болғанда;	<i>Соны тәрбиелеп адам қылу – міндет (М.Ә.).</i>
Бастауыш пен баяндауыш бір сөздің қайталануынан жасалғанда;	<i>Көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың ауылы (М.Ә.).</i>
Бастауыш та, баяндауыш та сын есімнен не сан есімнен жасалғанда;	<i>Олақ – міншіл, қызғаншақ – күншіл. Бес жерде бес – жиырма бес.</i>
Бастауыш есімшеден, ал баяндауыш зат есім, есімше, есімдіктен жасалғанда;	<i>Құнанбайға көз алмай, қырандай қарап отырған – дәл төрдегі Байсал (М.Ә.).</i>
Бастауыш <i>бірі, біреуі, біріншісі, алдыңғысы, соңғысы, көбі</i> деген сөздерден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен не тұйық етістіктен болғанда;	<i>Құнанбай аулының көбірек орнығып отыратын қонысының бірі – Ботақан ошағы (М.Ә.).</i>
Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа мүшесімен шатасып кететін болса;	<i>Жиырма – беске қалдықсыз бөлінеді. Бұл – балалардың алғаш рет көпшілік алдына шығуы еді.</i>
Бастауыш зат есімнен не заттанған сөз таптарынан, баяндауыш болымсыздықты білдіретін емес сөзі тіркескен есімдерден болса;	<i>Жоқтық – ұят емес, байлық – мұрат емес (Мақал).</i>
Бастауыш пен баяндауышты байланыстырушы <i>дегеніміз, деген...</i> сияқты сөздер тұрса;	<i>Уақыт деген – көзге көрінбеген терең мазмұн, әлеуетті күш, шешегін жармаған гүл, оқылмаған кітап, болуға тиісті оқиға, ашылмаған ғылыми жаңалық (С.Ш.).</i>
<i>Ол – ол ма, бұрынғы – бұрынғы ма</i> сияқты қыстырма сөз тіркестерінің араларына сызықша қойылады.	<i>Ол – ол ма, әңгіме одан сайын күшейе түсті.</i>

-  3. Жаһандану дәуіріндегі Қазақстан туралы сызықшасы бар 10 сөйлем құраңдар. Ережені негізге алып, сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.


Үлгі: Тілімізге қамқор болу – жаһандану заманындағы егемендігімізді сақтап қалудың бір жолы. (Бастауыш түйық етістіктен, баяндауыш III жақтағы жалғаусыз зат есімнен болғандықтан, арасына сызықша қойылған).


-  4. Оқылым материалы бойынша негізгі мәліметті анықтап, «Еркін жазу» әдісімен конспектілеңдер.




Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан алдындағы жауапкершілігі. Бұл – өз Отаның мен жеріңе деген сүйіспеншілік, оның тарихы мен мәдениетіне деген зор құрмет, әркімнің өз күш-жігеріне деген сенімі мен барша қоғамның топтасуы. Бұл – бүгін тұрғызылып жатқан өз еліңнің тарихына қатыстылықтың және оның болашағы үшін жауаптылықтың жоғары сезімі. Бұл – әрбір қазақстандықтың табыстары үшін мақтаныш және қандай тұрғыда болғанына қарамастан, өз салаңда табысқа қол жеткізу ниетің және бұл табысты әркім Отанына бағыштап, оның даңқын асыруы, беделін көтеруі тиіс. Өз Отаныңның патриоты болу — бұл Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату. Мен сіздерді осыған шақырамын.

(Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан)

-  5. Оқылым материалы мен «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәліметті пайдаланып, «Үш қадамды сұхбат» әдісімен «Тәуелсіз Қазақстан жаһандану процесінде» тақырыбында сұхбат құрыңдар. Ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар.

-  6. Қосымша ресурстар негізінде «Жаһанданудың қазіргі теориялары» тақырыбында шағын хабарлама дайындаңдар.

-  7. Сабақта өтілген материалдар мен қосымша ресурстар бойынша «Қазақстан және жаһандану» тақырыбында презентация дайындаңдар.

§6.

Әлемдік білім беру саласындағы жаһандану



1. «Жұптас. Ойлан. Бөліс» тәсілімен сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әлемдік білім беру саласындағы қандай өзгерістерді білесіңдер?
2. Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жаңа бастамалар сендерге ұнай ма?



2. Мәтінді «Іріктеп оқу» әдісімен түсініп оқып, көтерілген мәселені талдаңдар. Мәтіннен негізгі ұғымдарды анықтап, сипаттама беріңдер.

Жаһандану жағдайында білім беру жүйесіндегі өзгерістер де аса маңызды. Адамзаттық капиталға, оның ішінде білім беру жүйесіне салынған инвестицияның қайтарымы мол. Өз халқының білім алуына инвестиция салған ел ғана болашақта ғылымы мен экономикасы дамыған елдер қатарынан көріне алады. Білім беруді тек әлеуметтік қажеттіліктерге арналған шығын ретінде қарамай, экономикалық инвестиция ретінде түсіну керек. Халықаралық зерттеулер білім беру, табыс және өнімділік арасында тығыз байланыс бар екенін дәлелдейді, яғни білім беруді дамытуда инвестициялардың аса маңыздылығын дәлелдейді.

Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Білім беру дегеніміз – адамзат тіршілігінің стратегиялық маңызды саласы, тұлғаның қабілеттілігін дамытатын бірегей әлеуметтік институт. Технологиялық, экономикалық, саяси процестің қарқыны, қоғамдағы мәдениет пен руханият жағдайы, адамның денсаулығы – барлығы білім беру сапасына әсер етеді.

Қазақстанның білім беру саласында жүргізіп жатқан мемлекеттік саясаты Республикамыздың ең маңызды мақсатына – бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруге бағытталған», – деп атап көрсетті.

Білім беру экономикалық табыстан басқа, әлеуметтік табыстарға да алып келеді, яғни әлеуметтік капиталды қалыптастыруға; ауызбірлігі мен ықпалдастығы бар, қылмыс деңгейі төмен қоғам орнатуға септігін тигізеді.

Осы мақсаттарды шешу үшін Қазақстан Республикасында 2005 жылдан бастап көптеген мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Жоғарғы білім беру жүйесінде айқын оңтайлы нәтижелерге қол жетті. Қазақстандық жоғарғы мектеп үш деңгейлік білім беру жүйесіне (бакалавр, магистр, PhD докторы) көшті.

Білім сапасын, педагог мамандардың беделін, қазақстандық дипломның бәсекеге қабілеттілігін арттыру – еліміздегі білім берудің негізгі міндеттері.

Білім адамның жас кезінен бастап әлеуметтік, эмоциялық және басқа өмірлік маңызды машықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сол себепті білім беруге инвестицияларды айтарлықтай және тұрақты арттыру, оның сапасын жақсарту – өмір талабы.



3. Оқылым мәтініндегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



4. Оқылым материалы бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, өз сөздеріңмен түртіп жазып алыңдар (конспектілеңдер).




Жаһандану және қоғамдық өмірдің демократиялануы жағдайында, таяу және алыс шетелдерде орын алған тарихи маңызы зор түбегейлі өзгерістер тұсында Қазақстан Республикасында төзімділік мәселесін, әсіресе мемлекеттің саясатын жүзеге асыруға жауапты буын өкілдерінің, яғни мемлекеттік қызметкерлердің төзімділігі мәселесін зерттеу – қисынды қажеттілік әрі уақыт талабы.


Бүгінгі күні елімізде 140 этнос пен 18 конфессия өкілі тұрады. Түрлі этнос арасындағы мамыражай, тату-тәтті тіршіліктің қазіргі көрінісі – мемлекет саясатында төзімділік ұстанымының берік орнағандығының бір белгісі. Соның нәтижесінде ең күрделі кезеңдерде қазақ халқының кемеңгерлігі мен төзімділігі елде саяси тұрақтылықты сақтап қала білді.



Тырнақша


1. Мәтін ішінде дәйексөз тырнақшаға алынады. Тырнақша дәйексөздің басталған жерінен ашылып, біткен жерінен жабылады: *Жазушы «Өз жайымнан мағлұмат» атты өмірбаянында: «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, газет-журнал мақалаларынан басталды», – деп жазған еді.*
2. Шығарманың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады. Мысалы, С.Мұқановтың «Ботагөз» романындағы Асқардың, Кенжетайдың хаттары: *«Ботагөз!.. Сен берген аманатты Сағит қолыма тапсырды... Омбы, 1919 жыл 6 қаңтар».*
3. Диалог емес төл сөздер тырнақшаға алынады: *«Осы өнерді қайтсем де меңгеремін», – деп өзіме ант бердім.*
4. Объект етіп алынған сөздер не сөз тізбектері, әріптер тырнақшаға алынады: *«Жаз шықты» деген сөйлемнің бастауышы – «жаз». Дауысты «а» – жуан дыбыс.*
Ескерту. Оқулықтар мен әдістемелік құралдарда бұлар тырнақшаға алынбай, қою қаріппен немесе көлбеу берілуі мүмкін: **Тарақ** дегендегі **та** – ашық буын.
5. Мақал-мәтелдер, афоризмдер сөйлем ішінде келтірілгенде, тырнақшаға алынады: *«Баланың ісі шала» деген – осы.*
6. Сөйлемде авторы көрсетілмей берілген біреудің сөзі тырнақшаға алынады: *Қазіргі жазушылар шығармаларынан «тілге жеңіл, жүрекке жылы» сөз түйдектерін кездестіруге болады (К.Аханов).*
7. Біреудің айтқанынан алынған жеке-жеке сөздер тырнақшамен жазылады: *Соңғы айтқан «мылжың», «мақтаншақ», «даңғой» дегендері осы арада төрт көзі түгел отыр еді (М.Әуезов).*
8. Кекету немесе ауыспалы мағынада қолданылған сөздер тырнақшаға алынады: *Қоян «батыр» қорыққанынан зыта жөнелді (Ертегіден).*
9. Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино т.б. аттары тырнақшаға алынады: *«Ана тілі» газеті, «Парасат» журналы.*
10. Зауыт, фабрика, комбинат, шаруашылық, ұйым, мәшине, ұшақ т.б. аттары тырнақшаға алынады. Ал олардың жалпы ресми атаулары тырнақшаға алынбайды: *«Азия Авто» зауыты, «Ертіс» кемесі, «Suzuki» мәшinesі.*
11. Кейбір ойын, әдет-салт аттары тырнақшаға алынады: *«Қол ұстату», «шаш сипату» деген атақты ырымдар – осы (М.Әуезов).*


 5. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген ақпаратты өз білімдеріңе сүйеніп жалғастырыңдар. «Қазақстандағы толеранттылық» тақырыбында әңгімелесіңдер.

 6. Тыныс белгілерін қойып, көшіріңдер. Себебін түсіндіріңдер.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Біздің жас мемлекетіміз өсіп жетіліп кемелденеді біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ержетеді. Олар өз заманының жауапты жігерлі білім өрісі биік денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып қазақ орыс ағылшын тілдерін еркін меңгереді. Олар бейбіт жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге сыйлы өз елінің патриоттары болады деп көрсетті. Ертеңгі күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш білім. Жас мемлекетіміздің болашағы бүгінгі мектеп оқушылары. Олардың табиғи қабілеттерін нақты мүмкіндіктерін анықтап соған негіздеп оқыту бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

(К.Молдабекованың «Білім беру саласындағы жаңа технологияларды пайдаланудың теориялық негіздері» мақаласынан)

 7. Мерзімді басылым материалдары мен қосымша ресурстар бойынша «Қазақстандағы білім беру саласындағы жаңалықтар» тақырыбында презентация дайындап, дәлелдер келтіре отырып, қорғаңдар.

 8. Қосымша әдебиеттердегі мәліметтер негізінде «Мәдени өмірдегі жаһандану» тақырыбында жинақы мәтін жазыңдар.

§7.

Жаһандану және ел тағдыры



1. Топқа бөлініп сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Неге жаһандануды адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс деп атайды? Себебін түсіндіріңдер.
2. Сендердің ойларыңша, жаһандану дәуірінде біз Батыс елдерінен нені алып, нені алмауымыз керек?
3. Ұлттық мәдени құндылықтарымызға не жатады?



2. Мәтінді түсініп оқып, «Комментарий жасау» әдісімен талқылаңдар.

Ұлт пен ел мәселесін қозғамай тұрып, алдымен, мынадай мәселеге тоқталсам: «Жаһандану дегеніміздің өзі не? Ол қандай құбылыс? Бұл құбылыс адамзат тарихында көрініс тапқан ба, әлде бұл тек қана ХХІ ғасырдың дүбірі ме?»

Бұл сөз ағылшын тілінен («global») «дүниежүзілік» деп аударылады, орыс тілінде «глобализация» деп айтылып жүр. Қазақ тілінде «ғаламдану», «жаһандасу», «ғаламшарлану» дегенді де естиміз. Жаһандану – әлі өз мәресіне жетпеген, аяқталмаған іс. Жаһандану «бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу» деген мағынаны да, «әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екпініне ілесу» дегенді де білдіреді.

Өзекті болып тұрған ғаламдану құбылысын біржақты талдау мүмкін емес. Демек, не бірыңғай жағымды, не бірыңғай жағымсыз процесс, идеология деп кесіп айту қиын. Өйткені әлемдік тарихта нақты орын алған оқиғалар сарыны глобализмді біржақты дәріптеп жақтаушылар ғана бар деуден аулақ етеді. Күні кеше ғана көз алдымызда шаңырағы ортасына түскен социализмнің жүйе ретінде күйреуі оның ашық жүргізген глобалистік саясатының жасандылығын паш етпеді ме?! Демек, жаһандануды шым-шытырығы, қалтарысы көп күрделі де жауапты жол таңдау деп түсіндірсе болады. Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс. Айтылуы, аталуы жаңаша болып көрінгенімен, оның түп тамыры ежелгі тарих қойнауында жатқандығын байқауға болады. Кезінде Шыңғыс хан, Атилла (Еділ), македониялық Ескендір деген тарихи тұлғалар жер-дүниенің бәрін жаулап

алып, өз үстемдігін жүргізіп, ортақ тілді, құндылықтарды өлемге таратпақшы болған. Демек, жаһандану тарихта бұрын да көрініс тапқан.

Жаһандану біздің елде де басталып кетті. Осы тұста бір үлкен мәселе туады, ол – «жаһандану заманында біз елдігімізді, мәдениетімізді, тілімізді сақтай аламыз ба?» деген сауал. Батыстың мәдениеті ықпалды болып тұрғаны рас. Бірақ осы орайда біз Батыстан нені алуымыз, нені алмауымыз керек? Жалпы, мәдениеттің өзі екі жолмен пайда болады. Біріншісі – дүниетанымнан келіп шығатын; екіншісі – ғылыми-техникалық дамудан келіп шығатын мәдениет. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алуымызға болады. ХХІ ғасырда қазақ жастары озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгерумен біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз.

Ұлтымыздың болмысында біткен асқар таудай биік, өмірдің бар асылына бергісіз, сан ғасырлық ғажайып, бірегей мәдениеті бар. Тіл – мәдениеттің құрылымдық элементі, мәдениеттің болу шарты әрі ең жоғары құндылығы. Қазір ғаламдық тіл санатына романдық тілдер тобы, нақтырақ айтсақ, ағылшын тілі сақадай сай дайын тұр. Ендеше, жергегінде тұншыққандай күйдегі біздің тіліміз – біздің мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі. Сондықтан тілімізге қамқор болу – мәдени мұрамызды түгендеудің тағы бір жолы. Тіл ұлт болып қалудың соңғы қамалы екені баршаға аян. Сол қамалды сақтап қалу – әрбір қазақтың қасиетті борышы. Жастардың негізгі мақсаты – ана тілімізде сөйлеу арқылы оның өміршеңдігіне қол жеткізу. Сол арқылы келешекке біртұтас ұлт, рухы биік халық ретінде жол тарту.

(Ә.Қарабалаев)



3. «Өлемдік өркениеттің өзегі» аудиомәтінін (16. mp3) тыңдап, мазмұнын коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдындағы сөйлеу әдебін сақтай отырып баяндаңдар. Мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырып, астарлы ойды анықтаңдар.



4. Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, оқылым және тыңдалым материалдары негізінде мәтін құрастырыңдар.



Жақша

1. Қыстырма сөйлемдер не сөз тіркестері жақшаға алынады: *Салжігіттен (Темірбекті «Салжігіт» дейтін) неге қалдым (С.Мұқанов)?*
2. Сөздерді түсіндіру үшін берілген аудармасы, синонимі т.б. жақшаға алынып жазылады: *1900 жылдың желтоқсанында «Искра» («Ұшқын») газетінің бірінші нөмірі шықты.*
3. Дәйексөздің, мысалдың кімдікі екенін, қайдан алынғанын көрсету үшін, кітаптың аты, авторы т.б. жақшаға алынып беріледі: *«Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті. (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1966, 296-бет).*
4. Драмалық шығармалардағы ремаркалар (автордың түсіндірмелері) жақшаға алынады: *Амангелді. Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдап кетеді.) (Ф.Мүсірепов).*
5. Мәселенің талас я күдікті екендігін көрсетіп, оқушының назарын аудару үшін, біреуден келтірілген дәйексөздің ішіндегі жеке сөздерге не сөйлемге қойылатын леп, сұрау белгілері жақшаға алынады: *Мұнда аудармашы сөзге сөз тауып, сан жағын ғана сақтаған: ломберный стол – төрт таған стол (?), салфетка – орамал, образ – сурет (?)... (Ә.Нұрпейісов «Анна Каренинаның» аудармасы).*
6. Келтірілген мысал не дәйексөздің ішіндегі белгілі бір сөздерді не сөйлемдерді санамалап көрсету үшін қойылатын цифрлар (не әріптер) екі жағынан жақшаға алынады: *Мына сөйлемде үш жай сөйлем бар: (1) Жасыл желегін бүркенген қарағайдың арасымен жүріп отырып, (2) Асқар көлдің қабағына шықса, (3) мұз бетінде бірсыпыра кісі сырғанақ теуіп жүр екен. («Қазақ тілі грамматикасы»).*



5. Сөйлемдердің тиісті жеріне жақшаны қойып, көшіріңдер. Қойылу себебін ереже бойынша түсіндіріңдер.

1. Сәкен Сәдуақас Сейфуллин – қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. 2. 1985 жылдан бастап Целиноград қаласында қазіргі Нұр-Сұлтан қаласы С.Сейфуллин музейі жұмыс істейді (*inform.kz*). 3. Бастауыш баяндауышпен жақ жағынан жекеше, көпше түрде қиыса байланысады. Мысалы: Сен оқыдың, білім алдың, ұстаз көрдің II жақ, жекеше;

Біз надан өстік I жақ, көпше (*itest.kz/ru*). 4. Ораз. Мылтығын Қорабайға беріп. Мынаның көзін құрт! Мен бандыға кеттім. Жөнеледі (*Ж.Аймауытов*). 5. «Жаһандану» «глобализация» ұғымы ХХ ғасырдың 80-жылдары АҚШ-та қолданыла бастады (*tartinfo.kz*). 6. Жаһандану дегеніміз – «жаңа жалпы-әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі» Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 том, Алматы, 2001, 610-бет (*akikat.kazgazeta.kz*).



6. Тапсырмаларды орындаңдар.

1. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін анықтаңдар.
2. Үтір, қос нүкте, тырнақша, сызықша, жақшаны қатыстырып, тақырыпқа қатысты 10 сөйлем құрастырыңдар.



7. Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. «Жаһандану» терминін ең алғаш кім енгізді?
 - A) Уолт Ростоу, Дэниел Белл
 - B) Алвин Тофлер, Питер Дракер
 - C) Джон Нейсбитт, Лестер Туроу
 - D) Теодор Левитт
2. «Жаһандану» сөзі (ағылш. Global) қандай мағына береді?
 - A) Ақпараттық қоғам
 - B) Әлемдік, дүниежүзілік, жалпы
 - C) Технологиялық революция
 - D) Аймақтық қоғамдасу
3. Жаһандану заманында елдігімізді қалай сақтап қаламыз?
 - A) Ұлттық мәдениетімізді, ана тілімізді, рухани құндылықтарымызды сақтап қалу арқылы
 - B) Ғылым мен техниканы дамыту арқылы
 - C) Халықаралық ұйымдарға мүше болу арқылы
 - D) Мемлекеттік мәселелерді әлем елдерімен бірлесіп шешу арқылы



8. «Жаһандану кезеңіндегі Қазақ елі» тақырыбында жинақы мәтін жазыңдар. Тыныс белгілерінің қолданылу себептерін ауызша түсіндіріңдер.

IX

БӨЛІМ

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

ПУНКТУАЦИЯ

Бұл бөлімді оқып-білу арқылы сендер:

- сөз мәдениеті мен шешендік өнер, Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі риторика ғылымының арналары мен шешендіктің теориясын жасаған ұлы ғұламалар: Аристотель, Цицерон мен Квинтилиан туралы;
- қазақ ұлттық шешендіктануының алғашқы бастаулары: Әбу Насыр әл-Фарабидің «Риторика» трактаты, Кейқауыстың «Қабуснама» еңбегі жөнінде;
- қазақ ұлттық шешендік өнерінің қалыптасуы мен даму кезеңдері жөнінде;
- шешендік сөздерді алғаш зерттеген ғалымдар: В.В.Радлов, Ы.Алтынсарин, М.Әуезов туралы;
- қазақ шешендік өнерінің әйгілі өкілдері: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би туралы;
- сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдануды оқып білесіңдер, үйренесіңдер.

Шешендік – ақылмен билеу өнері.

(Платон)

§1.

Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі шешендіктану арналары



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Алғаш шешендік өнердің қай елдерде пайда болғанын білесіңдер ме?
2. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римнің атақты шешендері туралы қандай мәлімет білесіңдер?
3. Сендердің ойларыңша, қазіргі қоғамның қай салаларында шешендер ерекше қажет?



2. Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге баға бере отырып, мәліметтер мен пікірлерді өңдеңдер.



Цицерон



Квинтилиан

Египет пен Ассирияда, Вавилон мен Үндістанда шешендік өнер ежелден-ақ жоғары бағаланғанымен, Эллада шешендіктің Отаны саналады. Ежелгі Грекияда шешендіктану, яғни

шешендік өнер туралы ғылым жүйелі дамып, оның теориясы тұңғыш рет қалыптасқан.

Б.з.д. V ғасырда Элладада шешендіктің дамуына қажетті алғышарттар пайда бола бастады. Халықтық жиындарда саясаткерлер өз сөзін өтімді етудің сан алуан тәсілдерін меңгеруге, халықтың назарын өзіне аударудың амалдарын жетік білуге мүдделі болды. Мұндай жиындарда саяси мәселелер талқыланып, сот ісі де жүргізілетін. Кімнің сөзі өткір, өтімді болса, көпшілік соны жақтайтын. Осылайша сөз құдіретімен адам тағдыры да шешілетін.

Сол кезеңде көркем тілдің жүйесін, заңдылықтарын ақылы түрде үйрететін софистер пайда болды. Олар шешендік сөздің барлық түрін шебер меңгерген, логиканың заңдарын, айтысу өнерін, тыңдарманға әсер етудің тәсілдерін терең білетін адамдар еді. Софистер сөздің қасиетін жоғары бағалады, сөзді тіршіліктің тұтқасы деп таныды. Олар жекелеген адамдарды шебер сөйлеуге үйретумен ғана шектелген жоқ, шешендіктану ғылымының негізін қалады, шешендіктің теориясын жасады.

Ежелгі Грекияның мәдениеті, оның ішінде шешендік өнер жөніндегі ғылыми еңбектер Ежелгі Римде жақсы қабылданды. Б.з.д. I ғасырда дамыған шешендік өнердің басында Цицерон (б.з.д. 106–43 жж.) тұрды. Цицерон шешендік сөздегі жаңашылдықты, кісілікті, ой жұмырлығын ерекше бағалады.

Шешендік өнердің қыр-сырын мейлінше нақтылай түскен Марк Фабий Квинтилиан (б.з.д. 100–35 жж.) болды. Ол он екі кітаптан тұратын «Шешендік тәлім» атты еңбегінде шешендіктің теориялық та, практикалық та мәселелерін таратып көрсетті. Сөздегі сұлулық пен тазалықты ерекше дәріптеді. Шешендік шеберлігінің шыңы деп ол аяқ астынан, ешқандай дайындықсыз сөйлеуді көрсетті, яғни импровизацияны ұлы өнер деп санады.

(Ж.Дәулетбекова)



3. Аудиожазбадан (17. mp3) «Шешендік сөздердің табиғаты мен қоғамдық мәні» тақырыбындағы мәтінді тыңдаңдар және «Еркін микрофон» әдісі бойынша сөйлеу әдебін сақтай отырып баяндаңдар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдерін, тілдік оралымдарын талдаңдар.




Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөзге байланысты қойылатын тыныс белгілері


1. Жалғаулықсыз бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады: *Абай қажымай, жалықпай, ынтыға тыңдайтын (М.Әуезов).*
2. Күрделі бірыңғай мүшелердің өз ішінде үтірлері болса, бірыңғай мүшелердің жігіне нүктелі үтір қойылады: *Бұл – екі қабатты үйлер аз кездесетін; жаңбыр себелеп өтсе, көшесінде адам жүре алмайтын; Сібірде көп кездесетін үлкен бір деревня еді (С.Мұқанов).*
3. *Я, яки, немесе, не, әлде, да, де, әрі* жалғаулық шылаулары бірыңғай мүшелермен қайталанып келсе, араларына үтір қойылады: *Теріскейден соққан желдің екпіні әрі күшті, әрі суық (С.Мұқанов).*
4. Бірыңғай мүшелердің арасында *не, немесе, я, яки, әрі, әлде, да, де* жалғаулық шылаулары қайталанбай тұрса, үтір қойылмайды: *Есін жиғанын не оянғанын Асқардың өзі де білмеді (С.Мұқанов).*
5. Бірыңғай мүшелердің арасында *мен, және* жалғаулық шылаулары тұрса, үтір қойылмайды: *Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді (М.Әуезов).*
6. Бірыңғай мүшелердің арасында *бірақ, дегенмен, алайда* жалғаулықтары, *сондай-ақ, сонымен бірге* тіркестері тұрса, үтір қойылады: *Ол – батыр, бірақ қолбасы емес (Ғ.Мүсірепов).* Абай өлеңдерінде, *сондай-ақ* қарасөздерінде *бала тәрбиесіне үлкен мән берді.*
Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады: *Бұл үйдің жаны – үшеу: Балтабек, әйелі, қарындасы (С.Мұқанов).*

Бірыңғай мүшелерден кейін жалпылауыш сөз болып келетіндер, көбінесе, жалпылау есімдіктері мен сан есімдер. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден кейін келсе, жалпылауыш сөзден бұрын сызықша қойылады.

Мысалы: *Ортасында Құнанбай, Бөжей, Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – барлығы бар (М.Әуезов).* *Көбі шалдар, өзгелері жастар – он шақты адам сөйледі (Ғ.Мүсірепов).* *Алма, Жанат – екі қыз бір анадан туғандай бір ауылда ержетті (Ғ. Мұстафин).* *Жандармдар қораны, шардақты – бірін қоймай тінте бастады (М. Горький).*

Жинақтаушы мәнде қолданылған зат есімдер, оның ішінде сан есіммен келгендері де жалпылауыш сөз бола алады: *Екі ақсақ, бір желаяқ – үш боздақ енді базарға қарай бет алдық (Ғ.Мүсірепов).*


 4. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Үшбу хат» әдісімен сабақтан алған әсерлеріңді достарыңа хат түрінде жазыңдар.

 5. Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздерді қатыстырып, тыңдалым және оқылым материалдары негізінде 10 сөйлем жазыңдар.


Үлгі: Майқы, Жиренше, Әйтеке, Төле, Қазыбек, Бөлтірік, Бала би, Малайсары – барлығы дау түйінін екі ауыз сөзбен шешкен билер.

 6. Ұлылардың даналық сөздерін оқып, өз ойларыңмен бөлісіңдер.

Ежелгі Грекия шешендерінің қанатты сөздері	Ежелгі Рим шешендерінің қанатты сөздері
Шешендік – ақылмен билеу өнері (Платон).	Жаратушы шешендіктің таңғажайып құдіретін көрсету үшін Цицеронды жер бетіне жіберді (Квинтилиан).
Айқындық – сөздің басты артықшылығы (Аристотель).	Шешеннің ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау (Цицерон).
Шешендік – кісінің көркі (Гораций).	Шешен саптағы жауынгердей сақадай сай болуға, мәнді де ұлы істерді үздік орындауға және әрқашан да жеңіске ұмтылуға тиіс (Квинтилиан).

 7. Екі пікірдің бірін дәлелдеп, ойталқы ұйымдастырыңдар, өз көзқарастарыңды дәлелдеу арқылы жеңіске жетуге талпыныңдар.

1. Мектеп ашып, оқыту арқылы шешендікке үйретуге болады.
2. Шешендікке тәрбиелеу мүмкін емес, ол – адамға туа бітетін қасиет.

 8. Энциклопедиялар мен арнаулы зерттеу еңбектерінен Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим шешендері туралы мағлұмат жинап, қалаған тақырыптарың бойынша хабарлама жасаңдар.

§2.

Қазақ ұлттық шешендіктануының алғашқы бастаулары



1. «Ротация» әдісі. Әр топқа бір сұрақ жазылған парақ беріледі. Әр топ түрлі түсті қаламмен жауап жазады да, бір-бірімен алмастырады. Соңында дауыстап оқып, бірін-бірі толықтырады.

1. Қазақ шешендіктану ғылымының қай ғалымдардың еңбектерінен басталатынын білесіңдер ме?
2. «Риторика» еңбегінің авторы кім? Білетін ақпараттарыңды ортаға салыңдар.
3. XI ғасырдың соңында жазылған аса бағалы педагогикалық еңбек – «Қабуснама» туралы не білесіңдер?
4. Ортағасырлық қай ғұламаларды білесіңдер? Бүгінгі таңда олардың сөздері қандай мәнге ие деп ойлайсыңдар?



2. Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтаңдар. «Комментарий жасау» әдісімен көтерілген мәселеге баға беріңдер.

Қазақтың шешендіктану ғылымының тамыры Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінен басталады. Ұлы ғұлама «Риторика» атты трактатында шешендік өнер туралы ғылыми-теориялық топшылауларын жинақтаған. Әл-Фараби шешендердің пікірсайысында, сөз таласында, дау-дамай үстінде қоғам, адам, жер-су, мемлекет тағдырын, аса мәнді өмірлік мәселелердің түйінін шешуде, келешегін айқындауда риториканың әдіс-тәсілдерін, шешендік қарым-қабілеттің қырсырларын мінсіз меңгеруі қажеттігіне назар аударады. Осы еңбегінде ғалым көз жеткізу, көкейге ұялату, ұғып тыңдау, дәлелді пікір айту, шыншыл көзқарас, тиянақты білім, сөйлеушінің бет-жүзі, қимыл-әрекеті сияқты ұғымдарды жіктеп, нақтылып түсіндіреді. «Сөзге тапқырлық – жақсы адамгершілік қасиет», – деп жазады.

«Қайырымды қаланың әкімінде тамаша 12 қасиет болу керек. Соның бірі – ойындағының бәрін айдан анық айтып бере алатын ділмар, өткір сөз иесі болуы», – деп түйеді. «Пікір екі түрлі әдіспен: не анық дәлелдеме арқылы, не иландыру арқылы қорытылады», – деп тұжырымдайды.

Ғұлама Кейқауыстың әйгілі шығармасы – «Қабуснамада» шешендік өнер жайлы ірі-ірі түйіндеулер берілген. Еңбекте «Адамзаттың ең абзал қасиеттерінің бірі – сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуді үйрен. Сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың» деген өнегелі өсиет қалдырған. Шешендерді ардақтап, құрметтеуге үндейді, даналық дәрісінен сусындауға шақырады. «Қай кезде болсын шешендік өнерінің шегінен шықпа. Аузыңнан шыққан сөзің тыңдаушыға, тыңдаушының жүрегіне қонымды, жеңіл болсын... Ей, перзентім, сен қанша шешен болсаң да, өзіңді білгір, ділмар шешендерден төмен ұста. Сөз үйренуден жиренбе. Көп біліп, аз сөйле» деген тұжырымды ой-толғамдар айтылған.

Ұлттық шешендіктанудың бастау-арналарын Ж.Баласағұнидың «Құдатғу білік», М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк», А.Иүгінекидің «Ғабатум Хама», А.Ясауидің «Диуани хикмет» т.б. еңбектерінен де табамыз. Шығыс ғұламалары шешендікке ат қойып, айдар тағып, оны арнайы ғылым ретінде қарастырмағанмен, сөз, сөз құдіреті, сөз мәні т.б. туралы тереңнен толғап, тың тұжырымдар жасаған.

(С.Негимов)



3. Үш топқа бөлініп, оқылым материалы бойынша тапсырмаларды орындаңдар.

1-топ. «Блум түймедағы» әдісімен сұрақтар құрастырып, мүмкіндігінше жауап беріңдер.

Білу	Қарапайым сұрақтар	Кім? Қашан? Қайда? Қалай?
Түсіну	Анықтауыш сұрақтар	Егер мен дұрыс түсінсем, онда...
Қолдану	Тәжірибелік сұрақтар	Қалай қолдануға болады?..
Талдау	Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақтар	Неге? Неліктен?
Жинақтау	Шығармашылық сұрақтар	Егер... , онда не болады?
Бағалау	Бағалаушы сұрақтар	... қалай қарайсыз?

2-топ. Оқылым материалы бойынша бірыңғай мүшелері бар сөйлемдерді теріп алып, жалпылауыш сөзді қатыстырып, қайта жазыңдар.

3-топ. Көркемдегіш құралдарды қолданып, қазақтың шешендік-тану ғылымының түп-тамыры туралы шағын мақала (сөз саны – 100) жазыңдар.

**Қаратпа, қыстырма, одағай сөздерге
қойылатын тыныс белгілері**

1. Қаратпа, қыстырма, одағай сөздер сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады: *Жапырақтар-ау, сыбдырлап жерге төгілгенше, шерлі сұлуға сая болсаңдаршы! (Ж.А.). Әрине, оған теңіз жағасының сүреңсіз, жүдеу тірлігі ұнамасы анық. (Ә.Н.). Қап, кетіп қалды-ау! – деді Көкөтай санын бір соғып. (Ш.А.).*
2. Қаратпа, қыстырма, одағай сөздер сөйлемнің ортасында келсе, екі жағынан үтір қойылады: *Жоқ, Сүйіндік аға, білейік деп сұраймын. (М.Ә.). Бірақ, амал қанша, баланың осы бір арманын іске асырып жатқан үлкендер жоқ. (Ш.А.).*
3. Қаратпа, қыстырма, одағай сөздер сөйлемнің соңында келсе, алдынан үтір қойылады: *Жол ұзақ. Ұйқыашар болсын деп ойнап ем, ғайыпқа бұйырмаңыз, Жұмеке! (М.Ә.). Бүгінгі дос – ертең жау, Мен не қылдым, япырмау?! (Абай).*



4. Тапсырмаларды орындаңдар.

1. Мәтіндегі үтір, тырнақша, сызықшаның қойылу себептерін анықтаңдар.
2. Қаратпа, қыстырма, одағай сөздерді қатыстырып, тақырыпқа қатысты 6–8 сөйлем құрастырыңдар.



5. Орта ғасырлардағы түркі даналарының шешендік өнер туралы пікірлерін оқып, ой бөлісіңдер. Стилін анықтаңдар.

Тіл – елшінің қылышы (*Ж.Баласағұн*).

Керекті сөз өз жерінде айтылсын (*Құтып*).

Жаза айтылған бір сөзбен жүректі жаралауға болады (*С.Сараи*).

Әдептің басы – байқап сөйлеу (*А.Иүгінеки*).

Түмен сөздің түйінін бір сөзбен шеш (*Ж.Баласағұни*).

Өлшеп айтылса ғана жөнді сөз бола алады (*Құтып*).
Ақылды орнымен сөйлер де, жауабын күтер (*С.Сарау*).



6. Орта ғасырда өмір сүрген ғұламалар жайында пікір алмасып, жаңа идеяларыңды ұсыныңдар.



7. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Шешендік өнер туралы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді пайдаланып, көркем әдебиет стилінде мәтін жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.
2. Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Иүгінеки, А.Ясауи еңбектеріндегі шешендік туралы ойларды «ПСМТ формуласы» әдісімен түсіндіріңдер.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...».



2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін...».

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».

§3.

Әбу Насыр әл-Фараби

-  1. Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, ойларыңды «Креативті матрица» кестесіне түсіріңдер. Өз жауаптарыңды басқа топтардың жауаптарымен салыстырып, өз нұсқаларыңды дәлелдендер.
1. Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі туралы қандай қосымша ақпарат білесіңдер?
 2. «Екінші ұстаз» атанған түркі дүниесінің ғұламасы қандай ғылыми еңбектер (трактаттар) жазған?
-  2. Мәтін мазмұнымен танысып, негізгі ойды анықтаңдар. Берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеп қолданыңдар.

Атағы әлемге жайылған ғұлама философ, Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әл-Фарабидің түркі тайпасының дәулетті ортасынан шыққаны мәлім. Бұған дәлел – оның толық аты-жөнінде «тархан» деген атаудың болуы. Ұлы ғұлама 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құятын жеріндегі Фараб қаласында дүниеге келді. Толық аты-жөні – Әбунасыр Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби. Туған жері – қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Фараб деп атаған, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған.



Әл-Фараби Аристотельдің, Платонның, ерте дүниедегі Грекияның басқа да философтарының шығармаларын түпнұсқадан оқыған. Білімге, ізденуге деген құштарлықтың жетелеуімен ол жас шағында саяхат жасап, сол замандағы мәдени әлемнің орталықтары: Хорасанда, Бағдатта, Дамаскіде (Шам), Алеппада, Каирде (Мысыр) болған. Өз өмірінің көп жылдарын Араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдатта өткізді. Мұнда ол ғылым-білімді тиянақты меңгеріп, толықтырады. Көрнекті ғалымдармен

байланыс жасап, өзінің білімдарлығы, алғырлығы және асқан байсалдылығы арқасында көп ұзамай үлкен абырой-беделге ие болады. Бірақ өресі тайыз кертартпа хадисшілер оны жек көріп, күндей бастаған, әсіресе олар әл-Фараби көзқарасының негізгі мәніне қарсы шыққан, өйткені оның дүниеге көзқарасы шынайы болмысты танып білуге, адам бақытын о дүниеден емес, бұ дүниеден іздеп табуға меңзейтін еді. Ақыр соңында әл-Фараби лажсыздан Бағдаттан кетеді. Өзінің «Фу-сул ал-мадани» («Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері») деген соңғы шығармасында ол: «Адам ғылымға түрліше тосқауыл жасайтын мемлекеттен кетіп, ғылымы өркен жайған елде тұруға тиіс», – дейді. Әл-Фараби өмірін александриялық ғалымдар, яғни бір кезде Александриядан ығыстырылған несторианшыл христиандар тұратын Дамаскіде өткізеді. Мұнда ол солтүстік Сирияның жетекші саяси қайраткері Сейд ад-Дуаль Хамданиге аса қадірлі болды. Әл-Фараби 950 жылы 80 жасында қайтыс болады.

(Қазақстан тарихынан)



Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Әл-Фараби – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. Ол өз еңбегінде: «Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт: 1) баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы; 2) ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы; 3) сабақ процесінің алатын орны», – деп жазған. Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді. Әбу Насыр әл-Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» сынды трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді.



3. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген ақпаратты азатжолдарға бөліп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, көшіріп жазыңдар.

**Айқындауышқа байланысты қойылатын тыныс белгілері**




Айқындауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді: 1) қосарлы; 2) қосалқы; 3) оңашаланған.

Қосарлы айқындауыш дефис арқылы (мысалы: *мектеп-интернат, телефон-автомат*), қосалқы айқындауыш бөлек (мысалы: *Алпамыс батыр, Үсен ақсақал*) жазылса, оңашаланған айқындауыш өзі айқындайтын сөзінен көбіне үтір арқылы ажыратылады. Мысалы: *Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айтқан (М.Ә.).*


Өз ішінде үтірлері бар оңашаланған айқындауыштарды бірыңғай мүшемен шатастырмас үшін, екі жағынан сызықша қоюға болады. Мысалы: *Сүйіндік бәйбішесімен және екі баласымен – Әділбек, Асылбекпен – бәрі де қонақтармен бірге болды (М.Ә.).*

Оңашаланған айқындауыш мүше өзінің алдындағы айқындайтын сөзімен септік, тәуелдік жағынан қиыспай тұрса, яғни айқындалушы сөз атау тұлғада келсе, араларына сызықша қойылады да, айқындауыштан кейін ешқандай тыныс белгі қойылмайды. Мысалы: *Күлкінің иесі – қызды біз енді жақсылап көрдік (С.Е.).*

Ал айқындалатын сөзімен морфологиялық жағынан қиыспай тұрса не екеуі де атау тұлғада тұрса, жалқы есімнен болған айқындауыш ешқандай тыныс белгімен ажыратылмайды. Мысалы: *Оның осы қалпын ағасы Балтабектің әйелі Айбаладан басқа ешкім көрмеді (С.М.).*

-  4. Оқылым мәтіні бойынша айқындауыштарды анықтап, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.
-  5. Ережені негізге алып, айқындауыш мүшелерге сөйлеммен мысалдар келтіріңдер.
-  6. Қосымша ресурстарға сүйене отырып, «Әл-Фараби және оның замандастары» кестесін толтырыңдар.

Ғұламаның аты	Өмір сүрген кезеңі	Ғылыми еңбектері	Ұстанымдары

-  7. Ғаламтор ресурстары мен баспасөзден әл-Фарабидің ғылыми мұрасы туралы материал жинақтаңдар. Жинаған ақпараттарыңа логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.

§4.

Қазақтың ұлттық шешендік өнерінің дамуы



1. Топқа бөлініп, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сендердің ойларыңша, халқымыз неліктен шешендік өнерге ерекше мән берген?
2. Қазақ шешендік өнерінің көрнекті өкілдерін атаңдар.
3. Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілер мен олардың еңбектері туралы не білесіңдер?
4. Шешендіктің құдіретті өнер екендігін халқымыз қандай мақалдары арқылы түйіндеген?



2. Мәтінді «Іріктеп оқу» әдісімен түсініп оқып, көтерілген мәселені талдаңдар. Мәтіндегі негізгі ұғымдарды анықтап, сипаттама беріңдер.

Шешендік – қазақтың көнеден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады, суырыпсалма сөздерге негізделіп, шығармашылық сипатымен дараланады. Асыл ойдың алтын қазығы болған шешен-билердің халық жадында сақталып келген дана ойлары келешек ұрпақ үшін әрқашан тәрбие-өнер мектебі болған. Елді бірлікке шақыруда, халық тарихын байыппен саралап, бүгінгі ұрпақ санасына жеткізуде шешендік сөздердің маңызы ерекше. Халқымыз «Сөз қадірін білмесең, өз қадіріңді білмейсің», «Сөз сүйектен өтеді», «Шешеннің тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік» деп, сөз өнерін ерекше тани білген. Шешендік сөздер – ғасырдан ғасырға ұласып, халық игілігіне жарап келе жатқан ұлттық мұрамыздың бірі. Қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр, қисынға құрылған бұл сөздер тыңдаушының көңілінен шығып, оны сөзсіз иландырады.

Шешендік өнерге ерте замандардан-ақ үлкен мән берілген. Ежелгі Грекия, Рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Протагор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты мемлекет қайраткерлері, елді

аузына қаратқан ойшылдары болған. Риторика ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған.

Қазақтың шешендік сөз тарихы Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII–XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асанқайғы (XIV–XV ғғ.) есімдерімен қатысты қалыптасып, өркендей түсті. Шалкиіз, Бұқар (XV–XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтекелермен жалғасты. Шешендік өнердің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV–XVIII ғасырлар. Бұл – қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді.

Шешендік сөздердің алғашқы үлгілерін халық ауыз әдебиеті туындыларынан, ертегі, аңыз-әңгімелерден, өлең-жыр, дастандардан ұшыратамыз. Осы сөз өнерінің кең қанат жайып, орнығып дамуында тапқырлық пен шешендіктің тамаша нұсқалары: жыраулардың толғаулары, айтыстар мен мақал-мәтелдердің орны ерекше.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп, жинаған болатын.

Сондай-ақ қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап, жариялағандардың бірі – Ы.Алтынсарин. Ол халық даналығының жасөспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1927 ж.) еңбегінде «Билер айтысы» деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым-лингвист А.Байтұрсынұлы шешендік өнерді жеке алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). «Шешен сөз», «көсемсөз», «дарынды сөз» деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген.

(«Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығынан)




Құрмалас сөйлемдерге байланысты қойылатын тыныс белгілері

1. Салаласа және сабақтаса байланысқан құрмаластың жай сөйлемдері арасына, негізінен, үтір қойылады: *Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман (Абай). Сол жылы Есіл мол тасып, егін мен шөп көп шықты (С.Мұқанов).*
2. Жалғаулықсыз қарсылықты салалас құрамындағы жай сөйлемдер арасына үтір мен сызықша қойылады: *Тұрайын деп еді, – тұра алмады (С.Мұқанов).*
3. Алғашқы жай сөйлемдегі іс шұғыл түрде өткен болса не біріндегі іске екіншісіндегі қарама-қарсы қойылып айтылса, арасына сызықша қойылады. *Ти десем – тимейді, тиме десем – тиеді (Жұмбақ).*
4. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады: *Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: олар – ой ұлылығы мен сұлулық ұлылығы (Ф.Мүсірепов).*
5. Түсіндірмелі салаластың алғашқы жай сөйлемінің баяндауышы сонша, сондай, сол, мынау, себебі сөздерімен аяқталса, олардан соң сызықша қойылады. *Оның қорыққандығы сондай – не айтып, не қойғанын білген жоқ.*
6. Шартты бағыныңқы сабақтастың баяндауышы шартты райдан жасалып, бағыныңқы сөйлемге мән бере айтылса, одан кейін сызықшы қойылады. *Қой өлсе – қозы қалады.*
7. *Өйткені, себебі* жалғаулықтары түсіп қалып жасалған салаластардың жай сөйлемдері арасына қос нүкте қойылады: *Салған әні жан дүниемізді балқытты: дауысы әсем екен.*



3. Қазақ шешендіктану ғылымының негізін қалаған ғалымдар туралы құрмалас сөйлемдер құрастырындар. Стилін анықтаңдар.

Үтір арқылы ажыратылған салалас құрмалас сөйлем	
Үтір арқылы ажыратылған сабақтас құрмалас сөйлем	
Жай сөйлемдерінің арасына қос нүкте қойылатын түсіндірмелі салалас	
Жай сөйлемдерінің арасына сызықша қойылатын түсіндірмелі салалас	
Сызықшамен берілген шартты бағыныңқы сабақтас	
Қос нүктемен берілген себеп-салдар салалас	

-  4. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Қазақтың әйгілі шешендері» тақырыбында «Еркін жазу» әдісімен шағын шығарма жазыңдар.



Майқы Мәнұлы өз заманында бүкіл қазақ атаулыны билеген, елге әділдік орнатқан, қара қылды қақ жарған адам болыпты. Жұрт оны сөйлетіп қойып, аузына қарап отырады екен. Майқыны заманында «Қарқуардай Майқы» дейді екен. Қарқуар деген құс ертеден түннің бір шамасына дейін талмай сайрайды екен. Содан екі бие сауым ғана дем алып, таң құлан-иектене қайта сайрайды деседі. Міне, Майқы атамыз сондай шешен болыпты.

(«Қазақ шешендері» кітабынан)



5. Қазақтың атақты үш биінің (Төле, Қазыбек, Әйтеке) шешендік сөз үлгілері туралы өздерің білетін мәліметтермен бөлісіп, мағынасын ашу мақсатында бір-бірлеріңнен сұхбат алыңдар.



6. «Бөлтірік шешен мен Тезек төре» шешендік сөзіндегі диалог бойынша сахналық шағын қойылымның сценарийін дайындаңдар.



7. Қазақ шешендік өнерінің XV–XVIII ғасырлардағы бір көрнекті өкілі туралы қосымша ресурстар бойынша ақпарат жинақтап, презентация дайындаңдар.

§5.

Ұлы жүздің төбе биі – Төле би



1. Өз білімдеріңе сүйеніп, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Төле би Әлібекұлының өмірі мен артында қалдырған мұрасы туралы қандай деректер білесіңдер?
2. Суретте Төле бидің қандай даналығы бейнеленген деп ойлайсыңдар?



2. Мәтінді түсініп оқыңдар. Төле би туралы БАҚ пен энциклопедиялардан оқыған деректеріңе сілтеме жасаңдар.

Төле би ел арасында «Қарлығаш әулие» атанып кеткен екен. Аңыз бойынша елге жоңғарлар шауып, ауыл адамдары үйлерін тастай қашқан. Осы уақытта тек Төле би ғана түтінін бұзбастан орнында отыра беріпті. Ауылға басып кірген жоңғар қонтайшысы жалғыз үйді көреді. Ел үдере көшкенде, өзінен қорықпай отырған адамның кім екенін білмекке кісі жібереді. Баса-көктеп үйге енген жоңғарлар жөн сұраспастан, бірден жауап алмаққа дүрсе қоя береді. Сонда Төле би жоңғарларға амандықсыз сөз бастағанын айтып, бір тықыртса, көшпеуінің себебін айтып, екінші тықыртқан екен. Жұртпен

бірге бас сауғалап, үйін тастамағанының себебін би былай түсіндірген екен: «Биыл шаңырағыма қарлығаш ұя салған екен. Балапандары қанаттанғанша үйімді бұзбайын деп шештім. Жау жағадан алды екен деп ұясын бұзып, балапандарын шырылдатқым келмеді. Сендердің де үйлеріңді ойран етіп, бала-шағаларыңды шырылдатса, өздеріңе жақсы болар ма еді?»

Төле бидің жауабын естіген жоңғар қонтайшысы Төле биді әулие деп танып, әскеріне би шаңырағына да, ол отырған ауылға да шаппауын бұйырады. Содан бері Төле би «Қарлығаш әулие» атанып кеткен екен.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)

Төл сөздің тыныс белгілері

1. Төл сөз екі түрлі қолданылады: бірі – төл сөзді мәтін ішінде бөлмей, азатжолсыз қолдану, екіншісі – төл сөзді азатжолмен бөліп тастау. Бірінші жағдайда төл сөз тырнақшаға алынады, екіншіде сызықша арқылы жазылады: *Әкей оқта-текте күбірлеп сөйлеп қояды: «Ол менің ротамда сержант қана еді» (А.С.Пушкин).*
Біреу жүгіріп келіп:
– Асан үйінде ме екен? – деді (С.Мұқанов).
2. Автор сөзі төл сөзден кейін келгенде, төл сөз тырнақшаға алынады (немесе алдына сызықша қойылып, жаңа жолдан жазылады), төл сөзден соң үтір (леп не сұрау белгісі, көп нүкте) және сызықша қойылады: *«Бұл кім болды екен, әлде...» – деп ойлады ұста.*
– Жазыла ма өзі? Емдесе қайтеді? – деді Абай (М.Әуезов).
3. Автор сөзі төл сөзден бұрын келсе, одан кейін қос нүкте қойылып, төл сөз тырнақшаға алынады (немесе алдына сызықша қойылып, жаңа жолдан жазылады): *Шелегін босағаға қойып, сыртқа шыққан Айбаланың ойлағаны: «Иә, қуанатын жөні бар» (С.Мұқанов).*
Мейрам қол алысып, орыс салтынша өзін таныстырды:
– Мейрам Омарович Омаров (Ғ.Мұстафин).



3. Оқылым мәтініндегі төл сөздің тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.



4. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, «Жасөспірім Төленің даналығы» тақырыбында өңгіме жазыңдар.



Төле би 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы Шу өңірінде туған. Бала күнінен Төле әкесіне еріп жүріп, ел көреді, жұрт таниды, халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алады. Он бес жасынан ел билігіне араласып, ақыл-парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түседі.



5. Төле бидің шешендік сөздерін оқып, өз ойларыңмен бөлісіңдер.

Жаңбыр жаумаса, жер – жетім,
Басшысы болмаса, ел – жетім,
Ұқпасқа айтқан сөз – жетім...

Атың жақсы болса – ер жігіттің пырағы.
Балаң жақсы болса – жан мен тәннің шырағы.
Әйелің жақсы болса –
Бірінші – иманың,
Екінші – жиғаның,
Үшінші – ырысыңның тұрағы...

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол!
Көп тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала.
Өзегің талса, өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала.
Өзіңе-өзің көміл бол,
Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатаң бол,
Досыңа адал бол!

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



6. Егер сендер Төле бидің заманында өмір сүрсендер, онымен кездескенде қандай сұрақтар қояр едіңдер? Пікірлерің мен ойларыңды ортаға салыңдар.



7. Төл сөзге қатысты тыныс белгілерін қойып, мәтінді көшіріп жазыңдар. Мәтіннің стилін анықтаңдар.

Баламның алымдылығын сынап білейін деп ойладым да, бір күні жай әңгімелесіп отырып

Қалқам Әбіш, осы әлемдегі жаратылыста ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма деп сұраған едім. Ол іркілместен

Ақ зат асыл ғой деді.

Неге, қара зат асыл емес пе дедім мен. Әбіш бетіме қарап күлді де

Қараны қалай асыл дейсіз деді. Мен

Біріншіден, адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзбен көреді емес пе дедім. Бірақ көздің ағы көрмейді, ортасындағы кішкене қарашығы ғана көреді. Екіншіден, қағаз ақ, одан адам оқып білім ала алмайды, үстіне жазған қара сиядан өнер-білім алады... дедім.

Сонда Әбіш

Оның бәрін қалай білдіңіз деді.

Ақылмен білдім дедім мен.

Олай болса, ақыл мида болмай ма, ал ми ақ зат емес пе!? Ақыл – нұр, жарық зат. Ол да аққа ұқсамай ма деді.

(«Абай әлеміне саяхат» кітабынан)



8. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Қосымша ресурстар бойынша қазақтың шешендік сөздері туралы «Тауып айтқан Төле би» тақырыбында шағын шығарма жазыңдар.

2. Ғибратты сөздерді пайдаланып, Төле бидің толғаулары негізінде сөзжұмбақ құрастырыңдар.

§6.

Қаз дауысты Қазыбек би



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазыбек бидің «қаз дауысты» атану себебін білесіңдер ме?
2. Қаз дауысты Қазыбек қандай заңды шығару кезінде елге танылды?
3. Ел аузында сақталған Қазыбек бидің қандай толғауларын білесіңдер?



2. Мәтінді түсініп оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының XVII–XVIII ғасырлардағы ұлы биі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Қазыбек би 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек – есімі елге белгілі әділ билер болған.

Ел аузындағы аңыздар мен шешендік сөздер Қазыбек бидің халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің бас биі еткен. Би Әз Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған.

Тәуке хан үйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – «Жеті жарғыны» жасатып, Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатты. Сөйтіп, ұлы үш бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылына тойтарыс беру т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді.

Ел «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетіне ұшырап, қатты күйзеліске түскен кезеңде Қазыбек би өзге билермен бірге Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды,

оларды өзара ынтымаққа шақырды. Орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда, Қазыбек би Абылайды құтқару үшін қолдан келген барлық дипломаттық айла-әрекеттерін жасаған. Қазыбек мемлекет істерімен қатар руаралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған.

Би XVIII ғасырдың 40-жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға қарай көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылған. Қазыбек ұрпақтары да ата-баба жолымен әділ қазылар атанған. Қазыбек би 1764 жылы Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Денесін баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеп, басына құлпытас орнатқан.

(«Даланың дара ділмарлары» жинағынан)



3. Төл сөзге қатысты тыныс белгілерін қойып, мәтінді көшіріңдер. Тыныс белгілеріне түсінік беріңдер.

...Сол уақытта аяқ жақта отырған жас Қазыбек

Дат, тақсыр дейді

Қалмақ қонтайшысы

Сөйле дейді

Қазыбек

Сен қалмақ та, біз қазақ,

Қарпысқалы келгенбіз.

Танымайтын жат елге

Танысқалы келгенбіз.

Танысуға көнбесең,

Шабысқалы келгенбіз.

Берсең, жөндеп бітімді айт,

Бермесең дірілдемей жөніңді айт,

Не тұрысатын жеріңді айт дейді.

Сол уақытта қонтайшы не дерін білмей сасып қалып

Сен кімсің дейді

Қазыбек

Қаракесек Келдібек бидің баласы Қазыбекпін дейді.

Даусың қаздың даусындай екен. Атың Қаз дауысты Қазыбек болсын дейді қонтайшы.

(«Даланың дара ділмарлары» жинағынан)

**Төл сөздің тыныс белгілері**

4. Автор сөзі төл сөздің ортасында тұрса, тыныс белгі төмендегідей қойылады:
- а) автор сөзі төл сөз боп тұрған сөйлемді екіге бөліп тұрса, екі жағынан үтір мен сызықша қойылады:
- *Мені, – деді Амантай далаға шыққан Асқарға, – губернатор шақырған екен (С.Мұқанов).*
- ә) екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы өз алдына хабарлы (сұраулы, лепті) сөйлем болса, одан кейін үтір (сұрақ не леп белгісі) мен сызықша, автор сөзінен соң нүкте мен сызықша қойылады:
- *Ертең ерте Шыңғысқа көшеміз, – деді Құнанбай. – Буыныптүйіне беріңдер (М.Әуезов).*
- *Бұл не жұмбақ? – десті екеуі. – Көл ортасында бұл жалау қайдан пайда болды (С.Мұқанов)?*
5. Төл сөз автор сөзінің ішінде келсе, бірінші автор сөзінен кейін қос нүкте, төл сөз тырнақшаға алынып (не жаңа жолдан сызықшамен), одан соң үтір (леп не сұрау белгісі, көп нүкте) және сызықша қойылады: *Сүйіндік: «Бөжейде бір сыр бар-ау», – деп соған бұрылды (М. Әуезов).*
- Құлыншақ та Құнанбайға тақап келіп:*
- *Қарағым, Құнанжан, қоныс қайырлы болсын! – деді (М. Әуезов).*
6. Төл сөздің ішінде төл сөз келсе, алғашқысының алдынан сызықша қойылады да, соңғысы тырнақшаға алынады:
- *Әкем «Біреудің ала жібін аттама» деп отырушы еді, – деді ол күмілжіп.*



4. Қаз дауысты Қазыбек бидің толғауларын оқып, мән-мағынасын талқылаңдар.

«Кім жақын, не қымбат, не қиын?» деген сұраққа Қазыбек би аса тапқырлықпен былай жауап берген екен:

Тату болса, ағайын жақын,
 Ақылшы болса, апайың жақын.
 Бауырмал болса, інің жақын,
 Алдыңа тартқан адал асын –
 Қимас жақын қарындасың.
 Сыбайлас болса, нағашың жақын,
 Адал болса, досың жақын.

Жан серігің жас кезіңнен
 Бәрінен де әйелің жақын.
 Алтын ұяң – Отан қымбат,
 Құт-берекең – атаң қымбат.
 Аймалайтын анаң қымбат,
 Асқар тауың – әкең қымбат.
 Мейірімді апаң қымбат,
 Туып-өскен елің қымбат.
 Ұят пенен ар қымбат,
 Өзің сүйген жар қымбат.
 Арадан шыққан жау қиын,
 Таусылмайтын дау қиын.
 Шанышқылаған сөз қиын,
 Жазылмаса, дерт қиын,
 Іске аспаған серт қиын,
 Ақылыңнан адасып,
 Өзің түскен өрт қиын!

Қазыбек бидің шешендік сөздері бата, тілек түрінде де келеді. Мысалы:

Өркенім өссін десең, кекшіл болма: кесапаты тиер еліңе.

Елім өссін десең, өршіл болма: өскеніңді өшіресің.

Басына іс түскен пақырға қастық қылма: қайғысы көшер басыңа.

Бүгін сағы сынды деп, жақыныңды басынба!

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



5. Жазылым тапсырмаларын орындаңдар.

1. Оқылым мәтіндегі негізгі ойға «Дербес пікір жазу» әдісімен тұжырым жазыңдар.
2. «Ғибратты сөз» айдарымен берілген Қазыбек бидің шешендік сөздері бойынша өлең не өңгіме жазыңдар.



6. Жасөспірім Қазыбек бидің орнында болсаңдар, қалмақтың ханына қалай жауап берер едіңдер? Жауаптарыңды тұжырымдап айтыңдар.



7. Қазыбек би туралы білетін мәліметтеріңмен бөлісіп, достарыңа хат жазыңдар.


§7.

Жарып айтқан Әйтеке би

 1. Сұрақтарға жұптасып жауап беріңдер.

1. Әйтеке бидің өмірі туралы қандай мәлімет білесіңдер?
2. Бидің қандай шешендік толғауларымен таныссыңдар?
3. Суреттегі үш бидің ескерткіші қай қалада орналасқан? Сендер тұратын өңірде атақты билерге қойылған ескерткіштер, үш бидің атында елді мекен, көше т.б. бар ма?



 2. Мәтінді оқып, Әйтеке би туралы БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік ресурстардан оқыған деректеріңе сілтеме жасандар.

Әйтеке Байбекұлы – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұстаған қазақтың биі.

Әйтеке бес жасында молдадан оқып, сауатын ашқан. Ал шешендік қасиетінің ашылуына өз әкесі мен Қосуақ бидің ықпалы зор болған. Жеті жасынан бастап ол Жалаңтөс батыр мен атасы Ақша ханның тәрбиесінде болады. Алғаш Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс салдырған әйгілі «Тіллә-кари»

(Алтынмен апталған), «Шердор» (Арыстанды) медресесінде білім алады. Нәтижесінде дін, құқық, аспан әлемі, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шыққан.

Әйтеке бидің шын есімі – Айтық.

Әйтеке би 25 жасынан бастап Кіші жүздің бас биі ретінде алғашында Ордабасыда, сонан кейін Күлтөбе мен Ұлытауда жыл сайын өткізілетін үш жүздің басшылары мен беделді адамдары бас қосқан жиындарға тұрақты қатысып тұрады. Тәуке ханнан бастап дәстүр болған бұл жиындарда ұлт бірлігін нығайту мәселелері талқыланып, жүздер мен рулардың арасындағы өзара келіспеушіліктен туындайтын даулар шешілетін болған. Қызу айтыс-тартыстар ушығып кетер тұста тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні іспетті жұрт тоқтасар бәтуаны Әйтеке би айтады екен.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



Әйтеке бидің шешендік дауға араласып, тәжірибе жинақтап жүрген шағында Төле би мен Қазыбек би оған: «Жақсы жігіт қандай болады?» – деген сауал қойыпты. Әйтеке: «Дұрыс сөзді тыңдай білген, басқаға сөзін тыңдата білген жақсы жігіт болады», – деп жауап беріпті. Осы уақытта түлкі даулаған екі кісі келеді. Оның төрелігін Төле би мен Қазыбек би Әйтеке биге табыстайды. Бірінші кірген жауапкер: «Мен түлкінің терісі жетілсін деп жаздың басынан ін қорып жүр едім», – дейді. Екіншісі: «Мен кешегі қансонарда түлкінің ізіне түсіп індетіп алдым», – дейді. Әйтеке би: «Түлкі арлан болса, ізіне түсіп індеттегендікі; ұрғашы болса, жүні жетілсін деп жаз бойы ін қорығандікі. Өйткені ұрғашы ін сақтайды, еркек түз сақтайды», – деп дауды шешіп береді.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



3. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәтіндегі төл сөз бен автор сөзін анықтаңдар. Тыныс белгілердің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



4. «Артық болмас білгенің» мәтінін азатжолдарға бөліп, түзетулер енгізіп, қайта редакциялап жазыңдар.

**Төл сөздің тыныс белгілері**

7. Төл сөзден кейін келген *де* көмекші етістігінен соң толық бір сөйлем келсе, одан кейін үтір қойылады:
– *Айт сөзің болса! – деді де, осы үйдегі жұрт естісін, куә болсын дегенді ойлады (М.Әуезов).*
8. Кейде автор сөзі төл сөздің ортасында бір, соңында бір келеді. Тыныс белгілері төмендегідей қойылады:
– *Шүкір, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс тәмам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатиқасын алып қайттым, – деді (М.Әуезов).*
9. Төл сөздің ортасындағы автор сөзі тиянақсыз болса, автор сөзінен соң қос нүкте қойылады:
– *Әй, бұл кім өзі?.. – деп ашумен сырт айнала беріп, Абайды көрді де: – Абай, шырағым-ай, бір тыныш жерде отырсаң етті! Бұл қарбаласта не бар еді саған? – деді (М.Әуезов).*
Ескерту. Мақалдар да тырнақшаға алынады, бірақ төл сөзге қатысты тыныс белгілері қойылмайды: «Ас – адамның арқауы» деген сөз бар.



5. Төл сөздің тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар.

Қозы бағып жүрген жас кезінде Әйтеке үш аттылы жолаушыға жолығады. Әйтеке

Ассалаумағалейкүм, ағалар! деп ізетпен сәлем береді.

Жолаушының жасы үлкені

Сәлемет бол, балам, кімнің баласысың деп сұрайды.

Байбектің баласымын.

Қосуақ бидің үйі қайсы?

Анау қырдың астында. Онда не шаруаларыңыз бар еді деп сұрайды бала.

Даулы болып келеміз дейді әлгі қарт жолаушы Ойнап жүрген баламызды сол ауылдың бір жолаушысының аты теуіп өлтірді. Соның құнын даулап келеміз.

Әйтеке сәл ойланып тұрып

Балаңызды ат босағада тепсе – бүтін құн, жабықта тепсе – жарты құн, түзде тепсе – төрттің бірін аласыздар. Қосуақ би де осыны айтар. Жолдарыңыз болсын дейді.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



6. Әйтеке биден қалған ой маржандарын түсініп оқып, өз ойларыңмен бөлісіңдер.

- Өмірім – халқымдікі, өлімім ғана өзімдікі.
- Қара қылды қақ жарған – жақсылардың белгісі.
- Іні – ағаның тынысы.
- Ашу деген – ағын су,
Алдын ашсаң, арқырар.
Ақыл деген – дария,
Алдын тоссаң, тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң, сөз қуыспау керек.
Сөз қуған бөлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.
- Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,
Батыр болсаң, жауыңа найзаң тисін.
Бай болып, елге пайдаң тимесе,
Батыр болып, жауға найзаң тимесе,
Елден бөлек үйің күйсін.

(«Қазақтың би-шешендері» жинағынан)



7. Шешендік сөздерді пайдаланып, берілген сызбалар бойынша сөйлем құрастырыңдар.

1. – Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз.
2. Автор сөзі: «Төл сөз», – автор сөзі.
3. – Төл сөз, – автор сөзі: – Төл сөз, – автор сөзі.
4. – Төл сөз, – автор сөзі. – Төл сөз, – автор сөзі.



8. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Сабақтағы мәлімет пен қосымша ресурстар бойынша «Кіші жүздің бас биі» тақырыбында презентация дайындаңдар.
2. Әртүрлі елдердің шешендерін салыстырып, салыстырмалы эссе жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.

§8.

Сөйлеу шеберлігі және тіл мәдениеті



1. Ғалымдардың пікірлерімен танысып, тіл мәдениеті, сөйлеу шеберлігі туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

Тіл мәдениеті – тілдің қолданыстағы дұрыстығы, заңдылығы, нормалылығы, сөз қолданудағы орындылығы, шынтауыттап келгенде, сөз мәдениеті. Сөздерді дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану сияқты амал-әрекет.

(Р.Сыздық)

Қиюын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз – сөз болмай шығады не адамға арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай керекті сөз болмай, басқа бір сөз болып шығады.

(Қ.Жұбанов)



2. Мәтіндерді оқыңдар, негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беріңдер. Мәтіндердің мазмұнын қорытындылап, маңызды тұстарын атап өтіңдер. Мәтіндер мен шынайы өмір арасындағы байланысты анықтаңдар.

Сөз саптау және сөз сапасы

Адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетінде сөз саптаудың алар орны ерекше. А.Байтұрсынұлы сөздің ұнамды, өңді болуының басты шарты ретінде сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі мен көрнектілігін көрсетеді.

Сөздің дұрыстығы

Сөздің дұрыстығы – сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркестері мен сөйлемді мағынасына сай қолдану.

Сөздердің грамматикалық мағынасын ажырата білумен қатар, тіркесетін сыңар сөздерін де талғай білу керек. Кейбір сөздер тіршілік иесіне, оның ішінде тек адамға қатысты, кейбір ұғымдар тек жансыз нәрсеге қатысты қолданылады. Сөздің шынайы болмысын танып, өз орнында қолданғанда, айтылатын ой айқын, түсінікті болмақ. Сонда ғана адамның жан дүниесіне әсер ететін сөздер маржандай тізіледі.

Сөз байлығы

Ойын анық та көркем түрде жеткізе білетін адамды сөз байлығы мол, тілі оралымды, жан-жақты жетіліп, дамыған адам деп айтуымызға болады. Сөз байлығы жоқ адамның ойы да таяз. Сөз байлығын ұтымды пайдалану тілдегі грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдарды меңгерумен тығыз байланысты. «Мінсіз таза асыл сөз ой түбінде жатады», – деп көшпенділер философы Асанқайғы айтқандай, көрікті ойдан көркем сөз шығады.

(Н.Уәли)

Сөз тазалығы

Сөз тазалығы – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтауымен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білуі. Әдеби тілге қатысты бірден-бір ұғынықты сөзді таңдай білу керек. Былайша айтқанда, тілді шұбарлауға бармаған жөн. Ал тілдің тазалығын бұзатын, оған нұқсан келтіретін факторлар аз емес. Оларға, мәселен, ана тіліндегі баламасы бола тұра, басқа тілдерден енген сөздерді (варваризмдер) қалай болса, солай жұмсау, жергілікті мәні бар сөздерді (диалектизмдер) талғамсыз қолдану, сондай-ақ құрбы-құрдастардың арасында айтылатын тілдік құралдар (жаргонизмдер) сияқты жайлар жатады. Әрине, бұл аталғандар мүлдем қолданыстан шығып қалуға тиіс деген жаңсақ ұғым тумауы керек. Әңгіме оларды жөнсіз пайдалана бермеуде болып отыр.

Тіл тазалығына кедергі келтіретін ілгеріде айтылған жайлардың бірі – варваризмдер. Бұл құбылыс қазақ тілінде баламасы бола тұра орыс сөздерін қолдануда байқалады. Ауызекі тілде орыс сөздерін орынсыз қолдану тілімізді жұтандатып, төл сөздеріміздің қолданылу аясын тарылта түседі. Бұрыннан еніп, сіңісті болып кеткен «сәпсем», «даже» дегендер түгілі, қазір қазақтың «етіп» деген көмекші етістігін қосып алып, орыс сөздерін қазақыландыратын «мода» шықты. Мысалы, «волноватса етіп», «опаздать етіп» т.с.с.

Орыстан еніп, құлаққа сіңісті болып бара жатқан сөздерді теріп, олардың қазақ тіліндегі қысқа да нұсқа сөздігін қамтыған мақала жазуды қолға алмақпыз. Мәселен, онда жоғарыда айтылған «даженің» «тіпті», «совсемнің» «мүлде» деген сияқты қазақша жеңіл аудармалары барын көрсетуді

көздейміз. Ең алдымен, күнделікті қолданыстағы сөздерді ана тілімізде дұрыс айтуға бейімделу қажет. Ол сөзіңнің де, өзіңнің де қадір-қасиетіңді арттырады. Тілді шұбарлап сөйлеуге әдеттенсең, саған деген сенімді көзқарастың қалыптасуы қиын, сенің тұлға ретінде мойындалуың да екіталай.

«Менің қол астымда бір қыз жұмыс істеді. Қазақы тәрбиемен өскен, қазақша да, орысша да бір кісідей сөйлей білетін, іскерлігі де жап-жақсы қыздың еш жерде сөзі өтімді болмайтын. Себебі оның: «Мен ойлаймын, что ол осылай деп... Бірақ бұл не значит что мен оны білмеймін», – деп, орысша мен қазақшаны тоқтаусыз араластырған сөздерін тыңдау мүмкін емес. Бұл – адамның өзін сыйламауының көрінісі. Сөзіңізді тыңдатқыңыз келсе, қай тілде сөйлесеңіз де, таза сөйленіз», – дейді Айнұр Әбдірәсілқызы.

Бауыржан Момышұлының сөйлеу мәнерінің ерекшелігі де сол – екі тілді бірдей жетік біле тұра, ешқашан бір сөйлем ішінде қазақша мен орысшаны араластырып сөйлемеген екен. Кейбір оралымдар орысша оңтайлы болып келсе, сөйлемді түгелімен орысша айтқан. Ал қазақша төгіліп түскен ойлары шешендігімен, тазалығымен, толықтығымен сүйсіндіреді.

(А.Мәнкееваның «Сөзіңізді тыңдатқыңыз келсе...» мақаласынан)



3. Мәтіндердегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



4. Сұрақтарға жауап беріңдер. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, ойларыңды ортаға салып, сұхбат құрыңдар.

1. Шаршы топта сөйлеу кезінде қандай кедергілерге кезігесіңдер? Мысалы: а) бет қызару; ә) жүректің жиі соғуы; б) қол дірілдеу; в) сөзден жаңылу; г) дауыс бәсеңдігі.
2. Бұл әрекеттің барлығы қорқыныштан пайда болады. Қорқыныш неден туады? Себебін анықтаңдар. Аурудың себебін таппай, емдей алмайсыңдар.
3. Қорқынышпен күресу жолдарын ұсыныңдар.



5. Көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, тақырып бойынша шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме немесе шығарма) жазыңдар.



6. Мәтіннің барлық тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар.

Сан-Франциско қаласында мектеп директоры үш мұғалімді кабинетіне шақырып

Құрметті ұстаздар осы мектептің ең үздік шығармашыл ұстаздары ретінде сіздерге жауапкершілігі зор жүк артпақпыз Мектебіміздің ең үздік ең ақылды деген тоқсан оқушысын келер жылға дейін жақсылап оқытып амалдарды жылдам орындауға дағдыландырады деген сенімдеміз дейді

Осылайша оқу жылы қызу басталып табысты да жемісті жылға айналады Мектеп оқушылары үлгерімі жөнінен үздік нәтижелерге қол жеткізеді

Директор үш мұғалімді шақырып алып

Сіздерге айтар алғысым шексіз Дегенмен мойындамасқа амал жоқ сіздерге ең ақылды ең үздік деп берген тоқсан оқушы кездейсоқ таңдалған орта білімді оқушылар еді дейді.

Мұғалімдер аң-таң естігендеріне сенер емес

Директор сөзін жалғастырып

Мойындайтын тағы бір мәселе бар сіздер де бұл мектептің ең үздік шығармашыл мұғалімдері емес едіңіздер Сіздерді жеребе тастау арқылы таңдап алдық Сенімнің арқасында осындай керемет жетістікке қол жеткіздіңіздер Сіздерді құттықтаймын деп сөзін аяқтайды

Сенім адамды жеңіске жетелейді ал күмән жеңіліске.

(Д.Максвеллдің «Табысқа жетелейтін жол» еңбегінен)



7. Мектепшілік мерекелік жаңалықтар бағдарламасын жасаңдар. Қисынды сөйлеу мен сөз саптауларыңа мән беріңдер.

1-оқушы – телестудиядағы диктор; жиынтық ақпарат береді.

2-оқушы – тілші; оқиға орнынан ақпарат ұсынады.

Қалған оқушылар – тілші сұхбат алатын куәгерлер.



8. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Ақын шеберлігін, сөзінің әсерлілігін анықтаңдар.

Әсер еткен сөздер мен тіркестер	Несімен әсерлі? Ақын шеберлігі

Поэзия! Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе, неге іздедім?

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
 Қарауытқан таулардан сені іздедім.
 Сені іздедім кездескен адамдардан,
 Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.
 Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,
 Сені іздедім жоғалған замандардан.
 Сені іздедім досымнан, қасымнан да,
 Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да.
 Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,
 Қызыл-жасыл шұғыла шашылғанда,
 Көкжиек пен көкжиек қосылғанда.
 Сені іздедім, іздеймін тағат бар ма?
 Сені маған егіз ғып жаратқан ба?

(М.Мақатаев)

2. Ақынның шеберлігі мен тіл мәдениеті туралы шағын пікір жазыңдар.

Бабамыздың шоқ басқан табанымен,
 Бірдей екен жақсысы жаманымен.
 Бір жаманы – тынымсыз көше берген,
 Бір жақсысы – қимаған даланы кең.
 Бір жаманы – жел сөзге ерген екен,
 Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.
 Бір жаманы – кетпенге орашолақ,
 Бір жақсысы – найзагер, мерген екен.
 Бір жаманы – кешігіп әліппе ашқан,
 Бір жақсысы – күйлері көбік шашқан.
 Бір жаманы – қыздарын малға сатып,
 Бір жақсысы – сүйгенін алып қашқан!
 Бір жаманы – шаруасын мандытпаған,
 Бір жақсысы – қулықпен жанды ұтпаған.
 Бір жаманы – үйленіп жеңгесіне,
 Бір жақсысы – жесірін қаңғытпаған.
 Тату-тәтті көршілер шыр бұзбаған,
 Бірде тоңып суықта, бір мұздаған.
 Бір жаманы – сонда да үй салмаған,
 Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған.

(Қ.Мырза Әлі)

Тыңдалым мәтіндері

01. mp3

Мағжан Жұмабаев туралы пікірлер

Мұхтар Әуезов, жазушы: «Қазақ ақын-жазушыларынан, өрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайда... Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі».

Сәбит Мұқанов, жазушы: «Абай – ақылдың ақыны, ал Мағжан – ақынның ақыны. Мағжан ақын ретінде Абайдан күштірек. Біз Мағжаннан үйренуіміз керек».

Жүсіпбек Аймауытов, жазушы: «Мағжан – сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті. Маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті».

Зейнолла Қабдолов, академик-жазушы: «Қазақ өлеңінің Абайдан кейінгі алыптарының, айтулы алтын діңгектерінің бірі ғана емес, бірегейі – Мағжан Жұмабаев».

Әлкей Марғұлан, ғалым: «Ағылшындар үшін Шекспирдің, орыстар үшін Пушкиннің рөлі қандай болса, қазақ халқы үшін Мағжанның рөлі сондай».

Ілияс Омаров, мемлекет және қоғам қайраткері: «Мағжан – қазақ поэзиясының жарық күні. Күн нұр шашса, кейбір «әдебиеттің жұлдызы боламыз» деп жүргендер сөніп қалады».

Әлихан Бөкейханов, Алаш қозғалысының көсемі: «Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоғалады?!»

(massaget.kz)

02. mp3

Өнер тарихынан

Жүсіпбек Аймауытовтың театр, драматургия, режиссура мен актерлік өнер жайындағы жазып қалдырған мұрасы мол. Жүсіпбек – қазақтың ең алғашқы кәсіби театрының

негізін қалаушы драматургі. Қазақ драматургиясының негізі Семейдегі приказшиктер клубында қаланды: 1915 жылы 13 ақпанда онда үлкен ойын-сауық өтеді. Сахнаға қоятын пьеса болмағандықтан, ойынды ұйымдастырушылар Біржан мен Сараның айтысын қысқартып, сахнаға бейімдеп қойған. Бұл – сахналық өнердің сол уақыттағы бар мүмкіндігін толық пайдаланып, жинақы да қызықты, көркем қойылған ойын.

Осы ойын туралы «Айқап» журналында жарияланған «Қазақша бастапқы ойын» атты мақалада былай жазылған:

«...Сахнаның төріне қазақ салтынша масаты кілемдер төселіп, оюлы отау-шатыр құрылған. Залдың бір жағынан қолында үкілі домбырасы бар, торғын шапанды, ақ қамзолды, орта бойлы, дөңгелек кішкене қара сақалды, көмшат бөріктің шоқпардай үкісін бұлғақтатып, айғай сала өн шырқап Біржан шықты. Біржанның қасында салдарша киінген бес жолдасы тұрды.

Бұл үйде Сара бар ма шықсын бері,

Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.

Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,

Үйінде Тұрысбектің өлген жері, –

деп шырқаған Біржан дауысын естіп, қасында жеті-сегіз қыздары бар, бұрала басып былқылдап Сара шықты. Үстінде оқалы қызыл қамзол, атлас шапанын иығына жамылып, бүтін дүниені бір тырнағына теңгермей келе жатқан сері қыз – Сара екенін көрген жерде-ақ әркім білді».

Байыптап қарасаңыз, сол уақыттың өзінде сауықшыл талантты жастардың өз ойындарын сахна талабына сай көркем қойғанын аңғарамыз. Ол кездегі театр өнерінің тым сәбилігіне қарамастан, «Біржан мен Сара» спектаклі көкейге қонымдылығы, сахналық әдемі көркемделуі мен орындалуы жағынан тамаша айналғаны осы үзіндіден көрініп тұр. Айтысты сахнаға қойған режиссер әрі Біржанның рөлін орындаған актер – семинарияның оқушысы Ж.Аймауытов. Оның әрі әнші, әрі домбырашы, әрі тамаша актерлік қабілеті бар бесасап өнерпаз екендігі де «Айқапта» жоғары бағаланған. Жасынан зерек, оқу мен білімге, өнерге құштар Жүсіпбектің еуропалық үлгіде спектакль қоюды қолға алып әрі соның режиссері болуы қазақ топырағында бұрын-сонды болмаған сахналық өнердің тууына ерекше ықпал жасаған.

(Б.Құндақбайұлы)

03. mp3**Астанада Қазақстан Республикасының
Ұлттық музейі ашылды**

2014 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің ресми ашылу салтанаты өтті. Орталық Азияда баламасы жоқ бірегей жобаның салтанатты ашылуына Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев қатысты. Көлемі 74 мың шаршы метрден асатын Ұлттық музейге Қазақстанның ерте ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі археологиялық, этнографиялық жәдігерлері мен мәдени ескерткіштері жинақталған. Ұлттық музейдің экспозициялық кешендерінде «Астана», «Тәуелсіз Қазақстан», «Ежелгі және орта ғасыр тарихы», «Этнография», «Тарих», «Заманауи» деп аталатын өнер залдары бар. Музей халықаралық стандарттарға сай жабдықтармен жарақтандырылған. Экспозициялар үшін заманауи көрме технологиялары: бірегей иілгіш экран, медиаеден, қазіргі астананың серпінді макеті, голограммалар, диодты жарығы бар LED-техника, сенсорлы дүңгіршектер, мультимедиялық жолсерік және т.б. қолданылады.

Елбасы өз сөзінде: «Қазақстан – ежелгі ата-қонысына ту тіккен жас мемлекет. Қазақстанның бүгінгі жетістіктерін жаһанға жарқырата түсу – біздің ортақ парызымыз. Қазақтың тарихы – бірігу мен тұтастану тарихы. Бүгін жай ғана музей ашылып отырған жоқ, сан мыңжылдық шежіре жазылатын Қазақстан тарихының жаңа беті ашылып отыр. Музей Қазақстанның өткені мен бүгінінен сыр шертетін жәдігерлермен толығатын болады», – деді.

(*e-history.kz*)

04. mp3**Мақсатым – қазақ әнін Еуропаға таныту**

Опера секілді классикалық өнердің шыңына шығу әнші атаулының қолынан келе бермейді. Ал Майра Мұхамедқызының маңдайына Париждің «Гранд Опера» театрында өнер көрсету бақыты бұйырған екен. Олай дейтініміз, қазақтың опера әншілерінің ешқайсысы мұндай дәрежеге қол жеткізе алмаған еді. Сонау 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік көрмеде этнографиялық концертте ән шырқаған Әміре

Қашаубаев салып кеткен жолмен талай қазақ әншісі француздарды таңдай қақтырып, өнерін тамашалатқаны анық. Алайда «Гранд Опера» сияқты ірі театрмен арнайы келісім-шартқа отырып, бірнеше жыл бойы өнер көрсеткен қазақ әншісі болған емес.

Алматыда демалыста жүрген Майра Мұхамедқызымен кездесудің сәті түскен еді. Біз әншіге: «Гранд Опера» театрында өнер көрсетуге қалай қолыңыз жетті?» – деген сауал қойдық.

– Қазақстанның мәдени күндері, үлкен-кішілі салтанатты жиындар шет мемлекеттерде жиі-жиі өтіп тұрды. Сондай жиындармен алғашқы жолым түскен мемлекетім – Франция еді. Франция көрермендері мені жылы қабылдады. Альбомымды, компакт-дискімді беруімді өтінген көрермендер көп болды. Содан мен компакт-диск шығаруды мақсат еттім. Францияның бір компаниясының демеушілігімен алғашқы дискім шықты. Оның тұсаукесері де Париждегі біздің елшілікте болды. Сол диск «Гранд Опера» театрының директоры мсье Галдың қолына тиген екен.

2002 жылы маған біздің Сыртқы істер министрлігінен хабарласып, «Гранд Опера» театрының шақырып жатқанын айтты. Сөйтіп, Францияға ұшып барып, осы театрда алғашқы концертімді қойдым. «Травиата» және «Ромео мен Джульетта» операларынан ариялар орындадым. Осы концерттен кейін театрдың директоры арнайы жолығып, «Гранд Операда» екі маусымда өнер көрсетуімді сұрады. Осылай Франция сахнасына жол тарттым, – дейді Майра Мұхамедқызы.

(azattyq.org)

05. mp3

Биші, педагог, балетмейстер Болат Аюханов

Болат Ғазизұлы Аюханов 1938 жылы 13 қыркүйекте Семей қаласында дүниеге келген. Алматы хореографиялық училищесін А.Селезневтің класы бойынша, Санкт-Петербургтегі А.Ваганова атындағы би академиясын, ГИТИС-тің балетмейстерлік бөлімін тамамдаған.

1957–1959 жылдары Қазақ опера және балет театрының бишісі болған. 1967 жылы «Алматының жас балеті» ансамблін құрған. Сол жылдан бастап осы ансамбльде билер

мен хореографиялық миниатюраларды, «Аққу», «Айтыс», «Аңшылар биі», «Жайдарман» композицияларын, бір және екі әктілі балеттерді, атап айтсақ, М.Равельдің «Болеросын», В.Булгаровскийдің «Қазақ сувенирін», А.Исакованың «Гамлетін», Т.Қажығалиевтің «Керуенін», Н.Закировтің «Мәңгүртін» сахнаға қойды. Сондай-ақ Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», Д.Шостаковичтің 4-симфониясы бойынша «Қылмыс пен жаза», П.Чайковский мен М.Плетневтің «Евгений Онегин», Ф.Шопеннің «Шопениана», «Пахита» тәрізді жұмыстары қазақ балетінің ғана емес, дүниежүзілік балет тарихына енген жаңалықтар болды. 1997–1998 жылдары А.Мелоди-Кузьминнің музыкасына «Әлі ымырт емес», француз композиторларының әуендеріне «Эдит Пиаф – Францияның рухы», А.Бестібаевтың «Азия дауысы» балеттерін жұртшылық назарына ұсынды.

Болат Аюханов – театрдың көркемдік жетекшісі, өнертану профессоры, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Республиканың тәуелсіз меценаттар клубының «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, Стамбулда өткен Халықаралық «Фомгед» би фестивалінің арнайы жүлдесінің иесі, Халықаралық Сократ медалінің иесі, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі.

(alashainasy.kz)

06. mp3

Жеті атасын білмеген – жетесіз

XV ғасырда Қазақ хандығы орнап, оны Керей мен Жәнібек хандар басқарғаны белгілі. Бірде Жәнібек ханның ақылшысы, кеңесшісі Жиренше шешен қатты ауырып, төсек тартып жатып қалыпты. Жақын жердегі талай белгілі емші, бақсыларды шақыртып қаратса да, еш ем қонбапты. Соңында атақты Өтебойдақ деген емші барын біліп, соны шақырады. Өтебойдақтың емінен кейін Жиренше жазылып, дертінен айығыпты. Жәнібек хан емшіге риза болып, бірнеше сұрақ қойыпты. Көп сұрақтарына қонымды жауаптар алып, соңғы сұрағын қойыпты:

- Қандай ауруды емдеу қиын?
- Тұқым қуалайтын ауруды емдеу қиын.
- Ал оның алдын алуға бола ма?

– Болады. Жеті атаға дейін туыс адамдар қыз алыспау керек. Жеті – қазақ үшін қасиетті сан, – деген екен.

Өтебойдақ емшінің айтқанын Жәнібек хан жадына тоқып, халыққа жеті атаға дейін үйленуге тыйым салыпты. «Кім-де-кім жеті атаға толмай үйленсе, өлім жазасына кесілсін» деген жарлық шығыпты. Содан бергі қазақ хандары да осы жарлықты бұлжытпай орындап отырыпты. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген содан қалған. Қазақтарда өзара құдандаласу тек сегізінші ұрпақ – туажаттан басталады.

Шежірелерімізді біле жүрейік!

(*akikat.kazgazeta.kz*)

07. mp3

Салт-дәстүрді білу – Отанды тану

«Мен өзімнің ұрыстағы тәжірибемнен жауынгерлік қасиетті тәрбилеуде ұлттық дәстүрдің маңызы зор екеніне көзім жетті», – деп жазады Бауыржан Момышұлы. Бұдан отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, адамгершілік қасиеттердің бәрі салт-дәстүр арқылы даритынын түсінуге болады. Салт-дәстүр адамды адастырмас тура жолмен жүруге, жөн-жосықты біліп, үйренуге және өмірде қолдануға үгіттейтін мызғымас заң іспетті десек те болады.

Жетпіс жыл бойы жетесіз әрі қанқұйлы тәртіптің қырсығынан ұлт дәстүрінің ережесі бұзылды. Біреулері ұмытылды, кейбіреулеріне тыйым салынды. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпсыз ел әдепсіздік пен берекетсіздікке салынуы мүмкін. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», – деп ұлы Мұхтар Әуезов айтқандай, ең алдымен, Отанға деген сүйіспеншілікті салт-дәстүрді түзеуден бастау керек. Салт-дәстүрін білген адам тарихын таниды, ал тарихын білу – Отанды тану.

(*bilim-all.kz*)

08. mp3

Дұрыс сөйлейік

Жиі қолданылатын және талас тудырып жүрген сөздер – «туған күн», я болмаса «туылған күн». «Туған күн» сөзі біздің нормамызға еніп, мағынасы дүниеге келген күн дегенді білдіретін сөз ретінде баяғыда бекіп кеткен. Енді осыны

апарып жүйеге салып, «логика бойынша «туылған күн» болу керек» деп жүргендер бар. Тіл де тірі ағза сияқты. Сондықтан «туған күн» деген норманы білген абзал. «Туылған күн» – жасанды қолданыс.

Ал «қарама-қарсы» және «қарама-қайшы» деген сөздердің қайсысы дұрыс? Бұл жерде «қарама-қарсы» деген қолданыс дұрыс. Өйткені бұл – бұрыннан қалыптасқан, беделді авторлардың қолданысындағы сөз. «Қарама-қайшы» деген кейінгі кезде жиі қолданылып жатыр. «Қарама» дегеннің өзі қарсылық дегенді білдіреді, ал «қайшы» деген қарсылықтың ең күшті формасы ғой. Сондықтан бұндай үстемелеудің қажеті аз. «Қарама-қарсы» сөзі – бір-біріне сәйкес келмейтін, бір-біріне мүлдем қарсы дүние дегенді білдіреді. Ал «қайшы» сөзін жеке қолдансаңыз да болады. Бұл – «қарама-қарсының» мағынасын беретін синоним. Қайшы пікір, қарама-қарсы пікір – екеуі де бір қарсы пікірге қатысты қолданылатын синоним сөздер. Сондықтан «қарама-қарсы» деген сөз дұрыс.

«Ақтық демі шықты», «ақтық сөзін айтты» дейді. Осыны апарып, жалғасы бар дүниелерге қолдануға болмайды. Журналистердің «бүгін футбол командасының ақтық сайысы болып жатыр» дегені дұрыс емес.

Күнделікті өмірде «рет» деп айтып жатамыз. Бір рет, екі рет, үш рет, я болмаса бір рез, екі рез, үш рез. Қалай айтқан дұрыс? «Рез» деген қолданыс – диалектілік қолданыс. Әдеби тілде бекітілген «рет» деген қазақтың сөзі бар. Осыны қолданған жөн.

(kitap.kz)

09. mp3

Көлеңкеде қалма!

Балам, армансыз адам қанатсыз құспен тең. Арман деген – сен шығар биіктің шыңы, сен асар асудың биігі. Оған алдыңа нақты мақсаттар қою арқылы жетесің. Қатып қалған мақсат болмайды, ол уақыт талабына байланысты өзгеріп отырады. Адам өмірге келген соң жақсы өмір сүргісі келеді. Жақсы өмір деген сен үшін не нәрсе? Жақсы үйің, жақсы көлігің, көп ақшаң болғаны ғана ма? Оған жету тым қиын емес. Меніңше,

жақсы өмір – жақсы ісіңмен, әрекетіңмен артыңа із қалдыру. Ол – сенің елге, қоғамға, адамдарға жасаған жақсылығыңның шуағы, нұры. Балам, ондай абыройға жету – адам баласы үшін, шын мәнінде, бақыт.

Сендердің замандарың күрделі де қиын болып тұр. Балам, адам ақылды болса, алғыр ойлы болады. Тез ойлайтын адам тез шешім қабылдайды. Шешім қабылдамай, көлеңкесінен қорыққан адам көлеңкеде қалады. Көлеңкедегі адамның ел тұрмақ, отбасына да шуағы түспейді. Соны біл.

Балам, жалқау, еріншек болма. Шалқасынан түсіп жатқан адамның аузына Алла су тамызбайды.

Ер азамат қыранға ұқсас болады, қырандар биікте самғап, биіктерге ғана қонады.

(Г.Сайынқызы)

10. мрЗ

Әке мен бала

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу қайтып келе жатса, жолда қалған аттың ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып не қылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты.

Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалмен беріп тұрып айтты:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып, жерден бір ғана иіліп, көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға сатып алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он

еңкейдің. Мұнан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең, көптен құр қаласың, – деді.

(Б.Алтынсарин)

11. mp3

Кітап оқу мәдениетін бала кезден қалыптастырайық

Кітап оқу мәдениеті, жалпы, кітап оқу – бала кезден қалыптасатын қасиет. Баланы кітапқа баулып, күнделікті төрт-бес бет оқуды әдетке айналдырған жөн. Бұл, ең алдымен, оның ата-анасы мен мұғаліміне тікелей байланысты. Мектеп қабырғасынан-ақ баланың «оқырман» боп қалыптасуына ықпал етеміз.

Кітап ісін дамытуға үлес қосып жүрген ғалымдардың көмегімен түрлі жобалар да іске асырылады. Ресей мектептерінде «Читающая мама – читающая нация» атты іс-шараны ұйымдастыру қолға алынған. Балалар, оның ішінде қыз бала анасын үлгі етіп өседі. Демек, ана балаға тікелей әсер етеді. Анасының кітап парақтап отырғанын көрген бала оған еліктейді. Кейін баланың өзі қызыға бастайды. Кітап оқитын халықты көрсеңіз, ең әуелі, сол елдің анасы кітап оқиды деп түсінген жөн.

Ұлы Русьті билеген Иван Грозный грек елі арасындағы бейбітшілікті сақтап қалу үшін амалсыздан сол елдің қызына үйленбекші болады. Қызды төркіні екі арба жүкпен аттандырады. Сөйтсе, қыздың әке-шешесі екі арбаның барлығына кітаптар тиеген. Гректен алған әйелінің арқасында Грозный кітапхана салдырып, оны келер ұрпаққа сақтаған. Бүгінде патшаның игі ісінің арқасында Ресей Ұлттық кітапханасының қоры 25 млн-ға жетіп, әлемдегі үлкен кітапханалар қатарына енді.

Бүгінде «ең көп оқитын» елдер қатарында Еуропа елдері көш бастап тұр. Еуропа мен Америкада оқырмандардың жетпіс пайызы әйелдер қауымы екен.

(А.Әлімбетова)

12. mp3**Ең алғашқы университет**

Әлемдегі алғашқы университет – 1088 жылы құрылған Болонья университеті. Ол «Университет анасы» деп аталады. Италияның Болонья қаласында орналасқан бұл оқу орны – Еуропадағы ең танымал, әлемдегі ең көне университет. Орта ғасырда мұнда көптеген атақты ғалымдар жұмыс істеген. Сол кезде Еуропадағы академиялық білім беретін маңызды орталық мекеме болып есептелген.

Бүгінгі күнде Италиядағы ең ірі университетте 100 мыңнан астам студент білім алады.

(massaget.kz)

13. mp3**Электронды бесік**

Қазақта бесікке бөлеу дәстүрі ертеден келе жатыр. Жаңа туған нәресте бесікте жылы әрі таза жатады. Шыбын-шіркей, маса да мазаламайды. Мұнымен қатар аттың жалы, түйенің қомында жүретін халқымыз үшін бесікпен көшіп жүру өте ыңғайлы болған. Бесікке бөленген баланың мінезі де ерекше жайдары, сөзге тоқтайтын, сабырлы келеді.

«Заманына қарай адамы» демекші, өнертапқыштардың да еңбегі жаңа заман техникасымен үйлесуде. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты Серікбол Шаймардан электронды бесік ойлап тапты. Серікбол осындай қазақы нақыштағы ою-өрнектермен безендірілген бесік жасауды көптен бері ойлап жүрген екен. Ол ойын жылдам жүзеге асыруына АҚШ-тағы қандастардың тапсырысы себеп болыпты. Олар шетелдіктерге мынау қазақтың бесігі деп көрсетуге әбден лайық болатындай етіп жасауын өтінген екен. Сондай-ақ бесікке қазақстандық эстрада жұлдыздары орындайтын бесік жырлары жазылған қондырғы қойылған.

(www.inform.kz)

14. mp3

«Золушка комплексі»

Саяжай сатып алу үшін жиырма жыл бойы ақша жинаған бір әйелді білетінмін. Екі қызы бар болатын. Қыздары кедейлікті көріп өскен. Бірде үлкен қызы тізесі шығып кеткен ескі шалбарымен көшеге шығуға ұялатынын айтқан болатын. Өзі өсті, өзімен бірге шалбары өспеді. Балағы сантиметрлеп қысқара берді. Мүмкін, орыстың «Кедей өзін-өзі ақтауға дайын тұрады» деген сөзі осыдан шыққан шығар.

Мемлекеттің жақсы ақша табуға жағдай жасамай жатқанын айтпай-ақ қояйық. Мемлекеттік жүйеге емес, бастағы шірік ойға қарсымын. Аз ғана ақшаға кедейге ұқсап та, байға ұқсап та киінуге болады. Анасы өліп-тіріліп саяжай сатып алғанда, қыздары оған ешбір қуанбады. Керісінше, өздерінің жарқырап жүрмегендерін, анасының жақсы өмір сүруді үйретпегенін бетіне басатын болды.

Қыздарда «Золушка комплексі» пайда болды. Олар ескірген орындықты, сынған ыдыс-аяқты, сөгілген орамалды, жеті жыл бұрынғы пальтоны көріп өскендіктен, өздеріне ақша жаратудан қорқатын болды. Олар әлдене сатып алған сайын, көңіл күйлерін түсіретін. Тіпті өздерін жаңа киімге лайық еместей көретін. Бұл «генетикалық кедейлік» деп аталады. Кедейлік олардың санасына, қаны мен сүйегіне сіңіп қалған.

Есіңізде болсын, өзіңізге ақша қимау сізді кедей етеді.

(Н.Грэйс)

15. mp3

Сәулет өнері дегеніміз не?

Архитектура, сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура латынша *architectura*, ал грекше *architekton*, яғни «құрылысшы» деген мағынаны білдіреді. Архитектура туындылары адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар – өртүрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер.

Сәулет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері. Адамзат баласы көне заманнан бастап құрылыспен айналысқан. Адамдар неолит кезінде үйді ағаштан, қамыстан, талдан және балшықтан салды. Су айдынында, қағылған қазықтың үстіне тұрғызылған үйлер де болған. Біздің заманымыздан бұрынғы II мыңжылдықтың ортасында ірі тастардан қаланған монументті құрылыстар: кромлехтер, менгирлер мен дольмендер пайда болды. Менгирлер тігінен қойылған биік тастар тізбегінен тұрады. Дольмен – қатар қойылған екі тастың үсті үшінші таспен жабылып, біріне-бірі жалғасып келетін дәліз іспеттес.

Сәулет өнерінің дамуына зор үлес қосқан елдің бірі – Грекия. Грек сәулетшілерінің дүниежүзілік архитектураға қосқан бір жаңалығы – архитектуралық ордерлер жүйесі. Ордерлік жүйе бірнеше құрамдас бөліктен тұрады және өзара орналасу тәртібі бар. Ең басты белгісі – бағана, олардың ұшар басы капитель деп аталады. Бағаналар антаблементті (арқалықты) көтеріп тұрады. Ордерлік жүйенің үш негізгі түрі болған: дори, ионика және коринф ордерлері.

(Орысша-қазақша түсіндірме сөздіктен)

16. mp3

Әлемдік өркениеттің өзегі

Бүгінде елімізде Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған латын әліпбиіне көшу мәселесі қызу талқылануда. Соған байланысты көптеген пікірлер мен түрлі ұсыныстар да айтылып жатыр. Көңіл қуантарлығы сол – қоғамда қазақ әліпбиінің жаңғыртылып, әлемдік өркениетке қарай жасаған ұмтылысын қолдаушылар өте көп. Әсіресе жастар латын қаріптерін замана көшінен қалмаудың бір жолы ретінде батыл атап отыр.

Жаппай елдің талқысына түскен жаңа бастамаға «Нұр Отан» партиясының Орталық аппаратынан бастап, барлық облыстық, аудандық филиалдары да айрықша мән беріп, осы бағытта түрлі жұмыстар жүргізуде. Атап айтқанда, нұротандықтар оқу орындарына арнайы барып, студенттермен, түрлі мекеме қызметкерлерімен, жергілікті тұрғындармен кездесіп, рухани жаңғырудың берік іргетасы болған латын алфавитіне көшу бастамасын кеңінен насихаттауда.

Негізі, халықтың басым бөлігі латын әліпбиіне көшуді қолдап отырғаны, жаңа бастаманы ерекше ықыласпен қабылдағаны белгілі болып отыр.

(«Айқын» газетінен)

17. mp3

Шешендік сөздердің табиғаты мен қоғамдық мәні

Шешендік – адамзаттың өзімен бірге жасасып келе жатқан көне өнер түрі. Оның тарихы біздің заманымызға дейінгі V–IV ғасырлардан Ежелгі Грек мемлекетінен бастау алады. Ерте дәуір адамдары шешендікті «өнер падишасы» деп жоғары бағалап, шешенді ел басына қауіп төнгенде жауға қарсы қол бастайтын қолбасшымен қатар қойған.

Шешендік – қазақ халқы үшін де ұлттық мәдениеттің құнды саласы. Қазақ шешендігінің тарихы тереңнен тамыр тартып, көне замандарға апарлады. Бабаларымыз қашаннан «сөз қадірі – өз қадірім» деп ұғынып, «өнер алды – қызыл тіл» екендігін мойындаған. Қазақта ежелгі Грекиядағыдай шешендер тәрбиелейтін арнаулы мектептер болмағанымен, сөз қадірін білетін тума дарындар ел ішіндегі айтыс-дауға түсіп, өнеге мектебінен өткен. Жер, жесір, құн дауын, ру мен ру арасындағы дау-жанжалдардың шешімін екі ауыз сөзбен айтатын от тілді, орақ ауызды билерін халық ханнан кем бағаламаған. Тілі алдаспанның жүзіндей өткір, ойы теңіздей терең, қорғасындай ауыр, қысылғанда жол көрсететін, адасқанды жолға, тентекті тезге салатын шешендердің қазақ үшін қадірі ерекше.

Шешендік өнер қоғамның өзекті мәселелеріне байланысты туып, дамыған. Даулы мәселелер дуалы ауыз билер мен қазының алдына жүгіну арқылы шешілген. Бұл шешендік өнердің өрістеуіне мүмкіндік туғызған.

Шешенге, ең алдымен, тума талант, ойға жүйріктік, заң ісі мен елдің әдет-ғұрпына жетіктік, турашылдық сияқты қасиеттер керек. Қазақта дау түйінін екі ауыз сөзбен шешкен Майқы, Жиренше, Әйтеке, Төле, Қазыбек, Бөлтірік, Бала би, Малайсары т.б. би-шешендердің есімдері аңызға айналған. Ел бүтіндігін ойлайтын, арттағыға үлгі боларлық аталы сөз қалдыратын шешеннің қауым алдындағы беделі зор, қадір-қасиеті шексіз болған.

(kk.wikipedia.org)

Глоссарий

Құндылық – бір заттың маңыздылығы, пайдалылығы, зат не құбылыстың қасиеті.

Импрессионизм – сурет өнеріндегі ең ірі ағым. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Францияда пайда болып, содан соң бүкіл әлемге тараған. Импрессионистер туындыларын барынша шындыққа жақын етіп бейнелеуге тырысқан.

Клише – мәнмәтін мен белгілі бір қолданыстарда жылдам айтылатын қалыпты (шаблон) фразалар, тілдік қолданыс, тілдік штамп. Мысалы: *менің ойымша, осы мәселе тәңірегінде ойлана келе, өз пікірімнің дұрыстығына көз жеткізу үшін, ақын (жазушы) осылай баяндайды, осы ой шығармасында былай көрініс тапқан, шығарма кейіпкерін еске алсақ, қорыта келе, осындай қорытынды шығаруға болады, жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, келтірілген дәлелдер бізді осы ойға жетелейді, осы тақырыпты талқылауды қорытатын болсақ т.б.*

Партер (франц. *parterre* – «жер») – көрермен отыратын залдың төменгі қабаты.

Балетмейстер – биді, хореографиялық қойылымдарды сахнаға қоюшы балет жетекшісі.

Реформатор – реформаны, яғни белгілі бір саладағы жаңаруды, өзгерістерді жүзеге асырушы адам.

Конвент – Франциядағы заң шығаратын ұйым.

Консенсус (лат. *consensus* – «келісім», «бірауыздылық», «ынтымақтылық») – келіссөздер барысында қандай да бір мәселе бойынша дауыс берусіз ортақ шешімге келу.

Инновация – қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін табу, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту.

Инвестиция – заманауи экономиканың ажырамас бөлігі, пайда табу мақсатында капиталды белгілі бір іске салу.

Сленг (ағылш. *slang*) – әдеби тілге тән емес сөздер.

Инфографика – ақпаратты, білімді графикалық тәсілдер арқылы ұсыну. Қиын ақпаратты тез, оңай және анық жеткізу үшін мәтін мен графиканың (диаграмма, блок-сызба, кесте, карта) үйлестіріліп берілуі.

Ақпараттық-коммуникациялық технология оқу барысында компьютерді пайдалануға, электронды оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, ғаламторда жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

GPS (ағылш. *Global Positioning System* – «жаһандық позициялау жүйесі») – аралықты, уақытты және орналасу нүктесін анықтауға арналған навигацияның жерсеріктік жүйесі. Жүйені АҚШ Қорғаныс министрлігі жасаған.

Конверсия (ағылш. *conversion*) – мәліметтерді өндеудің бір әдісінен екіншісіне немесе мәліметтерді өндеудің бір жүйесінен екіншісіне өту үдерісі.

Травертин (Ежелгі Италиядағы Тибур, қазіргі Тиволи қаласының атымен аталған) – көмірқышқылды қайнарлардан кальций карбонатының тұнуы нәтижесінде түзілген кеуекті тау жынысы. Травертинде көбінесе өсімдіктер мен әртүрлі органикалық қалдықтардың іздері байқалады.

Менгир (*men* – «тас», *hir* – «ұзын») – тігінен орнатылған үлкен, өңделмеген тас түріндегі археологиялық ескерткіш. Неолит және қола дәуірінің ескерткіштері қатарына жатады.

Дольмен (*tol* – «стол», *men* – «тас») – өлікті жерлеуге арналған құрылыс; бірнеше тонналық жақпар тастар тігінен қаланып, төбесі жалпақ тақта тастармен жабылған. Бұл – мегалит құрылыстардың бірі.

Кромлех (*crom* – «шеңбер» және *lech* – «тас») – неолит және қола дәуірінің табыну құрылыстары. Археология ғылымында ірі тастан жасалған табыт-қабірханалардың барша түрін белгілеуге қолданыла береді.

Интерпретация (ағылш. *interpretation* – «түсіндіру») – мәтіннің немесе ұғымның мәнін ашу, ұғындыру, түсіндірме жасау, түсінікті тілге аудару.

Ассимиляция (лат. *assimilatio* – «ұқсасу», «сіңу» т.б.) саны аз, саяси-әлеуметтік ахуалы төмен халықтың өзінен саны да, қуаты да көп халықтың құрамына біртіндеп сіңіп, жұтылып кету құбылысы.

Трактат (лат. *tractatus* – «талқыға салынатын») – бөлек бір мәселені баяндайтын, талқылайтын ғылыми шығарма.

Софистер – Грекияда б.з.д. V–IV ғасырларда кең тараған философиялық ағымның өкілдері, ақылы түрде шешендікке үйрететін мұғалімдер. Алғашқыда «софист» термині «данышпан адам» деген мағынада жұмсалған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011.
4. Исаев С. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2007.
5. Жұртбай Т. Ел ардақтаған азамат / Ақиқат. – 1995. № 3. Б. 60–65.
6. Сәтбаева Ш. Әмбебап тұлға / Жалын. – 2009. № 6. Б. 12–18.
7. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
8. Қазақ көркем сөзінің шеберлері: Анықтамалық. – Қарағанды: Эко-центр, 2010.
9. Қызыл қырғын: 37-де опат болғандар. Құраст. Қасенов Қ., Төреханов Ә. – Алматы: Қазақстан, 1994.
10. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005.
11. Тұрысбек Р. Алаш мұратына адалдық / Ана тілі. 28 тамыз, 2014.
12. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Құраст. Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.
13. Ермекова Т., Оданова С. Кестелі грамматика. – Алматы, 2015.
14. Отарбекова Ж., Нұржанова Б., Байтымбетова П. Нормативті қазақ тілі. – Алматы, 2015.
15. Ерғалиев Қ.С. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. Оқу құралы. 2-басылым. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2014.
16. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000.
17. Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. – Алматы, 2004.
18. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984.

Электронды қорлар

- | | |
|----------------------------|-------------------------|
| 1. el.kz | 12. bnews.kz/kz/news |
| 2. cpm.kz | 13. balapan.kaztrk.kz |
| 3. infourok.ru | 14. qazaqsha.kz |
| 4. www.altyn-orда.kz | 15. ustazbol.kz |
| 5. massaget.kz | 16. aitaber.kz/blog |
| 6. www.balalaralemi.kz | 17. www.info-tses.kz |
| 7. makala.kz/ruhaniat | 18. www.twig-bilim.kz |
| 8. sarbaz.kz | 19. ikaz.kz |
| 9. dk.kz | 20. adebiportal.kz |
| 10. kitap.kz/audiobook | 21. malimetter.kz |
| 11. www.youtube.com/watch? | 22. www.moya-planeta.ru |

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
I БӨЛІМ. ТІЛ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ	5
§1. Әлихан Бөкейханов – ұлт көсемі	6
§2. Ахмет Байтұрсынұлы – жан-жақты ғалым	9
§3. Міржақып Дулатұлы – тұңғыш қазақ романының авторы	13
§4. Мағжан Жұмабаев – тарихтан сыр шерткен зерделі ақын.....	17
§5. Сегіз қырлы, бір сырлы Жүсіпбек Аймауытұлы	20
§6. Елім деп соққан жүректің тағдыры	23
§7. Алғашқы қазақ инженері – Мұхамеджан Тынышбаев.....	27
§8. Мұстафа Шоқай – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері	31
II БӨЛІМ. ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ: ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ	37
§1. Лувр музейі.....	38
§2. Мемлекеттік Эрмитаж музейі	42
§3. «Ла Скала» театры – әлем мойындаған өнер ордасы	45
§4. «Гранд Опера» театры	48
§5. Конгресс кітапханасы	51
§6. Британдық кітапхана.....	54
§7. Балет өнері	57
III БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ. ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА	59
§1. Қоғам тірегі – отбасы. Отбасылық құндылықтар	60
§2. Ұлттық мәдениеттің негізі – салт-дәстүрлер	62
§3. Тіл – ұлттың жаны	66
§4. Көшпенділер өркениеті.....	69
§5. Әлемдік өркениеттік үрдістер аясындағы қазақ мәдениеті.....	73
§6. Жаһандану және жастар	75
§7. Сөз мәдениеті	78
IV БӨЛІМ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ – БҮГІНГІ КҮННІҢ ДАМУ ҮРДІСІ. ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА	81
§1. Халықаралық экономикалық интеграция	82
§2. Қазақстан – әлемдік кеңістікте	85
§3. Бәсеке, бәсекелестік	87
§4. Іскерлік әлемі.....	89
§5. Қазақстан экономикасы.....	91
§6. Ұлттық валюта.....	93
§7. Отандық өнім.....	95
§8. Жаһандану және ақпараттық технология.....	97
V БӨЛІМ. БІЛІМ. ҒЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ. ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА	101
§1. Білім көзі – кітапта	102
§2. Білім беру – қоғамдық құбылыс.....	105

§3. Болашақ – білімді жастардың қолында.....	108
§4. Ғылым мен инновация.....	111
§5. Өнер, білім бар жұрттар.....	113
§6. Жеті жұрттың тілін біл.....	115
VI БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ: ӘЛЕУМЕТТІК ТЕҢСІЗДІК.	
ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ СТИЛЬ	117
§1. Қазіргі қоғам және адами құндылықтар.....	118
§2. Кедейлік пен байлық.....	121
§3. Қайырымдылық – асыл қазына.....	123
§4. Үнемділік – сараңдық емес.....	126
§5. Қазақстандағы отбасын әлеуметтік қорғау жүйесі.....	129
VII БӨЛІМ. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ. СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР	133
§1. Сәулет өнері (архитектура).....	134
§2. Киіз үй – ғажап сәулет туындысы.....	137
§3. Қазақстандағы ежелгі сәулет өнері.....	140
§4. Ескерткіштер сыр шертеді.....	144
§5. Қазақстанның XIV–XV ғасырлардағы сәулет өнері.....	147
§6. Ел астанасы – сәулет өнерінің жаңа тынысы.....	150
§7. Қазақтың танымал сәулетшілері.....	153
§8. Қазақ сәулетшісі – Шот-Аман Уәлихан.....	156
VIII БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ САЯСАТ ЖӘНЕ	
ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР. ПУНКТУАЦИЯ	159
§1. Қазіргі әлемдік саясат және жаһандану.....	160
§2. Әлемдік тәртіптер мен мемлекетаралық қатынастар.....	164
§3. Әлемдік мәселелерге ықпал ететін саясат.....	169
§4. Жаһандану процесі.....	173
§5. Жаһандану дәуіріндегі Қазақстан.....	177
§6. Әлемдік білім беру саласындағы жаһандану.....	181
§7. Жаһандану және ел тағдыры.....	185
IX БӨЛІМ. СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕР.	
ПУНКТУАЦИЯ	189
§1. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римдегі шешендіктану арналары.....	190
§2. Қазақ ұлттық шешендіктануының алғашқы бастаулары.....	194
§3. Әбу Насыр әл-Фараби.....	198
§4. Қазақтың ұлттық шешендік өнерінің дамуы.....	201
§5. Ұлы жүздің төбе биі – Төле би.....	205
§6. Қаз дауысты Қазыбек би.....	209
§7. Жарып айтқан Әйтеке би.....	213
§8. Сөйлеу шеберлігі және тіл мәдениеті.....	217
Тыңдалым мәтіндері.....	222
Глоссарий.....	235
Пайдаланылған әдебиеттер.....	237



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

Оқулық басылым

Тыныштық Нұрдәулетқызы Ермекова
Дидар Жылқыбайқызы Рысқұлбек
Рая Нұрқызы Мұнасаева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбының
қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық

Суретшілері	А.Айтжанов, С.Пернебаева, Е.Овсянникова, А.Хақимжанова
Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редактор	Е.Мельникова
Бильд редакторы	Ш.Есенкулова
Суретші-безендіруші	О.Подопригора
Мұқабаның дизайны	В.Бондарев, О.Подопригора
Беттегендер	Г.Илишева, Л.Костина, Т.Жумагулова, Т.Макарова

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 15.05.18 берілді. Басуға 10.06.19 қол қойылды. Пішімі 70x100^{1/16}. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 19,35. Таралымы 20000 дана.

Артикул 810-001-001к-19